(ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ (ЕРЕКШЕ БӨЛІМ)

(2026.01.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Осы Кодекске өзгерістер енгізу туралы:
2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңын қараңыз (2026 ж. 1 шілдеден, 2027 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)

2021.15.11. № 72-VII ҚР Заңымен Кодекстің мазмұны алып тасталды (2022 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

ЖАЛПЫ БӨЛІМ

4-бөлім. Міндеттемелердің жекелеген түрлері
25-тарау. Сатып алу-сату
Параграф 1. Сатып алу-сату туралы жалпы ережелер
406-бап. Сатып алу-сату шарты
407-бап. Тауар туралы шарттың талабы
408-бап. Сатушының тауар беру жөніндегі міндеттері
409-бап. Тауарды беру міндетін орындау мерзімі
410-бап. Сатушының тауар беру міндетін орындау кезі
411-бап. Тауардың кездейсоқ жойылу қаупінің ауысуы
412-бап. Сатушының сатылған тауарды сақтау жөніндегі міндеті
413-бап. Сатушының үшінші тұлғалардың құқықтарынан тыс тауарды беру міндеті
414-бап. Сатып алушыдан тауарды алып қойған жағдайдағы сатушының жауапкершілігі
415-бап. Тауарды алып қою туралы талап арыз берілген жағдайдағы сатып алушы мен сатушының міндеттері
416-бап. Тауар беру міндетін орындамаудың салдары
417-бап. Тауарға қатысты керек-жарақтар мен құжаттарды беру міндетін орындамаудың салдары
418-бап. Тауардың саны
419-бап. Тауардың саны туралы шарт талаптарын бұзудың салдары
420-бап. Тауарлардың түр-түрі
421-бап. Тауарлардың түр-түрі туралы шарт талаптарын бұзудың салдары
422-бап. Тауардың сапасы
423-бап. Тауардың жарамдылық мерзімі
424-бап. Тауардың жарамдылық мерзімін есептеу
425-бап. Тауар сапасына кепілдік беру
426-бап. Кепілді мерзімді есептеу тәртібі
427-бап. Тауар сапасын тексеру
428-бап. Тиісті сапасы жоқ тауар берудің зардаптары
429-бап. Тауардың сатушы жауап беретін кемшіліктері
430-бап. Берілген тауардың кемшіліктерін анықтау мерзімдері
431-бап. Тауардың жиынтықтылығы
432-бап. Тауарлар жиынтығы
433-бап. Жиынтықталмаған тауарлар берудің салдары
434-бап. Тауарды салатын ыдыс және оны буып-түю
435-бап. Тауарды ыдыссыз және (немесе) буып-түюсіз не тиісті ыдысқа салмай және (немесе) буып-түймей берудің салдары
436-бап. Сатушыға шартты тиісінше орындамағаны туралы хабарлау
437-бап. Сатып алушының тауарды қабылдау міндеті

438-бап. Тауардың бағасы
439-бап. Тауарға ақы төлеу
440-бап. Тауарға алдын ала ақы төлеу
441-бап. Кредитке сатылған тауарға ақы төлеу
442-бап. Тауарды кредитке сату кезінде төлемді бөліп-бөліп төлеу
443-бап. Тауарды сақтандыру
444-бап. Сатушының тауарға меншік құқығының сақталуы

Параграф 2. Бөлшектеп сатып алу-сату
445-бап. Бөлшектеп сатып алу-сату шарты
446-бап. Бөлшектеп сатып алу-сату шартының нысаны
447-бап. Тауардың көпшілікке арналған офертасы
448-бап. Сатып алушыға тауар туралы ақпарат беру
449-бап. Сатып алушының тауарды белгілі бір мерзімде қабылдап алуы туралы талап қойылған шарт
450-бап. Тауарларды үлгілері бойынша сату
451-бап. Автоматтарды пайдалана отырып тауар сату
452-бап. Сатып алушыға тауар жеткізіп беру туралы талап қойылатын шарт
453-бап. Тауардың бағасы және оған ақы төлеу
454-бап. Сапасы лайықты тауарды алмастыру
455-бап. Сатып алушының оған сапасы лайықсыз тауар сатылған жағдайдағы құқықтары
456-бап. Тауарды алмастыру, сатып алу бағасын кеміту және сапасы лайықсыз тауарды қайтару кезінде баға айырмасының орнын толтыру
457-бап. Сатушының жауапкершілігі және міндеттемені заттай орындау

Параграф 3. Тауар жеткізілімі
458-бап. Тауар жеткізілімінің шарты
459-бап. Тауар жеткізілімі шартын жасасу кезіндегі келіспеушіліктерді реттеу
460-бап. Тауар жеткізілімі шартының қолданылу мерзімі
461-бап. Тауар жеткізілімі кезеңдері
462-бап. Тауарлар жеткізілімінің тәртібі
463-бап. Тауарларды жеткізіп беру
464-бап. Жетіспеген тауардың орнын толтыру
465-бап. Жетіспеушіліктердің орнын толтыру кезіндегі тауарлардың түр түрі
466-бап. Сатып алушының тауарды қабылдауы
467-бап. Сатып алушы қабылдамаған тауарды жауапкершілікпен сақтау
468-бап. Тауарларды таңдау
469-бап. Жеткізілетін тауарлар үшін есеп айырысу
470-бап. Ыдыс және буып-түю
471-бап. Сапасы лайықсыз тауар жеткізілімінің салдары
472-бап. Жиынтықталмаған тауарлар жеткізілімінің салдары
473-бап. Тауар жеткіліксіз беріліп, тауардың кемшіліктерін жою туралы немесе тауарды толық жиынтықтау туралы талаптар орындалмаған жағдайдағы сатып алушының құқықтары
474-бап. Тауарды жеткіліксіз бергені немесе тауар беруді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбы
475-бап. Тауар берудің бірнеше шарттары бойынша біртектес міндеттемелерді өтеу
476-бап. Шартты орындаудан біржақты бас тарту
477-бап. Шарт бұзылған жағдайда залалды есептеу

Параграф 4. Келісімшарт жасасу
478-бап. Келісімшарт жасасу шарты
479-бап. Дайындаушының міндеттері
480-бап. Ауыл шаруашылық өнімін өндірушінің міндеттері
481-бап. Ауыл шаруашылық өнімін өндірушінің жауапкершілігі

Параграф 5. Энергиямен жабдықтау
482-бап. Энергиямен жабдықтау шарты
483-бап. Энергиямен жабдықтау шартын жасасу және ұзарту
484-бап. Энергия мөлшері
485-бап. Энергия мөлшері туралы шарт талаптарын бұзудың зардабы
486-бап. Энергияның сапасы
487-бап. Абоненттің желілерді, аспаптар мен жабдықтарды күтіп ұстау және пайдалану жөніндегі міндеттері
488-бап. Энергияға ақы төлеу
489-бап. Абоненттің энергияны басқа тұлғаға беруі
490-бап. Шартты өзгерту және бұзу
491-бап. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша жауаптылық
492-бап. Энергиямен жабдықтау шартының ережелерін жалғанған желі арқылы жабдықтау жөніндегі өзге де қатынастарға қолдану

Параграф 6. Кәсіпорынды сату
493-бап. Кәсіпорынды сату шарты
494-бап. Кәсіпорынды сату шартының нысаны
495-бап. Сатуға жататын кәсіпорынның құрамын белгілеу және құнын бағалау
496-бап. Кредит берушілердің кәсіпорынды сату кезіндегі құқықтары
497-бап. Кәсіпорынды беру
498-бап. Кәсіпорынға құқықтардың ауысуы
499-бап. Кемшіліктері бар кәсіпорынды беру мен қабылдаудың салдары
500-бап. Кәсіпорынды сату шартына мәмілелердің жарамсыздық салдары туралы және шартты бұзу мен өзгерту туралы ережелерді қолдану

7-параграф. Репо операциясы
500-1-бап. Репо операциясы ұғымы
500-2-бап. Репо операциясының ерекшеліктері

26-тарау. Айырбас
501-бап. Айырбас шарты
502-бап. Айырбас шарты бойынша баға мен шығындар
503-бап. Айырбас шарты бойынша өзара тауар беру міндеттемелерін орындау
504-бап. Айырбасталатын тауарларға меншік құқығының ауысуы
505-бап. Айырбас шарты бойынша сатып алынған тауарды алып қойғаны үшін жауапкершілік

27-тарау. Сыйға тарту
506-бап. Сыйға тарту шарты
507-бап. Сый алушының сыйды алудан бас тартуы
508-бап. Сыйға тарту шартының нысаны
509-бап. Сыйға тартуға тыйым салу
510-бап. Сыйға тартуды шектеу
511-бап. Сыйға тарту шартын орындаудан бас тарту

512-бап. Сыйға тартудың күшін жою
513-бап. Сыйға тарту шартын орындаудан бас тарту және сыйға тартудың күшін жою мүмкін болмайтын жағдайлар
514-бап. Сыйланған заттың кемшіліктері салдарынан зиян келтіру зардабы
515-бап. Сыйға тартуға уәде беру кезіндегі құқық мирасқорлығы
516-бап. Қайырмалдық

28-тарау. Рента және өмір бойы асырауда ұстау
28-тарау. Рента
Параграф 1. Жалпы ережелер
517-бап. Рента шарты
518-бап. Рентаны ресімдеуге қойылатын талаптар
519-бап. Рента төлеу үшін мүлікті иеліктен айыру
520-бап. Қозғалмайтын мүлікке рента жүктеу
521-бап. Рентаның төленуін қамтамасыз ету
521-1-бап. Рента шартын рента алушының талап етуі бойынша бұзу
522-бап. Рента төлеудің мерзімін кешіктіргені үшін жауапкершілік

Параграф 2. Тұрақты рента
523-бап. Тұрақты рентаны алушы
524-бап. Тұрақты рентаның нысаны мен мөлшері
525-бап. Тұрақты рентаны төлеу мерзімдері
526-бап. Төлеушінің тұрақты рентаны сатып алу құқығы
527-бап. Тұрақты рентаны рента алушының талабы бойынша сатып алу
528-бап. Тұрақты рентаның сатып алу бағасы
529-бап. Тұрақты рента төлемі ретінде берілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі

Параграф 3. Ғұмырлық рента
530-бап. Ғұмырлық рента алушылар
531-бап. Ғұмырлық рентаның мөлшері
532-бап. Ғұмырлық рентаны төлеу мерзімдері
533-бап. Алып тасталды
534-бап. Рента төлемі ретінде берілген мүліктің кездейсоқ жойылу қаупі

Параграф 4. Өмір бойы асырауда ұстау
535-бап. Өмір бойы асырауда ұстау шарты
536-бап. Асырауда ұстауға беру жөніндегі міндет
537-бап. Өмір бойы асырауда ұстауды мерзімдік төлеммен ауыстыру
538-бап. Өмір бойы асырауда ұстауды қамтамасыз ету үшін берілген мүлікті иеліктен айыру және пайдалану
539-бап. Өмір бойы асырауда ұстауды тоқтату

29-тарау. Мүліктік жалдау (жалға алу)
Параграф 1. Жалпы ережелер
540-бап. Мүліктік жалдау шарты
541-бап. Мүліктік жалдау объектілері
542-бап. Мүліктік жалдау шартының талаптары
543-бап. Жалға беруші
544-бап. Мүліктік жалдау шартының нысаны
545-бап. Мүліктік жалдау шартының мерзімі

546-бап. Мүліктік жалдау шарты бойынша жасалатын төлем
547-бап. Мүлікті жалға алушыға беру
548-бап. Жалға берушінің жалға берілген мүліктің кемшіліктері үшін жауапкершілігі
549-бап. Жалға берілетін мүлікке үшінші тұлғалардың құқықтары
550-бап. Жалға алған мүлікті пайдалану
551-бап. Жалға алушының жалға алған мүлікке билік ету шегі
552-бап. Жалға берушінің жалға берілген мүлікті ұстап-тұтыну жөніндегі міндеттері
553-бап. Жалға алушының жалданған мүлікті ұстап-тұтыну жөніндегі міндеттері
554-бап. Жалға алушының жалданған мүліктен алынатын өнімге, жемістерге және өзге де кірістерге меншік құқығы
555-бап. Мүлікті жақсарту
556-бап. Тараптардың біреуінің талап етуі бойынша мүліктік жалдау шартын өзгерту және бұзу
557-бап. Жалға алушының шартты жаңа мерзімге жасасуға артықшылықты құқығы
558-бап. Мүліктік жалдау шартын қайта жаңарту
559-бап. Мүліктік жалдау шартының тараптар өзгерген кезде күшін сақтап қалуы
560-бап. Қосымша жалдау шартының негізгі мүлік жалдау шартына тәуелділігі
561-бап. Шарт тоқтатылған кезде жалға берушіге мүліктің қайтарылуы
562-бап. Мүліктің жалға алушының меншігіне көшуі
563-бап. Жалға алушының құқықтарын қорғау
564-бап. Мүліктік жалдаудың жекелеген түрлерінің және жекелеген мүліктік түрлерін жалдаудың ерекшеліктері

Параграф 2. Лизинг
565-бап. Лизинг шарты
566-бап. Лизинг нысанасы
567-бап. Лизинг шартының елеулі талаптары
568-бап. Мүлікті лизингке беру туралы сатушыны хабардар ету
569-бап. Мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі
570-бап. Лизинг шарты бойынша төленетін төлемдер
571-бап. Лизинг алушыға лизинг шартының нысанасын беру
572-бап. Сатушының жауапкершілігі

Параграф 3. Кәсіпорынды жалдау
573-бап. Кәсіпорынды жалдау шарты
574-бап. Кәсіпорынды жалдау кезіндегі кредит берушілердің құқықтары
575-бап. Кәсіпорынды жалдау шартының нысаны
576-бап. Жалға алынған кәсіпорынды беру
577-бап. Жалға алушының кәсіпорынды ұстау және оны пайдалану бойынша шығындарды төлеу жөніндегі міндеттері
578-бап. Жалға алынған кәсіпорынның мүлкін пайдалану
579-бап. Жалға алушының жалға алынған кәсіпорынға өзгерістер мен жақсартулар енгізуі
580-бап. Жалға алынған кәсіпорынды қайтару

Параграф 4. Үйлер мен ғимараттарды жалдау
581-бап. Үйді немесе ғимаратты жалдау шарты
582-бап. Ғимаратты немесе құрылысты жалдау шартының нысаны
583-бап. Жалдау ақысының мөлшері
584-бап. Үйді немесе ғимаратты беру

Параграф 5. Көлік құралдарын жалдау
585-бап. Көлік құралын экипажымен жалдау шарты
586-бап. Көлік құралын экипажымен жалдау шартының нысаны
587-бап. Жалға берушінің көлік құралын ұстау жөніндегі міндеті
588-бап. Жалға берушінің көлік құралын басқару мен техникалық пайдалану жөніндегі міндеттері
589-бап. Жалға берушінің көлік құралын коммерциялық пайдалануға байланысты шығындарды төлеу жөніндегі міндеті
590-бап. Көлік құралын сақтандыру
591-бап. Көлік құралын пайдалану туралы үшінші тұлғалармен шарт жасасу
592-бап. Көлік құралына келтірілген зиян үшін жауапкершілік
593-бап. Көлік құралы келтірген зиян үшін жауапкершілік
594-бап. Көлік құралдарының жекелеген түрлерін жалдаудың ерекшеліктері
594-1-бап. Көлік құралын экипажсыз жалдау шарты
594-2-бап. Көлік құралын экипажсыз жалдау шартының нысаны
594-3-бап. Жалға алушының көлік құралын күтіп ұстау жөніндегі міндеті
594-4-бап. Жалға алушының көлік құралын күтіп ұстауға жұмсалатын шығыстарды төлеу жөніндегі міндеті
594-5-бап. Көлік құралын пайдалану туралы үшінші тұлғалармен жасалатын шарттар
594-6-бап. Көлік құралымен келтірілген зиян үшін жауапкершілік
594-7-бап. Көлік құралдарының жекелеген түрлерін жалдау ерекшеліктері

Параграф 6. Прокат
595-бап. Прокат шарты
596-бап. Прокат шартының мерзімі
597-бап. Мүлікті жалға алушыға беру
598-бап. Жалға берілген мүліктің кемшіліктерін жою
599-бап. Мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін ақы
600-бап. Жалға алынған мүлікті пайдалану

30-тарау. Тұрғын үйді жалдау
601-бап. Тұрғын үйді жалдау шарты
602-бап. Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді жалдау шарты
603-бап. Жекеше тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді жалдау шарты

31-тарау. Мүлікті тегін пайдалану
604-бап. Мүлікті тегін пайдалану шарты
605-бап. Несие беруші
606-бап. Мүлікті тегін пайдалануға беру
607-бап. Тегін пайдалануға берілген мүліктің кемшіліктері үшін жауапкершілік
608-бап. Тегін пайдалануға берілген мүлікке үшінші тұлғалардың құқықтары
609-бап. Несие алушының мүлікті ұстау жөніндегі міндеттері
610-бап. Мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі
611-бап. Мүлікті пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғаға келтірілген зиян үшін жауапкершілік
612-бап. Шартты мерзімінен бұрын бұзу
613-бап. Шарттан бас тарту
614-бап. Шарттағы тараптардың өзгеруі
615-бап. Шартты тоқтату

32-тарау. Мердігерлік

Параграф 1. Мердігерлік туралы жалпы ережелер
616-бап. Мердігерлік шарты
617-бап. Жұмысты мердігердің қарамағында орындау
618-бап. Материалдардың кездейсоқ жойылу қаупі
619-бап. Бас мердігер және қосалқы мердігер
620-бап. Жұмыстың орындалу мерзімдері
621-бап. Жұмыстың бағасы
622-бап. Мердігердің үнемі
623-бап. Жұмысқа ақы төлеу тәртібі
624-бап. Ұстап қалу құқығы
625-бап. Жұмысты тапсырысшының материалдарын пайдалана отырып орындау
626-бап. Тапсырысшы берген мүліктің сақталмағаны үшін мердігердің жауаптылығы
627-бап. Тапсырысшының жұмыстарды орындау кезіндегі құқықтары
628-бап. Мердігер тапсырысшыға Ескертуге міндетті мән-жайлар
629-бап. Тапсырысшының жәрдем көрсетуі
630-бап. Тапсырысшының орындалған жұмысты қабылдауы
631-бап. Мердігерлік нысанасы жойылған немесе жұмысты аяқтау мүмкін болмаған жағдайдағы тараптар арасындағы есеп айырысу
632-бап. Жұмыстың сапасы
633-бап. Жұмыс сапасына кепілдік
634-бап. Кепілдік мерзімін есептеу тәртібі
635-бап. Мердігердің жұмыс сапасының тиісті дәрежеде болмауы үшін жауапкершілігі
636-бап. Жұмыс сапасының лайықсыздығы туралы талап арыздар жөніндегі мерзімнің ескіруі
637-бап. Мердігердің тапсырысшыға ақпарат беру міндеті
638-бап. Тараптар алған ақпараттың құпиялылығы
639-бап. Тапсырысшыға материалдар мен жабдықтарды қайтарып беру

Параграф 2. Тұрмыстық мердігерліктің ерекшеліктері
640-бап. Тұрмыстық мердігерлік шарты
641-бап. Тапсырысшы құқықтарының кепілдіктері
642-бап. Шарттың нысаны
643-бап. Тапсырысшыға жұмыстың нәтижелері туралы ақпарат беру
644-бап. Тапсырысшыға жұмыс туралы ақпарат беру
645-бап. Жұмысты мердігердің материалынан орындау
646-бап. Жұмысты тапсырысшының материалынан орындау
647-бап. Жұмыстың бағасы және оған ақы төлеу
648-бап. Орындалған жұмыстан кемшіліктер табудың зардабы
649-бап. Тапсырысшының орындалған жұмыс нәтижесін алуға келмеуінің зардабы
650-бап. Шарттағы тараптардың бірінің қайтыс болуының зардабы

Параграф 3. Құрылыс мердігерлігінің ерекшеліктері
651-бап. Құрылыс мердігерлігінің шарты
652-бап. Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша тәуекелді бөлісу
653-бап. Жүргізілетін жұмыстардың қауіпсіздігі үшін жауаптылық
654-бап. Жобалау-сметалық құжаттама
655-бап. Жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізу
656-бап. Жұмыстарды материалдық қамтамасыз ету
657-бап. Жұмысқа ақы төлеу
658-бап. Құрылыс салу үшін жер учаскесін беру
659-бап. Тапсырысшының құрылыс мердігерлігі шартындағы қосымша міндеттері

660-бап. Тапсырысшының шарт бойынша жұмыстың орындалуын бақылауы мен қадағалауы
661-бап. Мердігердің қоршаған ортаны қорғау және құрылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі міндеттері
662-бап. Тараптардың құрылысты консервациялау кезіндегі міндеттері
663-бап. Жұмыс нәтижелерін тапсыру және қабылдау
664-бап. Мердігердің жұмыстардың сапасы үшін жауаптылығы
665-бап. Құрылыс мердігерлігі шартындағы сапа кепілдіктері
666-бап. Кемшіліктерді тапсырысшының есебінен жою

Параграф 4. Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерліктің ерекшеліктері
667-бап. Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік шарт
668-бап. Жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған бастапқы деректер
669-бап. Тапсырысшының міндеттері
670-бап. Мердігердің міндеттері
671-бап. Мердігердің кепілдіктері
672-бап. Жобалау-сметалық құжаттаманың және іздестіру жұмыстарының кемшіліктері үшін мердігердің жауаптылығы

Параграф 5. Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерліктің ерекшеліктері
673-бап. Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға шарттар
674-бап. Жұмыстарды орындау
675-бап. Жұмыстарды тапсыру, қабылдау және оған ақы төлеу
676-бап. Шарт туралы мәліметтердің құпиялылығы
677-бап. Тараптардың жұмыс нәтижелеріне құқықтары
678-бап. Тапсырысшының міндеттері
679-бап. Мердігердің (атқарушының) міндеттері
680-бап. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына жасалған шартта нәтижеге жету мүмкіндігі болмауының салдары
681-бап. Тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шартта жұмыс нәтижесіне жету мүмкіндігі болмауының салдары
682-бап. Мердігердің (атқарушының) шартты бұзғаны үшін жауапкершілігі

33-тарау. Өтелмелі қызмет көрсету
683-бап. Өтелмелі қызмет көрсету шарты
684-бап. Өтелмелі қызмет көрсету шартын атқару
685-бап. Көрсетілген қызметтерге ақы төлеу
686-бап. Өтелмелі қызмет көрсету шартын орындаудан біржақты бас тарту
687-бап. Өтелмелі қызмет көрсету шартын құқықтық реттеу
687-1-бап. Персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт

34-тарау. Тасымалдау
688-бап. Жалпы ережелер
689-бап. Жүкті тасымалдау шарты
690-бап. Жолаушы тасымалдау шарты
691-бап. Кеме жалдау (чартер) шарты
692-бап. Тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарттар
693-бап. Көлік ұйымдары арасындағы шарттар
694-бап. Аралас тасымалдар

695-бап. Жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау
696-бап. Көлік құралдарын беру, жүкті тиеу (түсіру)
697-бап. Кіре ақысы
698-бап. Жүкті, жолаушыны және (немесе) теңдеме жүкті жеткізу мерзімі
699-бап. Жүкке билік ету құқығы
700-бап. Жолаушылардың құқықтары
701-бап. Тасымалдау жөніндегі міндеттемелердің бұзылғаны үшін жауапкершілік
702-бап. Тасымалдаушының көлікті бермегені үшін және жөнелтушінің берілген көлік құралдарын пайдаланбағаны үшін жауапкершілігі
703-бап. Тасымалдаушының тікелей аралас қатынас кезіндегі жауапкершілігі
704-бап. Тасымалдаушының жолаушыны жөнелтуді кідірткені үшін жауапкершілігі
705-бап. Жүктің немесе теңдеме жүктің жоғалғаны, кем шыққаны және зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушының жауапкершілігі
706-бап. Жүктерді тасымалдау жөніндегі талаптар мен талап қоюлар
707-бап. Жолаушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

35-тарау. Көлік экспедициясы
708-бап. Көлік экспедициясы шарты
709-бап. Шарттың нысаны
710-бап. Экспедиторға берілетін құжаттар мен басқа да ақпарат
711-бап. Экспедитордың міндеттерін үшінші тұлғаның атқаруы
712-бап. Ұстап қалу құқығы
713-бап. Көлік экспедициясы шарты бойынша экспедитордың жауапкершілігі
714-бап. Көлік экспедициясы шартын орындаудан біржақты бас тарту

36-тарау. Заем
715-бап. Заем шарты
716-бап. Заем шартының нысаны
717-бап. Заем шартын жасасу
718-бап. Заем шарты бойынша сыйақы
719-бап. Заем нысанасын беру
720-бап. Нысаналы заем
721-бап. Заемшының міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету
722-бап. Заем нысанасын қайтару
723-бап. Заем нысанасын мерзімінен бұрын қайтару туралы талапты қанағаттандыру мерзімі
724-бап. Заем шартын даулау
725-бап. Заем шартында міндеттемені жаңалау
725-1-бап. Қарыз алушымен - жеке тұлғамен жасалатын қарыз шартының ерекшеліктері
726-бап. Мемлекеттік заем шарты
727-бап. Банк заемы шарты
728-бап. Банктік қарыз шартының, микрокредит беру туралы шарттың және синдикатталған қарыз шартының ерекшеліктері

37-тарау. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг)
729-бап. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шарты
730-бап. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру туралы шарттың нысаны
731-бап. Қаржыландыруды алу мақсатындағы берілген ақшалай талап
732-бап. Клиенттің қаржы агентінің алдындағы жауапкершілігі
733-бап. Талапты беруге тыйым салудың жарамсыздығы

734-бап. Ақшалай талапты кейін беру
735-бап. Борышқордың қаржы агентіне ақшалай талапты орындауы
736-бап. Қаржы агентінің борышқордан алынған сомаларға құқықтары
737-бап. Борышқордың қарсы талаптары
738-бап. Қаржы агенті алған сомаларды борышқорға қайтару
738-1-бап. Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру кезінде ақшалай талап етуді беру
738-2-бап. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қаржыландыру кезінде ақшалай талапты өзгеге беру

38-тарау. Банктік қызмет көрсету
Параграф 1. Жалпы ережелер
739-бап. Банктік қызмет көрсету шарты
740-бап. Банктегі ақшаға билік етуді шектеу
741-бап. Клиенттің келісімінсіз ақшаны алып қою
742-бап. Клиенттің ақшасын алу кезектілігі
743-бап. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызмет көрсетуі
744-бап. Банктік қызмет көрсетуге ақы төлеу
745-бап. Банк құпиясы
746-бап. Клиенттерге банктік қызмет көрсету шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Параграф 2. Банктік шот
747-бап. Банктік шот шарты
748-бап. Банктік шот шартының нысаны
749-бап. Клиенттің ақшасына билік ету
750-бап. Банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) банктік шот шарты бойынша орындайтын операциялар
751-бап. Ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы
752-бап. Банктік шот шартын бұзу
753-бап. Банктердің банктік шоттары

Параграф 3. Ақша аудару
754-бап. Ақша аудару туралы шарт
755-бап. Ақша аудару туралы шарттар жасасу

Параграф 4. Банк салымы
756-бап. Банк салымы шарты
757-бап. Банк салымдарының түрлері
758-бап. Банк салымы шартының нысаны
759-бап. Банк салымы шартының қолданылу мерзімі
760-бап. Банк салымы шарты бойынша сыйақы
761-бап. Банк салымы шарты бойынша сыйақы төлеудің тәртібі
762-бап. Салымдарды енгізу
763-бап. Үшінші тұлғалардың салымға ақша енгізуі
764-бап. Үшінші тұлғалардың пайдасына салымдар
765-бап. Банк салымдарын қайтару
766-бап. Банк салымын қайтаруды қамтамасыз ету
767-бап. Банк салымы бойынша жасалған операциялар үшін банк көрсеткен қызметтерге ақы төлеу

39-тарау. Сақтау
Параграф 1. Сақтау туралы жалпы ережелер
768-бап. Сақтау шарты
769-бап. Затты сақтауға қабылдау туралы шарт
770-бап. Затты сақтауға қабылдау міндеті
771-бап. Заттарды иесіздендіріп сақтау
772-бап. Сақтау шартының нысаны
773-бап. Сақтау мерзімі
774-бап. Сақтаушыға сыйақы беру және оның шығындарын өтеу
775-бап. Сақтаушының заттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері
776-бап. Сақтау жағдайларын өзгерту
777-бап. Затты үшінші тұлғаға сақтауға беру
778-бап. Сақтаушының заттың сақталмағандығы үшін жауапкершілігі
779-бап. Сақтаушы-кәсіпкердің жауапкершілігі
780-бап. Сақтаушының жауаптылық мөлшері
781-бап. Затты алу мерзімдерін бұзудың зардабы
782-бап. Сақтаушыға келтірілетін залалдардың орнын толтыру
783-бап. Сақтау туралы жалпы ережелерді оның жекелеген түрлеріне қолдану

Параграф 2. Сақтаудың жекелеген түрлері
784-бап. Ломбардта сақтау
785-бап. Ломбардтан талап етілмеген зат
786-бап. Құндылықтарды банкте сақтау
787-бап. Көлік ұйымдарының сақтау камераларында сақтау
788-бап. Ұйымдардың киімілгіштерінде сақтау
789-бап. Қонақүйде сақтау
790-бап. Даулы заттарды сақтау (секвестр)

Параграф 3. Тауар қоймасында сақтау
791-бап. Тауар қоймасы
792-бап. Ортақ пайдаланылатын тауар қоймасы
793-бап. Тауар қоймасының міндеттері
794-бап. Тауар иесінің тауар қоймасына қоятын талаптары
795-бап. Тауар қоймасының сақтау жөніндегі шығындарының орнын толтыру
796-бап. Тауар қоймасының сақтау шартынан бас тартуы
797-бап. Қойма құжаттары
798-бап. Жай қойма куәлігі
799-бап. Қос қойма куәлігі
800-бап. Қос қойма куәлігін ұстаушының тауарға құқықтары
801-бап. Қойма және кепіл куәліктерін беру
802-бап. Қос қойма куәлігі бойынша тауар беру

40-тарау. Сақтандыру
803-бап. Сақтандыру шарты
804-бап. Осы Кодекспен реттелетін сақтандыру қатынастары
805-бап. Сақтандыру нысандары
806-бап. Міндетті және ерікті сақтандыру
807-бап. Сақтандыру объектісі
808-бап. Міндетті сақтандыру туралы ережелердің бұзылу зардабы
809-бап. Жеке және мүліктік сақтандыру
809-1-бап. Жинақтаушы сақтандыру

810-бап. Алып тасталды
811-бап. Алып тасталды
812-бап. Алып тасталды
813-бап. Сақтанушы
814-бап. Сақтандырушы
815-бап. Сақтандырылған адам
816-бап. Пайда алушы
817-бап. Сақтандыру мүддесі және сақтандыру жағдайы
818-бап. Сақтандыру сыйлықақылары
819-бап. Сақтандыру сомасы
820-бап. Сақтандыру төлемі
821-бап. Қос сақтандыру
822-бап. Топтық сақтандыру
823-бап. Ортақ сақтандыру және бірлескен қайта сақтандыру
824-бап. Қайта сақтандыру
825-бап. Сақтандыру шартының нысаны
825-1-бап. Сақтандыру ережелері
826-бап. Сақтандыру шартының мазмұны
826-1-бап. Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеудің мерзімін ұзарту
826-2-бап. Жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру
826-3-бап. Бас полисті ресімдеу жолымен шарт бойынша сақтандыру
827-бап. Сақтандыру шартының қолданылуы
828-бап. Сақтандырушының міндеттері
829-бап. Сақтандыру жағдайынан туындайтын залалдарды азайтуға бағытталған шығындардың орнын толтыру
830-бап. Сақтандыру құпиясы
831-бап. Сақтанушының міндеттері
832-бап. Шарт жасасу кезінде сақтанушы беретін мәліметтер
833-бап. Сақтандыру тәуекелін және келтірілген зиянды бағалау
834-бап. Шарттың қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары
835-бап. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар ету
836-бап. Сақтанушыны ауыстыру
837-бап. Сақтандырылған адамды ауыстыру
838-бап. Пайда алушыны ауыстыру
839-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері
840-бап. Сақтанушының (пайда алушының) залалдарды өтеу құқықтарының сақтандырушыға ауысуы (суброгация)
841-бап. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату
842-бап. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың салдары
843-бап. Сақтандыру шартының жарамсыздығы
844-бап. Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың салдары
845-бап. Өзара сақтандыру
845-1-бап. Исламдық сақтандыру

41-тарау. Тапсырма
846-бап. Тапсырма шарты
847-бап. Тапсырманы сенім білдірушінің нұсқауларына сәйкес орындау
848-бап. Сенім білдірілген өкілдің міндеттері
849-бап. Сенім білдірушінің міндеттері
850-бап. Тапсырма шартындағы сыйақы

851-бап. Сенім ауысуы
852-бап. Тапсырма шартын тоқтату
853-бап. Тапсырма шартын тоқтатудың зардабы
854-бап. Тапсырма шартындағы құқықтық мирасқорлық

42-тарау. Басқаның мүддесіне тапсырмасыз іс-әрекет жасау
855-бап. Басқаның мүддесіне іс-әрекет жасау талаптары
856-бап. Мүдделі тұлғаға оның мүддесіне жасалған іс-әрекеттер туралы хабарлау
857-бап. Мүдделі тұлғаның өз мүддесіне жасалған іс-әрекеттерді мақұлдауының салдары
858-бап. Мүдделі тұлғаның өз мүддесі үшін жасалған іс-әрекеттерді мақұлдамауының салдары
859-бап. Басқаның мүддесіне іс-әрекет жасаған адамға залалдарын өтеу
860-бап. Басқаның мүддесіне жасалған іс-әрекеттер үшін сыйақы
861-бап. Басқаның мүддесіне мәміле жасау салдары
862-бап. Басқаның мүддесіне іс-әрекеттер жасаудың салдарынан негізсіз баю
863-бап. Басқаның мүддесіне жасалған іс-әрекеттермен келтірілген зиянды өтеу
864-бап. Басқаның мүддесіне іс-әрекеттер жасаған адамның есеп беруі

43-тарау. Комиссия
865-бап. Комиссия шарты
866-бап. Комиссиялық сыйақы
867-бап. Комиссионердің үшінші тұлғамен мәміле жасау жөніндегі құқықтары мен міндеттері
868-бап. Комиссиялық тапсырманы орындау
869-бап. Қосалқы комиссия
870-бап. Комитенттің нұсқауларынан ауытқу
871-бап. Комиссияның нысанасы болып табылатын мүлікке құқық
872-бап. Комиссионердің өзіне тиесілі соманы ұстап қалуы
873-бап. Комиссионердің жауаптылығы
874-бап. Өзіне мәміле жасау
875-бап. Комитенттің комиссия шарты бойынша орындалғанды қабылдауы
876-бап. Комиссиялық тапсырманы орындау жөніндегі шығындардың орнын толтыру
877-бап. Комитенттің тапсырманың күшін жоюы
878-бап. Комиссионердің тапсырманы орындаудан бас тартуы
879-бап. Комиссия шартын тоқтату
880-бап. Комитенттің мерзімі көрсетілмей жасалған шарттан бас тартуы
881-бап. Комиссионердің мерзімі көрсетілмей жасалған шарттан бас тартуы
882-бап. Комиссия шартындағы құқықтық мирасқорлық

44-тарау. Мүлікті сенімгерлікпен басқару
883-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару ұғымы және оның пайда болу негіздері
884-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару субъектілері
885-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару объектілері
886-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты
887-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының нысаны
888-бап. Сенімгер басқарушының құқықтары мен міндеттері
889-бап. Сенімгер басқарушының бастамасымен сенімнің ауысуы
890-бап. Сенімгер басқарушының жауапкершілігі
891-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының тоқтатылуы
892-бап. Акцияларды және өзге де бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқару

893-бап. Инвестициялық қорлардың активтерін сенімгерлікпен басқару
894-бап. Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сенімгерлікпен басқару
895-бап. Мемлекеттік қызметшінің мүлкін сенімгерлікпен басқару

45-тарау. Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг)
896-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының ұғымы
897-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының нысаны
897-1-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша зияткерлік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу
898-бап. Лицензиардың міндеттері
899-бап. Лицензиаттың міндеттері
900-бап. Шектеу шарттары
901-бап. Лицензиардың лицензиатқа қойылатын талаптар бойынша жауапкершілігі
902-бап. Кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия
903-бап. Кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензияның лицензиардың лицензиатпен негізгі шартына тәуелділігі
904-бап. Лицензиар, лицензиат және қосалқы лицензиат қатынастарының ерекшеліктері
905-бап. Фирмалық атау өзгерген кезде шарттың күшін сақтауы
906-бап. Пайдалануға берілген бір немесе бірнеше айрықша құқықтардың өзгеруі кезінде шарт күшінің сақталуы
907-бап. Пайдалануға берілген айрықша құқықтың тоқтатылу салдары
908-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының тоқтатылуы
909-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартындағы құқықтық мирасқорлық

46-тарау. Конкурстық міндеттемелер
910-бап. Конкурстық міндеттеменің мазмұны
911-бап. Сыйақыға жария уәде беру
912-бап. Сыйақыға жария уәде берудің күшін жою
913-бап. Лотереяларды, құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді өткізу ерекшеліктері
914-бап. Құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді өткізуге және оларға қатысуға байланысты талаптар
915-бап. Тендер
916-бап. Аукцион

47-тарау. Зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер
Параграф 1. Жалпы ережелер
917-бап. Зиян келтіргені үшін жауаптылықтың жалпы негіздері
918-бап. Зиян келтірудің алдын алу
919-бап. Қажетті қорғану жағдайында зиян келтіру
920-бап. Аса қажетті жағдайда зиян келтіру
921-бап. Заңды тұлғаның немесе азаматтың өз қызметкері келтірген зиян үшін жауапкершілігі
922-бап. Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды адамдары келтірген зиян үшін жауапкершілік
923-бап. Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиян үшін жауапкершілік
924-бап. Өзінің жауаптылығын сақтандырған тұлғаның зиянды өтеуі
925-бап. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілік

926-бап. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілік
927-бап. Ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналардың кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілігі
928-бап. Әрекетке қабілетсіз деп танылған азамат келтірген зиян үшін жауапкершілік
929-бап. Әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған азамат келтірген зиян үшін жауапкершілік
930-бап. Өз іс-әрекетінің мәнін түсінуге қабілетсіз азамат келтірген зиян үшін жауапкершілік
931-бап. Айналасындағыларға жоғары қауіп туғызатын қызмет (жоғары қауіптілік көздері) арқылы келтірілген зиян үшін жауапкершілік
932-бап. Бірлесіп келтірілген зиян үшін жауапкершілік
933-бап. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы
934-бап. Мүліктік зиянды өтеу әдістері
935-бап. Жәбірленушінің кінәсі мен зиян келтірген адамның мүліктік жағдайын есепке алу

Параграф 2. Азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу
936-бап. Азаматтың шарттық және өзге де міндеттемелерді орындау кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу
937-бап. Денсаулықты зақымдау арқылы келтірілген зиянды өтеудің көлемі мен сипаты
938-бап. Денсаулықтың зақымдануы салдарынан жоғалтылған табысты (кірісті) анықтау
939-бап. Кәмелетке толмаған адамның денсаулығы зақымданған кезде зиянды өтеу
940-бап. Азаматтың қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеу
941-бап. Азамат қайтыс болған жағдайда келтірілген зиянды өтеу мөлшері
942-бап. Зиянды өтеу мөлшерін өзгерту
943-бап. Күнкөріс құнының артуына байланысты зиянды өтеуді ұлғайту
944-бап. Зиянды өтеу жөніндегі төлемдер
945-бап. Заңды тұлға тоқтатылған ретте зиянды өтеу
946-бап. Жерлеуге жұмсалған шығындарды өтеу

Параграф 3. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу
947-бап. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу негіздері
948-бап. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің кемшілігі салдарынан келтірілген зиян үшін жауапты тұлғалар
949-бап. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің кемшілігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу мерзімдері
950-бап. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің кемшіліктері салдарынан келтірілген зиян үшін жауапкершіліктен босату негіздері

Параграф 4. Моральдық зиянды өтеу
951-бап. Моральдық зиянды өтеу
952-бап. Моральдық зиянды өтеу мөлшері

48-тарау. Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер
953-бап. Негізсіз байлықты қайтару міндеті
954-бап. Негізсіз байлықты қайтару туралы талаптардың азаматтық құқықтарды қорғау туралы басқа талаптармен арақатынасы

955-бап. Негізсіз байлықты заттай қайтару
956-бап. Негізсіз байлықтың құнын өтеу
957-бап. Құқықты басқа тұлғаға негізсіз берудің зардабы
958-бап. Жәбірленушіге алынбаған табыстарды өтеу
959-бап. Қайтарылуға жататын мүлікке шыққан шығындарды өтеу
960-бап. Қайтарылуға жатпайтын негізсіз байлық

5-бөлім. Интеллектуалдық меншік құқығы
49-тарау. Жалпы ережелер
961-бап. Интеллектуалдық меншік құқығының объектілері
962-бап. Интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықтың пайда болу негіздері
963-бап. Интеллектуалдық меншік объектілеріне жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар
964-бап. Интеллектуалдық меншік объектілеріне айрықша құқықтар
965-бап. Айрықша құқықтардың басқа адамға ауысуы
966-бап. Лицензиялық шарт
967-бап. Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелерін жасау және пайдалану туралы шарт
968-бап. Айрықша құқық және меншік құқығы
969-бап. Айрықша құқықтардың қолданылу мерзімі
970-бап. Айрықша құқықтарды қорғау әдістері

50-тарау. Авторлық құқық
971-бап. Авторлық құқықпен қорғалатын туындылар (авторлық құқық объектілері)
972-бап. Авторлық құқық объектілерінің түрлері
973-бап. Авторлық қатынастарды құқықтық реттеу
974-бап. Авторлық құқық объектілері болып табылмайтын туындылар
975-бап. Ресми құжаттардың, мемлекеттік рәміздер мен белгілердің жобаларына құқық
976-бап. Авторлық құқықты қорғау белгісі
977-бап. Автордың жеке мүліктік емес құқықтары
978-бап. Автордың мүліктік құқықтары
979-бап. Туындыны сақтауға беру
980-бап. Қазақстан Республикасының аумағында авторлық құқықтың қолданылуы
981-бап. Авторлық құқықтың қолданыла бастауы
982-бап. Авторлық құқықтың қолданылу мерзімі
983-бап. Туындының қоғам игілігіне ауысуы
984-бап. Авторлық құқықтарды басқару

51-тарау. Сабақтас құқықтар
985-бап. Сабақтас құқықтардың объектілері
986-бап. Сабақтас құқықтардың субъектілері
987-бап. Сабақтас құқықтардың қолданылуы
988-бап. Сабақтас құқықтар субъектілерінің құқықтарын реттеу
989-бап. Сабақтас құқықтардың қолданылу мерзімі
990-бап. Шетелдік азаматтар немесе шетелдік заңды тұлғалар болып табылатын орындаушылардың, фонограммалар шығарушылардың, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының құқықтары

52-тарау. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге құқық
991-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні құқықтық қорғау талаптары

992-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалану құқығы
993-бап. Патентке берілетін құқыққа билік ету
994-бап. Авторлық құқық
995-бап. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің тең авторлары
996-бап. Қызметтік өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер
997-бап. Автордың қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін сыйақы алуға құқығы
998-бап. Патенттің Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуы
999-бап. Патенттің қолданылу мерзімі
1000-бап. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқық беру
1001-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға құқықты табыстау
1002-бап. Ашық лицензия
1003-бап. Патентті бұзғаны үшін жауаптылық
1004-бап. Оған дейін пайдалану құқығы
1005-бап. Патент иесінің құқықтарын шектеу

53-тарау. Селекциялық жетістіктерге құқық
1006-бап. Өсімдіктердің жаңа сорттарына және жануарлардың жаңа тұқымдарына құқықты қорғаудың талаптары
1007-бап. Автордың селекциялық жетістік атауын айқындау құқығы
1008-бап. Селекциялық жетістік авторының сыйақы алуға құқығы
1009-бап. Патент иесінің селекциялық жетістікке құқығы
1010-бап. Патент иесінің міндеттері
1011-бап. Селекциялық жетістікке патенттің қолданылу мерзімі
1012-бап. Селекциялық жетістіктерді пайдалануға жіберу

54-тарау. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтар
1013-бап. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтарды қорғау талаптары
1014-бап. Интегралды микротәсімдер топологиясына айрықша құқық
1015-бап. Топологияларды тіркеу
1016-бап. Топологияны қолдануға айрықша құқықтың қолданылу мерзімі

55-тарау. Ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғау құқығы
1017-бап. Ашылмаған ақпаратты құқықтық қорғау талаптары
1018-бап. Ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік
1019-бап. Ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғауға құқықтың ауысуы

56-тарау. Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары
Параграф 1. Фирмалық атау
1020-бап. Фирмалық атауға құқық
1021-бап. Заңды тұлғаның фирмалық атауын тауар белгісінде пайдалану
1022-бап. Фирмалық атауға құқықтың қолданылуы
1023-бап. Фирмалық атауды иеліктен алу құқығы

Параграф 2. Тауар белгісі
1024-бап. Тауар белгісін құқықтық қорғау талаптары
1025-бап. Тауар белгісін пайдалану құқығы
1026-бап. Қазақстан Республикасының аумағында тауар белгісін құқықтық қорғау
1027-бап. Тауар белгісіне құқықтың қолданылу мерзімі

1028-бап. Тауар белгісін пайдаланбаудың салдары
1029-бап. Тауар белгісіне құқықтың ауысуы
1030-бап. Тауар белгісін пайдалануға рұқсат беру
1031-бап. Тауар белгісіне құқық беру және тауар белгісін пайдалануға құқықты табыстау
1032-бап. Тауар белгісіне құқықты бұзғаны үшін жауапкершілік

Параграф 3. Географиялық нұсқама және тауар шығарылған жердің атауы
1033-бап. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын құқықтық қорғау шарттары
1034-бап. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы
1035-бап. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын құқықтық қорғаудың қолданылу саласы
1036-бап. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімі
1037-бап. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын құқыққа сыйымсыз пайдалануға байланысты әрекеттер үшін жауаптылық

6-бөлім. Мұрагерлік құқық
57-тарау. Мұрагерлік туралы жалпы ережелер
1038-бап. Мұрагерлік
1039-бап. Мұрагерліктің негіздері
1040-бап. Мұраның құрамы
1041-бап. Ортақ бірлескен меншік болып табылатын мүлікке мұрагерлік
1042-бап. Мұраның ашылуы
1043-бап. Мұраның ашылу орны
1044-бап. Мұрагерлер
1045-бап. Мұрадан лайықсыз мұрагерлерді шеттету

58-тарау. Өсиет бойынша мұрагерлік
1046-бап. Жалпы ережелер
1047-бап. Талап қойылған өсиет
1048-бап. Мұрагерлерді қосымша тағайындау
1049-бап. Мүліктің өсиет етілмей қалған бөлігіне мұрагерлік
1050-бап. Өсиеттің нысаны туралы жалпы ережелер
1051-бап. Нотариатта куәландырылған өсиет
1052-бап. Нотариатта куәландырылғандарға теңестірілетін өсиеттер
1053-бап. Өсиеттің күшін жою және оны өзгерту
1054-бап. Өсиеттің құпиясы
1055-бап. Өсиетке түсінік беру
1056-бап. Өсиеттің жарамсыздығы
1057-бап. Өсиеттік бас тарту (легат)
1058-бап. Жүктеу
1059-бап. Өсиеттің орындалуы

59-тарау. Заңды мұрагерлік
1060-бап. Жалпы ережелер
1061-бап. Заң бойынша мұрагерлердің бірінші кезегі
1062-бап. Заң бойынша мұрагерлердің екінші кезегі
1063-бап. Заң бойынша мұрагерлердің үшінші кезегі

1064-бап. Кейінгі кезектегі мұрагерлер
1065-бап. Алып тасталды
1066-бап. Алып тасталды
1067-бап. Ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік
1068-бап. Мұра қалдырушының асырауындағы еңбекке жарамсыз адамдар
1069-бап. Мұрадағы міндетті үлеске құқық
1070-бап. Мұра алу кезіндегі ерлі-зайыптылардың құқықтары
1071-бап. Мұраны қорғау және заң бойынша мұрагерлік кезінде оны басқару

60-тарау. Мұра алу
1072-бап. Мұраны қабылдау
1072-1-бап. Мұра қабылдау тәсілдері
1072-2-бап. Мұраны қабылдау мерзімі
1072-3-бап. Белгіленген мерзімнің аяқталуына қарай мұраны қабылдау
1072-4-бап. Мұраны қабылдау құқығының ауысуы (мұрагерлік трансмиссия)
1073-бап. Мұраға құқық туралы куәлік беру
1074-бап. Мұрадан бас тарту құқығы
1075-бап. Өсиеттік бас тартуды алудан бас тарту құқығы
1076-бап. Мұраны бөлу
1077-бап. Болмаған мұрагерлердің құқықтары
1078-бап. Жекелеген мұрагерлердің мұраға кіретін мүлікке басым құқығы
1079-бап. Мұралық үлестердің үстелуі
1080-бап. Мұраның есебінен төлеуге жататын шығындар
1081-бап. Мұра қалдырушының борыштарын кредит берушілердің өндіріп алуы
1082-бап. Шаруа немесе фермер қожалығындағы мұрагерлік
1083-бап. Иесіз қалған мұра

7-бөлім. Халықаралық жеке құқық
61-тарау. Жалпы ережелер
1084-бап. Шетелдік элемент шиеленістірген азаматтық-құқықтық қатынастарға қолданылуға тиісті құқықты анықтау
1085-бап. Заң ұғымдарын саралау (құқықтық саралау)
1086-бап. Шетел құқығы нормаларының мазмұнын анықтау
1087-бап. Кері сілтеме жасау және үшінші елдің құқығына сілтеме жасау
1088-бап. Заңды айналып өтудің салдары
1089-бап. Өзара түсіністік
1090-бап. Жария тәртіп туралы ескерту
1091-бап. Императивтік нормаларды қолдану
1092-бап. Көп құқықтық жүйелері бар елдің құқығын қолдану
1093-бап. Реторсиялар

62-тарау. Коллизиялық нормалар
Параграф 1. Тұлғалар
1094-бап. Жеке тұлғаның жеке заңы
1095-бап. Жеке адамның құқық қабілеттілігі мен әрекетке қабілеттілігі
1096-бап. Жеке адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану және оны қайтыс болды деп жариялау
1097-бап. Жеке адамның есімі
1098-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркеу

1099-бап. Шет мемлекет органдары азаматтық хал актілерін куәландыруға берген құжаттарды тану
1100-бап. Заңды тұлғаның заңы
1101-бап. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі
1102-бап. Мемлекеттің шетелдік элементі бар азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысуы
1103-бап. Жеке мүліктік емес құқықтарды қорғау

Параграф 3. Мәмілелер, өкілдік, талап мерзімі
1104-бап. Мәміленің нысаны
1105-бап. Сенімхат
1106-бап. Талап мерзімі

Параграф 4. Заттық құқықтар
1107-бап. Заттық құқықтарға қолданылатын құқық туралы жалпы ережелер
1108-бап. Заттық құқықтардың пайда болуы және тоқтатылуы
1109-бап. Мемлекеттік тізілімге енгізілуге тиісті көлік құралдары мен өзге де мүлікке заттық құқықтар
1110-бап. Жолдағы қозғалатын мүлікке заттық құқықтар
1111-бап. Заттық құқықтарды қорғау

Параграф 5. Шарттық міндеттемелер
1112-бап. Шарт тараптарының келісімімен құқық таңдау
1113-бап. Тараптардың келісімі болмаған кезде шартқа қолданылатын құқық
1114-бап. Шетелдің қатысуымен заңды тұлға құру туралы шартқа қолданылатын құқық
1115-бап. Қолданылатын құқықтың күшінде болатын саласы

Параграф 6. Шарттан тыс міндеттемелер
1116-бап. Бір жақты мәмілелерден туындайтын міндеттемелер
1117-бап. Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер
1118-бап. Тұтынушыға келтірілген зиян үшін жауапкершілік
1119-бап. Негізсіз баю

Параграф 7. Интеллектуалдық меншік
1120-бап. Интеллектуалдық меншікке құқықтар

Параграф 8. Мұрагерлік құқық
1121-бап. Мұрагерлік бойынша қатынастар
1122-бап. Адамдардың өсиет жасауға және оның күшін жоюға қабілеттілігі, өсиеттің және оның күшін жою актісінің нысаны
1123-бап. Қозғалмайтын мүлікті және мемлекеттік тізілімге енгізілуге тиісті мүлікті мұраға қалдыру

Параграф 9. Қорғаншылық және қамқоршылық
1124-бап. Қорғаншылық және қамқоршылық

2013.04.07. № 131-V ҚР Заңымен мазмұнындағы 29-тараудың, 540, 541, 542, 544, 545, 546, 556, 558, 559, 561 және 564-баптардың тақырыптарындағы «Мүлік», «аренда», «мүлікті жалға алу», «мүлік», «Мүлікті» деген сөздер тиісінше «Мүліктік», «жалға алу», «мүліктік жалдау», «мүліктік», «Мүліктік» деген сөздермен, 29-тараудың, 596, 1113-баптардың мәтіндеріндегі «Мүлік», «аренда», «мүлік жалдау», «мүлікті жалдауға», «мүлікті

жалдау», «мүлік жалдаудың», «мүлікті жалға алу», «Мүлікті жалдаудың», «мүлікті жалға (арендаға) беру», «арендаға беруші немесе жалға» деген сөздер тиісінше «Мүліктік», «жалға алу», «мүліктік жалдау», «мүліктік жалдауға», «мүліктік жалдау», «мүліктік жалдаудың», «мүліктік жалдау», «Мүліктік жалдаудың», «мүліктік жалдау (жалға алу)», «жалға беруші немесе жалдауға» деген сөздермен ауыстырылды (бұр.ред.қара)

4 бөлім МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІ

25-тарау. САТЫП АЛУ-САТУ

1. Сатып алу-сату туралы жалпы ережелер

406-бап. Сатып алу-сату шарты

1. Сатып алу-сату шарты бойынша бір тарап (сатушы) мүлікті (тауарды) екінші тараптың (сатып алушының) меншігіне, шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына беруге міндеттенеді, ал сатып алушы бұл мүлікті (тауарды) қабылдауға және ол үшін белгілі бір ақша сомасын (бағасын) төлеуге міндеттенеді.

2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2026 ж. 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Бағалы қағаздар мен валюталық құндылықтарды және цифрлық қаржы активтерін сатып алу-сатуға, егер заң актілерінде оларды сатып алу-сатудың арнаулы ережелері белгіленбесе, осы параграфта көзделген ережелер қолданылады.

2009.12.02. № 133-IV ҚР Заңымен бап 2-1-тармақпен толықтырылды; 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 2-1-тармақ өзгертілді (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2-1. Исламдық банк операцияларын жүзеге асыру кезінде оның тауарларды сатып алу-сату ерекшеліктері Қазақстан Республикасының банк қызметін реттейтін заңнамалық актілерінде белгіленеді.

3. Осы Кодексте немесе өзге де заң актілерінде көзделген жағдайларда тауарлардың жекелеген түрлерін сатып алу-сату ерекшеліктері заң актілерінде және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленеді.

4. Осы параграфта көзделген ережелер, егер бұл құқықтардың мазмұнынан немесе сипатынан өзгеше туындамаса, мүліктік құқықтарды сатуға қолданылады.

5. Сатып алу-сату шарттарының жекелеген түрлеріне (бөлшек саудамен сатып алу-сату, тауарлар жеткізілімі, энергиямен жабдықтау, контрактация, кәсіпорынды сату), егер осы Кодекстің ережелерінде бұл түрлердің шарттары туралы өзгеше көзделмесе, осы параграфта көзделген ережелер қолданылады.

2010.02.04. № 262-IV ҚР Заңымен 6-тармақпен толықтырылды (жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді)

6. Сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіппен мүлікті сату кезінде сот орындаушысы сатушы ретінде шығады.

407-бап. Тауар туралы шарттың талабы

1. Осы Кодекстің 116-бабындағы ережелерді сақтай отырып, кез келген зат шарт бойынша сатып алу-сату тауары бола алады.

2. Шарт жасасқан кезде сатушының қолында бар тауарды, сондай-ақ заң актілерінде өзгеше белгіленбесе немесе тауардың сипатынан өзге жағдай туындамаса, сатып алушының болашақта шығаратын немесе сатып алатын тауарын сатып алу-сатуға шарт жасалуы мүмкін.

3. Егер шарт тауарлардың атауын және санын айқындауға мүмкіндік берсе, тауар туралы талап (елеулі талаптар) келісілген деп есептеледі.

408-бап. Сатушының тауар беру жөніндегі міндеттері

1. Сатушы шартта көзделген тауарды сатып алушыға беруге міндетті.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, сатушы тауарды берумен бірге сатып алушыға оның керек-жарақтарын, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерде немесе шартта көзделген, соған қатысты құжаттарды (тауардың жиынтықтылығын, қауіпсіздігін, сапасын, пайдалану тәртібін және т.б. куәландыратын құжаттарды) беруге міндетті.

409-бап. Тауарды беру міндетін орындау мерзімі

1. Сатушының сатып алушыға тауарды беру міндетін орындау мерзімі шартта белгіленеді, ал егер шартта мерзімді белгілеуге мүмкіндік болмаса, осы Кодекстің 277-бабында көзделген ережелерге сәйкес белгіленеді.

2. Егер мерзім бұзылған кезде сатып алушының шартты орындауға мүдделілігі жоғалатындығы шарттан айқын туындайтын болса, сатып алу-сату шарты оны қатаң белгіленген мерзімде орындау талабымен жасалды деп танылады.

Сатушының мұндай шартты онда белгіленген мерзім басталғанға дейін немесе біткеннен кейін сатып алушының келісуінсіз орындауға құқығы жоқ.

Заң актілерінде немесе шартта сатып алу-сату шартын бөліп орындау жағдайлары (шартты орындаудың аралық мерзімдері) белгіленуі мүмкін.

410-бап. Сатушының тауар беру міндетін орындау кезі

1. Егер сатып алу-сату шартында өзгеше көзделмесе, сатушының сатып алушыға тауар беру міндеті:

1) егер шартта тауарды жеткізіп беру бойынша сатушының міндеті көзделсе, сатып алушыға немесе ол атаған адамға тауарды берген;

2) егер тауар сол тауар орналасқан жерде сатып алушыға немесе ол атаған адамға берілуге тиіс болса, сатып алушының билігіне тауар берген кезінде орындалған болып есептеледі.

Тауар шартта көзделген мерзімде тиісті жерде беруге дайын тұрған және сатып алушы шарт талаптарына сәйкес тауардың беруге дайын екендігі туралы хабардар болған кезде тауар сатып алушының билігіне берілген болып есептеледі. Егер тауар таңбалау арқылы немесе өзгеше түрде шарт мақсаттары үшін сәйкестендірілмесе тауар берілуге дайын емес деп танылады.

2. Тауарды жеткізіп беру немесе сатып алушыға оның орналасқан жерінде тауар беру жөнінде сатып алу сату шартынан сатушының міндеті туындамаған жағдайларда, егер шартта өзгеше көзделмесе, тауарды тасымалдаушыға немесе сатып алушыға жеткізу үшін байланыс ұйымына берген кезде сатушының тауарды сатып алушыға беру міндеті орындалған болып есептеледі.

411-бап. Тауардың кездейсоқ жойылу қаупінің ауысуы

1. Егер сатып алу-сату шартында өзгеше көзделмесе, тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі сатушы заң актілеріне немесе шартқа сәйкес сатып алушыға тауар беру жөніндегі өз міндетін атқарды деп есептелетін кезден бастап сатып алушыға ауысады.

2. Жолда келе жатқан кезде сатылған тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі, егер шартта немесе іскерлік айналым ғұрпында өзгеше көзделмесе, сатып алу-сату шарты жасалған кезден бастап сатып алушыға ауысады.

Егер шарт жасасқан кезде сатушы тауардың жоғалтылғанын немесе бүлінгенін білсе немесе білуге тиіс болса және бұл туралы сатып алушыға хабарламаса, тауардың кездейсоқ

жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі сатып алушының талап етуі бойынша тауар бірінші тасымалдаушыға өткізілген кезден бастап сатып алушыға ауысатындығы туралы шарт талабын сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

412-бап. Сатушының сатылған тауарды сақтау жөніндегі міндеті

Меншік құқығы, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығы сатып алушыға тауарды берместен бұрын ауысқан кезде сатушы тауарды бергенге дейін оның нашарлауына жол бермей сақтауға міндетті.

Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, сатып алушы сатушыға бұған қажетті шығындарды өтеуге міндетті.

413-бап. Сатушының үшінші тұлғалардың құқықтарынан тыс тауарды беру міндеті

1. Сатып алушы үшінші тұлғалардың құқықтары жүктелген тауарды қабылдауға келіскен жағдайды қоспағанда, сатушы үшінші тұлғалардың кез келген құқықтарынан тыс тауарды сатып алушыға беруге міндетті.

Егер тауарға үшінші тұлғалардың құқықтары туралы сатып алушының білгендігі немесе білуге тиіс екендігі дәлелденбесе, сатушының бұл міндеттерді орындамауы сатып алушыға сол тауардың сатып алу бағасын кемітуді не шартты бұзуды және залалдарды өтеуді талап ету құқығын береді.

2. Тауарды сатып алушыға беру кезінде үшінші тұлғалардың оған қатысты талаптары болып, ол жөнінде сатушы білген жағдайда да, егер бұл талаптар кейіннен белгіленген тәртіппен заңды деп танылса, тиісінше осы баптың 1-тармағында көзделген ережелер қолданылады.

414-бап. Сатып алушыдан тауарды алып қойған жағдайдағы сатушының жауапкершілігі

1. Шартты орындауға дейін пайда болған негіздер бойынша үшінші тұлғалар сатып алушыдан тауарды алып қойған кезде сатушы, егер сатып алушы осы негіздердің болғаны туралы білгенін немесе білуге тиіс екенін дәлелдей алмаса, сатып алушыға оның шеккен залалын өтеуге міндетті.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Үшінші тұлғалар сатып алушыдан сатып алынған тауарды талап еткен жағдайда, тараптардың сатушыны жауапкершіліктен босату немесе жауапкершілігін шектеу туралы келісімі маңызсыз болады.

415-бап. Тауарды алып қою туралы талап арыз берілген жағдайдағы сатып алушы мен сатушының міндеттері

1. Егер үшінші тұлға шарт орындалғанға дейін туындаған негіздер бойынша сатып алушыға тауарды алып қою туралы талап арыз қойса, сатып алушы сатушыны бұл іске қатысуға тартуға міндетті, ал сатушы бұл іске сатып алушы тарапынан араласуға міндетті.

2. Егер сатушы іске қатыса отырып, сатылған тауарды сатып алушыдан алып қоюды болдырмайтынын дәлелдей алса, сатып алушының сатушыны іске қатысуға тартпауы сатушыны сатып алушы алдындағы жауапкершіліктен босатады.

3. Сатып алушы іске қатысуға тартқан, бірақ оған қатыспаған сатушы сатып алушының істі дұрыс жүргізбегенін дәлелдеу құқығынан айырылады.

416-бап. Тауар беру міндетін орындамаудың салдары

1. Егер сатушы сатып алушыға сатылған тауарды беруден бас тартса, сатып алушы сатып алу-сату шартын орындаудан бас тартуға құқылы.

2. Сатушы белгілі бір жеке затты беруден бас тартқан жағдайда сатып алушы сатушыға осы Кодекстің 355-бабында көзделген талаптарды қоюға құқылы.

417-бап. Тауарға қатысты керек-жарақтар мен құжаттарды беру міндетін орындамаудың салдары

1. Егер сатушы өзі беруге тиісті (осы Кодекстің 408-бабының 2-тармағы) Тауарға қатысты керек-жарақтарды немесе құжаттарды сатып алушыға бермесе немесе беруден бас тартса, сатып алушы оларды беру үшін оған қисынды мерзім тағайындауға құқылы.

2. Сатушы тауарға қатысты керек-жарақтарды немесе құжаттарды аталған мерзімде бермеген жағдайда, егер шартта өзгеше көзделмесе, сатып алушы тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.

418-бап. Тауардың саны

Сатып алушыға берілуге тиіс тауар саны шартта тиісті өлшем бірліктеріне сәйкес немесе ақшалай түрде көзделеді. Тауарлардың саны туралы талап оны айқындау тәртібін шартта белгілеу жолымен келісілуі мүмкін.

419-бап. Тауардың саны туралы шарт талаптарын бұзудың салдары

1. Егер сатушы шарт талаптарын бұза отырып, сатып алушыға тауар санын шартта белгіленгенінен кемірек берсе, сатып алушы, егер шартта өзгеше көзделмесе, не тауардың жетіспейтін санын беруді талап етуге, не берілген тауардан және оған ақы төлеуден бас тартуға, ал егер ақысы төленіп қойған болса, оған төленген ақша сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

2. Сатушы сатып алушыға тауарды шартта көрсетілгенінен артық мөлшерде берген жағдайда сатып алушы бұл туралы сатушыға осы Кодекстің 436-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен хабарлауға міндетті. Егер сатып алушыдан хабар алынғаннан кейін қисынды мерзімде сатушы тиісті тауарға билік етпесе, шартта өзгеше көзделмегендіктен, сатып алушы бүкіл тауарды қабылдауға құқылы.

3. Сатып алушы тауарды шартта белгіленгенінен артық мөлшерде қабылдаған жағдайда тиісті тауарға ақы, егер тараптардың келісімінде өзгеше баға белгіленбесе, шартқа сәйкес қабылданған тауар үшін белгіленген баға бойынша төленеді.

420-бап. Тауарлардың түр-түрі

Егер сату-сатып алу шарты бойынша түрлеріне, үлгілеріне, мөлшеріне, түстері мен өзге де белгілеріне (түр-түрі) қарай белгіленген тауарлар берілуге тиіс болса, сатушы сатып алушыға тауарларды тараптар келіскен түр-түрі бойынша беруге міндетті.

421-бап. Тауарлардың түр-түрі туралы шарт талаптарын бұзудың салдары

1. Сатушы шартта көзделген тауарлардың түр-түрін шартқа сәйкес келмейтін етіп берген кезде сатып алушы оларды қабылдаудан және ақы төлеуден бас тартуға, ал егер оларға ақы төленіп қойған болса, төленген ақша сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

2. Егер сатушы сатып алушыға түр-түрі шартқа сәйкес келетін тауарлармен қатар, олардың түр-түрі туралы шарттың талаптарын бұза отырып тауарлар берсе сатып алушы өз қалауы бойынша:

1) түр-түрі туралы шарттың талаптарына сәйкес келетін тауарды қабылдап, қалған тауарлардан бас тартуға;

2) берілген барлық тауарлардан бас тартуға;

3) түр-түрі туралы шарттың талаптарына сәйкес келмейтін тауарларды шартта көзделген түр-түріндегі тауарлармен алмастыруды талап етуге;

4) берілген барлық тауарларды қабылдап алуға құқылы.

3. Түр-түрі шарттың талаптарына сәйкес келмейтін тауарлардан бас тартқан немесе түр-түрі туралы шарттың талаптарына сәйкес келмейтін тауарларды алмастыру жөнінде талап

қойған жағдайда сатып алушы бұл тауарларға ақы төлеуден бас тартуға да, ал егер ақы төленіп қойған болса, төленген соманың қайтарылуын талап етуге құқылы.

4. Егер сатып алушы түр-түрі туралы шарттың талаптарына сәйкес келмейтін тауарларды алғаннан кейін он бес күн мерзімде өзінің тауарлардан бас тартатынын сатушыға хабарламаса, олар қабылданған болып есептеледі.

5. Егер сатып алушы түр-түрі шартқа сәйкес келмейтін тауарлардан бас тартпаса, оларға сатушымен келісілген баға бойынша ақы төлеуге міндетті. Сатушы бағаны он бес күн мерзімде келісу жөнінде қажетті шаралар қолданбаған жағдайда, сатып алушы тауарға шарт жасалған кезде әдетте сол сияқты мән-жайларда ұқсас тауарлар үшін алынатын баға бойынша ақы төлейді.

6. Егер сатып алу-сату шартында өзгеше көзделмесе, осы баптың ережелері қолданылады.

422-бап. Тауардың сапасы

1. Сатушы сатып алушыға сапасы шартқа сәйкес келетін тауар беруге міндетті.

2. Шартта тауардың сапасы туралы талаптар болмаған жағдайда сатушы сатып алушыға әдетте осы сияқты тауар пайдаланылатын мақсаттарға жарамды тауар беруге міндетті.

Егер сатушы шарт жасасу кезінде сатып алушыға тауарды сатып алудың нақты мақсаттары туралы хабарламаған болса, сатушы сатып алушыға осы мақсаттарға сәйкес пайдалануға жарамды тауар беруге міндетті.

3. Тауарды үлгісі бойынша және (немесе) сипаттамасы бойынша сатқан жағдайда сатушы сатып алушыға үлгіге және (немесе) сипаттамасына сәйкес келетін тауар беруге міндетті.

4. Егер сатылатын тауардың сапасына заң актілерінде белгіленген тәртіпке сәйкес, міндетті талаптар көзделсе, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сатушы сатып алушыға осы міндетті талаптарға сәйкес келетін тауар беруге міндетті.

Сатушы мен сатып алушы арасындағы келісім бойынша, заң актілерінде көзделген тәртіппен белгіленген міндетті талаптармен салыстырғанда, сапаға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес келетін тауар берілуі мүмкін.

5. Сатушы сатып алушыға беруге міндетті тауар оны сатып алушыға берер кезде, егер тауардың бұл талаптарға сәйкестігін айқындаудың өзгеше жағдайы шартта көзделмесе, осы бапта көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс және қисынды мерзім шегінде әдетте осы тектес тауар пайдаланылатын мақсаттар үшін жарамды болуға тиіс.

2012.10.07. № 31-V ҚР Заңымен 423-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

423-бап. Тауардың жарамдылық мерзімі

1. Заңдарда, ұлттық стандарттардың міндетті талаптарында немесе басқа да міндетті ережелерде бітуіне қарай тауар мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп саналатын уақыт кезеңі (жарамдылық мерзімі), сондай-ақ тауарда оның жарамдылық мерзімі көрсетілетін жағдайлар белгіленуі мүмкін.

2. Сатушы жарамдылық мерзімі белгіленген тауарларды сатып алушыға жарамдылық мерзімі біткенге дейін олардың мақсаты бойынша пайдалануға болатындай есеппен беруге міндетті.

424-бап. Тауардың жарамдылық мерзімін есептеу

Тауардың жарамдылық мерзімі оның дайындалған күнінен бастап есептелетін, осы мерзім ішінде тауар пайдалануға жарамды болатын уақыт кезеңімен, не ол басталғанға дейін тауар пайдалануға жарамды болатын күнмен белгіленеді.

425-бап. Тауар сапасына кепілдік беру

1. Шартта сатушының тауар сапасына кепілдік беруі көзделген жағдайда сатушы шартта белгіленген белгілі бір уақыт кезеңі (кепілді мерзім) ішінде сатып алушыға осы Кодекстің 422-бабында көзделген талаптарға сәйкес келуге тиісті тауар беруге міндетті.

2. Тауар сапасына кепілдік, егер шартта өзгеше көзделмесе, оның барлық құрамдас бөліктеріне де (жиынтықтаушы бұйымдарына) қолданылады.

426-бап. Кепілді мерзімді есептеу тәртібі

1. Кепілді мерзім, егер шартта өзгеше көзделмесе, тауар сатып алушыға берілген кезден (осы Кодекстің 410-бабы) есептеле бастайды.

2. Егер сатып алушының сатушыға байланысты мән-жайлар бойынша шартта кепілді мерзім белгіленген тауарды пайдалану мүмкіндігі болмаса, сатушы тиісті мән-жайларды жойғанға дейін кепілді мерзім өтпей тұрады.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, осы Кодекстің 436-бабында белгіленген тәртіп бойынша сатып алушыға тауардың кемшіліктері туралы хабарланған жағдайда, кепілді мерзім тауар ондағы байқалған кемшіліктер себепті пайдаланыла алмаған уақытқа ұзартылады.

3. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жинақтаушы бұйымға берілген кепілді мерзім негізгі бұйымға берілген кепілді мерзімге тең болып есептеледі және негізгі бұйымға берілген кепілді мерзіммен бір мезгілде өте бастайды.

4. Егер шартта өзгеше көзделмесе тауарды (жиынтықтаушы бұйымды) алмастырған кезде кепілді мерзім қайтадан басталады.

2012.10.07. № 31-V ҚР Заңымен 427-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

427-бап. Тауар сапасын тексеру

1. Егер заңдарда немесе шартта тауардың сапасын тексеру көзделсе, ол соларда белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Ұлттық стандарттарда, стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарда тауарлардың сапасын тексеруге міндетті талаптар белгіленген жағдайларда сапаны тексеру оларда келтірілген нұсқауларға сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

2. Егер осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіппен тауар сапасын тексеру талаптары көзделмесе, тауар сапасын тексеру іскерлік айналым дағдыларына немесе әдетте шарт бойынша берілуге тиіс тауарды тексеру жағдайларына қолданылатын өзге де талаптарға сәйкес жүргізілуге тиіс.

3. Егер заң актілерінде, ұлттық стандарттардың міндетті талаптарында, стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарда немесе шартта сатушының сатып алушыға беретін тауарының сапасын тексеру (сынақ өткізу, талдау, қарап шығу және т.б.) міндеті көзделген болса, сатушы сатып алушының талап етуі бойынша оған тауар сапасын тексеруді жүзеге асырғандығы жөнінде дәлелдемелерді табыс етуге тиіс.

428-бап. Тиісті сапасы жоқ тауар берудің зардаптары

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Егер сатушы тауардың кемшіліктері туралы айтпаған болса, тиісті сапасы жоқ тауар берілген сатып алушы өз қалауы бойынша сатушыдан:

1) сатып алу бағасын сол мөлшерде кемітуді;

2) қисынды мерзімде тауардың кемшіліктерін тегін жоюды;

3) тауардың кемшіліктерін жоюға жұмсаған өз шығындарын өтеуді;

4) тиісті сапасы жоқ тауарды шартқа сәйкес келетін тауармен алмастыруды;

5) шартты орындаудан бас тартуға және тауар үшін төленген ақша сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

Шарттың осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген құқықтардан сатып алушының бас тартуы туралы талаптары маңызсыз болады.

2. Жиынтыққа кіретін тауарлардың (осы Кодекстің 432-бабы) бір бөлігінің сапасы тиісті деңгейде болмаған жағдайда сатып алушы тауарлардың осы бөлігіне қатысты, осы баптың 1-тармағында көзделген құқықты жүзеге асыруға құқылы.

3. Тиісті сапасы жоқ тауарды сатушы оның дайындаушысы болмайтын жағдайда тауарды алмастыру немесе оның кемшіліктерін тегін жою туралы талаптар сатып алушының таңдауы бойынша сатушыға не дайындаушыға қойылуы мүмкін.

4. Егер осы Кодексте немесе басқа да заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, осы бапта көзделген ережелер қолданылады.

429-бап. Тауардың сатушы жауап беретін кемшіліктері

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Егер сатып алушы тауардағы кемшіліктердің өзіне берілгенге дейін пайда болғанын немесе сол кезге дейін пайда болған себептерден туындағанын дәлелдесе, тауардың кемшіліктері үшін сатушы жауап береді.

Сатушы сатылған тауардың кемшіліктері үшін олар туралы өзі білмеген кезде де жауап береді. Сатушыны жауапкершіліктен босату туралы немесе оны шектеу туралы келісім маңызсыз болады.

2. Егер тауардағы кемшіліктердің олар сатып алушыға берілгеннен кейін сатып алушының тауарды пайдалану немесе оны сақтау ережелерін бұзуы не үшінші бір тұлғалардың әрекеттері немесе дүлей күштің салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, сатушы сапа кепілдігін берген тауарға қатысты тауардың кемшіліктері үшін жауап береді.

430-бап. Берілген тауардың кемшіліктерін анықтау мерзімдері

1. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, тауар кемшіліктері осы бапта белгіленген мерзімде анықталған жағдайда сатып алушы оның кемшіліктеріне байланысты талаптар қоюға құқылы.

2. Егер тауарға кепілді мерзім немесе жарамдылық мерзімі белгіленбесе, сатылған тауардағы кемшіліктер қисынды мерзімде, бірақ тауардың сатып алушыға берілген күнінен бастап екі жыл шегінде табылған жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта неғұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, сатып алушы тауардың кемшіліктеріне байланысты талаптар қоя алады. Тасымалдануға немесе почта арқылы жөнелтілуге тиісті тауардың кемшіліктерін анықтауға арналған мерзім тауардың жеткізілетін жерінде алынған күнінен бастап есептеледі.

3. Егер тауарға кепілді мерзім белгіленсе, сатып алушы кепілді мерзім ішінде тауардың кемшіліктеріне байланысты талаптар қоюға құқылы.

Шартта негізгі бұйымға қарағанда жиынтықтаушы бұйымдарға ұзақтығы қысқа кепілді мерзім белгіленген жағдайда сатып алушы негізгі бұйымға белгіленген кепілді мерзім ішінде кемшіліктер табылған кезде жиынтықтаушы бұйымның кемшіліктері туралы талаптар қоюға құқылы.

Егер шартта негізгі бұйымға белгіленген кепілді мерзімге қарағанда жиынтықтаушы бұйымға ұзағырақ кепілді мерзім белгіленсе, сатып алушы негізгі бұйымға белгіленген кепілді мерзімнің өткеніне қарамастан, жиынтықтаушы бұйымның кемшіліктері оған белгіленген кепілді мерзім ішінде табылса, тауар кемшіліктері туралы талаптар қоюға құқылы.

4. Егер кемшіліктер тауардың жарамдылық мерзімі ішінде табылса, сатып алушы жарамдылық мерзімі белгіленген тауарға қатысты тауардың кемшіліктері туралы талаптар қоюға құқылы.

5. Шартта көзделген кепілді мерзім екі жылдан кем болып, сатып алушы тауардың кемшіліктерін кепілді мерзім өткеннен кейін, бірақ тауардың сатып алушыға берілген күнінен бастап екі жыл шегінде тапқан жағдайда, егер сатып алушы тауардың кемшіліктері тауар сатып алушыға берілгенге дейін немесе сол кезге дейін пайда болған себептерден туындағанын дәлелдесе, сатушы жауап береді.

431-бап. Тауардың жиынтықтылығы

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Сатушы сатып алушыға тауарды шарттың талаптарына сәйкес жиынтықта беруге міндетті.

2. Шартта тауардың жиынтықтылығы белгіленбеген жағдайда сатушы сатып алушыға жиынтықтылығы іскерлік айналым дағдыларымен немесе әдетте қойылатын өзге де талаптармен белгіленетін тауар беруге міндетті.

432-бап. Тауарлар жиынтығы

1. Егер шартта сатушының сатып алушыға белгілі бір жиынтықтағы тауарлар жинағын (тауарлар жиынтығын) беру міндеті көзделсе, жиынтыққа енгізілген барлық тауарлар берілген кезден бастап міндеттеме орындалған болып есептеледі.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе және ол міндеттеменің мәнінен туындамаса, сатушы сатып алушыға жиынтыққа енетін барлық тауарды бір мезгілде беруге міндетті.

433-бап. Жиынтықталмаған тауарлар берудің салдары

1. Жиынтықталмаған тауарлар берілген жағдайда (осы Кодекстің 431-бабы) сатып алушы өз таңдауы бойынша сатушыдан:

1) сатып алу бағасын сол мөлшерде кемітуді;

2) тауарларды қисынды мерзімде толымды жиынтықтауды;

3) жиынтықталмаған тауарды жиынтықталған тауармен алмастыруды;

4) шартты орындаудан бас тартуға және тауар үшін төленген ақша сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген салдарлар, егер заңдарда не шартта өзгеше көзделмесе немесе міндеттеменің мәнінен туындамаса сатушы сатып алушыға тауарлар жиынтығын (осы Кодекстің 432-бабы) беру міндеттемесін бұзған жағдайда да қолданылады.

434-бап. Тауарды салатын ыдыс және оны буып-түю

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе және міндеттеменің мәнінен немесе тауарлардың сипатынан туындамаса, сатушы сатып алушыға тауарды ыдысқа салып және (немесе) буып-түйіп беруге міндетті.

2. Егер шартта ыдыс пен буып-түюге талаптар белгіленбесе, тауар, осындай тауарға арналған әдеттегі әдіспен, ал бұлай болмағанда сақтау мен тасымалдаудың әдеттегі жағдайларында осы тектес тауарлардың сақталуын қамтамасыз ететін әдіспен ыдысқа салынуға және (немесе) буып-түйілуге тиіс.

3. Егер заңдарда белгіленген тәртіппен ыдысқа салынуға және (немесе) буып-түйілуге міндетті талаптар көзделсе, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сатушы сатып алушыға тауарды осындай міндетті талаптарға сай келетін ыдысқа салып және (немесе) буып-түйіп беруге міндетті.

435-бап. Тауарды ыдыссыз және (немесе) буып-түюсіз не тиісті ыдысқа салмай және (немесе) буып-түймей берудің салдары

1. Ыдысқа салынуға және (немесе) буып-түйілуге тиіс тауар сатып алушыға ыдыссыз және (немесе) буып-түюсіз не тиісті ыдысқа салынбай және (немесе) буып-түйілмей берілген жағдайда сатып алушы сатушыдан, егер шарттан, міндеттеменің мәнінен немесе тауардың сипатынан өзгеше туындамаса, тауарды ыдысқа салып және (немесе) буып-түйіп беруді не тиісті дәрежеде емес ыдысты және (немесе) буып-түйілген орауышты алмастыруды талап етуге құқылы.

2. Сатушыға осы баптың 1-тармағында аталған талаптар қоюдың орнына, сатып алушы оған тиісті сапасы жоқ тауар беруден туындайтын өзге де талаптар қоюға құқылы (осы Кодекстің 428-бабы).

436-бап. Сатушыға шартты тиісінше орындамағаны туралы хабарлау

1. Сатып алушы шарттағы тауардың саны, түр-түрі, сапасы, жиынтықталуы, ыдысқа салынуы және (немесе) буып-түйілуі туралы талаптардың бұзылғандығы жөнінде сатушыға заң актілерінде, өзге де нормативтік құқықтық актілерде немесе шартта көзделген мерзімде, ал егер мерзім белгіленбесе тауарлардың сипаты мен мақсатын негізге ала отырып, шарттағы тиісті талаптың бұзылуы байқалуға тиіс болғаннан кейін қисынды мерзімде хабарлауға міндетті.

2. Сатып алушы осы баптың 1-тармағына көзделген міндетті орындамаған жағдайда, егер мұндай дер кезінде хабарламау өзінің талаптарын қанағаттандырудың мүмкін болмауына әкеп соққанын немесе шарт талаптарының бұзылуы туралы дер кезінде хабарлаған жағдаймен салыстырғанда сатушыға өлшеусіз шығындар келтіретінін дәлелдесе, сатушы сатып алушының тиісті талаптарын қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

3. Егер сатушы сатып алушыға берілген тауарлардың шарт талаптарына сәйкес келмейтіндігін білсе немесе білуге тиіс болса, оның сатып алушының осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамауына сілтеме жасауына құқығы жоқ.

437-бап. Сатып алушының тауарды қабылдау міндеті

1. Осы тараудың ережелеріне сәйкес тауарды ауыстыруды талап етуге немесе шартты орындаудан бас тартуға өзі құқылы болатын жағдайларды қоспағанда, сатып алушы өзіне сатушы берген тауарды қабылдауға міндетті.

2. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, сатып алушы әдетте қойылатын талаптарға сәйкес, тиісті тауар беруді және алуды қамтамасыз ету үшін өз тарапынан қажетті іс-қимылдар жасауға міндетті.

3. Сатып алушы заң актілерін немесе шартты бұза отырып, тауарды қабылдамаған не қабылдаудан бас тартқан жағдайларда, сатушы сатып алушыдан тауарды қабылдауды талап етуге немесе шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

438-бап. Тауардың бағасы

1. Сатып алушы тауарға шартта көзделген баға бойынша, не ол шартта көзделмесе және оны шарт талаптарын негізге ала отырып белгілеу мүмкін болмаса, осы Кодекстің 385-бабының ережелеріне сәйкес белгіленетін баға бойынша ақы төлеуге, сондай-ақ өз есебінен заң актілеріне, шартқа немесе әдетте қойылатын талаптарға сәйкес төлемді жүзеге асыру үшін қажетті іс-қимылдар жасауға міндетті.

2. Баға тауардың салмағына қарай белгіленген кезде, егер шартта өзгеше көзделмесе, ол ыдыссыз таза салмағы бойынша айқындалады.

3. Егер шартта тауар бағасын (өзіндік құн, шығынды және т.б.) көрсететін көрсеткіштерге қарай тауар бағасының өзгеруі тиіс екендігі көзделсе, бірақ бағаны қайта қарау әдісі белгіленбесе, баға көрсеткіштердің шарт жасасу кезіндегі және тауар беру жөніндегі міндетті орындау кезіндегі арақатынасын негізге ала отырып белгіленеді. Сатушы тауар беру жөніндегі міндеттің орындалуын кешіктіріп алған жағдайда бағам көрсеткіштердің шарт жасасу кезіндегі және шартта көзделген тауар берілетін күндегі, ал шартта мұндай күн көзделмесе, осы Кодекстің 277-бабына сәйкес белгіленген күнгі арақатынасын негізге ала отырып белгіленеді.

Егер осы Кодексте, басқа да заң актілерінде өзгеше белгіленбесе не ол міндеттеменің мәнінен туындамаса, осы тармақта көзделген ережелер қолданылады.

439-бап. Тауарға ақы төлеу

1. Егер шарт пен заң актілері талаптарынан бағаны белгілі бір мерзімде төлеу міндеті туындамаса, сатып алушы оны өзіне тауар немесе сол тауарға арналған тауарға билік ету құжаттары берілгеннен кейін кешіктірмей төлеуге міндетті.

2. Егер шартта берілген тауар ақысын бөліп-бөліп төлеу көзделмесе, сатушыға сатып алушы берілген тауардың толық бағасы мөлшеріндегі соманы төлеуге міндетті.

3. Егер сатып алушы шартқа сәйкес берілген тауарға ақы төлемесе, сатушы одан тауар ақысын төлеуді және басқа біреудің ақшасын пайдаланғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы (осы Кодекстің 353-бабы).

4. Егер сатып алушы шартты бұза отырып, тауарды қабылдаудан және оған төлеуден бас тартса, сатушы өз таңдауы бойынша тауарға ақы төлеуді талап етуге не шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

5. Сатушы шартқа сәйкес сатып алушыға ақы төленбеген тауарлардан басқа да тауарлар беруге міндетті болған жағдайларда, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, ол бұрын берілген барлық тауарларға ақы толық төленгенге дейін сол тауарларды беруді тоқтата тұруға құқылы.

440-бап. Тауарға алдын ала ақы төлеу

1. Шартта сатушы тауарды бергенге дейін бағасын толық немесе ішінара төлеу (алдын ала төлеу) жөнінде сатып алушының міндеті көзделген жағдайларда сатып алушы ақыны шартта көзделген мерзімде, ал егер шартта мерзім көзделмесе, осы Кодекстің 277-бабына сәйкес белгіленген мерзімде төлеуге тиіс.

2. Сатып алушы тауарға алдын ала ақы төлеу жөнінде шартта көзделген міндетті орындамаған жағдайда осы Кодекстің 284-бабында көзделген ережелер қолданылады.

3. Алдын ала төленетін ақы сомасын алған сатушы өзінің тауар беру жөніндегі міндетін белгіленген мерзімде (осы Кодекстің 409-бабы) орындамаған жағдайларда сатып алушы одан ақы төленген тауарды беруді немесе сатушы бермеген тауар үшін алдын ала төленген ақы сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

4. Сатушы ақысы алдын ала төленген тауарды беру жөніндегі міндетін орындамаған және сатып алу-сату шартында өзгеше көзделмеген жағдайда осы Кодекстің 353-бабына сәйкес тауар беру жүргізілуге тиіс болған күннен бастап сатып алушыға тауар беретін немесе оның алдын ала төлеген сомасы қайтарылатын күнге дейін алдын ала төленген ақы сомасына тұрақсыздық айыбы төленуге тиіс. Шартта сатушының осы соманы алған күннен бастап алдын ала ақы төлеу сомасына тұрақсыздық айыбын төлеу міндеті көзделуі мүмкін.

441-бап. Кредитке сатылған тауарға ақы төлеу

1. Шартта сатып алушыға тауар берілген соң белгілі бір уақыттан кейін оған ақы төлеу (тауарды кредитке сату) көзделген жағдайларда сатып алушы ақыны шартта көзделген мерзімде, ал егер шартта мерзім көзделмесе, осы Кодекстің 277-бабына сәйкес белгіленген мерзімде төлеуге тиіс.

2. Сатушы тауар беру жөніндегі міндетті орындамаған жағдайда осы Кодекстің 284-бабында көзделген ережелер қолданылады.

3. Тауарды алған сатып алушы оның ақысын төлеу міндетін шартта белгіленген мерзімде орындамаған жағдайларда сатушы берілген тауарға ақы төлеуді немесе ақы төленбеген тауарларды қайтаруды талап етуге құқылы.

Сатып алушы берілген тауарға ақы төлеу жөніндегі міндетін шартта белгіленген мерзімде орындамаған және осы Кодекс пен шартта өзгеше көзделмеген жағдайларда мерзімі өткізілген сомаға осы Кодекстің 353-бабына сәйкес, сатып алушы тауарға ақы төлеуге тиіс болған күннен бастап, оның тауарға ақы төлеген күніне дейін тұрақсыздық айыбы төленуге тиіс.

4. Шартта сатушының тауар берген күнінен бастап, тауардың бағасына сәйкес келетін сомаға сатып алушының тұрақсыздық айыбын төлеу міндеті көзделуі мүмкін.

5. Кредитке тауар сату оның сатылған күнінде қолданылған бағасы бойынша жүргізіледі. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, кредитке сатылған тауардың бағасында кейіннен жасалған өзгеріс қайта есеп айырысуға әкеп соқпайды.

442-бап. Тауарды кредитке сату кезінде төлемді бөліп-бөліп төлеу

1. Тауарды кредитке сату туралы шартта төлемді бөліп-бөліп төлеу көзделуі мүмкін.

Егер сатып алу-сату шартында басқа да елеулі талаптармен қатар, баға төлемдердің тәртібі, мерзімі мен мөлшері көрсетілсе, төлемді бөліп-бөліп төлеу талабымен тауарды кредитке сату туралы шарт жасалған болып есептеледі.

2. Сатып алушы бөліп-бөліп төлеу арқылы сатылған тауар үшін кезекті төлемді шартта белгіленген мерзімде төлемесе, егер шартта өзгеше көзделмесе, сатушы, сатып алушыдан алған төлем сомасы тауар бағасының жартысынан асатын жағдайларды қоспағанда, шартты орындаудан бас тартуға және сатылған тауардың қайтарылуын талап етуге құқылы.

443-бап. Тауарды сақтандыру

1. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, сатып алу-сату шартында сатушының немесе сатып алушының тауарды сақтандыру міндеті көзделуі мүмкін.

2. Тауарды сақтандыруға міндетті тарап сақтандыруды шарт талаптарына сәйкес жүзеге асырмаған жағдайда, екінші тарап тауарды сақтандыруға және міндетті тараптан сақтандыруға жұмсалған шығындарды өтеуін талап етуге не шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

444-бап. Сатушының тауарға меншік құқығының сақталуы

1. Тауардың ақысы төленгенге дейін немесе өзге бір мән-жайлар басталғанға дейін сатушының сатып алушыға берілген тауарға меншік құқығы сақталатындығы шартта көзделген жағдайларда, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе не ол тауардың мақсаты мен қасиеттерінен туындамаса, сатып алушының өзіне меншік құқығы көшкенге дейін тауарды иеліктен айыруға немесе оған өзгеше түрде билік етуге құқығы жоқ.

2. Берілген тауардың ақысы шартта көзделген мерзімде төленбеген немесе меншік құқығы сатып алушыға көшетін өзге де мән-жайлар басталмаған жағдайларда сатушы сатып алушыдан, егер шартта өзгеше көзделмесе, тауарды өзіне қайтаруды талап етуге құқылы.

2. Бөлшектеп сатып алу-сату

445-бап. Бөлшектеп сатып алу-сату шарты

Тауар сату жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сатушы бөлшектеп сатып алу-сату шарты бойынша сатып алушыға кәсіпкерлік қызметке байланысты емес, әдетте жеке өзіне, отбасында, үйінде немесе өзге де пайдалануға арналған тауарларды беруге міндеттенеді.

Бөлшектеп сатып алу-сату шарты жария болып табылады (осы Кодекстің 387-бабы).

446-бап. Бөлшектеп сатып алу-сату шартының нысаны

Егер заң актілерінде немесе бөлшектеп сатып алу-сату шартында, соның ішінде сатып алушы қосылатын (осы Кодекстің 389-бабы) формулярлардың немесе өзге де стандарттық нысандардың талаптарында өзгеше белгіленбесе, сатушы сатып алушыға касса немесе тауар шегін немесе тауарға ақы төленгенін растайтын өзге де құжатты берген кезден бастап бөлшектеп сатып алу-сату шарты тиісті нысанда жасалған болып есептеледі. Аталған құжаттардың сатып алушыда болмауы оны шарттың жасалғандығын және оның талаптарын растайтын куәлік айғақтарға сүйену мүмкіндігінен айырмайды.

447-бап. Тауардың көпшілікке арналған офертасы

1. Тауарларды көруге қою, олардың үлгілерін көрсету немесе тауарлар сатылатын жерде сатылатын тауарлар туралы мәліметтер (сипаттамалар, каталогтар, фотосуреттер және т.б.) беру, сатушы тиісті тауарлардың сатуға арналмағандығын айқын көрсеткен жағдайларды қоспағанда, бағаның және сатып алу-сату шартының басқа да елеулі талаптарының көрсетілгеніне қарамастан, көпшілікке арнаған оферта болып танылады.

2. Тауардың оның жарнамасында, каталогтарында, сондай-ақ тауар сатылмайтын жерлерде тауардың беймәлім адамдар тобына арналған және тауардың сатып алу-сату шартының елеулі талаптары болмаған басқа да сипаттамаларында көрсетілген ұсынымы көпшілікке арналған оферта деп танылмайды.

448-бап. Сатып алушыға тауар туралы ақпарат беру

1. Сатушы сатуға ұсынылатын тауар туралы сатып алушыға қажетті және анық ақпарат беруге міндетті. Бұл ақпарат заң актілерінде белгіленген талаптарға және әдетте бөлшек саудада осындай ақпарат берудің мазмұны мен әдісіне қойылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс.

2. Сатып алушы шарт жасалғанға дейін, егер бұған тауардың сипатына байланысты тыйым салынбаса және бөлшек саудада қабылданған ережелерге қайшы келмесе, тауарды

көруге, өзінің қатысуымен тауардың қасиеттерін тексеруді немесе оның пайдаланылуын көрсетуді талап етуге құқылы.

3. Сатып алушыға тауар туралы тиісті ақпарат алуға мүмкіндік бермеген сатушы тауардың оны сатып алушыға бергеннен кейін пайда болған, сатып алушы өзінде ақпараттың болжауына байланысты туындағанын дәлелдеген кемшіліктері үшін де жауап береді.

449-бап. Сатып алушының тауарды белгілі бір мерзімде қабылдап алуы туралы талап қойылған шарт

1. Тараптар сатып алушының тауарды шартты белгіленген мерзімде қабылдап алуы туралы талап қойылған шарт жасасуы мүмкін, осы мерзім ішінде тауарды басқа сатып алушыға сатуға болмайды.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, сатып алушының келмей қалуын немесе шартта белгіленген мерзімде тауарды қабылдап алу үшін өзге де қажетті әрекеттер жасалмауын сатушы сатып алушының шартты орындаудан бас тартуы ретінде қарастыруы мүмкін.

3. Шартта белгіленген мерзімде сатып алушыға тауар беруді қамтамасыз ету жөніндегі сатушының қосымша шығындары, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, тауардың бағасына енгізіледі.

450-бап. Тауарларды үлгілері бойынша сату

1. Бөлшектеп сатып алу-сату шарты сатып алушының сатушы ұсынған тауар үлгісімен (оның сипаттамасымен, тауарлар каталогымен және т.б.) танысуы негізінде жасалуы мүмкін.

2. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, шартта көрсетілген жерге тауар жеткізілген кезден бастап, ал егер шартта тауар беретін орын белгіленбесе, азаматтың тұрғылықты жері немесе заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша сатып алушыға тауар жеткізілген кезден бастап шарт орындалған болып есептеледі.

3. Сатушы шартты орындау жөнінде әрекет жасалуына байланысты қисынды шығындарды өтеген жағдайда сатып алушы тауар берілгенге дейін шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

451-бап. Автоматтарды пайдалана отырып тауар сату

1. Тауар сату автоматтарды пайдалана отырып жүргізілген жағдайларда автоматтардың иесі сатып алушыларға тауар туралы (атауы, саны, бір тауардың бағасы және т.б.) автоматқа орналастыру арқылы тауардың сатушысы туралы ақпарат жеткізуге немесе сатып алушыларға сатушының атауы (фирмалық атауы), оның орналасқан жері, жұмыс режимі, сондай-ақ сатып алушының тауар алу үшін жасайтын қажетті әрекеттері туралы өзге де әдістермен мәліметтер беруге міндетті.

2. Сатып алушы тауар алуға қажетті әрекеттер жасаған кезден бастап шарт жасалған болып есептеледі.

3. Егер сатып алушыға ақысы төленген тауар берілмесе, сатушы тауардың сатып алушыға дереу берілуін немесе оның сатып алушының сол тауар үшін төлеген ақша сомасының қайтарылуын қамтамасыз етуге міндетті.

452-бап. Сатып алушыға тауар жеткізіп беру туралы талап қойылатын шарт

1. Сатып алушыға тауар жеткізіп беру туралы талап қойылып шарт жасалған жағдайларда сатушы тауарды сатып алушы көрсеткен жерге шартта белгіленген мерзімде жеткізіп беруге міндетті.

2. Егер заң актілерінде, шартта өзгеше көзделмесе немесе ол міндеттеменің мәнінен туындамаса, сатып алушыға, ал ол болмаған кезде шарттың жасалғандығын немесе тауарды жеткізіп берудің ресімделуін куәландыратын түбіртекті немесе өзге бір құжатты көрсеткен

кез келген адамға тауар табыс етілген кезден бастап сатушы шартты орындады деп есептеледі.

453-бап. Тауардың бағасы және оған ақы төлеу

1. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе немесе ол міндеттеменің мәнінен туындама, сатып алушы шарт жасасу кезінде сатушы жариялаған баға бойынша тауарға ақы төлеуге міндетті.

2. Шартта тауарға алдын ала ақы төлеу (осы Кодекстің 440-бабы) көзделген жағдайларда сатып алушының шартта белгіленген мерзімде тауарға ақы төлемеуі, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, сатып алушының шартты орындаудан бас тартқаны деп танылады.

3. Тауарларды кредитке бөлшектеп сатып алу-сату, соның ішінде сатып алушының тауарларға төлемді бөліп-бөліп төлеу талабы қойылған шартына осы Кодекстің 441-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген ережелер қолданылмауға тиіс.

4. Сатып алушы тауарға ақыны бөліп-бөліп төлеудің шартта белгіленген кезеңі шегінде тауарға кез келген уақытта толық төлем жасауға құқылы.

454-бап. Сапасы лайықты тауарды алмастыру

1. Сатып алушы азық-түлікке жатпайтын тауар өзіне берілген кезден бастап он төрт күн ішінде, егер сатушы неғұрлым ұзақ мерзім жарияламаған болса, сатып алынған тауарды сату орнында немесе сатушы хабарлаған өзге де орындарда бағасында айырма болған жағдайда сатушымен қажетті қайта есеп айырыса отырып, мөлшері, нысаны, ауқымы, пішіні, түсі, жинақтылығы және т.б. бойынша соған ұқсас тауармен алмастырып алуға құқылы.

2. Сатушыдан алмастыруға қажетті тауар болмаған жағдайда сатып алушы сатып алынған тауарды сатушыға қайтарып беруге және оған төленген ақша сомасын алуға құқылы.

3. Егер тауар пайдаланылмай, оның тұтыну қасиеттері сақталса және оның сол сатушыдан сатып алынғандығына дәлелдер болса, сатып алушының тауарды алмастыру немесе оны қайтару туралы талаптары қанағаттандырылуға тиіс.

4. Осы бапта аталған негіздемелер бойынша алмастырылуға немесе қайтарылуға жатпайтын тауарлардың тізбесі заңдарда белгіленген тәртіппен айқындалады.

455-бап. Сатып алушының оған сапасы лайықсыз тауар сатылған жағдайдағы құқықтары

1. Сапасы лайықсыз тауар сатылған сатып алушы, егер сатушы оның кемшіліктерін айтпаған болса, осы Кодекстің 428-бабының 1-тармағында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы, бұл орайда сатып алушы сатушының талап етуі бойынша және оның есебінен алынған сапасы лайықсыз тауарды қайтарып беруге тиіс.

2. Тауар үшін төленген ақша сомасын сатып алушыға қайтарған кезде сатушының одан тауарды толық немесе ішінара пайдаланудан, оның тауар түрін жоғалтудан және т.б. болған тауар құнының төмендеген сомасын ұстап қалуға құқығы жоқ.

456-бап. Тауарды алмастыру, сатып алу бағасын кеміту және сапасы лайықсыз тауарды қайтару кезінде баға айырмасының орнын толтыру

1. Сапасы лайықсыз тауарды шартқа сәйкес сапасы лайықты тауарға алмастыру кезінде сатушының шартта белгіленген тауар бағасы мен тауарды алмастыратын немесе тауарды алмастыру туралы сот шешім шығарған кезде қолданылатын тауар бағасы арасындағы айырманың орны толтырылуын талап етуге құқығы жоқ.

2. Сапасы лайықсыз тауарды соған ұқсас, бірақ көлемі, пішіні, сорты және т.б. жағынан өзгеше сапасы лайықты тауарға алмастырған кезде алмастырылатын тауардың

айырбастаған кездегі бағасы мен сапасы лайықсыз тауардың орнына берілетін тауар бағасының арасындағы айырманың орны толтырылуға тиіс.

Егер сатушы сатып алушының талабын қанағаттандырмаса, бұл баға тауарды алмастыру туралы сот шешім шығарған кезде белгіленеді.

3. Тауардың сатып алу бағасын соған орай кеміту туралы талап қойылған жағдайда бағасын арзандату жөнінде талап қойылған кездегі, ал егер сатып алушының талаптары ерікті түрде қанағаттандырылмаса, бағаны соған орай кеміту туралы сот шешім шығарған кездегі тауар бағасы есепке алынады.

4. Сапасы лайықсыз тауарды сатушыға қайтарған кезде сатып алушы шартта белгіленген тауар бағасы мен сатып алушының талабын ерікті түрде қанағаттандырған кездегі, ал егер талап ерікті түрде қанағаттандырылмаса, сот шешім шығарған кездегі тиісті тауар бағасы арасындағы айырманың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

457-бап. Сатушының жауапкершілігі және міндеттемені заттай орындау

Сатушы бөлшектеп сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемесін орындамаған жағдайда залалдарды өтеу мен тұрақсыздық айыбын төлеу сатушыны міндеттемесін заттай орындаудан босатпайды.

3. Тауар жеткізілімі

458-бап. Тауар жеткізілімінің шарты

Кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

459-бап. Тауар жеткізілімі шартын жасасу кезіндегі келіспеушіліктерді реттеу

1. Тауар жеткізілімі шартын жасасу кезінде тараптар арасында шарттың жекелеген талаптары бойынша келіспеушіліктер пайда болған жағдайда шарт жасасуды ұсынған және басқа тараптан осы талаптарды келісу туралы ұсыныс алған тарап осы ұсынысты алған күннен бастап отыз күн ішінде, егер өзге мерзім тараптармен келісілмеген болса, шарттың тиісті талаптарын келісу жөнінде шаралар қолдануға не басқа тарапты оны жасасудан бас тарту туралы жазбаша түрде хабарландыруға тиіс.

2. Шарттың тиісті талаптары бойынша ұсыныс алған, бірақ тауар беру шартының талаптардың келісу жөнінде шара қолданбаған және осы баптың 1-тармағында көзделген мерзімде шарт жасасудан бас тарту туралы екінші тарапқа хабарламаған тарап шарт талаптарын келісуден жалтару туғызған залалдарды өтеуге міндетті.

460-бап. Тауар жеткізілімі шартының қолданылу мерзімі

1. Тауар жеткізілімі шарты бір жылға, бір жылдан астам мерзімге (ұзақ мерзімді шарт) немесе тараптардың келісімінде көзделген өзге де мерзімге жасалуы мүмкін.

Егер шартта оның қолданылу мерзімі белгіленбесе және ол міндеттеменің мәнінен туындамаса, шарт бір жылға жасалған деп танылады.

2. Егер ұзақ мерзімді шартта берілуге тиіс тауардың саны немесе өзге де шарт талаптары бір жылға немесе неғұрлым ұзақ мерзімге белгіленсе, шарттың қолданылу мерзімі біткенге дейін кейінгі кезеңдерге арналған тиісті талаптар тараптардың келісу тәртібімен белгіленуге тиіс. Шартта келісу тәртібі болмаған жағдайда шарт тиісінше бір жылға немесе шарт талаптары келісілген мерзімге жасалған болып танылады.

461-бап. Тауар жеткізілімі кезеңдері

1. Егер тараптар шарттың қолданылу мерзімі ішінде тауарлардың жекелеген топтармен жеткізілімін көздеген болса және онда жекелеген топтардың жеткізілімі мерзімдері (жеткізілім кезеңдері) белгіленбесе, заң актілерінен, іскерлік айналым дағдыларынан немесе міндеттеменің мәнінен өзгеше туындамаса, тауарлар ай сайын біркелкі топтармен жеткізіліп отыруға тиіс.

2. Шартта тауар жеткізілімі кезеңдерін айқындаумен қатар, тауарлар жеткізілімі (онкүндік, тәуліктік, сағаттық және т.б.) кестесі белгіленуі мүмкін.

3. Тауарлардың мерзімінен бұрын жеткізілімі сатып алушының келісуімен жүргізілуі мүмкін.

4. Мерзімінен бұрын берілген және сатып алушы қабылдап алған тауарлар келесі кезеңде берілуге тиіс тауарлар санының есебіне енгізіледі.

462-бап. Тауарлар жеткізілімінің тәртібі

1. Тауар беруші сатып алушыға немесе шартта сатып алушы ретінде көрсетілген адамға шарт бойынша тауарды тиеп-жөнелту (беру) жолымен тауарлар жеткізілімін жүзеге асырады.

2. Шартта тауар берушіге тауарларды алушыларға тиеп-жөнелтуі туралы сатып алушының нұсқау (тиеп-жөнелтуге рұқсат қағаз) беру құқығы көзделген жағдайларда тауар беруші тауарларды тиеп-жөнелтуге рұқсат қағазда көрсетілген алушыларға тиеп-жөнелтуді (беруді) жүзеге асырады.

3. Тиеп-жөнелтуге рұқсат қағаздың мазмұны және оны сатып алушының тауар берушіге жіберу мерзімі шартта белгіленеді. Егер шартта тиеп-жөнелтуге рұқсат қағаз жіберу мерзімі көзделмесе, ол жеткізілім кезеңі басталғанға дейін отыз күннен кешіктірілмей тауар берушіге жіберілуге тиіс.

4. Егер шартта өзгеше көзделмесе, сатып алушының тиеп-жөнелтуге рұқсат қағазының белгіленген мерзімде табыс етілмеуі тауар берушіге шартты орындаудан бас тартуға құқық береді.

463-бап. Тауарларды жеткізіп беру

1. Тауар беруші тауарларды жеткізіп беруді оларды шартта көзделген көлікке тиеп және шартта белгіленген жағдайларда жөнелту жолымен жүзеге асырады.

2. Егер шартта тауарды жеткізіп берудің қандай көлік түрімен немесе қандай жағдайларда жүзеге асырылатындығы белгіленбесе, көлік түрін таңдау немесе тауарды жеткізіп беру жағдайларын белгілеу құқығын заң актілерінен, іскерлік айналым дағдыларынан немесе міндеттеменің мәнінен өзгеше туындамайтындықтан тауар беруші иеленеді.

464-бап. Жетіспеген тауардың орнын толтыру

1. Тауар жеткізілімінің жекелеген кезеңінде тауардың жетіспеуіне жол берген тауар беруші жетіспейтін тауарлар санының, егер шартта өзгеше көзделмесе, шарттың қолданылу мерзімі шегіндегі келесі кезеңде (кезеңдерде) орнын толтыруға міндетті.

2. Ұзақ мерзімді шарт бойынша тауар берушінің жекелеген тауар жеткізілімі кезеңінде кем берген тауарлар санының, егер шартта өзгеше көзделмесе, тауарлардың жетіспеуіне жол берілген жыл ішіндегі келесі кезеңде (кезеңдерде) орны толтырылуға тиіс.

3. Тауар беруші шартта немесе сатып алушының тиеп-жөнелтуге рұқсат қағазында аталған бірнеше алушыға тауарларды тиеп-жөнелткен жағдайда алушының біреуіне шартта немесе тиеп-жөнелтуге рұқсат қағазында көзделген санынан артық жіберілген тауарлар, егер шартта өзгеше көзделмесе, басқа алушылардағы жетіспеушіліктерді өтеуге есептелмейді және тауар беруші оның орнын толтыруға тиіс.

4. Сатып алушы, егер шартта өзгеше көзделмесе, тауар берушіге хабарлай отырып, жеткізілім мерзімі өткен тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы. Тауар беруші хабар алғанға дейін берілген тауарды сатып алушы қабылдауға және оған ақы төлеуге міндетті.

465-бап. Жетіспеушіліктердің орнын толтыру кезіндегі тауарлардың түр түрі

1. Жеткіліксіз беріліп, орны толтырылуға тиісті тауарлардың түр-түрі тараптардың келісімі бойынша айқындалады. Келісім болмаған жағдайда тауар беруші жетіспеушілікке жол берілген кезеңге арнап белгіленген түр-түрі бойынша жеткіліксіз берілген тауарлар санының орнын толтыруға міндетті.

2. Бір атаудағы тауарлардың шартта көзделгенінен көбірек мөлшердегі жеткізілімі нақ сол түр-түріне кіретін басқа атаудағы тауарлардың жетпегенін толтыруға есептелмейді және сатып алушының алдын ала берген жазбаша келісімімен жасалатын жағдайларды қоспағанда, оның орны толтырылуға тиіс.

466-бап. Сатып алушының тауарды қабылдауы

1. Сатып алушы (алушы) тауар жеткізілімі шартына сәйкес берілген тауар қабылдауда қамтамасыз ететін барлық қажетті іс-әрекетті жасауға міндетті.

2. Сатып алушы (алушы) қабылдаған тауар заң актілерінде, тауар жеткізілімі шартында немесе іскерлік айналым дағдыларында белгіленген мерзімде қаралуға тиіс.

Сатып алушы (алушы) сол мерзімде заң актілерінде, шартта немесе іскерлік айналым дағдыларында белгіленген тәртіппен қабылданған тауардың саны мен сапасын тексеруге және тауардың байқалған сәйкессіздіктері немесе кемшіліктері туралы тауар берушіге жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті.

3. Сатып алушы (алушы) көлік ұйымынан жеткізілген тауарды алған жағдайда тауардың көлік және жолдама құжаттарында көрсетілген мәліметтерге сәйкестігін тексеруге, сондай-ақ көлік ұйымынан осы тауарды көлік қызметін реттейтін заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерде кез келген ережелерді сақтай отырып, қабылдауға міндетті.

467-бап. Сатып алушы қабылдамаған тауарды жауапкершілікпен сақтау

1. Сатып алушы (алушы) заң актілеріне немесе тауар жеткізілімі шартына сәйкес тауар беруші жіберген тауардан бас тартса, ол бұл тауардың сақталуын (жауапкершілікпен сақтауды) қамтамасыз етуге және тауар берушіге дереу хабарлауға міндетті.

2. Тауар беруші сатып алушы (алушы) жауапкершілікпен сақтауға қабылдаған тауарды әкетуге немесе қисынды мерзімде оған билік етуге міндетті.

Егер тауар беруші осы мерзімде тауарға билік етпесе, сатып алушы тауарды сатуға немесе оны тауар берушіге қайтаруға құқылы.

3. Тауарды жауапкершілікпен сақтауға қабылдауға, тауарды сатуға немесе оны сатушыға қайтаруға байланысты сатып алушы (алушы) шеккен қажетті шығындарды тауар беруші өтеуге тиіс.

Бұл орайда тауарды сатудан түскен сома сатып алушыға тиесілі сома шегеріле отырып тауар берушіге беріледі.

4. Сатып алушы заң актілерінде немесе шартта белгіленбеген негіздерсіз тауар берушіден тауар қабылдамаған немесе оны қабылдаудан бас тартқан жағдайларда тауар беруші сатып алушыдан тауарға ақы төлеуді талап етуге құқылы.

468-бап. Тауарларды таңдау

1. Тауар жеткізілімі шартында сатып алушының (алушының) тауарларды тауар берушінің орналасқан жерінен алуы (тауарлар таңдауы) көзделуі мүмкін.

2. Егер шартта таңдау мерзімі көзделмесе сатып алушының (алушының) тауарлар таңдауы тауар берушінің тауарлар дайын деген хабарын алғаннан кейін қисынды мерзімде жүргізілуге тиіс.

3. Тауар жеткізілімі шартында сатып алушының (алушының) тауар беруші орналасқан жерде тауар таңдауы көзделген кезде, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе немесе міндеттеменің мәнінен туындамаса, сатып алушы берілетін тауарларды қарап-көруді олар берілетін жерде жүзеге асыруға міндетті.

4. Сатып алушының (алушының) шартта белгіленген тауар жеткізілімі мерзімінде, ал ол болмаған кезде - тауар берушінің тауарлардың дайын екендігі туралы хабарын алғаннан кейін қисынды мерзімде тауарларды таңдамалы тауар берушіге шартты орындаудан бас тартуға немесе сатып алушыдан тауарларға ақы төлеуді талап етуге құқық береді.

469-бап. Жеткізілетін тауарлар үшін есеп айырысу

1. Сатып алушы жеткізілетін тауарларға шартта көзделген есеп айырысу тәртібі мен нысандарын сақтай отырып ақы төлейді. Егер тараптардың келісімінде есеп айырысудың тәртібі мен нысаны белгіленбесе, есеп айырысу төлем тапсырмалары арқылы жүзеге асырылады.

2. Егер шартта тауардың жиынтыққа енетін жекелеген бөліктерімен жеткізілімі көзделген болса, шартта өзгеше белгіленбегендіктен, сатып алушы тауарға ақы төлеуді жиынтыққа енетін соңғы бөлікті тиеп-жөнелткеннен (таңдап алғаннан) кейін жүзеге асырады.

3. Егер шартта алушының (төлеушінің) тауарға ақы төлеуді жүзеге асыратыны көзделсе және соңғысы ақы төлеуден негізсіз бас тартса не шартта белгіленген мерзімде тауарға ақы төлемесе, тауар беруші сатып алушыдан жеткізілген тауарға ақы төлеуді талап етуге құқылы.

470-бап. Ыдыс және буып-түю

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, сатып алушы (алушы) тауар берушіге заң актілерінде белгіленген тәртіп пен мерзімде тауар келіп түскен көп айналымды ыдысты және буып-түю құралдарын қайтаруға міндетті.

2. Басқа да ыдыс пен буып-түю заттары тауар берушіге шартта көзделген жағдайларда ғана қайтарылуға тиіс.

471-бап. Сапасы лайықсыз тауар жеткізілімінің салдары

1. Өзіне сапасы лайықсыз тауар жеткізілген сатып алушы (алушы) тауар берушіге осы Кодекстің 428-бабында көзделген талаптарды қоюға құқылы, бұған жеткізілген тауардың кемшіліктері туралы сатып алушының хабарын алған тауар беруші жеткізілген тауарды кешіктірмей сапасы лайықты тауармен алмастырған жағдайлар қосылмайды.

2. Өзіне берілген тауарды бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын сатып алушы (алушы), егер тауар жеткізілімі шартында өзгеше көзделмесе, тұтынушы қайтарған сапасы лайықсыз тауарды қисынды мерзімде алмастыруды талап етуге құқылы.

472-бап. Жиынтықталмаған тауарлар жеткізілімінің салдары

1. Тауар жеткізілімі шартының жағдайларын, заң актілерінің талаптарын не әдетте жиынтықтауға қойылатын талаптарды бұза отырып, тауарлар берілген сатып алушы (алушы) тауар берушіге осы Кодекстің 433-бабында көзделген талаптарды қоюға құқылы, бұған жеткізілген тауарлардың жиынтықталмағандығы туралы сатып алушының хабарын алған тауар беруші тауарларды кешіктірмей толықтырған не оларды жиынтықталған тауарлармен алмастырған жағдай қосылмайды.

2. Тауарларды бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын сатып алушы (алушы), егер тауар беру шартында өзгеше көзделмесе, тұтынушы қайтарған жиынтықталмаған

тауарларды қисынды мерзімде жиынтықталған тауарлармен алмастыруды талап етуге құқылы.

473-бап. Тауар жеткіліксіз беріліп, тауардың кемшіліктерін жою туралы немесе тауарды толық жиынтықтау туралы талаптар орындалмаған жағдайдағы сатып алушының құқықтары

1. Егер тауар беруші тауарларды шартта көзделген мөлшерде бермесе не сатып алушының сапасы лайықсыз тауарды алмастыру туралы немесе белгіленген мерзімде тауарды толық жиынтықтау туралы талаптарын орындамаса, сатып алушы оларды сатып алу жөніндегі барлық қажетті және қисынды шығындарды тауар берушіге жатқыза отырып, берілмеген тауарларды басқа адамдардан сатып алуға құқылы.

Сатып алушының басқа адамдардың тауарлар сатып алуға жұмсаған шығындарын есептеу, тауар беруші оларды толық бермеген немесе тауарлардың кемшіліктерін жою туралы не тауарларды толық жиынтықтау туралы талаптар орындалмаған жағдайда, осы Кодекстің 411-бабының 1-тармағында көзделген ережелер бойынша жүргізіледі.

2. Сатып алушы (алушы) сапасы лайықсыз тауарларға және жиынтықталмаған тауарларға ақы төлеуден бас тартуға, ал егер мұндай тауарларға ақы төленіп қойған болса, төленген соманы тауарлардағы кемшіліктер жойылғанға және тауарлар толық жиынтықталғанға дейін не олар алмастырылғанға дейін қайтаруды талап етуге құқылы.

474-бап. Тауарды жеткіліксіз бергені немесе тауар беруді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбы

Тауарды жеткіліксіз бергені немесе беруді кешіктіргені үшін заң актілерінде немесе шартта белгіленген тұрақсыздық айыбы, егер заң актілерінде немесе шартта тұрақсыздық айыбын өндіріп алудың өзгеше тәртібі белгіленбесе, шартта белгіленген күннен бастап, міндеттеменің нақты орындалған күніне дейін өндіріп алынуы мүмкін.

475-бап. Тауар берудің бірнеше шарттары бойынша біртектес міндеттемелерді өтеу

1. Тауар беруші сатып алушыға аттас тауарлар жеткізуді тауар жеткізілімінің бірнеше шарттары бойынша жүзеге асыратын және жеткізген тауарлар саны тауар берушінің барлық шарттар бойынша міндеттемелерін өтеуге жетпейтін жағдайларда жеткізілген тауарлар тауар жеткізілімін жүзеге асыру кезінде не жеткізілгеннен кейін кешіктірілмей тауар беруші көрсеткен шарттың орындалу есебіне есептелуге тиіс.

2. Егер сатып алушы тауар жеткізілімінің бірнеше шарттары бойынша алған аттас тауарлар үшін тауар берушіге ақы төлеген болса және төленген сома сатып алушының барлық шарттар бойынша міндеттемелерін өтеуге жетпесе, төленген сома тауарларға ақы төлеуді жүзеге асыру кезінде не ақы төленгеннен кейін кешіктірілмей сатып алушы көрсеткен шарттың орындалу есебіне есептелуге тиіс.

3. Егер тауар беруші немесе сатып алушы өздеріне осы баптың және 1 және 2-тармақтарына сәйкес берілген құқықтарды пайдаланбаса, міндеттеменің орындалуы орындау мерзімі ертерек басталған шарт бойынша міндеттемелерді өтеуге есептеледі. Егер бірнеше шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі бір мезгілде басталса, орындауға берілген мерзім барлық шарттар бойынша міндеттемелердің өтелуіне бара-бар түрде есептеледі.

476-бап. Шартты орындаудан біржақты бас тарту

1. Тараптардың біреуі (осы Кодекстің 401-бабы 2-тармағының екінші бөлігі) шартты елеулі түрде бұзған жағдайда шартты (толық немесе ішінара) орындаудан біржақты бас тартуға немесе оны біржақты өзгертуге жол беріледі.

2. Тауар берушімен шарттың бұзылуы мына жағдайларда:

1) кемшілігі бар, сапасы лайықсыз тауар беріліп, ол кемшіліктерді сатып алушы үшін қолайлы мерзімде жою мүмкін болмағанда;

2) тауар беру мерзімдері бірнеше рет бұзылғанда елеулі деп ұйғарылады.

3. Сатып алушымен шарттың бұзылуы мына жағдайларда:

1) тауарларға ақы төлеу мерзімдері бірнеше рет бұзылғанда;

2) бірнеше рет тауарлар таңдалып алынбағанда елеулі деп ұйғарылады.

4. Тараптардың келісімімен шартты орындаудан немесе оны біржақты өзгертуден біржақты бас тартудың өзге де негіздері көзделуі мүмкін.

5. Бір тарап шартты өзгерту немесе оны орындаудан біржақты бас тарту туралы екінші тараптан хабар алған кезден бастап, егер хабарда шартты бұзудың немесе өзгертудің өзге мерзімі көзделмесе не тараптардың келісімінде белгіленбесе, тауар жеткізілімі шарты бұзылған немесе өзгертілген деп есептеледі.

477-бап. Шарт бұзылған жағдайда залалды есептеу

1. Егер сатушының міндеттемені бұзуы салдарынан шарт бұзылғаннан кейін сатып алушы тауарды қисынды мерзімде шартта көрсетілгенінің орнына басқа адамнан неғұрлым жоғары, бірақ қисынды бағамен сатып алса, ол сатушыға шартта белгіленген баға мен орнына жасалған мәміле бойынша белгіленген баға арасындағы айырма түрінде залалды өтеу туралы талап қоя алады.

2. Егер сатып алушының міндеттемені бұзуы салдарынан шарт бұзылғаннан кейін сатушы тауарды қисынды мерзімде басқа адамға шартта көзделгенінен неғұрлым төмен, бірақ қисынды бағамен сатса, сатушы сатып алушыға шартта белгіленген баға мен орнына жасалған мәміле бойынша белгіленген баға арасындағы айырма түрінде залалды өтеу туралы талап қоя алады.

3. Егер осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген негіздер бойынша шарт бұзылғаннан кейін бұзылған шарттың орнына мәміле жасалмаса және осы тауардың ағымдағы бағасы болса, тарап шартта белгіленген баға мен шарт бұзылған кездегі ағымдағы баға арасындағы айырма түрінде залалды өтеу туралы талап қоя алады.

Әдетте салыстырмалы мән-жайларда ұқсас тауарлар үшін тауар беру жүзеге асырылуға тиісті жерде алынатын баға ағымдағы баға деп танылады. Егер бұл жерде ағымдағы баға болмаса, басқа жерде қолданылған ағымдағы баға пайдаланылуы мүмкін, ол тауарды тасымалдау жөніндегі шығындар айырмасы ескерілетін қисынды айырбас бола алады.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарында көзделген талаптарды қанағаттандыру міндеттемесін орындамаған тарапты, осы Кодекстің 9-бабының 4-тармағы негізінде, екінші тарапқа келтірілген өзге залалды өтеуден босатпайды.

4. Келісім-шарт жасасу

478-бап. Келісім-шарт жасасу шарты

1. Келісім-шарт жасасу шарты бойынша ауыл шаруашылық өнімін өндіруші өзі өсірген (өндірген) ауыл шаруашылық өнімін - ұқсату немесе сату үшін осындай өнімді сатып алуды жүзеге асыратын дайындаушы-тұлғаға беруге міндеттенеді.

2. Осы параграфтың ережелерімен реттелмеген келісім-шарт жасасу шарты бойынша қатынастарға тауар беру шарты туралы ережелер (осы Кодекстің 458-477-баптары) қолданылады.

479-бап. Дайындаушының міндеттері

1. Егер келісім-шарт жасасу шартында өзгеше көзделмесе, дайындаушы өндірушіден ауыл шаруашылық өнімін оның тұрған жерінде қабылдауға және тасып әкетуді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Ауыл шаруашылық өнімін қабылдау дайындаушы орналасқан жерде немесе ол көрсеткен өзге орында жүзеге асырылатын жағдайда дайындаушының келісім-шарт жасасу шартының талаптарына сәйкес келетін және дайындаушыға шартта келісілген мерзімде берілген ауыл шаруашылық өнімін қабылдаудан бас тартуға құқығы жоқ.

Дайындаушы өнім сапасын стандарттарға сәйкес дәл анықтауды қамтамасыз етуге міндетті.

3. Келісім-шарт жасасу шартында ауыл шаруашылық өнімін ұқсатуды жүзеге асыратын дайындаушының өндірушіге оның талап етуі бойынша ауыл шаруашылық өнімін ұқсатудан қалған қалдықтарды шартта белгіленген баға бойынша ақы төлете отырып қайтару міндеті көзделуі мүмкін.

480-бап. Ауыл шаруашылық өнімін өндірушінің міндеттері

Ауыл шаруашылық өнімін өндіруші дайындаушыға өсірген (өндірген) ауыл шаруашылық өнімін мөлшері, сапасы мен түр-түрі келісім-шарт жасасу шартында көзделгендей етіп беруге міндетті.

481-бап. Ауыл шаруашылық өнімін өндірушінің жауапкершілігі

Міндеттемені орындамаған немесе міндеттемені тиісті түрде орындамаған ауыл шаруашылық өнімін өндіруші өзінің кінәсі болған жағдайда жауапты болады.

5. Энергиямен жабдықтау

482-бап. Энергиямен жабдықтау шарты

1. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйым абонентте (тұтынушыға) жалғанған желі арқылы энергия беруге міндеттенеді, ал абонент алынған энергия үшін ақы төлеуге, сондай-ақ оны тұтынудың шартта көзделген режимін сақтауға, өзінің қарауындағы энергетика желілерін пайдалану қауіпсіздігін және энергияны тұтынуға байланысты пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтардың ақаусыздығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Энергиямен жабдықтау шарты жария болып табылады (осы Кодекстің 387-бабы).

3. Тараптар үшін міндетті болып табылатын энергиямен жабдықтау шартының талаптары осы Кодекске және басқа да заң актілеріне сәйкес белгіленеді.

ҚР 08.01.03 ж. № 376-II Заңымен 483-бап өзгертілді

483-бап. Энергиямен жабдықтау шартын жасасу және ұзарту

2019.02.04. № 241-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Абонентте Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен энергия беруші ұйымның желілеріне жалғанған қажетті жабдық болған кезде энергиямен жабдықтаушы ұйым онымен энергиямен жабдықтау шартын жасасады.

2019.02.04. № 241-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Абонент жалғанған желіге алғаш рет іс жүзінде белгіленген тәртіппен қосылған кезден бастап шарт жасалған болып есептеледі.

Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, мұндай шарт белгіленбеген мерзімге жасалды деп есептеледі және осы Кодекстің 490-бабында көзделген негіздер бойынша өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

3. Мерзім аяқталғаннан кейін энергиямен жабдықтау шартын тоқтату немесе өзгерту туралы тараптардың біреуінің өтініші болмаған жағдайда ол шартта көзделген дәл сондай мерзімге және нақ сондай талаптар бойынша ұзартылған болып есептеледі. Шартты жаңа мерзімге ұзартқан кезде тараптардың келісімі бойынша оның талаптары өзгертілуі мүмкін.

4. Егер шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін тараптардың бірінен жаңа шарт жасасу туралы ұсыныс енгізілсе, тараптардың қатынастары жаңа шарт жасалғанға дейін бұрынғы жасалған шартпен реттеледі.

2013.06.03. № 81-V ҚР Заңымен 484-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

484-бап. Энергия мөлшері

1. Энергиямен жабдықтаушы ұйым шартта көзделген мөлшерде және тараптар келіскен энергия беру режимін сақтай отырып, абонентке жалғанған желі арқылы энергия беруге міндетті. Энергиямен жабдықтаушы ұйым берген және абонент қабылдаған энергияның мөлшері оның нақты тұтынылуы туралы есеп деректеріне сәйкес анықталады.

2. Энергия беруді шартта келісілмеген мөлшерде қамтамасыз етуге байланысты энергиямен жабдықтаушы ұйым шеккен шығындарды өтеген жағдайда шартта абоненттің өзі алатын энергияның шартта белгіленген мөлшерін өзгертуге құқығы көзделуі мүмкін.

3. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергияны тұрмыстық тұтыну үшін пайдаланатын азамат абонент болған жағдайларда ол энергияны өзіне қажетті мөлшерде пайдалануға құқылы. Энергиямен жабдықтаушы ұйым берген және абонент алған энергия мөлшері есептеу аспаптарының көрсеткіштерімен, ал олар болмаған немесе уақытша бұзылған кезде - есеп айырысу жолымен анықталады.

485-бап. Энергия мөлшері туралы шарт талаптарын бұзудың зардабы

Егер энергиямен жабдықтаушы ұйым жалғанған желі арқылы абонентке энергияны шартта көзделгенінен аз мөлшерде берсе, заң актілерінде, шартта өзгеше көзделмесе немесе ол міндеттеменің мәнінен туындамаса, осы Кодекстің 419-бабында көзделген ережелер қолданылады.

2012.10.07. № 31-V ҚР Заңымен 486-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

486-бап. Энергияның сапасы

1. Энергиямен жабдықтаушы ұйым беретін энергияның сапасы ұлттық стандарттарда және стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген немесе шартта көзделген талаптарға сәйкес болуға тиіс.

2. Энергиямен жабдықтаушы ұйым энергияның сапасына қойылатын талаптарды бұзған жағдайда, егер заң актілерінде, шартта өзгеше көзделмесе немесе ол міндеттеменің мәнінен туындамаса, осы Кодекстің 491-бабында көзделген ережелер қолданылады.

487-бап. Абоненттің желілерді, аспаптар мен жабдықтарды күтіп ұстау және пайдалану жөніндегі міндеттері

1. Абонент өз пайдалануындағы энергетикалық желілердің, аспаптар мен жабдықтардың тиісті техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, энергияны тұтынудың белгіленген режимін сақтауға, сондай-ақ авариялар, өрт, энергия есептеу аспаптарының ақаулы болуы және энергияны пайдалану кезінде туындайтын өзге де кемшіліктер туралы энергиямен жабдықтаушы ұйымға дереу хабарлауға міндетті.

2. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергияны тұрмыстық тұтыну үшін пайдаланатын азамат абонент болған жағдайларда энергетикалық желілердің, сондай-ақ энергия тұтынуды есептейтін аспаптардың тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, энергиямен жабдықтаушы ұйымға жүктеледі.

3. Энергетикалық желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйіне және оларды пайдалануға қойылатын талаптар заңдармен белгіленеді.

4. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың қызметкерлерін абонент пайдалануындағы энергетикалық желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйін және

қауіпсіздігін бақылау үшін аспаптарға жіберуге міндетті. Олардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі заңдармен белгіленеді.

2012.04.07. № 25-V ҚР Заңымен 488-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

488-бап. Энергияға ақы төлеу

1. Энергияны коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін пайдалану жағдайларын қоспағанда, энергияға ақы төлеу есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес анықталатын, абонент іс жүзінде алған энергия мөлшері үшін, ал олар болмаған немесе уақытша бұзылған кезде есептеу арқылы жүргізіледі.

2. Энергия үшін есеп айырысу тәртібі заңдармен немесе тараптардың келісімімен белгіленеді.

489-бап. Абоненттің энергияны басқа тұлғаға беруі

1. Абонент жалғанған желі арқылы энергиямен жабдықтаушы ұйымнан өзі алған энергияны басқа тұлғаға (қосалқы абонентке) энергиямен жабдықтайтын ұйымның келісуімен ғана бере алады.

2. Абоненттің қосалқы абонентке энергия беру жөніндегі шартына, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, осы параграфтағы ережелер қолданылады.

3. Қосалқы абонентке энергия беру кезінде, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, энергиямен жабдықтаушы ұйымның алдында абонент жауапты болады.

490-бап. Шартты өзгерту және бұзу

1. Абоненттің энергетикалық қондырғыларының мемлекеттік энергетикалық қадағалау органы куәландырған қанағаттанғысыз жай-күйі авария қаупін туғызатын немесе азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайды қоспағанда, энергияны үзіліспен беруге, тоқтатуға немесе шектеп беруге тараптардың келісімі бойынша жол беріледі. Энергиямен жабдықтаушы ұйым абонентке энергияны үзіліспен беру, тоқтату немесе шектеп беру туралы алдын ала ескертуге тиіс.

2. Энергиямен жабдықтау ұйымы жүйесінде аварияның алдын алу немесе оны жою жөнінде шұғыл шаралар қолдану қажет болған жағдайда абоненттің келісуінсіз және оған ескертпей, бірақ оған дереу хабарлай отырып энергияны үзіліспен беруге, тоқтатуға немесе шектеп беруге жол беріледі.

3. Заңдарда үздіксіз циклды өндіріс үшін энергия берудегі үзіліске оның берілуін тоқтатуға немесе шектеуге жол берілмейді және заңдармен реттеледі.

4. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергияны тұрмыстық тұтыну үшін пайдаланушы азамат абонент болған жағдайларда, бұл туралы ол энергиямен жабдықтаушы ұйымға хабарлап, пайдаланған энергия ақысын толық төлеген кезде шарттан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

5. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергияны тұрмыстық тұтынуға пайдаланушы азамат абонент болған жағдайларда энергиямен жабдықтаушы ұйым шартты орындауды тоқтатқанға дейін бір айдан кешіктірмей абонентке ескерткен жағдайда өзі пайдаланған энергияға абоненттің ақы төлемеуіне байланысты шарттың орындалуын бір жақты тоқтатуға құқылы.

491-бап. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша жауаптылық

1. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайларда энергиямен жабдықтаушы ұйым мен абонент осыдан келтірілген нақты залалды өтеуге міндетті (осы Кодекстің 9-бабының 4-тармағы).

2. Егер заңдар негізінде жүзеге асырылған энергия тұтыну режимін реттеу нәтижесінде абонентке энергия беруде үзіліс жасалған болса, энергиямен жабдықтаушы ұйым өзі кінәлі

болған жағдайда шарт міндеттемелерінің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін жауапты болады.

492-бап. Энергиямен жабдықтау шартының ережелерін жалғанған желі арқылы жабдықтау жөніндегі өзге де қатынастарға қолдану

1. Жалғанған желі арқылы жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қатынастарға, егер заңдарда өзгеше белгіленбесе, осы параграфтың ережелері қолданылады.

2. Жалғанған желі арқылы газбен, мұнаймен және мұнай өнімдерімен, сумен, басқа да тауарлармен жабдықтау жөніндегі қатынастарға, егер заңдарда, шартта өзгеше белгіленбесе немесе ол міндеттемелер мәнінен туындамаса, осы параграфтың ережелері қолданылады.

6. Кәсіпорынды сату

2007.15.05. № 253-III ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2011.01.03. № 414-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 493-бап өзгертілді

493-бап. Кәсіпорынды сату шарты

1. Кәсіпорынды сату шарты бойынша сатушы тұтас алғанда кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алушының меншігіне (осы Кодекстің 119-бабы) беруге міндеттенеді, бұған сатушы басқа тұлғаларға беруге құқығы болмайтын құқықтар мен міндеттер қосылмайды.

2. Кәсіпорынның қызметкерлері жөніндегі құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген тәртіппен сатушыдан сатып алушыға ауысады.

3. Фирмалық атауларды, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін және сатушыны дараландыратын басқа да құралдар мен оның өнімдерін, оның атқаратын жұмысын немесе көрсететін қызметін пайдалану құқықтары, сондай-ақ лицензия негізінде дараландыратын құралдарды пайдалану жөнінде сатушыға тиесілі құқықтар, егер шартта өзгеше көзделмесе, сатып алушыға ауысады.

4. Тиісті қызметпен айналысуға арнайы рұқсат (лицензия) беру негізінде алынған құқықтар, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, кәсіпорынды сатып алушыға ауыспауға тиіс. Шарт бойынша берілетін кәсіпорынның құрамына оның арнайы рұқсаты (лицензиясы) болмауынан сатып алушы орындай алмайтын міндеттемелердің енгізілуі сатып алушыны кредит берушілер алдындағы тиісті міндеттемелерден босатпайды. Міндеттемелерді орындамағаны үшін сатушы мен сатып алушы кредит берушілер алдында бірдей жауап береді.

5. Кәсіпорын бірыңғай мүліктік кешен болған жағдайда, мемлекеттік кәсіпорынды сату ерекшеліктері Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісінде айқындалады.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 494-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

494-бап. Кәсіпорынды сату шартының нысаны

1. Кәсіпорынды сату шарты, осы Кодекстің 495-бабының 2-тармағында аталған құжаттарды міндетті түрде қоса отырып, тараптардың қолы қойылған бір құжат дайындау жолымен жазбаша түрде жасалады.

2. 2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

2006.05.05 № 139-III ҚР Заңымен 495-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

495-бап. Сатуға жататын кәсіпорынның құрамын белгілеу және құнын бағалау

1. Сатуға жататын кәсіпорынның құрамы мен құны, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, тараптардың келісімімен айқындалады.

2. Шартқа қол қойылғанға дейін тараптар: түгендеу актісін, бухгалтерлік балансты, кәсіпорынның құрамы мен құны туралы аудиторлық ұйымның аудиторлық есебін, сондай-ақ кредит берушілерді, олар қойған талаптардың сипатын, мөлшері мен мерзімдерін көрсете отырып, кәсіпорынның құрамына енгізілетін барлық борыштың (міндеттемелердің) тізбесін жасап, қарауға тиіс.

Аталған құжаттарда көрсетілген мүлік, құқықтар мен міндеттер, егер осы Кодекстің 493-бабынан өзгеше туындамайтын болса және шартта өзгеше белгіленбесе, сатушыдан сатып алушыға ауысуға тиіс.

496-бап. Кредит берушілердің кәсіпорынды сату кезіндегі құқықтары

1. Сатушы сатылатын кәсіпорынның құрамына енгізілген міндеттемелер жөнінде кәсіпорын сатып алушыға берілгенге дейін оны сату туралы кредит берушілерге жазбаша түрде хабарлауға тиіс.

2. Борышты аударуға өз келісімін беру туралы сатушыға жазбаша хабарламаған кредит беруші кәсіпорынның сатылатындығы туралы хабар алған күннен бастап үш ай ішінде міндеттемелерді тоқтатуды немесе мерзімінен бұрын орындауды және сатушының осыдан келген залалдарды өтеуін не кәсіпорынды сату шартын толық немесе оның тиісті бөлігін жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

3. Осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіп бойынша кәсіпорынды сату туралы хабардар етілмеген кредит беруші сатушының кәсіпорынды сатып алушыға бергендігі туралы өзі білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жыл ішінде, осы баптың 2-тармағында көзделген талаптардың қанағаттандырылуы туралы талап қоя алады.

4. Кәсіпорын сатып алушыға берілгеннен кейін кредит берушінің келісуінсіз сатып алушыға аударылып, берілген кәсіпорынның құрамына енгізілген борыш үшін сатушы мен сатып алушы бірдей жауап береді.

497-бап. Кәсіпорынды беру

1. Сатушының кәсіпорынды сатып алушыға беруі өткізу актісі бойынша жүзеге асырылады, онда кәсіпорынның құрамы жөніндегі және кәсіпорынды сату туралы кредит берушілерге хабарлау жөніндегі деректер, сондай-ақ берілген мүліктен табылған кемшіліктер туралы мәліметтер және оны жоғалтып алуға байланысты беру міндеттерін орындау мүмкін болмайтын мүліктердің тізбесі көрсетіледі.

2. Өткізу актісін жасауды және оны қол қоюға табыс етуді қоса алғанда, кәсіпорынды беруге дайындау сатушының міндеті болып табылады, егер шартта өзгеше көзделмесе, соның есебінен жүзеге асырылады.

3. Өткізу актісінде екі тарап қол қойған күннен бастап кәсіпорын сатып алушыға берілген деп есептеледі.

Сол кезден бастап кәсіпорын құрамында берілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі сатып алушыға ауысады.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 498-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

498-бап. Кәсіпорынға құқықтардың ауысуы

1. Мемлекеттік тіркелуге жататын кәсіпорынның құрамына кіретін мүлікке құқық тіркелген кезден бастап сатып алушыға ауысады. Қалған мүлікке құқықтар екі тарап табыстау актісіне қол қойған кезден бастап ауысады.

2. 2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

3. Шартта сатып алушыға берілген кәсіпорынға меншік құқығы кәсіпорынға ақы төленгенше немесе өзге де мән-жайлар туғанға дейін сатушының өзінде қалдыру көзделген жағдайларда сатып алушы меншік құқығы өзіне ауысқанға дейін, берілген кәсіпорынның құрамына кіретін мүліктер мен құқықтарды кәсіпорынның қызметін мүліктік кешен ретінде

қамтамасыз ету үшін қаншалықты қажет болса, соншалықты дәрежеде пайдалануға құқылы.

499-бап. Кемшіліктері бар кәсіпорынды беру мен қабылдаудың салдары

1. Кәсіпорынды өткізу актісі бойынша құрамы шартта көзделгенге сәйкес келмейтін кәсіпорынды сатушының беру және сатып алушының қабылдау салдары, соның ішінде берілген мүліктердің сапасына қатысты салдары, егер шарттан өзгеше туындамаса және ол осы баптың 2-4-тармақтарында өзгеше көзделмесе, осы Кодекстің 413-415, 419, 422, 428, 432-баптарында көзделген ережелер негізінде айқындалады.

2. Кәсіпорынның анықталған кемшіліктері және жоғалған мүлік туралы мәліметтер көрсетілген өткізу актісі бойынша кәсіпорын берілген және қабылданған жағдайларда (осы Кодекстің 497-бабының 1-тармағы), егер мұндай жағдайларда өзге талаптар қою құқығы шартта көзделмесе, сатып алушы кәсіпорынның сатып алу бағасын тиісінше кемітуді талап етуге құқылы.

3. Кәсіпорынның құрамында сатушының шартта немесе өткізу актісінде көрсетілмеген борышы (міндеттемелері) өзіне берілген жағдайда, егер сатушы шарт жасасу және кәсіпорынды беру кезінде осы борыш (міндеттемелер) туралы сатып алушының білгендігін дәлелдей алмаса, сатып алушы сатып алу бағасын кемітуді талап етуге құқылы.

4. Сатушы берілген кәсіпорынның құрамындағы мүліктердің жетпейтіндігі немесе берілуге тиіс мүліктің жекелеген түрлерінің жоқ екендігі туралы сатып алушыдан хабар алған жағдайда тиісінше сапалы емес мүлікті кешіктірмей алмастыруға немесе сатып алушыға жетпейтін мүлікті беруге тиіс.

5. Егер сатушы жауап беретін кемшіліктердің салдарынан кәсіпорын сату шартында аталған мақсаттарға жарамсыз болып шықса және сатушы ол кемшіліктерді осы Кодексте заң актілеріне немесе шартқа сәйкес белгіленген жағдайларда, тәртіп пен мерзімде жоймаған болса, не кемшіліктерді жою мүмкін болмаса, сатып алушы сот тәртібімен кәсіпорынды сату шартын бұзуды немесе өзгертуді және тараптардың шарт бойынша орындаған нәрсесін қайтарып беруді талап етуге құқылы.

500-бап Кәсіпорынды сату шартына мәмілелердің жарамсыздық салдары туралы және шартты бұзу мен өзгерту туралы ережелерді қолдану

Осы Кодекстің мәмілелердің жарамсыздық салдары туралы және сатып алу-сату шартын бұзу мен өзгерту туралы, шарт бойынша бір тараптан немесе екі тараптан алынғандарды заттай қайтаруды немесе өндіріп алуды көздейтін ережелері, егер мұндай салдар сатушы мен сатып алушыға кредит берушілердің, басқа да адамдардың құқықтарын және заң актілерімен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзбайтын болса және қоғамдық мүдделерге қайшы келмесе кәсіпорынды сату шартына қолданылады.

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 7-параграфпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

7-параграф. Репо операциясы

500-1-бап. Репо операциясы ұғымы

Репо операциясы - екі бөліктен тұратын шарт, оған сәйкес:

1) бір тарап (репо сатушысы) шартта белгіленген мерзімде екінші тараптың (репо сатып алушысының) меншігіне бағалы қағаздарды және (немесе) өзге де қаржы құралдарын беруге міндеттенеді, ал репо сатып алушысы осы бағалы қағаздарды және (немесе) қаржы құралдарын қабылдауға және олар үшін белгілі бір ақшалай соманы төлеуге (репо ашу) міндеттенеді;

2) репо сатып алушысы шартта белгіленген мерзімде репо сатушысының меншігіне бағалы қағаздарды және (немесе) өзге де қаржы құралдарын беруге міндеттенеді, ал репо сатушысы осы бағалы қағаздарды және (немесе) қаржы құралдарын қабылдауға және олар үшін белгілі бір ақшалай соманы төлеуге (репо жабу) міндеттенеді.

500-2-бап. Репо операциясының ерекшеліктері

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, репо ашу және репо жабу нысанасы болып табылатын бағалы қағаздар және (немесе) өзге де қаржы құралдары ұқсас (бір шығарылымдағы) болуға тиіс.

2. Егер репо операцияларының мәніне қайшы келмесе, репо операцияларына сатып алу-сату туралы жалпы ережелер қолданылады.

3. Репо операцияларын жасау жөніндегі ерекшеліктер және (немесе) шектеулер «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленуі мүмкін.

26-тарау. АЙЫРБАС

501-бап. Айырбас шарты

1. Айырбас шарты бойынша тараптардың әрқайсысы шаруашылық жүргізуді, оралымды басқаруды басқа тараптың меншігіне бір тауарды екіншісіне айырбасқа беруге міндеттенеді.

2. Айырбас шартына тиісінше сатып алу-сату шартының ережелері қолданылады, өйткені бұл осы тараудың ережелеріне және айырбас мәніне қайшы келмейді. Бұл орайда тараптардың әрқайсысы тауарды беруге міндеттенетін сатушы деп және айырбастап алуға міндеттенетін сатып алушы деп танылады.

3. Осы тарауда көзделген ережелер, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе және ол тиісті міндеттемелер мәнінен туындамаса, құқықтарды айырбастауға (жұмыстар, қызмет көрсетулер) қолданылады.

502-бап. Айырбас шарты бойынша баға мен шығындар

1. Егер шарттан өзгеше туындамаса, айырбастауға жататын тауарлар бір-біріне тең деп ұйғарылады, ал оларды беру мен қабылдап алу жөніндегі шығындарды әрбір жағдайда тиісті міндет жүктелетін тарап жүзеге асырады.

2. Шартқа сәйкес айырбасталатын тауарлар бір-біріне тең емес деп танылған жағдайда бағасы айырбастауға берілетін тауардың бағасынан кем тауарды беруге міндеттенген тарап, егер шартта өзгеше тәртіп көзделмесе, тауар беру міндетін орындағанға дейін немесе одан кейін бағадағы айырманы тікелей өзі төлеуге тиіс.

503-бап. Айырбас шарты бойынша өзара тауар беру міндеттемелерін орындау

Шартқа сәйкес айырбасталатын тауарларды беру мерзімдері тұспа-тұс келмейтін жағдайларда тауар беруге тиісті тараптың тауарды беру міндеттемелерін басқа тарап тауар берген соң орындауына өзара міндеттемелерді орындау туралы ережелер қолданылады (осы Кодекстің 284-бабы).

504-бап. Айырбасталатын тауарларға меншік құқығының ауысуы

Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, айырбасталатын тауарларға меншік құқығы айырбас шарты бойынша сатып алушы болатын тараптарға тараптардың әрқайсысы тиісті тауарларды беру міндеттемелерін орындағаннан кейін бір мезгілде ауысады.

505-бап. Айырбас шарты бойынша сатып алынған тауарды алып қойғаны үшін жауапкершілік

Айырбас шарты бойынша сатып алынған тауарды үшінші тұлғалар алып қойған тарап осы Кодекстің 414-бабында көзделген негіздемелер болған кезде басқа тараптан оның айырбасқа алған тауарын, ал тауарды заттай алу мүмкін болмаған жағдайда оның құнын қайтаруды талап етуге құқылы

27-тарау. СЫЙҒА ТАРТУ

506-бап. Сыйға тарту шарты

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Сыйға тарту шарты бойынша бір тарап (сыйға тартушы) басқа тараптың (сыйды алушының) меншігіне затты не өзіне немесе үшінші тұлғаға мүліктік құқықты (талапты) тегін береді немесе беруге міндеттенеді не оны үшінші тұлғаның алдындағы мүліктік міндеттен босатады немесе босатуға міндеттенеді.

Затты немесе құқықты қарсы беру не қарсы міндеттеме болған кезде сыйға тарту шарты маңызсыз болып саналады. Мұндай шартқа осы Кодекстің 160-бабының 2-тармағында көзделген қағидалар қолданылады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Әлдекімге затты немесе мүліктік құқықты тегін беруге уәде ету не әлдекімді мүліктік міндеттен (сыйға тартуға уәде беруден) босату сыйға тарту шарты болып танылады және егер уәде тиісті нысанда (508-баптың 2-тармағы) жасалса және алдағы уақытта нақты тұлғаға затты немесе құқықты тегін беру не оны мүліктік міндеттен босатуға айқын ниет білдірілген болса, уәде берушіні босатпай тастайды.

Нақты сыйға тарту затын зат және құқық түрінде көрсетпей немесе міндеттен босатпай өзінің барлық мүлкін немесе өзінің барлық мүлкінің бір бөлігін сыйға тартуға уәде беру маңызсыз болады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Сыйға тартушы қайтыс болғаннан кейін сый алушыға сый беруді көздейтін шарт маңызсыз болады.

Мұндай сыйға тарту түріне осы Кодекстің мұрагерлік туралы ережелері қолданылады.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 507-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

507-бап. Сый алушының сыйды алудан бас тартуы

1. Сый алушы өзіне сый берілгенге дейін кез келген уақытта одан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда сыйға тарту шарты бұзылған деп есептеледі.

2. Егер сыйға тарту шарты жазбаша түрде жасалса, сыйдан бас тарту да жазбаша түрде жасалуға тиіс. Сыйға тарту шарты тіркелген жағдайда сыйды алудан бас тарту да мемлекеттік тіркелуге тиіс.

3. Егер сыйға тарту шарты жазбаша түрде жасалған болса, сый беруші сый алушыдан сыйды алудан бас тартқаны үшін өзіне келтірілген нақты зиянды өтеуін талап етуге құқылы.

508-бап. Сыйға тарту шартының нысаны

1. Сый алушыға сыймен қоса сыйға тарту осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, ауызша жасалуы мүмкін. Сыйды беру оны тапсыру, символдық беру (кілттерді табыс ету және т.б.) не құқық белгілейтін құжаттарды тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Қозғалмайтын мүлікті сыйға тарту шарты:

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1) заңды тұлға сый беруші болған және сыйдың құны он айлық есептік көрсеткіштен асатын;

2) шартта алдағы уақытта сыйға тартуға уәде етілген жағдайларда жазбаша түрде жасалуға тиіс.

Ауызша жасалған сыйға тарту шарты осы тармақта көзделген жағдайларда маңызсыз болады.

3. 2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

2011.01.03. № 414-IV ҚР Заңымен 509-бап өзгертілді (бұр.ред.қара); 2020.06.10. № 365-VI ҚР Заңымен 509-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

509-бап. Сыйға тартуға тыйым салу

1. Құны заңнамалық актілерде белгіленген он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын әдеттегі сыйлықтарды қоспағанда:

1) жас балалар мен әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың атынан олардың заңды өкілдерінің;

2) емдеу, тәрбиелеу мекемелерінің, әлеуметтік қорғау мекемелерінің және басқа да осыған ұқсас мекемелердің жұмыскерлеріне олардың емдеуіндегі, асырауындағы не тәрбиесіндегі азаматтардың, осы азаматтардың жұбайлары мен туыстарының сыйға тартуына жол берілмейді.

2. Мемлекеттік қызметшілерге және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдаған өзге де адамдарға, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдаған мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың сыйға тартушының пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер аталған адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, сыйлықтарды сыйға тартуға жол берілмейді.

510-бап. Сыйға тартуды шектеу

1. Заты шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығына жататын заңды тұлға, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, меншік иесінің келісімімен өзінің затын сыйлауға құқылы. Бұл шектеу құны заң актілерінде белгіленген он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын әдеттегі сыйлықтарға қолданылмайды.

2. Бірлескен ортақ меншіктегі мүлікті сыйға тартуға бірлескен меншіктің барлық қатысушыларының келісімі бойынша осы Кодекстің 220-бабында көзделген ережелерді сақтай отырып жол беріледі.

3. Сый берушіге тиесілі талап құқықтарын үшінші тұлғаға сыйға тарту осы Кодекстің 339-343, 345, 346-баптарында көзделген ережелер сақтала отырып жүзеге асырылады.

4. Үшінші тұлға алдында сый алушының міндеттерін орындау арқылы сыйға тарту осы Кодекстің 276-бабының 1-тармағында көзделген ережелер сақтала отырып жүзеге асырылады.

Үшінші тұлға алдында сый берушінің сый алушы борышын өзіне аудару арқылы сыйға тартуы осы Кодекстің 348-бабында көзделген ережелер сақтала отырып жүзеге асырылады. *2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

5. Өкілдің сыйға тартуға жасаған сенімхатында сый алушы аталмаса және сыйға тартатын зат көрсетілмесе, ол маңызсыз болады.

511-бап. Сыйға тарту шартын орындаудан бас тарту

1. Егер шарт жасалғаннан кейін сый берушінің мүліктік немесе отбасылық жағдайы, не денсаулығы шартты жаңа жағдайларда орындау оның тұрмыс деңгейінің едәуір нашарлауына әкеп соқтыратындай болып өзгерсе, сыйға тартушы келешекте сый алушыға

зат немесе құқық беру уәдесін немесе сый алушыны мүліктік міндеттен босату уәдесін қамтитын шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

2. Сыйға тартушы келешекте сый алушыға зат не құқық беру уәдесін, не сый алушыны оған сыйға тартуды өзгерту құқығын беруші негіздемелер бойынша мүліктік міндеттемеден босату уәдесін қамтитын шартты орындаудан бас тартуға құқылы (осы Кодекстің 512-бабының 1-тармағы).

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген негіздемелер бойынша сыйға тартушының сыйға тарту шартын орындаудан бас тартуы сый алушыға залалдарды өтеуді талап ету құқығын бермейді.

2014.07.03. № 177-V ҚР Заңымен 512-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

512-бап. Сыйға тартудың күшін жою

1. Егер сый алушы сыйға тартушының өміріне, оның отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының біреуіне қастандық жасаса не сый берушіге қасақана дене жарақатын салса, сыйға тартушы сыйға тартудың күшін жоюға құқылы.

Сый алушы сыйға тартушыны қасақана өлтірген жағдайда сотта сыйға тартудың күшін жоюды талап етуге сыйға тартушы мұрагерлерінің құқығы болады.

2. Егер сый алушының сыйға тартушы үшін үлкен мүліктік емес құндылық болып саналатын сыйланған затты ұстауы оның біржола жойылу қаупін тудырса, сыйға тартушы сыйға тартудың күшін сот тәртібімен жоюды талап етуге құқылы.

2019.27.12. № 290-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Дара кәсіпкер немесе заңды тұлға өзіне қатысты банкроттық және (немесе) оңалту туралы іс қозғаудың алдындағы бір жыл ішінде «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін бұза отырып, өзінің кәсіпкерлік қызметімен байланысты қаражат есебінен жасаған сыйға тартудың күшін сот мүдделі тұлғаның талап етуі бойынша жоя алады.

4. Сыйға тарту шартында, сый беруші сый алушыдан ұзақ өмір жүрген жағдайда, сыйға тартудың күшін жою құқығы ескертілуі мүмкін.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

5. Сыйға тартудың күші жойылған жағдайда, егер сыйланған зат сыйға тартудың күшін жою туралы хабарлама келіп түскен кезге қарай сол күйінде сақталса, сый алушы оны қайтаруға не сыйланған зат иеліктен шығарылған жағдайда, оның құнын сыйға тартудың күшін жою туралы хабарлама келіп түскеннен кейін нарықтық бағалар бойынша өтеуге міндетті.

513-бап. Сыйға тарту шартын орындаудан бас тарту және сыйға тартудың күшін жою мүмкін болмайтын жағдайлар

Сыйға тарту шартын орындаудан бас тарту туралы (осы Кодекстің 511-бабы) және сыйға тартудың күшін жою туралы (осы Кодекстің 512-бабы) ережелер құны заң актілерінде белгіленген он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сыйлықтарға қолданылмайды (осы Кодекстің 510-бабының 1-тармағы).

514-бап. Сыйланған заттың кемшіліктері салдарынан зиян келтіру зардабы

Сыйланған заттың кемшіліктері салдарынан сый алушы азаматтың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды, егер бұл кемшіліктер сый алушыға затты беруден бұрын пайда болғаны дәлелденсе және анық кемшіліктер қатарына жатпаса, ал сыйға тартушы ол жөнінде біле тұра сый алушыға ескертпесе, осы Кодекстің 47-тарауында көзделген ережелерге сәйкес сыйға тартушы өтеуге тиіс.

515-бап. Сыйға тартуға уәде беру кезіндегі құқық мирасқорлығы

1. Сыйға тарту шарты бойынша сыйға тартуға уәде берілген сый алушының құқықтары, егер сыйға тарту шартында өзгеше көзделмесе, оның мұрагерлеріне (құқық мирасқорларына) ауыспайды.

2. Сыйға тартуға уәде берген сыйға тартушының міндеттері, егер сыйға тарту шартында өзгеше көзделмесе, оның мұрагерлеріне (құқық мирасқорларына) ауысады.

516-бап. Қайырмалдық

1. Жалпы пайдалану мақсатында затты немесе құқықты сыйға тарту қайырмалдық деп танылады.

Қайырмалдық азаматтарға, емдеу, тәрбие беру мекемелеріне, әлеуметтік қорғау мекемелеріне және басқа да сол сияқты мекемелерге, қайырымдылық, ғылыми және оқу мекемелеріне, қорларға, мұражайлар мен басқа да мәдениет мекемелеріне, қоғамдық және діни бірлестіктерге, сондай-ақ мемлекетке және осы Кодекстің 111 және 112-баптарында аталған азаматтық құқықтың басқа да субъектілеріне жасалуы мүмкін.

2. Қайырмалдықты алуға ешкімнің рұқсаты немесе келісімі талап етілмейді.

3. Азаматқа мүлік қайырмалдыққа берілуге тиіс, ал заңды тұлғаларға қайырмалдық етуші осы мүлікті белгілі бір мақсатқа пайдалануды ескертіп беруі мүмкін. Мұндай талап болмаған жағдайда азаматқа мүлікті қайырмалдыққа беру жай сыйға тарту болып есептеледі, ал басқа жағдайларда қайырмалдыққа берілген мүлікті сый алушы мүлікті мақсатына сай пайдаланады.

Пайдалану үшін белгілі бір мақсат белгіленген қайырмалдықты алушы заңды тұлға қайырмалдыққа берілген мүлікті пайдалану жөніндегі барлық операциялардың оқшауланған есебін жүргізуге тиіс.

4. Егер мән-жайлардың өзгеруі салдарынан қайырмалдыққа берілген мүліктің қайырмалдық беруші көрсеткен мақсатқа сәйкес пайдаланылуы мүмкін болмаса, ол басқа мақсатқа қайырмалдық берушінің келісімімен ғана, ал қайырмалдық беруші азамат қайтыс болған немесе қайырмалдық беруші заңды тұлға таратылған жағдайда - соттың шешімі бойынша пайдаланылуы мүмкін.

5. Қайырмалдыққа берілген мүліктің қайырмалдық беруші көрсеткен мақсатқа сәйкес пайдаланылмауы немесе бұл мақсатты осы баптың 4-бабында көзделген ережелерді бұза отырып өзгертуі қайырмалдық берушіге, оның мұрагерлеріне немесе өзге де құқық мирасқорына қайырмалдықтың күшін жоюды талап етуге құқық береді.

6. Қайырмалдықтарға осы Кодекстің 512 және 515-баптары қолданылмайды.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 28-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

28-тарау. РЕНТА

1. Жалпы ережелер

517-бап. Рента шарты

1. Рента шарты бойынша бір тарап (рента алушы) екінші тараптың (рента төлеушіге) меншігіне мүлік береді, ал рента төлеуші алған мүлікке айырбас ретінде рента алушыға белгілі бір ақша сомасы түрінде немесе оны ұстау үшін өзге де нысанда қаражат беру түрінде мезгіл-мезгіл рента төлеп отыруға міндеттенеді.

2. Рента шарты бойынша рента алушыға рентаны мерзімсіз (тұрақты рента) немесе өмір бойы төлеу (ғұмырлық рента) міндетін бекітуге жол беріледі. Ғұмырлық рента азаматты өмір бойы асырап отыру жағдайларында белгіленуі мүмкін.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 518-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

518-бап. Рентаны ресімдеуге қойылатын талаптар

Рента шарты нотариатта куәландырылуға жатады.

Жылжымайтын мүліктің ренталық ауыртпалығы да жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік тіркелуге жатады.

Аталған талаптарды сақтамау рента шартының маңызсыздығына алып келеді.

519-бап. Рента төлеу үшін мүлікті иеліктен айыру

1. Рента төлеу үшін иеліктен айырылатын мүлікті рента алушы рента төлеушінің меншігіне ақы төлетіп немесе тегін беруі мүмкін.

2. Рента шартында мүлікті ақы төлетіп беру көзделген жағдайларда тараптардың беру және төлеу жөніндегі қатынастарына сатып алу-сату шарты туралы ережелер (осы Кодекстің 25-тарауы), ал мұндай мүлік тегін берілетін жағдайларда, егер осы тараудың ережелерінде өзгеше белгіленбесе және шарттың мәніне қайшы келмесе, сыйға тарту шарты туралы ережелер қолданылады (осы Кодекстің 27-тарауы).

520-бап. Қозғалмайтын мүлікке рента жүктеу

1. Рента жер учаскесіне, сондай-ақ оны төлейтін етіп берілген кәсіпорынға, үйге, ғимаратқа немесе басқа да қозғалмайтын мүлікке құқық жүктейді. Рента төлеуші осындай мүлікті иеліктен айырған жағдайда оның рента шарты бойынша міндеттемелері мүлікті сатып алушыға ауысады.

2. Рента жүктеліп берілген, осы баптың 1-тармағында аталған мүлікті басқа тұлғаның меншігіне берген тұлға, егер осы Кодексте, басқа да заң актілерінде немесе шартта осы міндеттеме бойынша бірдей жауапкершілік көзделмесе, рента алушының рента шартының бұзылуына байланысты туған талаптары бойынша субсидиарлық жауапты болады (осы Кодекстің 357-бабы).

521-бап. Рентаның төленуін қамтамасыз ету

1. Жер учаскесі немесе басқа да қозғалмайтын мүлік құқығы рента төлейтін етіп берілген кезде рента алушы рента төлеушінің міндеттемесін қамтамасыз ету үшін осы мүлікті кепілге беру құқығын алады.

2. Рента төлеушінің міндеттемелерін (осы Кодекстің 292-бабы) орындауды қамтамасыз ету не осы міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін жауапкершілік тәуекелі рента алушының пайдасына сақтандыру міндетін белгілейтін талап ақша сомасын немесе өзге де қозғалатын мүлікті рента төлейтін етіп беруді көздейтін шарттың елеулі талабы болып табылады.

3. Рента төлеуші осы баптың 2-тармағында көзделген міндеттерді орындамаған кезде, сондай-ақ рента алушы жауап бермейтін мән-жайлар бойынша қамтамасыз етуден айырылған немесе қамтамасыз ету талаптарын нашарлатқан жағдайда рента алушы рента шартын бұзуға және рента шартының бұзылуынан келтірілген залалдың өтелуін талап етуге құқылы.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 521-1-баппен толықтырылды

521-1-бап. Рента шартын рента алушының талабы бойынша бұзу

1. Рента төлеуші шарттың талаптарын елеулі түрде бұзған жағдайда рента алушы рента төлеушіден осы Кодекстің 528-бабында көзделген талаптармен рентаны сатып алуды не шартты бұзуды талап етуге құқылы.

Егер рента төлеуші рента алушының өміріне қастандық жасаса не оған қасақана дене жарақатын салса, рента алушы шартты бұзуды және шығындарды өтеуді талап етуге құқылы. Рента төлеуші рента алушыны қасақана өлтірген жағдайда шарттың бұзылуын және шығындардың өтелуін талап ету құқығы рента алушының мұрагерлеріне тиесілі болады.

2. Егер рента төлеу үшін тұрғынжай немесе өзге де мүлік тегін иеліктен шығарылған болса, рента төлеуші шарттың талаптарын елеулі түрде бұзған кезде рента алушы осы

мүліктің құнын рентаның сатып алу бағасының есебіне жатқыза отырып, оны қайтаруды талап етуге құқылы.

522-бап. Рента төлеудің мерзімін кешіктіргені үшін жауапкершілік

Рента төлеу мерзімін кешіктіргені үшін рента төлеуші рента алушыға, егер шартта тұрақсыздық айыбының өзгеше мөлшері белгіленбесе, осы Кодекстің 353-бабында көзделген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

2. Тұрақты рента

523-бап. Тұрақты рентаны алушы

1. Тек қана азаматтар мен коммерциялық емес ұйымдар, егер бұл олардың қызмет мақсаттарына сәйкес келсе, тұрақты рентаны алушылар бола алады.

2. Тұрақты рента шарты бойынша рента алушының құқықтары, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, қойылатын талапқа жол беру және мұрагерлік не құқық мирасқорлығы тәртібімен заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру арқылы осы баптың 1-тармағында аталған тұлғаларға берілуі мүмкін.

524-бап. Тұрақты рентаның нысаны мен мөлшері

1. Тұрақты рента шартта белгіленген мөлшерде ақшалай төленеді.

2. Шартта рентаны төлеу рентаның ақшалай сомасының құнына сәйкес келетін заттар беру, жұмыстар атқару немесе қызметтер көрсету жолымен қарастырылуы мүмкін.

3. Егер шартта өзгеше көзделмесе, төленетін рентаның мөлшері заң актілерінде белгіленген бір айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне бара-бар өзгертіледі.

525-бап. Тұрақты рентаны төлеу мерзімдері

Егер шартта өзгеше көзделмесе, тұрақты рента әрбір күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін төленеді.

526-бап. Төлеушінің тұрақты рентаны сатып алу құқығы

1. Тұрақты рента төлеуші рентаны сатып алу жолымен оны одан әрі төлеуден бас тартуға құқылы.

2. Бұлайша бас тарту рента төлеуші рента төлеу тоқтатылғанға дейін үш айдан кешіктірмей немесе шартта көзделген неғұрлым ұзақ мерзімде жазбаша түрде мәлімдеген жағдайда жарамды болады. Бұл орайда рента төлеу жөніндегі міндеттеме, егер шартта сатып-алудың өзгеше тәртібі көзделмесе, рента алушы барлық сатып алу сомасын алғанға дейін тоқтатылмайды.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Тұрақты рента төлеушінің оны сатып алу құқығынан бас тарту туралы шарт талабы маңызсыз болады.

527-бап. Тұрақты рентаны рента алушының талабы бойынша сатып алу

Рента алушы:

1) егер шартта өзгеше белгіленбесе, рента төлеуші оның төленуін бір жылдан астам уақытқа кешіктірген;

2) рента төлеуші рентаның төленуін қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттемелерін бұзған (осы Кодекстің 521-бабы);

3) рента төлеуші төлемге қабілетсіз деп танылған не оның шартта белгіленген мөлшер мен мерзімде рента төлей алмайтынын айқын куәландыратын өзге де мән-жайлар пайда болған;

4) рента төлемі ретінде берілген қозғалмайтын мүлік жалпы меншікке түскен немесе бірнеше тұлғалар арасында бөлінген жағдайларда;

5) шартта көзделген басқа да жағдайларда төлеушінің рентаны сатып алуын талап етуге құқылы.

528-бап. Тұрақты рентаның сатып алу бағасы

1. Тұрақты рентаны сатып алу осы Кодекстің 526 және 527-баптарында көзделген жағдайларда шартта белгіленген баға бойынша жүргізіледі.

2. Шартта рента төлемі ретіне төлеу үшін берілген мүліктің сатып алу бағасы туралы ереже болмаған кезде сатып алу рента төлемдерінің жылдық сомасына сәйкес баға бойынша жүзеге асырылады.

3. Шартта рента төлемін төлеуге тегін берілген мүліктің сатып алу бағасы туралы ереже болмаған кезде сатып алу бағасына рента төлемдерінің жылдық сомасымен қатар берілген мүліктің бағасы да қосылады.

529-бап. Тұрақты рента төлемі ретінде берілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі

1. Тұрақты рента төлемі ретінде тегін берілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупін рента төлеуші мойнына алады.

2. Тұрақты рента төлемі ретінде төлеу үшін берілген мүлік кездейсоқ жойылған немесе кездейсоқ бүлінген кезде төлеуші тиісінше рента төлеу жөніндегі міндеттемесін тоқтатуды немесе оны төлеу талаптарын өзгертуді талап етуге құқылы.

3. Ғұмырлық рента

530-бап. Ғұмырлық рента алушылар

1. Рента төлемі ретінде мүлік берген азаматтың өмірі кезеңіне не ол көрсеткен басқа азаматтың өмірі кезеңіне ғұмырлық рента белгіленуі мүмкін.

2. Егер шартта өзгеше белгіленбесе, рента алу құқығындағы үлестері тең деп саналған бірнеше азаматтың пайдасына ғұмырлық рента белгілеуге жол беріледі.

Рента алушының біреуі қайтыс болған жағдайда, егер шартта өзгеше көзделмесе, оның рента алу құқығындағы үлесі тірі қалған рента алушыларға ауысады, ал соңғы рента алушы қайтыс болған жағдайда рента төлеу міндеттемесі тоқтатылады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Шарт жасасу қарсаңында қайтыс болған азаматтың пайдасына өмір бойына рента белгілейтін шарт маңызсыз болады.

531-бап. Ғұмырлық рентаның мөлшері

1. Ғұмырлық рента шартта рента алушыға оның өмір сүруі кезінде мезгіл-мезгіл төленіп тұратын ақша сомасы ретінде белгіленеді. Тараптар өмір бойы асырауда ұстау туралы шарт жасасқан жағдайларда шартта мұндай асыраудың ақшалай бағасы белгіленуге тиіс.

2. Егер ғұмырлық рента шартында өзгеше көзделмесе, төленетін рентаның мөлшері бір айға шаққанда заң актілерінде белгіленген ең төменгі жалақыдан кем болмауға тиіс.

532-бап. Ғұмырлық рентаны төлеу мерзімдері

Егер шартта өзгеше көзделмесе, ғұмырлық рента әрбір күнтізбелік ай аяқталғанда төленеді.

533-бап. 2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

534-бап. Рента төлемі ретінде берілген мүліктің кездейсоқ жойылу қаупі

Ғұмырлық рента төлемі ретінде берілген мүліктің кездейсоқ жойылуы немесе кездейсоқ бүлінуі рента төлеушіні шартта көзделген талаптар бойынша оны төлеу міндеттемесінен босатпайды.

4. Өмір бойы асырауда ұстау

535-бап. Өмір бойы асырауда ұстау шарты

1. Өмір бойы асырауда ұстау шарты бойынша рента алушы азамат өзіне тиесілі қозғалмайтын мүлікті сол азаматты және (немесе) ол көрсеткен үшінші бір адамды өмір бойы асырауда ұстауды жүзеге асыруға міндеттенген рента төлеушінің меншігіне береді.

2. Өмір бойы асырауда ұстау шартына, егер осы параграфтың ережелерінде өзгеше көзделмесе, ғұмырлық рента туралы ережелер қолданылады.

536-бап. Асырауда ұстауға беру жөніндегі міндет

1. Рента төлеушінің асырауда ұстауға беру жөніндегі міндетіне тұрғын үйге, тамақ пен киімге, күтім жасауға және қажетті көмекке деген қажеттерін қамтамасыз ету енгізілуі мүмкін.

Шартта рента төлеушінің салт-жора қызметін көрсетуге ақы төлеуі де көзделуі мүмкін.

2. Шартта жалпы асырауда ұстау көлемінің құны айқындалуға тиіс. Бұл орайда жалпы асырауда ұстау көлемі айына заң актілерінде белгіленген ең төменгі екі жалақы мөлшерінен кем болмауы керек.

3. Азаматқа берілетін немесе берілуге тиісті асырауда ұстау көлемі туралы тараптар арасында туған дауды шешу кезінде сот адалдық пен парасаттылық принциптерін басшылыққа алуға тиіс.

537-бап. Өмір бойы асырауда ұстауды мерзімдік төлеммен ауыстыру

Шартта асырауда ұстауға заттай беруді ақшалай мерзімдік төлеммен ауыстыру мүмкіндігі көзделуі мүмкін.

538-бап. Өмір бойы асырауда ұстауды қамтамасыз ету үшін берілген мүлікті иеліктен айыру және пайдалану

1. Рента төлеуші өзіне өмір бойы асырауда ұстауды қамтамасыз ету үшін берілген қозғалмайтын мүлікті иеліктен айыруға, кепілге беруге және өзге де әдіспен жүктеуге рента алушының алдын ала келісімі болғанда ғана құқылы.

2. Рента төлеуші өмір бойы асырауда ұстауға берілген кезеңде аталған мүлікті пайдалану осы мүліктің құнын оның табиғи тозуынан тыс төмендетуге әкеп соқпау үшін қажетті шаралар қолдануға міндетті.

539-бап. Өмір бойы асырауда ұстауды тоқтату

1. Өмір бойы асырауда ұстау міндеттемесі рента алушы қайтыс болғанда тоқтатылады.

2. Рента төлеуші өз міндеттемелерін елеулі түрде бұзған кезде рента алушы өмір бойы асырауды қамтамасыз етуге берілген қозғалмайтын мүлікті қайтаруды не осы Кодекстің 528-бабында белгіленген жағдайда өзіне сатып алу бағасын төлеуді талап етуге құқылы. Бұл орайда рента төлеушінің рента алушыны асырауда ұстауға байланысты жасалған шығындарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

29-тарау. Мүліктік жалдау (жалға алу)

1. Жалпы ережелер

540-бап. Мүліктік жалдау шарты

1. Мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша жалға беруші жалға алушыға мүлікті ақы төлеп уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді.

2. Жалға алушы жалға алған мүлікке осы Кодексте белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша иелік етуге құқылы.

3. Лизинг, прокат шарттары да, сондай-ақ мүлікті ақы төлеп уақытша иелену мен пайдалануға беруге байланысты шарттардың өзге түрлері де мүліктік жалдау шарттарына жатады.

2011.01.03. № 414-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2013.04.07. № 131-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2015.31.10. № 380-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 541-бап өзгертілді

541-бап. Мүліктік жалдау объектілері

1. Мүліктік жалдауға кәсіпорындар мен басқа да мүліктік кешендер, жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, жабдықтар, көлік құралдары және оларды пайдалану процесінде өздерінің табиғи қасиеттерін жоймайтын басқа да заттар (тұтынылмайтын заттар) берілуі мүмкін.

2. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, жер пайдалану құқығы, жер қойнауын пайдалану құқығы және басқа да заттық құқықтар мүліктік жалдау объектісі болуы мүмкін.

3. Заң актілерінде мүліктік жалдауға тапсыруға жол берілмейтін немесе шектеу жасалатын мүлік түрлері белгіленуі мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тұрғын үй-жайларды, жер учаскелерін, жер қойнауы учаскелерін және басқа да оқшауланған табиғи объектілерді мүліктік жалдауға тапсыру ерекшеліктері белгіленуі мүмкін.

5. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға беру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісінде белгіленеді.

2025.15.03. № 172-VIII ҚР Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда (2025 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

6. Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты негізінде мүліктік жалдауға тапсыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамалық актісінде белгіленеді.

542-бап. Мүліктік жалдау шартының талаптары

Мүліктік жалдау шартында жалға алушыға мүліктік жалдау объектісі ретінде берілуге тиесілі мүлікті анықтауға мүмкіндік беретін деректер көрсетілуге тиіс.

Шартта мұндай деректер болмаған кезде мүліктік жалдауға берілуге тиесілі объект туралы талап тараптармен келісілмеген деп, ал тиісті шарт жасалмаған деп есептеледі.

543-бап. Жалға беруші

Мүліктік жалға беру құқығы оның меншік иесіне тиесілі.

Заң актілерінде уәкілдік берілген немесе меншік иесі мүлкін жалға беруді тапсырған тұлғалар да жалға берушілер бола алады.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 544-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

544-бап. Мүліктік жалдау шартының нысаны

1. Бір жылдан астам мерзімге жасалған, ал егер тараптардың біреуі заңды тұлға болса, мерзіміне қарамай-ақ, мүліктік жалдау шарты жазбаша түрде жасалуға тиіс.

2. 2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

3. Азаматтар арасындағы бір жылға дейінгі мерзімге оны қоса алғанда мүліктік жалдау шарты ауызша түрде жасалуы мүмкін.

4. Мүлікке меншік құқығының кейіннен жалға алушыға ауысуын көздейтін мүліктік жалдау шарты сондай мүлікті сатып алу-сату шарты үшін көзделген нысанда жасалады.

545-бап. Мүліктік жалдау шартының мерзімі

1. Мүліктік жалдау шарты шартта белгіленген мерзімге жасалады.

2. Егер мүліктік жалдау шарты мерзімі көрсетілмей жасалса, ол белгісіз мерзімге жасалған деп есептеледі.

Қозғалмайтын мүлікті жалдаған жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, әрбір тарап екінші тарапқа үш ай бұрын ескертіп, мұндай шарттан кез келген уақытта және өзге мүлікті жалдаған жағдайда, бір ай ішінде бас тартуға құқылы.

3. Заң актілерінде мүліктік жалдаудың жекелеген түрлері үшін, сондай-ақ мүліктің жекелеген түрлерін жалдау үшін шарттың барынша ұзақ (шекті) мерзімі белгіленуі мүмкін. Мұндай жағдайларда, егер шартта жалдау мерзімі белгіленбесе және заң актілерінде белгіленген шекті мерзім біткенге дейін тараптардың ешқайсысы шарттан бас тартпаса, шарт шекті мерзімінің бітуіне қарай тоқтатылады.

Бұл жағдайда заң актілерінде белгіленген шекті мерзімнен асатын мүліктік жалдау шарты барынша ұзақ (шекті) мерзімге тең етіп жасалған деп есептеледі.

546-бап. Мүліктік жалдау шарты бойынша жасалатын төлем

1. Жалға алынған мүлікті пайдалану үшін төлемді, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шартта белгіленген тәртіп, мерзім мен нысан бойынша жалға алушы төлейді. Шартта олар айқындалмаған жағдайларда салыстырмалы мән-жайларда әдетте сол секілді мүлікті жалға алған кезде қолданылатын тәртіп, мерзім мен нысан белгіленген деп есептеледі.

2. Төлем барлық жалданылған мүлік үшін тұтас немесе оның құрамдас бөліктерінің әрқайсысы бойынша жеке:

1) мерзімдік немесе біржолғы енгізілетін төлемдердің тұрлаулы сомасында белгіленген;

2) жалданылған мүлікті, өнімді, жемістерді немесе кірістерді пайдалану нәтижесінде алынған белгілі бір үлес;

3) жалға алушының белгілі бір қызмет көрсетулері;

4) жалға алушының шартта келісілген затты жалға берушінің меншігіне немесе жалдауына беруі;

5) жалға алушыға жалданылған мүлікті жақсарту жөнінде шартта келісілген шығындарды жүктеуі түрінде белгіленеді.

Тараптар шартта мүлікті немесе өзге де төлем нысандарын пайдалану үшін аталған төлем нысандарын ұштастыруды көздеуі мүмкін.

3. Мүлікті пайдаланғаны үшін жасалатын төлем мөлшері, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, кем дегенде жылына бір рет өзгертілуі мүмкін. Заң актілерінде мүліктік жалдаудың жекелеген түрлері үшін, сондай-ақ мүліктің жекелеген түрлерін жалдау үшін жасалатын төлем мөлшерін қайта қарауға өзге де ең аз мерзімдер көзделуі мүмкін.

4. Орталықтандырылып белгіленген баға мен тарифтер өзгертілген жағдайда тараптардың біреуінің талабы бойынша төлем мөлшері қайта қаралуы мүмкін.

5. Егер жалға алушы жауап бермейтін мән-жайларға байланысты шартта көзделген пайдалану жағдайлары немесе мүліктің жай-күйі едәуір нашарлап кетсе, заң актілерінде өзгеше көзделмесе, ол төлемді тиісінше азайтуды талап етуге құқылы.

6. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жалға алушы мүлікті пайдаланғаны үшін төлем төлеу мерзімін елеулі түрде бұзған жағдайда жалға беруші одан төлемді жалға беруші белгілеген мерзімнен бұрын төлеуді талап етуге құқылы. Бұл ретте жалға берушінің төлемді қатарынан екі мерзімнен астам уақытқа мерзімінен бұрын төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

547-бап. Мүлікті жалға алушыға беру

1. Жалға беруші мүлікті жалға алушыға шарт талаптары мен мүліктің мақсатына сәйкес келетін күйде беруге міндетті.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, мүлік жалға оның барлық керек-жарақтарымен және оған қатысты құжаттармен (мүліктің жиынтықтылығын, қауіпсіздігін, сапасын, пайдалану тәртібін куәландыратын және т.б. құжаттармен) бірге беріледі.

Егер мұндай керек-жарақтар мен құжаттар берілмеген болса, алайда жалға алушы мүлікті оларсыз мақсатқа сәйкес пайдалана алмаса не шарт жасасу кезінде үміт етуге құқығы болғанынан едәуір дәрежеде айрылатын болса, ол өзіне жалға берушіден мұндай керек-жарақтар мен құжаттарды беруді немесе шартты бұзуды талап ете алады.

3. Егер жалға беруші жалға берілген мүлікті жалға алушыға шартта көрсетілген мерзімде бермесе, ал шартта мұндай мерзім көрсетілмесе, жалға алушы қисынды мерзімде одан осы Кодекстің 355-бабына сәйкес сол мүлікті талап етуге немесе шартты бұзуды талап етуге құқылы.

548-бап. Жалға берушінің жалға берілген мүліктің кемшіліктері үшін жауапкершілігі

1. Жалға беруші жалға берілген мүліктің оны пайдалануға толық немесе ішінара кедергі жасайтын кемшіліктері үшін, тіпті ол шарт жасалған кезде бұл кемшіліктер туралы білмесе де, жауап береді.

Осындай кемшіліктер табылған жағдайда жалға алушы жалға берушіден өз қалауы бойынша:

1) мүліктің кемшіліктерін тегін жоюды;

2) жалдау ақысын соған мөлшерлес азайтуды;

3) жалға берушіге бұл туралы алдын ала хабарлай отырып, сол кемшіліктерді жою жолында өзі жасаған шығындар сомасын мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін төлемнен ұстап қалуды;

4) шартты мерзімінен бұрын бұзуды талап етуге құқылы.

2. Жалға алушының талаптары туралы немесе оның мүліктің кемшіліктерін жалға берушінің есебінен жою ниеті туралы хабарланған жалға беруші жалға алушының келісімімен жалға берілген мүлікті тез арада тиісті жағдайда тұрған басқа осыған ұқсас мүлікпен ауыстыра алады не мүліктің кемшіліктерін тегін жоя алады.

3. Егер жалға алушының талаптарын қанағаттандыру немесе оның мүлікті пайдаланғаны үшін жасалатын төлемнен кемшілікті жоюға кеткен шығындарын ұстап қалу жалға алушыға келтірілген залалды өтеуге жетпесе, ол шығынның өтелмеген бөлігін өтеуді талап етуге құқылы.

4. Жалға беруші жалға берілген мүліктің шарт жасасқан кезде айтылған немесе жалға алушыға бұрыннан белгілі болған кемшіліктері үшін жауап бермейді.

549-бап. Жалға берілетін мүлікке үшінші тұлғалардың құқықтары

1. Мүлікті жалға беру бұл мүлікке үшінші тұлғалардың құқықтарын тоқтату немесе өзгерту үшін негіз болып табылмайды.

2. Жалға беруші шарт жасасқан кезде жалға алушыға жалға берілетін мүлікке үшінші тұлғалардың барлық құқықтары (сервитут, кепіл құқығы және т.б.) туралы ескертуге міндетті.

Бұл ережені орындамау жалға алушыға мүлікті пайдаланғаны үшін төлемді азайтуды не шартты бұзуды талап етуге құқық береді.

550-бап. Жалға алған мүлікті пайдалану

Жалға алушы мүлікті шарт талаптарына сәйкес, ал егер шартта мұндай талаптар белгіленбесе, мүліктің мақсатына сәйкес пайдалануға міндетті.

551-бап. Жалға алушының жалға алған мүлікке билік ету шегі

1. Егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, жалға алушы жалға берушінің келісімімен жалға алған мүлікті қосымша жалдауға (қосалқы жалға алу), мүліктік жалдау шарты

бойынша өз құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға беруге (қайта жалға беру), жалға алған мүлікті тегін пайдалануға беруге, сондай-ақ осы құқықтарды кепілге беруге және оларды шаруашылық серіктестіктерінің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде салуға құқылы. Аталған жағдайларда, қайта жалға беруді қоспағанда, жалға алушы жалға берушінің алдында шарт бойынша жауапты болып қала береді.

2. Мүлікті басқа тұлғаларға беру туралы шартты жалдау шартының мерзімінен асатын мерзімге жасауға болмайды.

3. Қайта жалға беру шартына, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, мүліктік жалдау шарты туралы ережелер қолданылады.

552-бап. Жалға берушінің жалға берілген мүлікті ұстап-тұту жөніндегі міндеттері

1. Жалға беруші жалға берілген мүлікке тараптармен келісілген мерзімдерде, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, өз есебінен күрделі жөндеу жүргізуге міндетті.

2. Жалға алушы жауап бермейтін мән-жайларға байланысты пайда болып, шұғыл қажеттілік туғызған жөндеуді, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жалға беруші қисынды мерзімдерде өз есебінен жүргізеді.

3. Жалға берушінің күрделі жөндеу жөніндегі міндеттерін атқармауы жалға алушыға өз қалауы бойынша:

1) жөндеуді өз бетінше жүргізуіне және жөндеу құнын жалға берушіден өндіріп алуына;

2) жөндеу құнын шарт бойынша төлемнің есебіне есептеуіне;

3) шарт бойынша төлемді тиісінше азайтуды талап етуіне;

4) шарттан бас тартуына құқық береді.

553-бап. Жалға алушының жалданған мүлікті ұстап-тұту жөніндегі міндеттері

Жалға алушы, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, мүлікті дұрыс күйде ұстап-тұтуға, ағымдағы жөндеуді өз есебінен жүргізуге және мүлікті ұстап-тұтуға кететін шығындарды көтеруге міндетті.

554-бап. Жалға алушының жалданған мүліктен алынатын өнімге, жемістерге және өзге де кірістерге меншік құқығы

Жалданған мүлікті пайдалану нәтижесінде жалға алушының алған өнімі, жемістері және өзге де кірістері, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, оның меншігі болып табылады.

555-бап. Мүлікті жақсарту

1. Жалданған мүліктің жалға алушы жүргізген бөлігінің ажыратылып жақсартылуы, егер шартта өзгеше көзделмесе, оның меншігі болып табылады.

2. Жалға алушы өз қаражаты есебінен және жалға берушінің келісімімен, жалданған мүлікке зиян келтірмей ажыратуға болмайтын жақсарту жүргізсе, шартта өзгеше көзделмегендіктен, оның шарт тоқтағаннан кейін осы жақсартудың құнын өтеттіріп алуға құқығы бар.

3. Жалға алушының жалға берушінің келісімінсіз жүргізген ажыратуға болмайтын жақсартуының құны, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, өтеуге жатпайды.

556-бап. Тараптардың біреуінің талап етуі бойынша мүліктік жалдау шартын өзгерту және бұзу

1. Тараптардың біреуінің талап етуі бойынша мүліктік жалдау шарты осы Кодексте, өзге де заң актілерінде немесе шартта көзделген жағдайларда сот тәртібімен өзгертілуі немесе мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

2. Жалға берушінің талабы бойынша мынадай жағдайларда:

1) егер жалға алушы мүлікті шарт талаптарын немесе мүліктің мақсатын елеулі түрде бұзып, жалға берушінің мұндай іс-әрекетті тоқтату туралы жазбаша ескертуіне қарамастан пайдаланса;

2) егер жалға алушы қасақана немесе абайсызда мүлікті елеулі түрде нашарлатса;

3) егер жалға алушы мүлікті пайдаланғаны үшін шартта белгіленген төлем мерзімінің өтуі бойынша екі реттен астам төлем жасамаса;

4) егер жалға алушы жалға алу шартында белгіленген мерзімде мүлікті күрделі жөндеуден өткізбесе, ал ол шартта көрсетілмеген жағдайда - заң актілеріне немесе шартқа сәйкес күрделі жөндеу міндеті жалға алушыға жүктелген жағдайларда, оны қисынды мерзімде өткізбесе, мүліктік жалдау шарты бұзылып, мүлік жалға берушіге қайтарылуы мүмкін.

Жалға беруші жалға алушыға өз міндетін қисынды мерзімде орындауға мүмкіндік берілгеннен кейін ғана шартты мерзімінен бұрын бұзуды талап етуге құқылы.

3. Жалға алушының талап етуімен шарт мынадай жағдайларда:

1) жалға беруші мүлікті жалға алушыға пайдалануға бермеген не мүлікті шарт талаптарына немесе мүліктің мақсатына сәйкес пайдалануға кедергі жасаған;

2) жалға беруші өзіне жүктелген мүлікті күрделі жөндеу міндетін шартта белгіленген мерзімде, ал ол шартта болмаған жағдайда - қисынды мерзімде жүргізбеген;

3) жалға алушыға берілген мүлікте оны пайдалануға кедергі келтіретін кемшіліктер болып, оны шарт жасалған кезде жалға беруші ескертпеген, жалға алушыға алдын ала белгілі болмаған және мүлікті көрген кезде немесе шарт жасаған кезде оның ақаусыздығын тексерген кезде оның байқалуы мүмкін болмаған;

4) егер мүлік жалға алушы жауап бермейтін мән-жайларға байланысты пайдалану үшін жарамсыз күйде болған реттерде мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

557-бап. Жалға алушының шартты жаңа мерзімге жасасуға артықшылықты құқығы

1. Өз міндетін лайықты түрде атқарған жалға алушының, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, шарт мерзімі біткеннен кейін басқа тұлғалардың алдында мүліктік жалдау шартын жаңа мерзімге жасау үшін басқадай тең жағдайларда артықшылықты құқығы болады. Жалға алушы мүліктік жалдау шартында көрсетілген мерзімде, ал егер шартта осындай мерзім көрсетілмесе, шарттың қолданылуы анықталғанша қисынды мерзімде осындай шартты жасағысы келетіндігі туралы жалға берушіге жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

2. Мүліктік жалдау шарты жаңа мерзімге жасалған кезде шарт талаптары тараптардың келісімімен өзгертілуі мүмкін.

3. Егер жалға беруші шартты жаңа мерзімге жасасу жөнінде жалға алушыдан бас тартса, бірақ шарт мерзімі біткен күннен бастап бір жылдың ішінде басқа тұлғамен мүліктік жалдау шартын жасаса, жалға алушы өз таңдауы бойынша сотта осы жасалған шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді өзіне ауыстыруды және өзімен шарт жасасуды жаңартудан бас тарту арқылы келтірілген залалды өтеуді не тек залалды өтеуді талап етуге құқылы.

558-бап. Мүліктік жалдау шартын қайта жаңарту

Егер жалға беруші тарапынан қарсылық болмаған жағдайда жалға алушы шарттың мерзімі біткен соң да мүлікті пайдалана беретін болса, шарт нақ сондай талаптармен белгісіз мерзімге қайта жаңартылған деп есептеледі. Бұл орайда тараптардың әрқайсысы қозғалмайтын мүліктік жалдау кезде, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, бұл туралы басқа тарапқа кем дегенде үш ай бұрын және өзге мүліктік жалдау

кезде - бір ай ішінде жазбаша түрде ескерте отырып, шарттан кез келген уақытта бас тарта алады.

559-бап. Мүліктік жалдау шартының тараптар өзгерген кезде күшін сақтап қалуы

1. Жалға берілген мүлікке меншік құқығының, шаруашылық жүргізу құқығының немесе оралымды басқару құқығының басқа тұлғаға ауысуы мүліктік жалдау шартын өзгертуге немесе бұзуға негіз болып табылмайды.

2. Қозғалмайтын мүлікті жалға алушы болып табылатын азамат қайтыс болған жағдайда осы мүліктік жалдау шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, оның мұрагеріне ауысады.

Мұндай мұрагерге шарттың қолданылу мерзімінің қалған уақытында шарт жасасудан бас тартуға, шарт жасасу жалға алушының жеке басының қасиеттеріне байланысты болған жағдайды қоспағанда, жалға берушінің құқығы болмайды.

560-бап. Қосымша жалдау шартының негізгі мүліктік жалдау шартына тәуелділігі

1. Егер мүліктік жалдау шартында өзгеше көзделмесе, мүліктік жалдау шартын мерзімінен бұрын тоқтату соған сәйкес жасалған қосымша жалдау шартын тоқтатуға әкеп соғады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Егер мүліктік жалдау шарты осы Кодексте көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп табылса, онда оған сәйкес жасалған қосымша жалдау шарты маңызсыз болып табылады.

561-бап. Шарт тоқтатылған кезде жалға берушіге мүліктің қайтарылуы

1. Мүліктік жалдау шарты тоқтатылғаннан кейін жалға алушы мүлікті алған кезіндегі күйінде, қалыпты тозуын ескере отырып немесе шартта келісілген күйінде оны жалға берушіге қайтаруға міндетті.

2. Егер шарт мерзімі аяқталған соң қайтарылатын мүліктің жай-күйі осы баптың 1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмесе, жалға алушы келтірілген шығынды жалға берушіге өтейді. Егер жалға берілген мүліктік шартта көзделген қызмет мерзімінен бұрын істен шығып қалса, жалға алушы, егер шартта өзгеше көзделмесе, жалға берушіге мүліктің қалдық құнын өтейді.

3. Егер жалға алушы жалға алған мүлікті қайтармаса немесе оны мезгілінде қайтармаса, жалға беруші барлық мерзімі өткізілген уақыт үшін мүлікті пайдалану ақысын төлеуді талап етуге құқылы. Аталған ақы жалға берушіге келтірілген шығындарды жабуға жетпесе, ол оны өтеуді талап ете алады.

4. Шартта уақытында қайтарылмаған жалға алған мүліктік үшін тұрақсыздық айыбын төлеу көзделген жағдайда шығын, егер шартта өзгеше көзделмесе, тұрақсыздық айыбынан тыс толық сомада өндіріліп алынуы мүмкін.

562-бап. Мүліктің жалға алушының меншігіне көшуі

1. Мүліктік жалдау шартында жалға алынған мүліктік жалға алушының меншігіне тараптардың келісімінде белгіленген жағдайларда көшеді деп көзделуі мүмкін.

2. Егер шартта жалға алынған мүлікті сатып алу туралы ереже көзделмесе, ол тараптардың қосымша келісімімен белгіленуі мүмкін, бұл орайда олар мүлікті пайдалануға бұрын төленген ақыны сатып алу бағасына есептеу туралы уағдаласуға құқылы.

3. Жалға алынған мүлікті сатып алуға тыйым салу жағдайлары заң актілерімен белгіленуі мүмкін.

563-бап. Жалға алушының құқықтарын қорғау

Жалға алушыға оның жалға алған мүлікке құқықтары меншік құқығын қорғаумен тең қамтамасыз етіледі.

Жалға беруші жалға алынған мүлікті пайдалану қандай да болсын құқықтары жоқ үшінші бір тұлғаның күш көрсеткен іс-қимылдарымен бұзылғаны үшін жалға берушінің алдында жауапты болмайды.

Жалға алушының талап қоюға және өзге де түрде өз атынан өзіне тиесілі құқықтарды қорғауға құқығы бар.

ҚР 05.07.2000 ж. № 75-II Заңына сәйкес 564-бап толықтырылды

564-бап. Мүліктік жалдаудың жекелеген түрлерінің және жекелеген мүлік түрлерін жалдаудың ерекшеліктері

Мүліктік жалдау шартының жекелеген түрлеріне және жекелеген мүлік түрлерін жалдау шарттарына (лизинг, кәсіпорындарды жалдау, үйлер мен ғимараттарды жалдау, көлік құралдарын жалдау, прокат), егер заң актілерінде және осы Кодекстің ережелерінде олар туралы өзгеше көзделмесе, осы параграфта көзделген ережелер қолданылады.

2. Лизинг

ҚР 10.03.04 ж. № 532-II Заңымен 565-бап толықтырылды

565-бап. Лизинг шарты

2018.05.10. № 184-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Лизинг шарты бойынша лизинг беруші лизинг алушы көрсеткен мүлікті сатушыдан меншігіне сатып алуға және лизинг алушыға осы мүлікті ақы төлеп уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді.

2. Лизинг шартында сатушыны және сатып алынатын мүлікті таңдап алуды лизинг беруші жүзеге асырады деп көзделуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының заң актілерімен лизинг шартының жекелеген түрлерінің ерекшеліктері белгіленуі мүмкін.

2015.22.04. № 308-V ҚР Заңымен 566-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

566-бап. Лизинг нысанасы

Үйлер, ғимараттар, машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар, көлік құралдары, жер учаскелері және кез келген тұтынылмайтын заттар лизинг нысанасы бола алады.

Кепіл нысанасы болып табылатын жылжымалы мүлік лизинг нысанасы бола алады.

Бағалы қағаздар мен табиғи ресурстар лизинг нысанасы бола алмайды.

2015.22.04. № 308-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 567-бап өзгертілді

567-бап. Лизинг шартының елеулі талаптары

Лизинг шартында, осы Кодекстің 542-бабында аталған талаптардан басқа, мынадай талаптар болуға тиіс:

1) мүлікті сатушының атауы;

2) лизинг алушыға мүлікті берудің талаптары мен мерзімі;

3) төлемдердің мөлшері мен мерзімділігі;

4) шарт мерзімі;

5) егер шартта лизинг алушының меншігіне мүліктің көшуі көзделсе, осындай көшудің талаптары;

6) ауыртпалықтардың бар-жоғы.

Қаржы лизингі шартының елеулі талаптары «Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

568-бап. Мүлікті лизингке беру туралы сатушыны хабардар ету

Лизинг беруші лизинг алушы үшін мүлік сатып ала отырып, мүліктің белгілі бір тұлғаға лизинг ретінде беруге арналғандығы туралы сатушыны хабардар етуге тиіс.

569-бап. Мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі

Лизингтің нысанасы болып табылатын мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі, егер шартта өзгеше көзделмесе, мүлікті берген кезде лизинг алушыға ауысады.

570-бап. Лизинг шарты бойынша төленетін төлемдер

Лизинг шартына сәйкес төленуге тиісті мерзімділік төлемдері мүліктің шарт жасасқан кездегі баға бойынша құнының барлық немесе елеулі бөлігінің амортизациясы ескеріле отырып есептелуі мүмкін.

2015.22.04. № 308-V ҚР Заңымен 571-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

571-бап. Лизинг алушыға лизинг шартының нысанасын беру

1. Лизинг шартының нысанасы болып табылатын мүлікті сатушы лизинг алушыға, егер шартта өзгеше көзделмесе немесе міндеттеме мәнінен өзгеше туындамаса, лизинг алушы орналасқан жерде тікелей береді.

2. Лизинг шартының нысанасы болып табылатын мүлік осы шартта аталған мерзімде лизинг алушыға берілмеген жағдайда, егер мерзімін өткізуге лизинг беруші жауап беретін мән-жайлар бойынша жол берілген болса, лизинг алушы шартты бұзуды және шығынды өтеуді талап етуге құқылы.

3. Кепіл нысанасы болып табылатын жылжымалы мүлік лизинг шарты бойынша берілуі мүмкін.

572-бап. Сатушының жауапкершілігі

1. Лизинг алушы лизинг шартының нысанасы болып табылатын мүлікті сатушыға - сатушы мен лизинг берушінің арасында жасалған сатып алу-сату шартынан туындайтын, атап айтқанда, мүліктің сапасы мен жиынтықтылығына, оны беру мерзіміне қатысты және сатушы шартты тиісті түрде орындамаған басқа да жағдайларда туындайтын талаптарды тікелей қоюға құқылы. Бұл орайда лизинг алушы аталған мүлікті сатып алу-сату тарабы болғанда сатып алынған мүлікке ақы төлеу міндетін қоспағанда, оны сатып алушы үшін осы Кодексте көзделген құқықтары болады және міндеттемелерді мойнына алады.

Сатушымен қатынастарда лизинг алушы мен лизинг беруші бірлескен кредит беруші болады.

2. Егер лизинг шартында өзгеше көзделмесе, сатушыны таңдау құқығы лизинг алушыда болған жағдайларды қоспағанда, лизинг беруші лизинг алушының алдында сатушының сатып алу-сату шартынан туындайтын талаптарды орындауы үшін жауап бермейді. Сатушыны лизинг беруші таңдайтын жағдайда лизинг алушы сатып алу-сату шартынан туындайтын талаптарды тікелей өз қалауы бойынша бірдей жауап беретін мүлікті сатушыға да, лизинг алушыға да қоюға құқылы.

3. Кәсіпорынды жалдау

573-бап. Кәсіпорынды жалдау шарты

1. Кәсіпорынды жалдау шарты бойынша жалға беруші жалға алушыға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы үшін кәсіпорынды ақы төлеп уақытша иеленуге және кәсіпорынды толығымен біртұтас мүлік кешені ретінде пайдалануға (осы Кодекстің 119-бабы), оның ішінде құқық иесінің фирмалық атауына және (немесе) коммерциялық белгісіне, қорғалатын коммерциялық ақпаратқа құқығын, сондай-ақ жалға берушінің басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ құқықтар мен міндеттерді қоспағанда, шартта көзделген

басқа да айрықша құқықтағы объектілерді - тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін және т.б. (айрықша құқықтар кешенін) беруге міндеттенеді.

2. Жалға берушінің тиісті қызметпен айналысуға берілген лицензия негізінде алған құқықтары, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, жалға алушыға берілмеуге тиіс. Шарт бойынша берілетін кәсіпорынның құрамына осындай арнаулы рұқсаты (лицензиясы) болмаған жағдайда жалға алушының орындауы мүмкін болмайтын міндеттемелерді енгізу жалға берушіні кредит берушілер алдындағы тиісті міндеттемелерден босатпайды.

2007.15.05. № 253-III ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Кәсіпорынның қызметкерлеріне қатысты құқықтар мен міндеттер жалға берушіден жалға алушыға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген тәртіппен ауысады.

574-бап. Кәсіпорынды жалдау кезіндегі кредит берушілердің құқықтары

1. Жалға алушыға борыштарын аударғаны туралы жалға беруші өз кредит берушілерін жалдау шарты жасалғанға дейін жазбаша түрде хабардар етуге міндетті, олар осындай аударумен келіспеген жағдайда хабарлама алған күннен бастап үш айдың ішінде жалға берушіден тиісті міндеттемелерді тоқтатуын немесе мерзімінен бұрын орындауын және залалды өтеуін талап етуге құқылы. Егер көрсетілген мерзімде осы талаптардың ешқайсысы қойылмаса, кредит беруші тиісті борышты жалға алушыға аударуға келісім берді деп танылады.

2. Кәсіпорын жалға алушыға жалға берушіден міндеттемелерді тоқтатуды немесе мерзімінен бұрын орындауды талап еткен кредит берушілермен есеп айырысу аяқталғаннан кейін ғана берілуі мүмкін.

3. Кәсіпорынды мүлік кешені ретінде жалға бергеннен кейін жалға беруші мен жалға алушы берілген кәсіпорынның құрамына енгізілген, жалға алушыға кредит берушінің келісімінсіз аударылған борыштар бойынша бірдей жауапты болады.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 575-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

575-бап. Кәсіпорынды жалдау шартының нысаны

1. Кәсіпорынды жалдау шарты тараптар қол қойған бірыңғай құжат жасау жолымен жазбаша түрде жасалады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Кәсіпорынды жалдау шартының нысанын сақтамау шарттың маңызсыздығына алып келеді.

3. 2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

576-бап. Жалға алынған кәсіпорынды беру

Кәсіпорынды жалға алушыға беру өткізу актісі бойынша жүзеге асырылады. Өткізу актісін жасау мен қол қоюға ұсынуды қоса алғанда, кәсіпорынды беруге дайындау, егер шартта өзгеше көзделмесе, жалға берушінің міндеті болып табылады және соның есебінен жүзеге асырылады.

577-бап. Жалға алушының кәсіпорынды ұстау және оны пайдалану бойынша шығындарды төлеу жөніндегі міндеттері

1. Кәсіпорынды жалға алушы шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде, егер шартта өзгеше көзделмесе, ағымдағы және күрделі жөндеуді қоса алғанда, кәсіпорынды тиісті техникалық күйде ұстауға міндетті.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жалға алынған кәсіпорынды пайдалануға байланысты шығындар жалға алушыға жүктеледі.

578-бап. Жалға алынған кәсіпорынның мүлкін пайдалану

Жалға алушы жалға берілген кәсіпорын мүлкінің құрамына кіретін материалдық қазыналарды, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жалға берушінің келісімінсіз сатуға, айырбастауға, уақытша пайдалануға не қарыз етіп беруге оларды қосалқы жалға өткізуге және шарт бойынша осындай құндылықтарға қатысты өз құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға беруге құқылы, мұндай жағдайда бұл кәсіпорынның құнын кемітуге әкеп соқпауы және жалдау шартының басқа ережелерін бұзбауы керек.

579-бап. Жалға алушының жалға алынған кәсіпорынға өзгерістер мен жақсартулар енгізуі

1. Егер кәсіпорынды жалдау шартында өзгеше көзделмесе, жалға алушы жалға берушінің келісімінсіз жалға алынған мүлік кешенінің құрамына оның құнын арттыратын өзгерістер енгізуге, оны қайта құруға, кеңейтуге, техникамен қайта жарақтандыруға құқығы.

2. Егер кәсіпорынды жалдау шартында өзгеше көзделмесе, кәсіпорынды жалдаушы жалға алынған мүліктен ажыратуға болмайтын жақсарту құнының, мұндай жақсартуға жалға берушінің рұқсат етуіне қарамастан, өтемін алуға құқылы.

3. Жалға беруші жалға алынған мүліктен ажыратуға болмайтын жақсарту құнын өтеу міндетінен, егер ол жалға алушының осы жақсартуға шыққан шығысының жалға алынған мүлік құнынан оның пайдаланылу қасиетін жақсарту мөлшеріне сәйкес келмейтіндей екенін немесе мұндай жақсартуларды жүзеге асыру кезінде адалдық пен ақылға сыйымдылық принциптерінің бұзылғандығын дәлелдесе, сот арқылы босатылуы мүмкін.

580-бап. Жалға алынған кәсіпорынды қайтару

Жалдау шарты тоқтатылған жағдайда кәсіпорын тұтастай мүлік кешені ретінде осы Кодекстің 573, 574 және 576-баптарында көзделген ережелерді сақтай отырып жалға берушіге қайтарылуға тиіс. Өткізу актісін жасауды және оны қол қоюға табыс етуді қоса алғанда, кәсіпорынды жалға берушіге беруге дайындау, егер шартта өзгеше көзделмесе, бұл жағдайда жалға алушының міндеті болып табылады және соның есебінен жүзеге асырылады.

4. Үйлер мен ғимараттарды жалдау

581-бап. Үйді немесе ғимаратты жалдау шарты

1. Үйді немесе ғимаратты жалдау шарты бойынша жалға беруші үйді немесе ғимаратты жалға алушының уақытша иеленуіне және пайдалануына беруге міндеттенеді.

2. Егер осы Кодекстің кәсіпорынды жалдау туралы ережелерінде өзгеше көзделмесе, кәсіпорындарды жалдауға осы параграфтың ережелері қолданылады.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 582-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

582-бап. Үйді немесе ғимаратты жалдау шартының нысаны

1. Үйді немесе ғимаратты жалдау шарты тараптар қол қойған бірыңғай құжат ретінде жазбаша нысанда жасалады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Ғимаратты немесе үй-жайды жалдау шартының нысанын сақтамау оның маңызсыздығына алып келеді.

3. 2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

583-бап. Жалдау ақысының мөлшері

1. Үйді немесе ғимаратты жалдау шартында жалдау ақысының мөлшері көзделуге тиіс. Тараптардың жалдау ақысының мөлшері туралы жазбаша түрде келіскен талаптары болмаған жағдайда үйді немесе ғимаратты жалдау шарты жасалмаған деп саналады. Бұл

орайда осы Кодекстің 385-бабының 3-тармағында көзделген баға белгілеу ережелері қолданылмайды.

2. Үйді немесе ғимаратты жалдау ақысы шартта үй (ғимарат) алаңының бөлінісіне немесе оның көлемінің өзге көрсеткішіне белгіленсе, жалдау ақысы жалға алушыға берілген үйдің немесе ғимараттың нақты мөлшері негізге алына отырып айқындалады.

584-бап. Үйді немесе ғимаратты беру

1. Жалға берушінің үйді немесе ғимаратты беруі және оны жалға алушының қабылдауы өткізу актісі немесе тараптар қол қоятын өткізу туралы өзге де құжат бойынша жүзеге асырылады.

2. Үйді немесе ғимаратты беру туралы құжатқа тараптардың бірінің шартта көзделген талаптар бойынша қол қоюдан бас тартуы, тиісінше жалға берушінің мүлікті беру жөніндегі міндетін орындаудан, ал жалға алушының мүлікті қабылдаудан бас тартуы деп қаралады.

3. Жалданған үйді немесе ғимаратты жалдау шарты тоқтатылған жағдайда жалға алынған үй немесе ғимарат осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген ережелер сақтала отырып, жалға берушіге қайтарылуға тиіс.

5. Көлік құралдарын жалдау

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 585-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

585-бап. Көлік құралын экипажымен жалдау шарты

1. Көлік құралын (уақытша кеме жалдау) басқару және техникалық пайдалану бойынша қызмет көрсетуімен жалдау шарты (көлік құралын экипажымен жалдау шарты) бойынша жалға беруші жалға алушыға ақы төлетіп көлік құралын уақытша иелену мен пайдалануға беруге және өз күшімен оны басқару мен техникалық пайдалану бойынша қызмет көрсетуге міндетті.

2. Осы тараудың жалға алушының жалдау шартын жаңа мерзімге жасасуға артықшылықты құқығы туралы және жалдау шартын белгісіз мерзімге қайта жаңарту туралы қағидалары (осы Кодекстің 557 және 558-баптары) көлік құралдарын экипажымен жалдау шартына қолданылмайды.

586-бап. Көлік құралын экипажымен жалдау шартының нысаны

Көлік құралын экипажымен жалдау шарты оның мерзіміне қарамастан жазбаша түрде жасалуға тиіс.

587-бап. Жалға берушінің көлік құралын ұстау жөніндегі міндеті

Жалға беруші шарт қолданылатын бүкіл мерзім ішінде жалға берілген көлік құралын, ағымдағы және күрделі жөндеуді жүзеге асыру мен қажетті керек-жарақтарын беруді қоса алғанда, тиісті жағдайда ұстауға міндетті.

588-бап. Жалға берушінің көлік құралын басқару мен техникалық пайдалану жөніндегі міндеттері

1. Жалға алушыға жалға беруші берген көлік құралын басқару мен техникалық пайдалану бойынша көрсететін қызметінің көлемі шартта аталған жалдау мақсатына сәйкес оның қалыпты және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге тиіс. Көлік құралын экипажымен жалдау шартында жалға алушыға көрсетілетін қызметтің неғұрлым кең ауқымы көзделуі мүмкін.

2. Көлік құралы экипажының құрамы және оның біліктілігі тараптар үшін міндетті ережелер мен шарттың жағдайларына, ал егер тараптар үшін міндетті ережелермен мұндай талаптар белгіленбесе, көлік құралының осы түрін пайдаланудың әдеттегі практикасы талаптарына және шарттың жағдайларына сай келуге тиіс.

3. Экипаж мүшелері жалға берушімен еңбек қатынастарын сақтап қалады. Олар жалға берушінің басқару мен техникалық пайдалануға қатысты өкімдеріне және жалға алушының көлік құралын коммерциялық пайдалануға қатысты өкімдеріне бағынады.

4. Егер жалдау шартында өзгеше көзделмесе, экипаж мүшелерінің көрсеткен қызметіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды, сондай-ақ оларды ұстау жөніндегі шығындарды жалға беруші көтереді.

589-бап. Жалға берушінің көлік құралын коммерциялық пайдалануға байланысты шығындарды төлеу жөніндегі міндеті

Егер көлік құралын экипажымен жалға беру шартында өзгеше көзделмесе, жалға алушы жанармайға және пайдалану процесінде жұмсалатын басқа да материалдарға ақы төлеу жөніндегі, алымдарды төлеу жөніндегі шығындарды және көлік құралын коммерциялық пайдалануға байланысты туындаған басқа да шығындарды көтереді.

590-бап. Көлік құралын сақтандыру

Егер көлік құралын экипажымен жалдау шартында өзгеше көзделмесе, көлік құралын сақтандыру және (немесе) ол келтіруі мүмкін немесе оны пайдалануға байланысты келтірілген зиян үшін жауапкершілікті сақтандыру міндеті мұндай сақтандыру міндетті болып табылатын жағдайда жалға берушіге жүктеледі.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 591-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

591-бап. Көлік құралын пайдалану туралы үшінші тұлғалармен шарт жасасу

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жалға алушы жалға алынған көлік құралын коммерциялық пайдалануды жүзеге асыру шеңберінде жалға берушінің келісімінсіз өз атынан үшінші тұлғалармен, егер олар жалдау шартында көрсетілген көлік құралдарын пайдалану мақсаттарына, ал егер мұндай мақсаттар белгіленбесе - көлік құралының мақсатына қайшы келмесе, тасымалдау шартын және өзге де шарттар жасасуға құқылы.

592-бап. Көлік құралына келтірілген зиян үшін жауапкершілік

Жалға алынған көлік құралы жойылған немесе бүлінген жағдайда, егер жалға беруші көлік құралының жойылуы немесе бүлінуі жалға алушы заң актілеріне немесе шартқа сәйкес жауап беретін мән-жайлар бойынша болғанын дәлелдесе, жалға алушы жалға берушіге келтірілген залалды өтеуге міндетті.

593-бап. Көлік құралы келтірген зиян үшін жауапкершілік

Үшінші тұлғаға жалға алынған көлік құралы, оның тетіктері, құрылғылары, жабдықтары және т.б. келтірген зиян үшін осы Кодекстің 931-бабының ережелеріне сәйкес жалға алушы жауапты болады.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 594-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

594-бап. Көлік құралдарының жекелеген түрлерін жалдаудың ерекшеліктері

Көлік құралдарының жекелеген түрлерін оны басқару және техникалық пайдалану жөніндегі қызмет көрсетуімен жалдаудың осы параграфта көзделгендерден басқа ерекшеліктері заң актілерімен белгіленуі мүмкін.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен Кодекс 594-1-баппен толықтырылды

594-1-бап. Көлік құралын экипажсыз жалдау шарты

1. Көлік құралын экипажсыз жалдау шарты бойынша жалға беруші жалға алушыға көлік құралын басқару мен техникалық пайдалану бойынша қызметтерді көрсетпестен, оны уақытша иеленуге және пайдалануға ақы төлетіп береді.

2. Жалдау шартын белгісіз мерзімге қайта жаңарту және жалға алушының жалдау шартын жаңа мерзімге жасасуға (Азаматтық кодекстің 557 және 558-баптары) артықшылықты құқығы туралы қағида көлік құралын экипажсыз жалдау шартына қолданылмайды.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен Кодекс 594-2-баппен толықтырылды

594-2-бап. Көлік құралын экипажсыз жалдау шартының нысаны

Көлік құралын экипажсыз жалдау шарты оның мерзіміне қарамастан, жазбаша түрде жасалуға тиіс.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен Кодекс 594-3-баппен толықтырылды

594-3-бап. Жалға алушының көлік құралын күтіп ұстау жөніндегі міндеті

Егер көлік құралын экипажсыз жалдау шартында өзгеше көзделмесе, жалға алушы көлік құралын экипажсыз жалдау шартының бүкіл мерзімі ішінде ағымдағы және күрделі жөндеуді жүзеге асыруды қоса алғанда, жалға алынған көлік құралын тиісті жағдайда ұстауға міндетті.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен Кодекс 594-4-баппен толықтырылды

594-4-бап. Жалға алушының көлік құралын күтіп ұстауға жұмсалатын шығыстарды төлеу жөніндегі міндеті

Егер көлік құралын экипажсыз жалдау шартында өзгеше көзделмесе, жалға алушы жалға алынған көлік құралын күтіп ұстауға, өз жауапкершілігін сақтандыруды қоса алғанда, оны сақтандыруға жұмсалатын шығыстарды, сондай-ақ оны пайдалануға байланысты туындайтын шығыстарды көтереді.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен Кодекс 594-5-баппен толықтырылды

594-5-бап. Үшінші тұлғалармен жасалатын көлік құралын пайдалану туралы шарттар

Егер көлік құралын экипажсыз жалдау шартында өзгеше көзделмесе, жалға алушы көлік құралын экипажбен немесе экипажсыз жалдау шартының талаптарымен жалға алынған көлік құралын жалға берушінің келісімінсіз қосалқы жалға беруге құқылы.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен Кодекс 594-6-баппен толықтырылды

594-6-бап. Көлік құралымен келтірілген зиян үшін жауаптылық

Үшінші тұлғаларға көлік құралымен, оның тетіктерімен, құрылғыларымен, жабдықтарымен келтірген зиян үшін осы Кодекстің 931-бабының қағидаларына сәйкес жалға алушы жауаптылықта болады.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен Кодекс 594-7-баппен толықтырылды

594-7-бап. Көлік құралдарының жекелеген түрлерін жалдау ерекшеліктері

Көлік құралдарының жекелеген түрлерін оларды басқару және техникалық пайдалану бойынша қызметтерді көрсетпестен жалдау ерекшеліктері өзге де заңнамалық актілерде белгіленуі мүмкін.

6. Прокат

595-бап. Прокат шарты

1. Прокат шарты бойынша тұрақты кәсіпкерлік қызмет ретінде қозғалатын мүлікті жалға беруді жүзеге асыратын жалға беруші жалға алушыға мүлікті ақы төлетіп уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді.

Прокат шарты бойынша берілген мүлік, егер шартта өзгеше көзделмесе немесе міндеттеме мәнінен өзгеше туындамаса, тұтыну мақсатында пайдаланылады.

2. Прокат шарты жазбаша түрде жасалады.

3. Прокат шарты жария болып табылады (осы Кодекстің 387-бабы).

596-бап. Прокат шартының мерзімі

1. Прокат шарты бір жылға дейінгі мерзімге жасалады.

2. Жалға алушының мүлікті жалға алу шартын жаңартуға басым құқығы туралы және мүліктік жалдау шартын белгісіз мерзімге жаңарту туралы ережелер (осы Кодекстің 557, 558-баптары) прокат шартына қолданылмайды.

3. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жалға алушы прокат шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

597-бап. Мүлікті жалға алушыға беру

Прокат шартын жасасқан жалға беруші жалға алушының қатысуымен жалға берілетін мүліктің дұрыстығын тексеруге, сондай-ақ жалға алушыны мүлікті пайдалану ережелерімен таныстыруға не оған осы мүлікті пайдалану туралы жазбаша нұсқаулықтарды беруге міндетті.

598-бап. Жалға берілген мүліктің кемшіліктерін жою

Жалға алушы жалға берілген мүліктің оны пайдалануға толық немесе ішінара кедергі келтіретін кемшіліктерін тапқан жағдайда, жалға алушы кемшіліктер туралы мәлімдеген күннен бастап он күн мерзімде жалға беруші, егер шартта одан неғұрлым аз мерзім белгіленбесе, мүліктің кемшіліктерін ақысыз жоюға не осы мүлікті соған ұқсас тиісті күйдегі басқа мүлікпен айырбастап беруге міндетті.

Егер жалға берілген мүліктің кемшіліктері жалға алушының мүлікті пайдалану және ұстап-тұту ережелерін бұзуы салдарынан болса, жалға алушы жалға берушіге мүлікті жөндеу және тасымалдау құнын төлейді.

ҚР 29.03.2000 № 42-II Заңына сәйкес 599-баптың 3-тармағы алып тасталды

599-бап. Мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін ақы

1. Прокат шарты бойынша мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін ақы, мерзімдік немесе біржолғы енгізілетін, тұрлаулы сомада белгіленген төлемдер түрінде белгіленеді.

2. Жалға алушы мүлікті мерзімінен бұрын қайтарған жағдайда жалға беруші мүлікті пайдаланғаны үшін алған ақының тиісті бөлігін оған мүлікті нақты қайтарған күннен кейінгі күннен бастап есептеп қайтарады.

3. *алынып тасталды*

600-бап. Жалға алынған мүлікті пайдалану

1. Прокат шарты бойынша жалға берілген мүлікті күрделі және ағымдағы жөндеу жалға берушінің міндеті болып табылады.

2. Прокат шарты бойынша жалға алушыға берілген мүлікті қосымша жалға беруге, жалға алушының прокат шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға беруіне, осы мүлікті тегін пайдалануға беруге, жалға алушының құқықтарын кепілге салуға және оларды шаруашылық серіктестіктеріне, акционерлік қоғамдарға мүлік салымы, өндірістік кооперативтерге жарна ретінде енгізуге жол берілмейді.

30-тарау. ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖАЛДАУ

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 601-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

601-бап. Тұрғын үйді жалдау шарты

1. Тұрғын үйді жалдау шарты бойынша тұрғын үйдің иесі немесе оның уәкілетті адамы (жалға беруші) азаматқа (жалға алушыға) және оның отбасы мүшелеріне тұрғын үйді ақы төлеп пайдалануға беруге міндеттенеді.

2. Тұрғын үйді жалдау шарты жазбаша түрде жасалуға тиіс.

2011.22.07. № 479-IV ҚР Заңымен 602-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

602-бап. Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді жалдау шарты

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді жалдау шарты жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік мекеменің немесе мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй беру туралы шешімі негізінде жасалады.

2. Тұрғын үйді беру талаптары, тараптардың құқықтары мен міндеттері, мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді жалдау шартын өзгерту мен бұзу негіздері тұрғын үй заңдарында белгіленеді.

603-бап. Жекеше тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді жалдау шарты

Жекеше тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді жалдау талаптары, егер тұрғын үй заңдарында өзгеше көзделмесе, тараптардың келісімімен белгіленеді.

31-тарау. МҮЛІКТІ ТЕГІН ПАЙДАЛАНУ

2011.01.03. № 414-IV ҚР Заңымен 604-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

604-бап. Мүлікті тегін пайдалану шарты

1. Мүлікті тегін пайдалану шарты (несие шарты) бойынша бір тарап (несие беруші) екінші тарапқа (несие алушыға) мүлікті тегін уақытша пайдалануға береді, ал соңғысы мүліктің қалыпты тозуын ескере отырып, қандай күйде алса, сондай күйде немесе шартта ескертілген күйде қайтаруға міндеттенеді.

2. Мүлікті тегін пайдалану шартына тиісінше осы Кодекстің 541-бабының, 545-бабының 1-тармағының және 2-тармағының бірінші бөлігінің, 550-бабының, 555-бабының, 556-бабының 2-тармағының 1), 2), 4) тармақшаларының, 558-бабының ережелері қолданылады.

3. Мемлекеттік мүлікті өтеусіз пайдалану шартына Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамалық актісінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктерге қоса осы Кодекстің ережелері қолданылады.

605-бап. Несие беруші

1. Мүлікті тегін пайдалануға беру құқығы оның меншік иесіне және соған заң актілері немесе меншік иесі уәкілдік берген өзге адамдарға беріледі.

2. Коммерциялық ұйымның өз құрылтайшысы, қатысушысы, (акционері), директоры, өзінің басқару немесе бақылау органдарының мүшесі болып табылатын адамға мүлікті тегін пайдалануға беруге құқығы жоқ.

606-бап. Мүлікті тегін пайдалануға беру

1. Несие беруші мүлікті тегін пайдалану шартының талаптары мен мүліктің мақсатына сай келетін күйде беруге міндетті.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, мүлік тегін пайдалануға оның барлық керек-жарақтарымен және оған қатысты құжаттармен (мүліктің жиынтықтылығын, қауіпсіздігін, сапасын, пайдалану тәртібін куәландыратын және т.б. құжаттармен) қоса беріледі.

Егер мұндай керек-жарақтар мен құжаттар берілмесе, алайда оларсыз мүлікті мақсаты бойынша пайдалану мүмкін болмаса не оны пайдалану несие алушы үшін едәуір дәрежеде құнын жойса, соңғысы сондай керек-жарақтар мен құжаттар беруді немесе шартты бұзуды және өзіне келтірілген нақты зиянды өтеуді талап етуге құқылы.

607-бап. Тегін пайдалануға берілген мүліктің кемшіліктері үшін жауапкершілік

1. Мүлікті тегін пайдалануға берген несие беруші мүлікті беру кезінде қасақана немесе өрескел абайсыздықпен айтпай қалған осы мүлік кемшіліктері үшін, егер бұл орайда несие алушыға нақты зиян келсе, жауапты болады.

2. Несие алушының талаптары туралы немесе оның мүліктің кемшіліктерін несие берушінің есебінен жою ниеті туралы хабарландырылған несие беруші ақаулы затты тиісті күйдегі соған ұқсас басқа затпен дереу ауыстыра алады.

3. Несие беруші мүліктің шарт жасаған кезде өзі айтқан кемшіліктері үшін немесе несие алушыға алдын ала белгілі болған не несие алушы шарт жасаған кезде немесе затты берген кезде мүлікті қараған немесе оның дұрыстығын тексерген уақытта табылған кемшіліктер үшін жауап бермейді.

608-бап. Тегін пайдалануға берілген мүлікке үшінші тұлғалардың құқықтары

Мүлікті тегін пайдалануға беру бұл мүлікке үшінші тұлғалардың құқықтарын өзгертуге немесе тоқтатуға негіз болмайды.

Тегін пайдалану шартын жасаған кезде несие беруші несие алушыға бұл мүлікке үшінші тұлғалардың барлық құқықтары (сервитут, кепіл құқығы және т.б) туралы ескертуге міндетті. Бұл міндетті орындамау несие алушыға шартты бұзуды және өзі шеккен нақты зиянды өтеуді талап ету құқығын береді.

609-бап. Несие алушының мүлікті ұстау жөніндегі міндеттері

Несие алушы тегін пайдалануға алған мүлікті, егер тегін пайдалану шартында өзгеше көзделмесе, ағымдағы және күрделі жөндеуді жүзеге асыруды қоса алғанда, дұрыс күйінде ұстап-тұтуға және оны ұстап-тұту жөніндегі барлық шығындарды өтеуге міндетті.

610-бап. Мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі

Егер мүлік оны несие алушы, тегін пайдалану шартына немесе мүлікті мақсатына сай пайдаланбағандықтан жойылса немесе бүлінсе не оны несие берушінің келісімінсіз үшінші тұлғаға берсе, ол тегін пайдалануға алған мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупін өз мойнына алады.

Егер несие алушы нақты мән-жайларды ескере отырып, өз мүлкін құрбан етіп, мүліктің жойылуына немесе бүлінуіне жол берілмеуі мүмкін болып, бірақ өз мүлкін сақтап қалуды жөн көрсе, ол мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупін де мойнына алады.

611-бап. Мүлікті пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғаға келтірілген зиян үшін жауапкершілік

Егер несие алушының немесе бұл мүлік несие берушінің келісімімен қолына тиген адамның зиянды қасақана немесе өрескел бейқамдықпен келтіргенін дәлелдей алмаса, мүлікті пайдалану салдарынан үшінші тұлғаға келтірілген зиян үшін несие беруші жауап береді.

612-бап. Шартты мерзімінен бұрын бұзу

1. Несие беруші тегін пайдалану шартын мерзімінен бұрын бұзуды несие алушы:

1) мүлікті шартқа немесе мақсатына сәйкес пайдаланбаған;

2) мүлікті дұрыс күйінде сақтау немесе оны ұстап-тұту жөніндегі міндеттерін орындамаған;

3) мүліктің жай-күйіне елеулі түрде нашарлатқан;

4) несие берушінің келісімінсіз мүлікті үшінші тұлғаға берген жағдайларда талап етуге құқылы.

2. Несие алушы:

1) мүлікті қалыпты пайдалануды мүмкін етпейтін немесе ауырлататын кемшіліктерін тапқан кезде, олардың бар екені туралы шарт жасасу кезінде білмеген және білу мүмкін болмаса;

2) егер мүлік ол жауап бермейтін мән-жайларға байланысты пайдалануға жарамсыз күйде болса;

3) егер шартты жасау кезінде несие беруші оған берілген мүлікке үшінші тұлғалардың құқықтары туралы ескертпесе;

4) несие беруші мүлікті беру не оның керек-жарақтары мен оған қатысты құжаттарды беру міндетін орындамаса, тегін пайдалану шартын мерзімінен бұрын бұзуды талап етуге құқылы.

613-бап. Шарттан бас тарту

1. Тараптардың әрқайсысы мерзімі көрсетілмей жасалған тегін пайдалану шартынан, егер шартта хабарлаудың өзге мерзімі көзделмесе, бұл туралы басқа тарапқа бір ай ішінде хабарлап, кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, несие алушы мерзімін көрсетіп жасалған шарттан, осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен, кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

614-бап. Шарттағы тараптардың өзгеруі

1. Несие беруші мүлікке иеліктен айыруды жүргізуге немесе оны үшінші тұлғаға тегін пайдалану үшін беруге құқылы. Бұл орайда жаңа меншік иесіне немесе пайдаланушыға бұрын жасалған тегін пайдалану шартынан құқықтар ауысады, ал оның мүлікке қатысты құқықтарына несие алушының құқықтары қосылады.

2. Несие беруші азамат қайтыс болған не несие беруші заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда несие берушінің құқықтары мен міндеттері тегін пайдалану шарты бойынша мұрагерге (құқық мирасқорына) немесе мүлікке меншік құқығы немесе мүлік тегін пайдалануға берілген деп негізге алынған өзге құқық ауысқан басқа тұлғаға көшеді.

Несие алушы - заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда, егер шартта өзгеше көзделмесе, оның құқықтары мен міндеттері шарт бойынша оның құқық мирасқоры болып табылатын заңды тұлғаға көшеді.

615-бап. Шартты тоқтату

Тегін пайдалану шарты, егер шартта өзгеше көзделмесе, несие алушы азамат қайтыс болған немесе несие алушы заңды тұлға таратылған жағдайда тоқтатылады.

32-тарау. МЕРДІГЕРЛІК

1. Мердігерлік туралы жалпы ережелер

616-бап. Мердігерлік шарты

1. Мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, мердігер тапсырысшының тапсырмасын орындау әдістерін дербес айқындайды.

3. Мердігерлік шартының жекелеген түрлеріне (тұрмыстық мердігерлік, құрылыс мердігерлігі, жобалау немесе іздестіру жұмыстарына мердігерлік, ғылыми-зерттеу,

тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік), егер осы Кодекстің бұл түрлер туралы ережелерінде өзгеше белгіленбесе, осы параграфта көзделген ережелер қолданылады.

4. Мердігерлік шартының жекелеген түрлері бойынша қатынастар осы Кодекспен қатар мердігерлік шартының жекелеген түрлері туралы заң актілерімен де реттеледі.

617-бап. Жұмысты мердігердің қарамағында орындау

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің қарамағында: соның материалдарымен, күштерімен және қаражатымен орындалады.

2. Мердігер өзі берген материалдар мен жабдықтардың сапасы лайықсыз болғаны үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтары қосылған материалдар мен құралдарды бергені үшін жауапты болады.

618-бап. Материалдардың кездейсоқ жойылу қаупі

Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, мердігер шартта белгіленген жұмысты тапсыру мерзімі басталғанға дейін материалдардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупін материалдарды берген тарап мойнына алады.

Жұмыс нәтижесін беру немесе қабылдау уақытын өткізіп алған кездегі тәуекелді, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, уақытты өткізіп алған тарап мойнына алады.

619-бап. Бас мердігер және қосалқы мердігер

1. Егер заң актілерінен немесе шарттан өзгеше туындамаса, мердігер шартты орындауға басқа тұлғаларды (қосалқы мердігерлерді) тартуға құқылы. Мұндай жағдайда мердігер - тапсырысшының алдында бас мердігер, ал қосалқы мердігердің алдында тапсырысшы болады.

2. Бас мердігер қосалқы мердігердің алдында тапсырысшының міндеттемені орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауапты, ал тапсырысшының алдында қосалқы мердігердің міндеттемені орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауапты болады.

3. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, тапсырысшы мен қосалқы мердігер бір-бірінші өздерінің бас мердігермен арадағы шарттарды бұзуына байланысты талаптар қоюға құқығы жоқ.

4. Бас мердігердің келісімімен тапсырысшы жекелеген жұмыстарды орындауға үшінші тұлғалармен шарт жасасуға құқылы. Мұндай жағдайда үшінші тұлға жұмысты орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін тікелей тапсырысшының алдында жауапты болады.

5. Егер шарт бір мезгілде екі немесе одан да көп мердігермен жасалса және міндеттеме нысанасы бөлінбейтін болса, мердігерлер тапсырысшыға қатысты ортақтасқан борышқорлар және тиісінше ортақтасқан кредит берушілер болып танылады. Міндеттеме нысанасы бөлінетін жағдайда, сондай-ақ заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде көзделген басқа да жағдайларда мердігерлердің әрқайсысы құқықтарға ие болып, тапсырысшыға қатысты өз үлесінің шегінде міндеттемелерді мойнына алады.

620-бап. Жұмыстың орындалу мерзімдері

1. Мердігерлік шартта жұмысты орындаудың бастапқы және түпкі мерзімі көрсетіледі. Тараптардың арасындағы келісім бойынша шартта жұмыстың жекелеген кезеңдерінің аяқталу мерзімдері (аралық мерзімдері) де көзделуі мүмкін.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, мердігер жұмысты орындаудың бастапқы және түпкі, сонымен қатар аралық мерзімдерінің бұзылғаны үшін жауапты болады.

2. Жұмыс орындаудың мердігерлік шартта көрсетілген бастапқы, түпкі және аралық мерзімдері шартта көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша өзгертілуі мүмкін.

621-бап. Жұмыстың бағасы

1. Мердігерлік шартта орындалуға жататын жұмыстың бағасы немесе оны анықтау әдістері көрсетіледі. Шартта мұндай нұсқаулар болмаған және тараптар келісімге келмеген жағдайда бағаны тараптарға келтірілген қажетті шығындарды ескере отырып, әдетте осыған ұқсас жұмыстарға қолданылатын бағаларды негізге алу арқылы сот белгілейді.

2. Жұмыстың бағасы смета жасау жолымен белгіленуі мүмкін.

Жұмыс мердігер жасаған сметаға сәйкес орындалған жағдайларда смета күшке ие болып, тапсырысшы оны растаған кезден бастап шарттың бір бөлігіне айналады.

Жұмыстың бағасы (смета) шамамен алынған немесе тұрлаулы болуы мүмкін. Шартта басқа нұсқаулар болмаған кезде жұмыстың бағасы (смета) тұрлаулы деп есептеледі.

3. Егер қосымша жұмыс жүргізу және осы себептен жұмыстың шамамен белгіленген бағасын (шамамен алынған сметаны) елеулі түрде өсіру қажет бола қалса, мердігер бұл туралы тапсырысшыға уақытылы ескертуге және жұмысты тоқтата тұруға міндетті. Жұмыстың бағасын (сметаны) өсіруге келіспеген тапсырысшы шарттан бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда мердігер өзіне тапсырысшыдан жұмыстың орындалған бөлігінің бағасын төлеуді талап ете алады.

4. Шартта көрсетілген бағаны (сметаны) өсіру қажеттігі туралы тапсырысшыға уақытылы ескертпеген мердігер жұмысқа шартта белгіленген баға бойынша ақы төлеу құқығын сақтай отырып, шартты орындауға міндетті.

5. Мердігер тұрлаулы бағаны (тұрлаулы сметаны) көбейтуді, ал тапсырысшы оны азайтуды, оның ішінде шартты жасау кезінде орындалуға тиіс жұмыстардың толық көлемін немесе бұл үшін қажетті шығындарды қарастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда да талап етуге құқығы жоқ.

Шарт жасасқаннан кейін мердігер беруге тиісті материалдар мен жабдықтардың, сондай-ақ оған үшінші тұлғалар көрсететін қызметтердің құны едәуір өскен кезде мердігердің белгіленген бағаны (сметаны) көбейтуді, ал тапсырысшы бұл талапты орындаудан бас тартқан жағдайда шартты бұзуды талап етуге құқығы бар.

622-бап. Мердігердің үнемі

1. Мердігердің нақты шығыны бағаны белгілеу (сметаны жасау) кезінде есептелгеннен кем болып шыққан жағдайда, егер тапсырысшы мердігер алған үнем орындалған жұмыстың сапасына теріс әсер еткенін дәлелдей алмаса, мердігер шартта (сметада) көзделген баға бойынша жұмысқа ақы алу құқығын сақтайды.

2. Мердігерлік шартта мердігер алған үнемді тараптар арасында бөлу көзделуі мүмкін.

623-бап. Жұмысқа ақы төлеу тәртібі

1. Егер мердігерлік шартта орындалған жұмысқа немесе оның жекелеген кезеңдеріне алдын ала ақы төлеу көзделмесе, тапсырысшы мердігерге жұмыс тиісті түрде және келісілген мерзімде, не тапсырысшының келісімімен - мерзімінен бұрын орындалған жағдайда жұмыстың нәтижесін түпкілікті тапсырғаннан кейін келісілген бағаны төлеуге міндетті.

2. Мердігер заң актілерінде немесе шартта көрсетілген жағдайлар мен мөлшерде ғана аванс не кепілпұл төлеуді талап етуге құқылы.

624-бап. Ұстап қалу құқығы

1. Шарттың орындалуына байланысты мердігерге тиесілі белгіленген бағаны не өзге соманы төлеу міндетін тапсырысшы орындамаған жағдайда мердігердің жұмыс нәтижесін ұстап қалуға, сондай-ақ затты өндеуге берілген тапсырысшыға тиесілі жабдықтарды,

қолданылмаған материалдардың қалдықтарын және өзінде тапсырысшының басқа да қалып қойған мүлкін тапсырысшы тиісті сомасын төлегенше ұстап қалуға құқығы бар.

2. Тапсырысшының осы кодекстің 630-бабында көзделген мерзім шегінде байқаған кемшіліктерді жою жөніндегі шығындарды жабу үшін мердігерге тиесілі сыйақының бір бөлігін ұстап қалуы шартта көзделуі мүмкін.

625-бап. Жұмысты тапсырысшының материалдарын пайдалана отырып орындау

1. Мердігер тапсырысшы берген материалды үнемдеп және есеппен пайдалануға, жұмыс аяқталғаннан кейін тапсырысшыға жұмсалған материалдар туралы есеп беруге, сондай-ақ олардың қалдықтарын қайтарып беруге не тапсырысшының келісімімен, мердігерде қалған пайдаланылмаған материалдың құнын ескере отырып, жұмыстың бағасын кемітуге міндетті.

2. Мердігер тапсырысшы берген материалдардың кемшіліктері себепті тиісті дәрежеде орындалмаған жұмыс үшін, егер ол осы материалдарды тиісті қабылдау кезінде оның кемшіліктерді анықтауы мүмкін болмағанын дәлелдей алмаса, жауапты болады.

626-бап. Тапсырысшы берген мүліктің сақталмағаны үшін мердігердің жауаптылығы

Мердігерлік шартты орындауға байланысты мердігердің иелігіне өткен заттарды немесе өзге де мүлікті өңдеу үшін тапсырысшы берген материалдардың, жабдықтардың сақталмағаны үшін мердігер жауапты болады.

627-бап. Тапсырысшының жұмыстарды орындау кезіндегі құқықтары

1. Тапсырысшы мердігердің қызметіне араласпай, кез келген уақытта жұмыстың барысы мен сапасын тексеруге құқылы.

2. Егер мердігер шартты орындауға уақытылы кіріспесе немесе жұмысты соншалықты баяу орындап, оны мерзімінде аяқтау көрінеу мүмкін болмаса, тапсырысшы шарттан бас тартуға және шеккен залалдарын өтеуді талап етуге құқылы.

3. Егер жұмыстың орындалу барысында оның тиісті дәрежеде орындалмайтыны анық болса, тапсырысшы мердігерге кемшіліктерді жою үшін қисынды мерзім белгілеуге және мердігер белгіленген мерзімде ол талапты орындамаған жағдайда шарттан бас тартуға не жұмысты түзетуді мердігердің есебінен үшінші тұлғаға тапсыруға, сондай-ақ залалдарын өтеуді талап етуге құқылы.

4. Егер шартта өзгеше көзделмесе, тапсырысшы жұмысты өзіне өткізгенге дейін кез келген уақытта мердігерге тапсырысшының шарттан бас тартқаны туралы хабарлама алғанға дейін орындаған жұмысы үшін ақы төлеп, мердігерлік шарттан бас тарта алады. Тапсырысшы мердігерге орындалған жұмыс үшін төленген бағаның бөлігі мен барлық жұмыс үшін белгіленген бағаның арасындағы айырма шегінде шарттың тоқтатылуынан келтірілген залалды өтеуге де міндетті.

628-бап. Мердігер тапсырысшыға ескертуге міндетті мән-жайлар

1. Мердігер:

1) тапсырысшы берген материалдардың, жабдықтардың, техникалық құжаттаманың немесе өңдеуге берілген заттың жарамсыздығы немесе сапасыздығы;

2) оның жұмысты атқару әдісі туралы нұсқауларын орындаудан тапсырысшы үшін болуы ықтимал қолайсыз салдарлар;

3) орындалатын жұмыс нәтижелерінің жарамдылығына немесе беріктігіне қауіп туғызатын не оны мерзімінде аяқтауға мүмкіндік бермейтін мердігерге қатысты емес өзге де мән-жайлар анықталған жағдайда тапсырысшыға дереу ескертіп, одан нұсқау алғанға дейін жұмысты тоқтата тұруға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған мән-жайлар туралы тапсырысшыға ескертпеген, не ескертуге жауап алу үшін қисынды мерзімнің аяқталуын күтпестен немесе жұмысты

тоқтата тұру туралы тапсырысшының уақытылы нұсқауына қарамастан жұмысты жалғастырған мердігердің өзіне немесе өзі тапсырысшыға тиісті талаптар қойған кезде аталған мән-жайларға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

3. Егер тапсырысшы осы баптың 1-тармағында аталған мән-жайлар туралы мердігер тарапынан уақытылы және негізделген ескерту алғанына қарамастан, қисынды мерзімде жарамсыз және сапасыз материалды ауыстырмаса, жұмысты орындау әдісі туралы нұсқауды өзгертпесе немесе жұмыстың жарамдылығына немесе беріктігіне қауіп төндіретін мән-жайларды жою үшін басқа да қажетті шаралар қолданбаса, мердігер шарттан бас тартуға және оның тоқтатылуынан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

629-бап. Тапсырысшының жәрдем көрсетуі

1. Тапсырысшы мердігерлік шартта көзделген көлем мен тәртіп бойынша мердігерге жұмыстың орындалуына жәрдем көрсетуге міндетті.

Тапсырысшы бұл міндетті орындамаған жағдайда мердігер бос тұрыс не жұмыстың орындалу мерзімін ауыстыру не жұмыстың бағасын көтеру туғызған қосымша шығындарды қоса алғанда, келтірілген зиянды өтеуді талап етуге құқылы.

2. Мердігерлік шарт бойынша жұмысты орындау тапсырысшының іс-әрекетінің немесе қателіктерінің салдарынан мүмкін болмаған жағдайларда мердігер жұмыстың орындалған бөлігін ескере отырып, өзіне белгіленген бағаны төлетіп алу құқығын сақтайды.

630-бап. Тапсырысшының орындалған жұмысты қабылдауы

1. Тапсырысшы мердігерлік шартта көзделген мерзімде және тәртіппен орындалған жұмыстың нәтижесін мердігердің қатысуымен қарауға және қабылдауға, ал шарттан жұмысты нашарлататын ауытқулар немесе жұмыста өзге де кемшіліктер анықталған жағдайда бұл туралы мердігерге дереу мәлімдеуге міндетті.

2. Жұмысты қабылдау кезінде ондағы кемшіліктерді анықтаған тапсырысшы, егер актіде не қабылдауды куәландыратын өзге де құжатта ол кемшіліктер не оларды жою туралы кейін талап қойылу мүмкіндіктері айтылған жағдайда ғана оларға сілтеме жасауға құқылы.

3. Жұмыстың нәтижесін тексерусіз қабылдаған тапсырысшы оны қабылдаудың әдеттегі әдісі кезінде анықталуы мүмкін жұмыс кемшіліктеріне (көрінеу кемшіліктер) сілтеме жасау құқығынан айрылады.

4. Жұмыс нәтижесін қабылдағаннан кейін әдеттегі қабылдау әдісі кезінде анықталуы мүмкін емес (жасырын кемшіліктер), оның ішінде мердігер қасақана жасырған шарттан ауытқуды немесе өзге де кемшіліктерді анықтаған тапсырысшы олар анықталғаннан кейін қисынды мерзімде бұл туралы мердігерге хабарлауға міндетті.

5. Тапсырысшы анықтаған жасырын кемшіліктер туралы мердігерге хабарлау үшін шекті мерзім - бір жыл, ал үйлер мен ғимараттарға байланысты жұмыстарға қатысты, сондай-ақ жұмыс түріне тәуелсіз мердігердің қасақана жасырған кемшіліктеріне қатысты - жұмысты қабылдаған күннен бастап үш жыл болып табылады.

Заң актілерінде немесе шартта неғұрлым ұзақ мерзімдер (кепілдік мерзімдер) белгіленуі мүмкін.

Егер шартқа сәйкес тапсырысшы жұмысты бөліп-бөліп қабылдаса, осы тармақта белгіленген мерзім жұмыстың нәтижелерін тұтасымен қабылдаған күннен басталады.

6. Тапсырысшы мен мердігердің арасында орындалған жұмыстың кемшіліктері немесе олардың себептері жөнінде дау туған кезде тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша сараптама тағайындалуға тиіс. Сараптама шартты бұзушылық немесе мердігердің іс-әрекеті мен анықталған кемшіліктердің арасында себепті байланыстар жоқ екенін анықтаған жағдайларды қоспағанда, сараптаманы өткізу жөніндегі шығындарды мердігер көтереді. Бұл жағдайларда сараптама жөніндегі шығындарды оны тағайындауды талап еткен тарап,

ал егер сараптама тараптардың арасындағы келісім бойынша тағайындалса - екі тарап тең көтереді.

7. Тапсырысшы орындалған жұмыстың нәтижелерін қабылдаудан жалтарған жағдайда, егер шартта өзгеше көзделмесе, мердігер шартқа сәйкес жұмыс тапсырысшыға өткізуге тиісті күннен бастап бір ай өткен соң және тапсырысшыға бұдан кейін екі мәрте ескерткеннен кейін жұмыстың нәтижесін сатуға, ал алынған соманы мердігерге тиесілі барлық төлемдерді шегеріп, нотариус депозитіне тапсырысшының атына салуға құқылы.

8. Егер тапсырысшының орындалған жұмыс нәтижелерін қабылдаудан жалтаруы жұмысты тапсыруды кешіктіруге әкеп соқса, дайындалған (өңделген) затқа меншік құқығы өткізілген кезден тапсырысшыға көшті деп танылады.

631-бап. Мердігерлік нысанасы жойылған немесе жұмысты аяқтау мүмкін болмаған жағдайдағы тараптар арасындағы есеп айырысу

Егер мердігерлік нысанасы оны тапсырғанға дейін кездейсоқ жойылса немесе жұмысты аяқтаудың мүмкін болмауы тараптардың кінәсінен болмаса, мердігердің жұмыс үшін сыйақы талап етуге құқығы жоқ.

Егер мердігерлік нысанасының жойылуы немесе жұмысты аяқтаудың мүмкін болмауы тапсырысшы жеткізген материал кемшіліктерінің немесе оның жұмысты орындау әдісі туралы өкімдерінің салдарынан болса, не тапсырысшы орындалған жұмысты қабылдаудың мерзімін өткізіп алғаннан кейін болса, оның үстіне мердігер осы Кодекстің 628-бабы ережелерін сақтаған болса, мердігер жұмыс үшін сыйақы алу құқығын сақтап қалады.

632-бап. Жұмыстың сапасы

1. Мердігер орындаған жұмыс шарт ережелеріне, ал олар болмаған немесе толық болмаған жағдайда - әдетте тиісті тектес жұмысқа қойылатын талаптарға сай болуы тиіс.

2. Егер заң актілерінде немесе оларда белгіленген тәртіпте мердігерлік шарты бойынша орындалатын жұмысқа міндетті талаптар көзделсе, кәсіпкер ретінде іс-әрекет етуші мердігер жұмысты осы міндетті талаптарды сақтай отырып орындауға міндетті.

Мердігер белгіленген міндетті талаптармен салыстырғанда, сапаға қойылатын неғұрлым жоғары талаптарға сай келетін жұмысты орындау міндетін шарт бойынша өзіне алуы мүмкін.

633-бап. Жұмыс сапасына кепілдік

1. Заң актілерінде немесе шартта мердігердің тапсырысшыға жұмыс сапасына кепілдік беруі көзделген жағдайда мердігер тапсырысшыға бүкіл кепілдік мерзімінің ішінде осы Кодекстің 632-бабының талаптарына сай болуға тиіс жұмыс нәтижесін беруге міндетті.

2. Жұмыс нәтижесінің сапасына кепілдік, егер шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс нәтижесін құрайтын барлық элементтерге қолданылады.

634-бап. Кепілдік мерзімін есептеу тәртібі

Егер мердігерлік шартта өзгеше көзделмесе, кепілдік мерзімі орындалған жұмыс нәтижесін тапсырысшы қабылдаған немесе қабылдауға тиіс болған кезден басталады.

635-бап. Мердігердің жұмыс сапасының тиісті дәрежеде болмауы үшін жауапкершілігі

1. Егер жұмысты мердігер шарттан жұмысты нашарлататын ауытқулармен немесе оны шартта көзделген не шартта тиісті ережелер болмаған кезде - әдеттегі пайдалану үшін оларды жарамсыз ететін өзге де кемшіліктермен орындаса, заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбегендіктен, тапсырысшы өз таңдауы бойынша мердігерден:

1) қисынды мерзімде жұмыстың кемшіліктерін өтемсіз жоюды;

2) жұмыс үшін белгіленген бағаны мөлшерлес азайтуды;

3) тапсырысшының кемшіліктерді жою құқығы шартта көзделсе, өзінің оларды жоюға шыққан шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы.

2. Мердігер өзі жауап беретін жұмыстың кемшіліктерін жоюдың орнына, тапсырысшыға орындаудың мерзімін өткізіп алу арқылы келтірген зиянды өтей отырып, жұмысты тегін қайта орындауға құқылы. Бұл жағдайда тапсырысшы, егер жұмыс сипаты бойынша ондай қайтарып беру мүмкін болса, оған бұрын тапсырылған жұмыс нәтижесін мердігерге қайтарып беруге міндетті.

3. Егер жұмыста шарттың талаптарынан ауытқу немесе жұмыстың өзге де кемшіліктері елеулі және жоюға келмейтін болса не анықталған кемшіліктер тапсырысшы белгілеген қисынды мерзімде жойылмаса, тапсырысшы шарттан бас тартуға және келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

4. Шартта белгілі бір кемшіліктері үшін мердігерді жауаптылықтан босату көзделуі мүмкін. Егер тапсырысшы кемшіліктер мердігердің кінәлі іс-әрекетінің немесе әрекетсіздігінің салдарынан пайда болғандығын дәлелдесе, аталған ереже қолданылмайды.

5. Жұмысты орындау үшін материалдар берген мердігер олардың сапасы үшін сатушының сапасы лайықсыз тауарлар үшін жауаптылығы туралы ережелер бойынша жауап береді (осы Кодекстің 428-бабы 1-тармағының 1) 3) және 5) тармақшалары).

636-бап. Жұмыс сапасының лайықсыздығы туралы талап арыздар жөніндегі мерзімнің ескіруі

Мердігерлік шарт бойынша орындалған жұмыс сапасының лайықсыз болуынан туындаған талаптар үшін талап арыз қою мерзімінің өтуі тапсырысшы осы Кодекстің 630-бабында көзделген мерзім шегінде мәлімдеген кемшіліктер анықталған күннен басталады.

637-бап. Мердігердің тапсырысшыға ақпарат беру міндеті

Мердігер тапсырысшыға жұмыстың нәтижесімен бірге, егер бұл шартта көзделсе немесе ақпараттың сипаты, онысыз жұмыстың нәтижелерін шартта көрсетілген мақсаттар үшін пайдалану мүмкін болмаса, шарттың нысанасын пайдалануға немесе өзгеше іске асыруға қатысты ақпаратты беруге міндетті.

638-бап. Тараптар алған ақпараттың құпиялылығы

Егер бір тарап шарт бойынша өзінің міндеттемесін атқарудың арқасында басқа тараптан жаңа шешімдер мен техникалық білімдер туралы ақпарат, оның ішінде құқықтық қорғауды пайдаланбайтын ақпарат, сондай-ақ коммерциялық құпия ретінде қаралуы мүмкін мәліметтер алса, оны екінші тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға хабарлауға құқығы жоқ.

Мұндай ақпаратты пайдаланудың тәртібі мен талаптары тараптардың келісімімен белгіленеді.

639-бап. Тапсырысшыға материалдар мен жабдықтарды қайтарып беру

Осы Кодекстің 627-бабының 4-тармағының немесе 635-бабының 3-тармағының негізінде тапсырысшы мердігерлік шарттан бас тартқан жағдайда мердігер тапсырысшы берген материалдарды, жабдықтарды, өндеуге берілген затты және өзге де мүлікті қайтаруға не оларды тапсырысшы атаған тұлғаға беруге, ал егер бұл мүмкін болмаса, материалдар, жабдықтар және тапсырысшыдан алынған өзге де мүлік құнының орнын толтыруға міндетті.

2. Тұрмыстық мердігерліктің ерекшеліктері

640-бап. Тұрмыстық мердігерлік шарты

Тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы мердігер тапсырысшы азаматтың тапсырмасы бойынша тапсырысшының тұрмыстық немесе басқа да жеке қажеттерін қанағаттандыруға арналған белгілі бір жұмысты орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыстың нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

Тұрмыстық мердігерлік шарты жария шарттарға жатады (осы Кодекстің 387-бабы).

641-бап. Тапсырысшы құқықтарының кепілдіктері

1. Мердігердің тапсырысшыны тұрмыстық мердігерлік шартқа қосымша ақылы жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді енгізуге мәжбүрлеуге құқығы жоқ. Бұл талап бұзылған жағдайда тапсырысшы мұндай жұмыстар мен қызмет көрсетулерге ақы төлеуден бас тартуға құқылы.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Тапсырыс беруші өзіне жұмыс нәтижелерін өткізгенге дейін кез келген уақытта мердігерге тапсырыс берушінің шарттан бас тартуы туралы хабарлама алғанға дейін орындалған жұмыс үшін мердігерге белгіленген бағаның бір бөлігін төлеп, тұрмыстық мердігерлік шарттан бас тартуға құқылы және тапсырыс беруші мердігердің сол кезге дейін жасаған шығыстарын өтеуге міндетті. Тапсырыс берушіні бұл құқықтан айыратын шарт талаптары маңызсыз болады.

642-бап. Шарттың нысаны

Егер заң актілерінде немесе шартта, оның ішінде формулярлар ережелерінде немесе тапсырысшы қосылатын өзге де стандартты нысандарда (осы Кодекстің 339-бабы) өзгеше көзделмесе, тұрмыстық мердігерлік шарты мердігердің тапсырысшыға түбіртек немесе шарттың жасалғандығын растайтын өзге құжат берген кезден бастап тиісті нысанда жасалған болып есептеледі.

Тапсырысшыда аталған құжаттардың болмауы оны шарттың жасалу фактісін немесе оның ережелерін растауда куәгерлік айғақтарға сілтеме жасау құқығынан айырмайды.

643-бап. Тапсырысшыға жұмыстың нәтижелері туралы ақпарат беру

Тапсырысшыға жұмыстардың нәтижелерін өткізген кезде мердігер оған дайындалған немесе қайта жасалған затты не орындалған жұмыстың өзге нәтижесін тиімді және қауіпсіз пайдалану үшін сақталуы қажет талаптар туралы, сондай-ақ тиісті талаптардан сақтамауын тапсырыс берушінің өзіне және басқа адамдарға келтірілуі мүмкін зардаптары туралы хабарлауға міндетті.

644-бап. Тапсырысшыға жұмыс туралы ақпарат беру

1. Мердігер тұрмыстық мердігерлік шарт жасалғанға дейін тапсырысшыға ұсынылатын жұмыстар, олардың түрлері мен ерекшеліктері туралы, жұмыстың бағасы мен оған ақы төлеудің нысаны туралы қажетті және сенімді ақпарат беруге, сондай-ақ тапсырысшыға оның өтініші бойынша шартқа және тиісті жұмысқа сәйкес басқа да мәліметтерді хабарлап отыруға міндетті. Егер жұмыстың сипаты бойынша мұның маңызы болса, тапсырысшыға мердігер оны орындайтын нақты тұлғаны көрсетуге тиіс.

2. Тапсырысшы мердігерден алынған ақпараттың толық немесе сенімді болмауының салдарынан тапсырысшы көздеген қасиеттері жоқ жұмыстарды орындауға шарт жасалған жағдайларда тапсырысшы тұрмыстық мердігерлік шартты бұзуды және зиянды өтеуді талап етуге құқылы.

645-бап. Жұмысты мердігердің материалынан орындау

1. Егер тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша жұмыс мердігердің материалынан орындалатын болса, шартты жасау кезінде тапсырысшы материал үшін толық немесе

тапсырысшы мердігер орындаған жұмыстың нәтижесін алған кезде түпкілікті есеп айырыса отырып, шартта көрсетілген бөлігі үшін ақы төлейді.

Шартқа сәйкес материалды мердігер кредитке, оның ішінде тапсырысшының материалға ақыны бөліп-бөліп төлеуі талабымен беруі мүмкін.

2. Мердігер берген материал бағасының шарт жасалғаннан кейін өзгеруі қайта есептеуге әкеп соқпайды.

646-бап. Жұмысты тапсырысшының материалынан орындау

Егер тұрмыстық мердігерлік шарты бойынша жұмыс тапсырысшының материалынан орындалатын болса, түбіртекте немесе шарт жасасу кезінде мердігер тапсырысшыға беретін өзге де құжатта материалдың дәл атауы, саны, сипаты мен тараптардың келісімі бойынша белгіленетін бағасы көрсетілуге тиіс. Түбіртектегі немесе сол сияқты өзге де құжаттағы материалды бағалауға тапсырысшы жазбаша дәлелдемелер ұсыну арқылы кейін сотта дау айтуы мүмкін.

647-бап. Жұмыстың бағасы және оған ақы төлеу

Тұрмыстық мердігерлік шартында жұмыстың бағасы тараптардың келісімімен белгіленеді және ол мердігер жарияланған прейскурантта көрсетілгеннен жоғары болмауы керек. Тапсырысшы жұмысқа ақыны мердігер оның нәтижесін түпкілікті тапсырғаннан кейін төлейді.

Тараптардың келісімі бойынша жұмысқа тапсырысшы шарт жасасу кезінде толық немесе аванс беру арқылы ақы төлеуі мүмкін.

648-бап. Орындалған жұмыстан кемшіліктер табудың зардабы

1. Тапсырысшы жұмыстың нәтижелерін қабылдаған кезде немесе мердігерлік нысанасын пайдалану кезінде кемшіліктер тапқан жағдайда осы Кодекстің 630-бабында көзделген жалпы мерзімдердің ішінде, ал кепілді мерзімдер болған кезде - сол мерзімдердің ішінде осы Кодекстің 635-бабында көзделген құқықтардың бірін жүзеге асыра алады.

2. Тұрмыстық мердігерлік шарт бойынша орындалған жұмыстың кемшіліктерін тегін жою туралы талап, егер заң актілерінде белгіленген тәртіпте өзге мерзім (қызмет мерзімі) көзделмесе, ол кемшіліктер тапсырысшының өзінің және басқа да адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіпті болған жағдайда тапсырысшы немесе оның құқық мирасқоры жұмысты қабылдаған кезден бастап үш жыл ішінде қойылуы мүмкін. Мұндай талап бұл кемшіліктердің қай уақытта анықталғанына қарамастан, оның ішінде кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін анықталған кезде де қойылуы мүмкін.

Мердігер аталған талапты орындамаған жағдайда тапсырысшы нақ сол мерзім ішінде не жұмыс үшін төленген бағаның бір бөлігін қайтаруды, не кемшіліктерді өз күшімен немесе үшінші тұлғалардың көмегімен жоюға кеткен шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

649-бап. Тапсырысшының орындалған жұмыс нәтижесін алуға келмеуінің зардабы

1. Тапсырысшы орындалған жұмыс нәтижесін алуға келмеген немесе тапсырысшы оларды қабылдаудан өзгедей жалтарған жағдайда мердігер тапсырысшыға жазбаша түрде ескерте отырып, сол ескерткен күннен бастап екі ай өткен соң мердігерлік нысанасын қисынды бағаға сатуға, ал одан түскен соманы, мердігерге тиесілі барлық төлемді шегеріп, осы Кодекстің 291-бабына сәйкес тапсырысшының атына нотариустың депозитіне салуға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған жағдайларда мердігер мердігерлік нысанасына сатудың орнына оны ұстап қалу (осы Кодекстің 624-бабы) немесе тапсырысшыдан келтірілген залалды өндіріп алу құқығын пайдалана алады.

650-бап. Шарттағы тараптардың бірінің қайтыс болуының зардабы

Тұрмыстық мердігерлік шарт тараптардың бірінің қайтыс болуы негізінде тоқтатылған жағдайда (осы Кодекстің 376-бабы) шарттың тоқтатылу зардабы тиісті тараптың құқықтық мирасқоры мен оның келісім-шарт жасасушы агентінің арасындағы келісім бойынша, ал олар келісімге келмеген кезде орындалған жұмыстың мөлшері мен оның бағасы, жұмсалған және сақталған материалдың құны, сондай-ақ басқа да елеулі жағдайлар ескеріле отырып сот арқылы айқындалады.

3. Құрылыс мердігерлігінің ерекшеліктері

651-бап. Құрылыс мердігерлігінің шарты

1. Құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгілі бір объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы мердігерге жұмысты орындауы үшін қажетті жағдайлар жасауға, оның нәтижесін қабылдап алуға және ол үшін келісілген бағаны төлеуге міндеттенеді.

2. Құрылыс мердігерлігінің шарты кәсіпорынды, үйді (оның ішінде тұрғын үйді), ғимаратты немесе өзге де объектіні салуға немесе қайта жаңартуға, сондай-ақ монтаждау, іске қосу-жөнге келтіру және салынып жатқан объектімен тығыз байланысты өзге де жұмыстарды орындауға жасалады. Егер шартта өзгеше көзделмесе, осы параграфтың ережелері үйлер мен ғимараттарды күрделі жөндеу кезінде де қолданылады.

Егер мұның өзі шартта көзделген болса, мердігер объектіні пайдалануға беруді тапсырысшы объектіні қабылдағаннан кейін шартта көрсетілген мерзім ішінде қамтамасыз етуге міндеттеме алады.

3. Құрылысты толық аяқтау туралы шарт жасасу кезінде мердігер өзіне құрылыс және оны қамтамасыз ету жөніндегі барлық міндеттемені алады және шарт ережелеріне сәйкес тапсырысшыға пайдалануға дайын объектіні тапсыруға тиіс.

2016.07.04. № 487-V ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4. Аяқталмаған құрылысты тапсырыс берушіге тапсырғанға дейін және жұмыстарға төлем жасалғанға дейін мердігер (үлестік тұрғын үй құрылысының объектілерін қоспағанда) оның меншік иесі болып табылады.

5. Құрылыс, мердігерлігі шарты бойынша жұмыс азаматтың (тапсырысшының) тұрмыстық немесе басқа жеке қажеттерін қанағаттандыру үшін орындалатын жағдайда мұндай шартқа тиісінше тұрмыстық мердігерлік шарт бойынша тапсырысшының құқықтары туралы ережелер қолданылады.

2025.30.06. № 204-VIII ҚР Заңымен 6-тармақпен толықтырылды (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді)

6. Жеке, заңды тұлғаның және (немесе) қызметін бірлескен қызмет туралы шартқа сәйкес жүзеге асыратын тұлғаның (жай серіктестік, консорциум) салынып жатқан көппәтерлі тұрғын үйдегі немесе жеке тұрғын үйлер кешеніндегі пәтерге және (немесе) тұрғын емес үй-жайға немесе жеке тұрғын үйге, немесе тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы олардың үлесіне меншік құқығын немесе өзге де заттай құқықтарын иемденуді көздейтін мәміле «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен құрылыс мердігерлігі шартына жатпайды.

652-бап. Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша тәуекелді бөлісу

1. Құрылыс объектісі жұмысты өткізудің шартта белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін дүлей күштің салдарынан қираған немесе бүлінген кезде тапсырысшы, егер шартта өзгеше

көзделмесе, орындалған және (немесе) қалпына келтіру жұмыстарының құнын төлеуге міндетті.

2. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыстарды орындаудың кездейсоқ мүмкін болмай қалу қаупін олар өткізілгенге дейін тапсырысшы көтереді.

3. Жұмыстың кездейсоқ қымбаттау қаупін мердігер көтереді.

4. Шартта құрылыста болуы ықтимал барлық тәуекелді мердігердің көтеретіндігі көзделуі мүмкін (құрылысты толық аяқтау).

5. Шартта мердігердің тәуекелдерін сақтандыру көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда сақтандыру жөніндегі шығындар орындалған жұмыстар үшін сыйақыны айқындау кезінде ескерілетін құрылыс жөніндегі шығыстарға енгізіледі.

653-бап. Жүргізілетін жұмыстардың қауіпсіздігі үшін жауаптылық

Жүргізілетін жұмыстардың қауіпсіздігі үшін мердігер жауапты болады.

654-бап. Жобалау-сметалық құжаттама

1. Мердігер құрылысты және оған байланысты жұмыстарды жұмыстың көлемі мен мазмұнын және жұмысқа қойылатын басқа да талаптарды айқындайтын жобалау құжаттамасы мен жұмыстың бағасын айқындайтын сметаға сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

Шартта өзге нұсқаулар болмаған кезде мердігер жобалау-құжаттамасына және сметада (жобалау-сметалық құжаттамада) көрсетілген барлық жұмыстарды орындауға міндетті деп түсініледі.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, шетел тілінде жасалған жобалау-сметалық және басқа техникалық құжаттама мердігерге мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылып беріледі. Өлшем бірліктері заң актілерінде белгіленген метрикалық жүйеге сәйкес болуға тиіс.

3. Құрылыс мердігерлігі шартында жобалау-сметалық құжаттаманың құрамы мен мазмұны айқындалуға тиіс, сондай-ақ тараптардың қайсысы және қандай мерзімде тиісті құжаттаманы беру керек екені көзделуге тиіс.

4. Құрылыс жүргізу барысында жобалау-сметалық құжаттамада есептелінбеген жұмыстарды және осыған байланысты қосымша жұмыстар жүргізу мен құрылыстың сметалық құнын өсіру қажеттігін анықтаған мердігер тапсырысшыға ол туралы хабарлауға міндетті.

Мердігер өз хабарламасына тапсырысшыдан он күн ішінде жауап алмаған жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта бұл үшін өзгеше мерзім көзделмесе, бос тұрыстан келтірілген залалдарды тапсырысшының есебіне жатқыза отырып, тиісті жұмысты тоқтата алады.

5. Осы баптың 4-тармағында белгіленген міндеттерді орындамаған мердігер, егер тапсырысшының мүдделері үшін шұғыл іс-қимыл жасау қажеттігін, атап айтқанда, жұмыстың іркілуі салынып жатқан объектінің қирауына немесе бүлінуіне әкеп соқтыратынына байланысты шұғыл іс-әрекеттің қажеттігін дәлелдей алмаса, тапсырысшыдан қосымша жұмысты орындағаны үшін ақы және осыдан туған залалдардың орнын толтыруды талап ету құқығынан айырылады.

6. Тапсырысшы қосымша жұмысқа және оған ақы төлеуге келісім берген кезде, жұмыс мердігердің кәсіби қызмет аясына кірмейтін не мердігерге байланыссыз себептермен орындалмайтын болған жағдайларда ғана мердігердің аталған жұмысты орындаудан бас тартуға құқығы бар.

655-бап. Жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізу

1. Тапсырысшы жобалау-сметалық құжаттамаға мердігер үшін қосымша шығындарға және (немесе) жұмыстың орындалу мерзімін ұзартуға байланысы жоқ өзгерістер енгізуді талап етуге құқылы.

2. Мердігер үшін қосымша шығындарды керек ететін жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізу тараптардың келісілген қосымша сметасының негізінде тапсырысшының есебінен жүзеге асырылады.

3. Егер мердігерге байланыссыз себептермен жұмыс құны сметадан кемінде он процентке асып кетсе, ол сметаны қайта қарауды талап етуге құқылы.

Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын қараңыз

4. Жобалау-сметалық құжаттамадағы, мұндай құжаттама өзінің тапсырысы бойынша жасалған жағдайларды қоспағанда, мердігер жобалау-сметалық құжаттамада жаңсақтықтарды анықтауға және жоюға байланысты шығарған қисынды шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

656-бап. Жұмыстарды материалдық қамтамасыз ету

1. Егер шартта тапсырысшының құрылысты тұтасымен немесе белгілі бір бөлігінде материалдық қамтамасыз етуі көзделмесе, бөлшектер мен конструкцияларды қоса алғанда, құрылысты материалдармен, сондай-ақ жабдықтармен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді мердігер мойнына алады.

2. Міндетіне құрылысты материалдық қамтамасыз ету кіретін мердігер өзі берген материалдарды (бөлшектерді, конструкцияларды) немесе жабдықтарды орындалатын жұмыстардың сапасын нашарлатпай пайдалану мүмкін болмай қалатындығы анықталатын тәуекелге барады.

3. Тапсырысшы берген материалдарды (бөлшектерді, конструкцияларды) немесе жабдықтарды орындалатын жұмыстардың сапасын нашарлатпай пайдалану мүмкін болмай қалатындығы анықталған жағдайларда мердігер тапсырысшыдан оларды қисынды мерзімде ауыстыруын талап етуге міндетті, ал бұл талап орындалмаған жағдайда мердігер шарттан бас тартуға және тапсырысшыдан шарттың орындалған жұмыс бөлігіне бара-бар бағасын төлеуді, сондай-ақ осы сомамен жабылмаған залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

657-бап. Жұмысқа ақы төлеу

1. Орындалған жұмысқа ақыны тапсырысшы сметада көзделген мөлшерде заң актілерінде немесе шартта белгіленген мерзімде және тәртіппен төлейді. Заң актілерінде немесе шартта тиісті нұсқаулар болмаған жағдайда мердігер орындаған жұмысқа ақы төлеу осы Кодекстің 623-бабына сәйкес жүргізіледі.

2. Толық анықталатын құрылыс кезінде шартта көрсетілген баға, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, тапсырысшы объектіні қабылдап алған соң толық көлемінде төленеді.

658-бап. Құрылыс салу үшін жер учаскесін беру

Тапсырысшы құрылыс салу үшін жер учаскесін шартта көрсетілген көлемде және сондай күйде уақытылы беруге міндетті. Шартта мұндай нұсқау болмаған жағдайда жер учаскесінің көлемі мен күйі жұмыстың уақытылы басталуын, оның қалыпты жүргізілуін және мерзімінде аяқталуын қамтамасыз етуге тиіс.

659-бап. Тапсырысшының құрылыс мердігерлігі шартындағы қосымша міндеттері

Тапсырысшы құрылыс мердігерлігі шартында көзделген жағдайлар мен тәртіпте мердігерге жұмыстарды жүргізу үшін қажетті үйлер мен ғимараттар беруге, мердігердің

мекен-жайына жүктердің тасымалдануын қамтамасыз етуге, энергиямен жабдықтау желілерін, су және бу құбырларын уақытша жүргізуге, басқа да қызметтер көрсетуге міндетті. Ақы шартта көзделген талаптар бойынша төленеді.

660-бап. Тапсырысшының шарт бойынша жұмыстың орындалуын бақылау мен қадағалауы

1. Тапсырысшы құрылыс мердігерлігі шартында орындалып жатқан жұмыстың барысы мен сапасына, олардың орындалу мерзімінің (кестесінің) сақталуына, мердігер берген материалдардың сапасына, сондай-ақ тапсырысшының материалдарын мердігердің дұрыс пайдалануына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға құқылы, бұл орайда ол мердігердің жедел-шаруашылық қызметіне араласпайды.

2. Орындалып жатқан жұмысты бақылау мен қадағалау кезінде шарт талаптарын жұмыс сапасын нашарлататын ауытқуды немесе ондағы өзге де кемшіліктерді анықтаған тапсырысшы ол туралы дереу мердігерге мәлімдеуге міндетті. Мұндай мәлімдеме жасамаған тапсырысшы кейін өзі анықтаған кемшіліктерге сілтеме жасау құқығынан айырылады.

3. Мердігер құрылыс барысында тапсырысшыдан алған нұсқауларды, егер ондай нұсқаулар шарттың талаптарына қайшы келмесе және мердігердің жедел-шаруашылық қызметіне араласу болмаса, орындауға міндетті.

4. Жұмысты тиісті дәрежеде орындамаған мердігер оның орындалуына тапсырысшының бақылау мен қадағалау жасамағанына сілтеме жасауға құқылы емес, бұған мұндай бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру міндеті заң актілерінде немесе шартта тапсырысшыға жүктелген жағдайлар қосылмайды.

661-бап. Мердігердің қоршаған ортаны қорғау және құрылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі міндеттері

Егер қоршаған ортаны қорғау және құрылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізу туралы тараптар үшін міндетті тараптарды бұзуға әкеліп соғатын болса, мердігердің жұмысты жүзеге асыру барысында тапсырысшы берген материалдарды (бөлшектерді, конструкцияларды) және жабдықтарды пайдалануға немесе оның нұсқауларын орындауға құқығы жоқ.

662-бап. Тараптардың құрылысты консервациялау кезіндегі міндеттері

Егер тараптарға қатысы жоқ себептермен құрылыс мердігерлігі шарты бойынша жұмыс тоқтатылып, құрылыс объектісі консервацияланса, тапсырысшы мердігерге консервацияланған кезге дейін толық орындалған жұмыс көлеміне ақы төлеуге, сондай-ақ жұмыстың тоқтатылуы мен құрылысты консервациялау қажеттігінен туған шығындарды өтеуге міндетті.

663-бап. Жұмыс нәтижелерін тапсыру және қабылдау

1. Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша орындалған жұмысты не, егер бұл шартта көзделсе, жұмыстың бір кезеңін тапсыруға дайын екендігі туралы мердігердің хабарын алған тапсырысшы дереу оның нәтижелерін қабылдауға кірісуге міндетті.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, тапсырысшы жұмыс нәтижелерін қабылдауды өз есебінен ұйымдастырады және жүзеге асырады. Заң актілерінде көзделген жағдайларда жұмыс нәтижесін қабылдауға мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері қатысуға тиіс.

3. Жұмыстың жекелеген кезеңдерін алдын-ала қабылдаған тапсырысшы оның мердігердің кінәсінсіз жойылу немесе бүліну қаупін мойнына алады, бұған оның ішінде шартта жұмысты мердігердің тәуекелімен орындау көзделген жағдайлар да кіреді.

4. Мердігердің жұмыс нәтижелерін тапсыруы және тапсырысшының оны қабылдауы екі тарап, ал заң актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері де қол қойған актімен ресімделеді. Тараптардың бірі актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда бұл туралы белгі қойылып, актіге екінші тарап қол қояды. Жұмыс нәтижелерін бір жақты тапсыру немесе қабылдау актісін актіге қол қоюдан бас тарту себептерін сот негізсіз деп таныған жағдайда ғана сот жарамды деп тануы мүмкін.

5. Бұл заң актілерінде немесе шартта көзделген не құрылыс мердігерлігі шарты бойынша орындалатын жұмыстың сипатынан туындаған жағдайда, оның нәтижелерін қабылдауға алдын ала сынақ жұмыстары жүргізілуге тиіс. Мұндай жағдайларда жұмыс нәтижелерін қабылдау алдын ала жасалған сынақтың нәтижелері оң болған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Тапсырысшы шартта көрсетілген мақсат үшін жұмыс нәтижелерін пайдалану мүмкін болмайтын кемшіліктер анықталған жағдайда және оларды мердігер, тапсырысшы немесе үшінші тұлға жоя алмайтын болса, жұмыс нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға құқылы.

Қабылдау кезінде өзге кемшіліктер анықталған жағдайда олар туралы осы баптың 4-тармағында көзделген актіде көрсетілуге тиіс.

2014.29.12. № 269-V ҚР Заңымен 7-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

7. Салынған объектілерді заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда тапсырыс беруші қабылдауға тиіс.

Сапасыз салынған объектілер пайдалануға қабылданған жағдайда, тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

664-бап. Мердігердің жұмыстардың сапасы үшін жауаптылығы

Мердігер шартта, жобада және тараптар үшін міндетті құрылыс нормалары мен ережелерінде көзделген талаптардан жол берілген ауытқулар үшін, сондай-ақ сондай-ақ құрылыс объектісінің жобалық-сметалық құжаттамада көрсетілген көрсеткіштеріне, оның ішінде кәсіпорынның өндірістік қуаты сияқты көрсеткіштерге жете алмағандығы үшін тапсырысшының алдында жауапты болады.

Үйді немесе ғимаратты қайта жаңғырту кезінде (жаңартқанда, қайта салғанда, қалпына келтіргенде және т.б.) мердігерге үйдің, ғимараттың немесе оның бөлігінің беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін төмендеткені немесе жойғаны үшін жауаптылық жүктеледі.

665-бап. Құрылыс мердігерлігі шартындағы сапа кепілдіктері

1. Егер құрылыс мердігерлігі шартында өзгеше көзделмесе, мердігер құрылыс объектісінің жобалық-сметалық құжаттамада көрсетілген көрсеткіштерге жеткізілуіне және шартқа сәйкес кепілді мерзім ішінде объектіні пайдалану мүмкіндігіне кепілдік береді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгедей кепілдік мерзім көзделмесе, кепілдік мерзімі тапсырысшы объектіні қабылдаған күннен бастап он жыл болады.

2. Кепілдік мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер үшін егер, объектінің немесе оның бөліктерінің қалыпты тозуының, оны дұрыс пайдаланбаудың немесе тапсырысшы өзі немесе ол тартқан үшінші тұлғалар жасаған пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың дұрыс болмауының, объектіні тапсырысшының өзі немесе ол тартқан үшінші тұлғалар жөндеуді тиісті дәрежеде жүргізбеуі салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, мердігер жауапты болады.

3. Мердігер жауап беретін кемшіліктердің (ақаулардың немесе шала істелген жұмыстың) салдарынан объект пайдаланыла алмаған барлық уақытқа кепілдік мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

4. Кепілдік мерзімнің ішінде осы Кодекстің 630-бабының 4-тармағында көрсетілген кемшіліктер анықталған кезде тапсырысшы олар анықталғаннан кейін қисынды мерзімде олар туралы мердігерге мәлімдеуге тиіс.

5. Құрылыс мердігерлігі шартында кепілдік мерзім анықталғанға дейін сметада көрсетіліп, шартта көзделген жұмыс бағасының бір бөлігін тапсырысшының ұстап қалу құқығы көзделуі мүмкін.

666-бап. Кемшіліктерді тапсырысшының есебінен жою

1. Құрылыс мердігерлігі шартында тапсырысшының талап етуі бойынша және тапсырысшының есебінен мердігер жауапты болмайтын кемшіліктерді (ақаулар мен шала істелген жұмыстарды) мердігердің жою міндеті көзделуі мүмкін.

2. Шарттың нысанасымен тікелей байланысты болмаған немесе өзіне қатысы жоқ себептермен мердігердің орындауы мүмкін болмаған жағдайда мердігер осы баптың 1-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындаудан бас тартуға құқылы.

4. Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерліктің ерекшеліктері

667-бап. Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік шарт

1. Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік шарт бойынша мердігер (жобалаушы, іздестіруші) тапсырысшының тапсырмасы бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге және (немесе) іздестіру жұмыстарын жүргізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы оларды қабылдап алуға және ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Егер заң актілерінде немесе жобалау және (немесе) іздестіру жұмыстарына арналған шартта өзгеше көзделмесе, жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған шартты орындаудың кездейсоқ мүмкін болмауының тәуекелі тапсырысшыға жүктеледі.

668-бап. Жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған бастапқы деректер

1. Жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған мердігерлік шарт бойынша тапсырысшы мердігерге жобалауға тапсырма, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманы жасау үшін қажетті бастапқы деректерді беруге міндетті. Тапсырысшының тапсырмасы бойынша жобалауға тапсырманы мердігер дайындауы мүмкін, бұл жағдайда тапсырма тапсырысшы оны бекіткен кезден бастап тараптар үшін міндетті болады.

2. Мердігер тапсырмадағы және іздестіру жұмыстарын жобалау мен орындауға арналған басқа да бастапқы деректердегі талаптарды сақтауға міндетті және одан тек тапсырысшының келісімімен ғана ауытқуға құқылы.

669-бап. Тапсырысшының міндеттері

Жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған мердігерлік шарт бойынша, егер шартта өзгеше көзделмесе, тапсырысшы:

1) мердігерге барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін белгіленген бағаны төлеуге немесе оны жұмыстың жекелеген кезеңдері аяқталғаннан кейін бөліп төлеуге;

2) мердігерден алынған жобалау-сметалық құжаттаманы тек шартта көзделген мақсаттарға пайдалануға, жобалау-сметалық құжаттаманы үшінші тұлғаларға бермеуге және ондағы деректерді мердігердің келісімінсіз жария етпеуге;

3) мердігерге шартта көзделген көлем мен жағдайда жобалау және іздестіру жұмыстарын орындауына қызмет көрсетуге;

4) мердігермен бірге дайын жобалау-сметалық құжаттаманы құзыретті мемлекеттік органдармен және жергілікті өзін өзі басқару органдарымен келісуге қатысуға;

5) мердігерге қатысы жоқ мән-жайлардың салдарынан жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған бастапқы деректердің өзгеруінен пайда болған қосымша шығындарды өтеуге;

6) жасалған жобалау құжаттамаларының немесе орындалған іздестіру жұмыстарының кемшіліктеріне байланысты үшінші тұлға тапсырысшыға қойған талап бойынша мердігерді іске қатысуға тартуға міндетті.

670-бап. Мердігердің міндеттері

Жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған мердігерлік шарт бойынша мердігер:

1) жұмыстарды шарт жасасу кезінде жобалауға берілген бастапқы деректерге сәйкес орындауға;

2) дайын жобалау-сметалық құжаттаманы тапсырысшымен, ал қажет жағдайда тапсырысшымен бірге құзыретті мемлекеттік органдармен және жергілікті өзін өзі басқару органдарымен келісуге;

3) егер шартта өзгеше көзделмесе, тапсырысшыға дайын жобалық-сметалық құжаттаманы және іздестіру жұмыстарының нәтижесін бір мезгілде беруге;

4) тапсырысшының келісімінсіз жобалау-сметалық құжаттаманы үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті.

671-бап. Мердігердің кепілдіктері

Мердігер жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған мердігерлік шарт бойынша тапсырысшыға мердігер әзірлеген жобалау-сметалық құжаттаманың негізінде үшінші тұлғалардың жұмыстардың орындалуына бөгет жасау немесе шектеу қою құқығының жоқтығына кепілдік береді.

672-бап. Жобалау-сметалық құжаттаманың және іздестіру жұмыстарының кемшіліктері үшін мердігердің жауаптылығы

1. Жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған мердігерлік шарт бойынша мердігер құрылысты салу барысынан кейін, сондай-ақ орындалған жобалау-сметалық құжаттама және іздестіру жұмыстары негізінде жасалған объектіні пайдалану процесінде анықталған кемшіліктерді қоса алғанда, жобалау-сметалық құжаттаманың және іздестіру жұмыстарының кемшіліктері үшін жауапты болады.

2. Жобалау-сметалық құжаттамада немесе іздестіру жұмыстарында кемшіліктер анықталған жағдайда мердігер тапсырысшының талабы бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы тегін қайта жасауға және тиісінше қосымша іздестіру жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, тапсырысшыға келтірілген залалды өтеуге міндетті.

3. Жобалау құжаттамасының кемшіліктерінен туындайтын талаптарды оны дайындау жөнінде тапсырысшы болмаса да, жобалау құжаттамасын пайдаланатын тұлғаның қоюы мүмкін.

5. Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерліктің ерекшеліктері

673-бап. Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға шарттар

1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына жасалған шарт бойынша мердігер (атқарушы) тапсырысшының тапсырмасында көзделген ғылыми зерттеулерді жүргізуге, ал тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға шарт бойынша - жаңа бұйымның үлгісін, оған конструкторлық құжаттаманы, жаңа технологияны жасауға немесе үлгі дайындауға міндеттенеді; тапсырысшы мердігерге (атқарушыға) техникалық тапсырма беруге, жұмыс нәтижелерін қабылдауға және оларға ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Мердігермен (атқарушымен) жасалған шарт зерттеу жүргізудің, үлгілерді әзірлеу мен жасаудың бүкіл циклын да, сондай-ақ олардың жекелеген элементтерін де қамтуы мүмкін.

674-бап. Жұмыстарды орындау

1. Мердігер (атқарушы) ғылыми зерттеулерді жеке өзі жүргізуге міндетті. Егер шартта өзгеше көзделмесе, ол ғылыми-зерттеу жұмыстарына жасалған шартты орындауға тапсырысшының келісімімен ғана үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

2. Тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды орындау кезінде, егер шартта өзгеше көзделмесе, мердігер оларды орындауға үшінші тұлғаларды қосалқы мердігер ретінде тартуға құқылы.

675-бап. Жұмыстарды тапсыру, қабылдау және оған ақы төлеу

Мердігер (атқарушы) толық аяқталған ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмысты тапсыруға, ал тапсырысшы оны қабылдауға және оған ақы төлеуге міндетті. Шартта жұмыстың жекелеген кезеңдерін қабылдау және оларға ақы төлеу не ақы төлеудің өзге де әдісі көзделуі мүмкін.

676-бап. Шарт туралы мәліметтердің құпиялылығы

Егер ғылыми-зерттеу жұмыстарына не тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шартта өзгеше көзделмесе:

1) мердігер (атқарушы) де, тапсырысшы да шарттың нысанасына, оның орындалу барысына және алынған нәтижелерге қатысты мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті. Құпия деп танылатын мәліметтердің көлемі шартта белгіленеді;

2) мердігер аталған шарт бойынша алынған жұмыс нәтижелерін тек тапсырысшының келісімімен ғана патенттеуді жүзеге асыруға құқылы.

677-бап. Тараптардың жұмыс нәтижелеріне құқықтары

1. Тапсырысшының ғылыми-зерттеу жұмыстарына не тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шарт бойынша өзіне берілген жұмыс нәтижелерін шартта көзделген шекте және жағдайда пайдалануға құқығы бар.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, мердігер (атқарушы) өзі алған жұмыс нәтижелерін өзі үшін пайдалануға құқылы.

3. Шартта мердігердің (атқарушының) жұмыс нәтижелерін үшінші тұлғаларға сату құқығы көзделуі мүмкін.

678-бап. Тапсырысшының міндеттері

Ғылыми-зерттеу не тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шарт бойынша тапсырысшы:

1) мердігерге (атқарушыға) техникалық тапсырма беруге және онымен жұмыс бағдарламасын (техникалық-экономикалық өлшемдерді) немесе тақырыптамасын келісуге;

2) мердігерге (атқарушыға) жұмысты орындауға қажетті ақпарат беруге;

3) орындалған жұмыс нәтижелерін қабылдауға және оларға ақы төлеуге (осы Кодекстің 623-бабы) міндетті.

679-бап. Мердігердің (атқарушының) міндеттері

1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына не тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шарт бойынша мердігер (атқарушы):

1) жұмысты тапсырысшымен келісілген бағдарламаға (техникалық-экономикалық өлшемдерге) немесе тақырыптамаға сай орындауға және тапсырысшыға шартта көзделген мерзімде жұмыс нәтижелерін беруге;

2) интеллектуалдық меншікті құқықтық қорғауға байланысты талаптарды сақтауға;

3) шартта немесе тапсырысшының техникалық тапсырмасында көзделген техникалық-экономикалық өлшемдерден ауытқуға соқтыруы мүмкін техникалық құжаттамадағы өз кінәсінен жіберілген кемшіліктерді өз күшімен және өз есебінен жоюға;

4) тапсырысшыға күтілетін нәтижелерге жету мүмкін болмайтыны анықталғаны немесе жұмысты одан әрі жүргізу орынсыз екені туралы дереу хабарлауға;

5) тапсырысшыға осындай шарт негізінде берілген нәтижелерге үшінші тұлғаларда айрықша құқықтарының болмайтынына кепілдік беруге міндетті.

2. Егер ғылыми-зерттеу жұмыстарына не тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шарттарда өзгеше көзделмесе, мердігер (атқарушы):

1) жұмысты орындау кезінде алынған ғылыми-техникалық нәтижелерді тапсырысшының келісімінсіз жариялаудан тартынуға;

2) жұмысты орындау кезінде алынған құқықтық қорғауға қабілетті нәтижелерді қорғау үшін шаралар қолдануға және бұл туралы тапсырысшыға хабарлауға;

3) орындалған жұмыстарда қолданылған, құқықтық қорғауды иеленетін ғылыми-техникалық нәтижелерді пайдалануға тапсырысшыға айрықша лицензия беруге міндетті.

680-бап. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына жасалған шартта нәтижеге жету мүмкіндігі болмауының салдары

Егер ғылыми-зерттеу жұмыстарының барысында мердігерге (атқарушыға) байланыссыз себептер салдарынан нәтижеге жетудің мүмкін еместігі анықталса, тапсырысшы шартта көзделген нәтижелерге жетудің мүмкін еместігі анықталғанға, дейін жүргізілген жұмыс құнын төлеуге міндетті, бірақ ол шартта көзделген жұмыстардың тиісті бөлігінің бағасынан аспауға тиіс.

681-бап. Тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шартта жұмыс нәтижесіне жету мүмкіндігі болмауының салдары

Егер тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды орындау барысында мердігердің кінәсінсіз жұмысты одан әрі жалғастыру мүмкін болмайтыны немесе орынсыз екені анықталса, тапсырысшы атқарушы шеккен шығындарды төлеуге міндетті.

682-бап. Мердігердің (атқарушының) шартты бұзғаны үшін жауапкершілігі

1. Мердігер (атқарушы) тапсырыс берушінің алдында ғылыми-зерттеу жұмыстарына не тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шартты орындамағаны және тиісті дәрежеде орындамағаны үшін, егер шарттың бұзылуы мердігердің (атқарушының) кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жауапты болады.

2. Шартты бұзған мердігер (атқарушы), егер шартта өзгеше көзделмесе, тапсырыс беруші шеккен залалды нақты зиян түріндегі жұмыстың құны шегінде өтеуге міндетті.

33-тарау. ӨТЕЛМЕЛІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

683-бап. Өтелмелі қызмет көрсету шарты

1. Өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.
2020.19.12. № 386-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Осы тараудың ережелері персонал беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ осы Кодекстің 32, 34, 35, 39, 41, 43, 44-тарауларында көзделген шарттар бойынша көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, байланыс қызметтерін, медициналық, ветеринариялық, аудиторлық, консультациялық, ақпараттық қызметтерді, оқыту мен туристік қызмет көрсету бойынша қызметтерді және өзге де қызметтерді көрсету шарттарына қолданылады.

684-бап. Өтелмелі қызмет көрсету шартын атқару

Егер өтелмелі қызмет көрсету шартында өзгеше көзделмесе, атқарушы қызметті өзі көрсетуге міндетті.

685-бап. Көрсетілген қызметтерге ақы төлеу

1. Тапсырысшы өзіне көрсетілген қызметтерге өтелмелі қызмет көрсету шартында көрсетілген мерзім мен тәртіпте ақы төлеуге міндетті.

2. Тапсырысшының кінәсінен орындау мүмкін болмаған жағдайда, егер заң актілерінде немесе өтелмелі қызмет көрсету шартында өзгеше көзделмесе, көрсетілген қызметке ақы толық көлемінде төленуге жатады.

3. Орындаудың мүмкін болмауы тараптардың ешқайсысы жауап бермейтін мән-жайлар бойынша туындаған жағдайда, егер актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, тапсырысшы атқарушыға оның іс жүзінде шыққан шығындарын өтейді.

686-бап. Өтелмелі қызмет көрсету шартын орындаудан біржақты бас тарту

1. Тапсырысшы атқарушының іс жүзінде шеккен шығыстарын өтеген жағдайда өтелмелі қызмет көрсету шартын орындаудан бас тартуға құқығы.

2. Тапсырысшының кінәсінен болған жағдайды қоспағанда, атқарушы өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша міндеттемелерді орындаудан тапсырысшыға шартты бұзудан келтірілген залалды толық өтегенде ғана бас тартуға құқылы.

687-бап. Өтелмелі қызмет көрсету шартын құқықтық реттеу

Мердігерлік туралы жалпы ережелер (осы Кодекстің 616-639-баптары) және тұрмыстық мердігерлік туралы ережелер (осы Кодекстің 640-650-баптары), егер осы Кодекстің 683-686-баптарына, сондай-ақ өтелмелі қызмет көрсету шарты нысанасының ерекшеліктеріне қайшы келмесе, өтелмелі қызмет көрсету шартына қатысты қолданылады.

2020.19.12. № 386-VI ҚР Заңымен 687-1-баппен толықтырылды

687-1-бап. Персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт

Персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт бойынша бір тарап (жіберуші тарап) өз жұмыскерін басқа тараптың (қабылдаушы тарап) мүддесінде, басқаруымен және бақылауымен жұмысты орындау үшін жібереді.

34-тарау. ТАСЫМАЛДАУ

688-бап. Жалпы ережелер

1. Жүктерді, жолаушыларды және теңдеме жүкті тасу тасымалдау шартының негізінде жүргізіледі.

2. Тасымалдаудың жалпы талаптары көлік туралы заң актілерімен, өзге де заң актілерімен және оларға сәйкес шығарылған ережелермен белгіленеді. Жүктерді, жолаушыларды және теңдеме жүкті көліктің жекелеген түрлерімен тасымалдау талаптары, егер осы Кодекспен, көлік туралы заң актілерімен, өзге де заң актілерімен және оларға сәйкес шығарылған ережелермен өзгеше белгіленбесе, тараптардың келісімімен белгіленеді.

689-бап. Жүкті тасымалдау шарты

1. Жүкті тасымалдау шарты бойынша бір тарап (тасымалдаушы) өзіне басқа тараптың (жүк жөнелтушінің) сеніп тапсырған жүгін белгіленген мекенге жеткізуге және жүкті алуға уәкілетті адамға (алушыға) оны беруге міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші жүкті тасымалдағаны үшін шартқа немесе тарифке сәйкес ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Жүк тасымалдау шарты көліктік құжатын, коносаментті, тауар-көлік құжатын немесе жүк тасымалдаудың көлік туралы заң актілерінде көзделген өзге құжатын толтыру арқылы ресімделеді.

690-бап. Жолаушы тасымалдау шарты

1. Жолаушы тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы жолаушыны баратын мекеніне, ал жолаушы теңдеме жүкті тапсырған жағдайда теңдеме жүкті де апаратын мекенге жеткізуді және оны теңдеме жүкті алуға құқық берілген адамға беруге міндеттенеді; жолаушы жолына, ал теңдеме жүгін тапсырған кезде - теңдеме жүгін алып баруға ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Жолаушы мен теңдеме жүкті тасымалдау шарты тиісінше жол жүру билетімен және теңдеме жүк түбіртегімен ресімделеді. Жол жүру билеті мен теңдеме жүк түбіртегінің нысаны көлік туралы заң актілерінде көзделген тәртіппен белгіленеді.

691-бап. Кеме жалдау (чартер) шарты

Кеме жалдау (чартер) шарты бойынша бір тарап (кememен жалданушы) басқа тарапқа (кеме жалдаушы) жолаушыларды, теңдеме жүкті және жүктерді тасымалдау үшін бір немесе бірнеше көлік құралын толық немесе оның сыйымдылығының бір бөлігін бір немесе бірнеше рейске ақы төлеттіріп беруге міндеттенеді.

Кеме жалдау шартын жасасу тәртібі, сондай-ақ оның нысаны мен түрлері көлік туралы заң актілерімен белгіленеді.

692-бап. Тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарттар

Жүйелі түрде тасымалдауларды жүзеге асыру қажет болған кезде тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші тасымалдауларды ұйымдастыру туралы ұзартылған шарттар жасаса алады.

Жүктерді тасымалдауларды ұйымдастыру туралы шарт бойынша тасымалдаушы белгіленген мерзімде жүкті қабылдауға, ал жүк жөнелтуші - келісілген көлемде тасымалдауға жүк беріп тұруға міндеттенеді.

Тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартта тасымалдау көлемдері, мерзімдері, сапасы және көлік құралдарын беру мен тасымалдауға жүктерді берудің басқа да жағдайлары, сондай-ақ тасымалдауды ұйымдастырудың заң актілерінде көзделмеген өзге де жағдайлары белгіленеді.

693-бап. Көлік ұйымдары арасындағы шарттар

Әртүрлі көлік ұйымдары арасында жүктерді тасымалдауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы шарттар (тораптық келісімдер, жүктерді орталықтандырылған түрде әкелу (әкету) шарты және басқалар) жасалуы мүмкін.

Мұндай шарттарды жасасу тәртібі көлік туралы заң актілерімен белгіленеді.

2015.27.10. № 363-V ҚР Заңымен 694-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

694-бап. Аралас тасымалдар

Екі немесе одан да көп көлік түрлерімен бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (бірыңғай коносамент) бойынша тасымалдау (аралас тасымалдар) кезіндегі өзара қарым-қатынастар, сондай-ақ осындай тасымалдарды ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілеріне сәйкес аралас тасымалдар қатысушыларының арасындағы жасалатын шарттармен айқындалады.

695-бап. Жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау

1. Коммерциялық ұйым жүзеге асыратын тасымалдау, егер заң актілерінен, өзге нормативтік құқықтық актілерден немесе осы ұйымға берілген лицензиядан (патенттен) бұл ұйым жолаушыларды, жүктерді және (немесе) теңдеме жүкті кез келген азаматтың немесе

заңды тұлғаның өтініші бойынша тасымалдауды жүзеге асыруға міндетті екені туындайтын болса, жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау болып танылады.

2. Жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау шарты жария шарт болып табылады (осы Кодекстің 387-бабы).

696-бап. Көлік құралдарын беру, жүкті тиеу (түсіру)

1. Тасымалдаушы жүк жөнелтушіге жүк тиеуге қабылданған өтінімде (тапсырыста), тасымалдау шартында белгіленген мерзімде тиісті жүкті тасымалдауға жарайтын күйінде ақаусыз көлік құралдарын беруге міндетті.

Жүк жөнелтуші тиісті жүкті тасымалдауға берілген жарамсыз көлік құралдарынан бас тартуға құқылы.

2. Жүкті тиеуді (түсіруді) көлік ұйымдары мен жүк жөнелтуші (жүк алушы) көлік туралы заң актілерінде және оларға сәйкес шығарылған ережелерде белгіленген талаптарды сақтай отырып, шартта көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырады.

3. Жүк жөнелтушінің (алушының) күшімен және құралдарымен жүзеге асырылатын жүк тиеу (түсіру), егер мұндай мерзімдер көлік туралы заң актілерінде және оларға сәйкес шығарылған ережелерде белгіленбесе, шартта белгіленген мерзімде жүзеге асырылуға тиіс.

697-бап. Кіре ақысы

1. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, жүктерді, жолаушыларды және теңдеме жүкті тасымалдау үшін тараптардың келісімінде белгіленген ақы төленеді.

2. Жалпы пайдаланыстағы көлікпен жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті тасымалдауға ақы төлеу көлік туралы заң актілерінде белгіленген тәртіппен бекітілетін тарифтер негізінде айқындалады.

3. Жүк иелерінің талабы бойынша орындалатын және тарифтерде көзделмеген жұмыстар мен қызмет көрсетулерге ақы тараптардың келісімі бойынша төленеді.

4. Тасымалдаушының өзіне тасымалдау үшін берілген жүктер мен теңдеме жүкті оған тиесілі кіре ақысын және тасымалдау жөніндегі басқа да төлемдерді (осы Кодекстің 292-бабы) қамтамасыз ету үшін, егер заң актілерінде, тасымалдау шартында өзгеше белгіленбесе немесе міндеттеме мәнінен туындамаса, ұстап қалуға құқығы бар.

698-бап. Жүкті, жолаушыны және (немесе) теңдеме жүкті жеткізу мерзімі

Тасымалдаушы жүкті, жолаушыны және (немесе) теңдеме жүкті тиісті пунктке көлік туралы заң актілерінде айқындалған және оларға сәйкес тасымалдау ережелерінде белгіленген мерзімде жеткізуге міндетті.

Егер жүкті, жолаушыны немесе теңдеме жүкті жеткізу мерзімі белгіленбесе және тараптар бұл мерзімді шартта көздемеген болса, жеткізу қисынды мерзімде жүргізілуі тиіс.

ҚР 06.12.2001 № 260-II Заңына сәйкес 564-бап 3-тармақпен толықтырылды

699-бап. Жүкке билік ету құқығы

1. Жүк жөнелтуші немесе жүкке билік ету құжатының иесі тасымалдаушыға тасымалдауды тоқтатуды немесе жүкті қайтаруды талап ете алады не басқа да өкім бере алады. Бұл жағдайда тасымалдаушы жасалған тасымалға ақы төлеуді, сондай-ақ жасалған өкімге байланысты келтірген шығындарды өтеуін талап етуге құқылы.

2. Жүк баратын жеріне жеткеннен кейін жүк алушыға жүкті берген кезде жүк жөнелтуші алдыңғы тармақта көрсетілген құқықтардан айырылады.

3. Жүк алушы ерекше сақталу жағдайларын қажет ететін (тез бүлінетін) жүкті алу жөніндегі міндеттемелерді орындаудан жалтарған кезде, мұндай жүкті сақтау мүмкін болмаған және оның бүлінуіне әкеп соғуы ықтимал жағдайда жүк жөнелтушінің оған қалай иелік ету керектігі жөнінде нұсқауы болмаса, тасымалдаушының жүкті сатуға құқығы бар.

Жүкті сатудан түскен сома тасымалдаушыға тиесілі соманы шегергеннен кейін нотариустың атына депозит шартымен салынады.

700-бап. Жолаушылардың құқықтары

Көлік туралы заң актілерінде көзделген тәртіп бойынша жолаушының:

1) өзімен бірге балаларды тегін немесе өзге де жеңілдікті жағдайларда алып жүруге;

2) белгіленген нормалардың шегінде өзімен бірге қол жүгін ақысыз алып жүруге;

3) теңдеме жүкті тариф бойынша ақы төлеп, тасымалдауға тапсыруға құқығы бар.

701-бап. Тасымалдау жөніндегі міндеттемелердің бұзылғаны үшін жауапкершілік

1. Тасымалдау жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті дәрежеде орындалмаған жағдайда, тараптар осы Кодексте, көлік туралы заң актілерінде, өзге заң актілерінде, сондай-ақ тараптардың келісімінде белгіленгендей жауапты болады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Көлік ұйымдарының жолаушылармен және жүк жөнелтушілермен (жүк алушылармен) заң актілерінде белгіленген жауапкершілікті шектеу немесе жою туралы келісімдері, жүкті тасымалдау кезінде мұндай келісімдер жасау мүмкіндігі көлік туралы заң актілерінде көзделгеннен басқа жағдайларда, маңызсыз болады.

702-бап. Тасымалдаушының көлікті бермегені үшін және жөнелтушінің берілген көлік құралдарын пайдаланбағаны үшін жауапкершілігі

1. Тасымалдаушы қабылданған өтінімге (тапсырысқа) немесе өзге шартқа сәйкес жүкті тасымалдау үшін көлікті бермегені үшін, ал жөнелтуші жүкті ұсынбағандығы не өзге себептер бойынша берілген көлік құралдарын пайдаланбағаны үшін көлік туралы заң актілерінде, сондай-ақ тараптардың келісімінде белгіленгендей жауапты болады.

2. Тасымалдаушы және жүкті жөнелтуші көлік құралдары берілмеген немесе уақтылы берілмеген не көлік құралдары пайдаланылмаған жағдайда, егер ол:

1) дүлей күштің;

2) көлік туралы заң актілерінде көзделген тәртіппен белгіленген белгілі бір бағыттарда жүктерді тасымалдауды тоқтатудың немесе шектеудің;

3) заң актілерінде көзделген өзге де жағдайлардың салдарынан болса, жауаптылықтан босатылады.

703-бап. Тасымалдаушының тікелей аралас қатынас кезіндегі жауапкершілігі

Тасымалдаушылар тікелей аралас қатынаста жүктің жоғалғаны, бүлінгені, зақымданғаны, кем шыққаны үшін жүкті жөнелтушінің (жүк алушының) алдында ортақтасып жауап береді.

Кешіктіргені үшін, егер кешіктіру тасымалдаушылардың кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, соңғы тасымалдаушы жауапты болады.

704-бап. Тасымалдаушының жолаушыны жөнелтуді кідірткені үшін жауапкершілігі

1. Жолаушыны тасымалдайтын көлік құралын жөнелтуді кідірткені немесе мұндай көлік құралының баратын жеріне кешігіп барғаны үшін (қалалық және қала маңы қатынастарындағы тасымалдауды қоспағанда) тасымалдаушы, егер кідірту немесе кешігу дүлей күштің салдарынан орын алғанын дәлелдемесе, жолаушыға көлік туралы тиісті заң актілерінде белгіленген мөлшерде айыппұл төлейді.

2. Жолаушы көлік құралы жөнелтілуінің кідіруі себебінен тасымалдаудан бас тартқан жағдайда, тасымалдаушы жолаушыға кіре ақысын толық көлемінде қайтаруға, сондай-ақ жолаушыға осындай кідіртуге байланысты ол шеккен залалдың орнын толтыруға міндетті.

705-бап. Жүктің немесе теңдеме жүктің жоғалғаны, кем шыққаны және зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

1. Тасымалдаушы жүкті немесе теңдеме жүкті тасымалдауға қабылдап алған кезден бастап және алушыға, ол жүкті алуға уәкілетті адамға немесе теңдеме жүкті алуға уәкілетті адамға бергенге дейін олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Егер тасымалдаушы жүктің немесе теңдеме жүктің жоғалуы, кем шығуы немесе зақымдануы (бүлінуі) өзінің кінәсінен болмағандығын дәлелдемесе, ол жүктің немесе теңдеме жүктің жоғалғаны үшін жауап береді.

3. Жүкті немесе теңдеме жүкті тасымалдау кезінде келтірілген зиянды тасымалдаушы:

1) жүк немесе теңдеме жүк жоғалған немесе кем шыққан жағдайда жоғалған немесе кем шыққан жүктің немесе теңдеме жүктің құны мөлшерінде;

2) жүк немесе теңдеме жүк зақымданған (бүлінген) жағдайда - оның құнының төмендеген сомасының мөлшерінде, ал зақымданған жүкті немесе теңдеме жүкті қалпына келтіру мүмкін болмаған кезде - оның құны мөлшерінде;

3) тасымалдауға құны жарияланып тапсырылған жүк немесе теңдеме жүк жоғалған жағдайда - жүктің немесе қол жүгінің жарияланған құны мөлшерінде өтейді.

Жүктің немесе теңдеме жүктің құны оның сатушының шотында көрсетілген немесе шартта көзделген бағасының негізінде, ал шот болмаған немесе шартта баға көрсетілмеген кезде, салыстырмалы мән-жайлар кезінде әдетте осыған ұқсас тауарлар үшін алынатын бағаны негізге ала отырып белгіленеді.

4. Тасымалдаушы жүктің немесе теңдеме жүктің жоғалуынан, кем шығуынан немесе зақымдануынан (бүлінуінен) келтірілген белгіленген зиянның орнын толтыра отырып жөнелтушіге (алушыға), егер бұл ақы жүк құнына кірмейтін болса, жоғалған, кем шыққан, бүлінген немесе зақымданған жүкті немесе теңдеме жүкті тасымалдау үшін алынған кіре ақысын қайтарады.

5. Жүктің немесе теңдеме жүктің сақталмау себептері туралы тасымалдаушы біржақты тәртіппен жасаған құжаттар, (коммерциялық акт, жалпы фирманың актісі және т.б.) дау туған жағдайда, жүкті немесе теңдеме жүкті тасымалдаушының, жөнелтушінің не алушының жауапкершілігі үшін негіз бола алатын мән-жайларды куәландыратын басқа құжаттармен бірге соттың бағалауына жатады.

706-бап. Жүктерді тасымалдау жөніндегі талаптар мен талап қоюлар

1. Тасымалдаушыға жүкті тасымалдаудан туындайтын талап қоюға дейін оған көлік туралы заң актілерінде көзделген тәртіпте талаптар қойылуы міндетті.

2. Жүк тасымалдаудан туындайтын талаптар бойынша талап қою мерзімі бір жыл деп белгіленеді.

3. Осы баптың ережелері жолаушыны және теңдеме жүкті тасымалдаудан туындайтын талаптарға қолданылмайды.

707-бап. Жолаушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

Жолаушының өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілуі салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша тасымалдаушының жауапкершілігі, егер заң актілерінде немесе шартта тасымалдаушының жоғары жауапкершілігі көзделмесе, осы Кодекстің 47-тарауындағы ережелер бойынша белгіленеді.

35-тарау. КӨЛІК ЭКСПЕДИЦИЯСЫ

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 708-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

708-бап. Көлік экспедициясы шарты

1. Көлік экспедициясы шарты бойынша бір тарап (экспедитор) сыйақы үшін және басқа тараптың (клиенттің - жүк жөнелтушінің, жүк алушының немесе экспедитор қызметтеріне мүдделі өзге тұлғаның) есебінен жүкті тасымалдауға байланысты экспедиция шартында белгіленген қызмет көрсетулерді орындауға немесе орындауды ұйымдастыруға, оның ішінде клиенттің атынан немесе өз атынан жүкті тасымалдау шартын (шарттарын) жасасуға міндеттенеді.

Көлік экспедициясы шартында қосымша қызметтер көрсету ретінде экспорт немесе импорт үшін талап етілетін құжаттарды алу, кедендік және өзге шарттылықтарды орындау, жүктің саны мен жай-күйін тексеру, оны тиеу мен түсіру, клиентке жүктелетін баждарды, алымдар мен басқа да шығындарды төлеу, жүкті сақтау, оны баратын жерінде алу, сондай-ақ өзге де операцияларды орындау мен қызмет көрсетулер сияқты жүкті жеткізу үшін қажетті операцияларды жүзеге асыру көзделуі мүмкін.

Клиенттің келісімімен экспедитор клиенттің мүддесін, тарифтер деңгейін және жеткізу мерзімдерін ескере отырып, клиенттің жүгін көліктің қай түрімен тасымалдауды өзі белгілей алады.

2. Осы тарауда реттелмеген бөлігінде экспедиция шартына қатысты қатынастарға, егер шарт талаптары бойынша экспедитор клиенттің атынан іс-әрекет жасаса, осы Кодекстің 41-тарауының ережелері қолданылады, егер ол өз атынан іс-әрекет жасаса, осы Кодекстің 43-тарауының ережелері қолданылады.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 709-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

709-бап. Шарттың нысаны

1. Көлік экспедициясы шарты жазбаша түрде жасалады.

2. Клиент экспедиторға, егер ол оның міндеттерін атқаруға қажет болса, сенімхат беруге тиіс.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 710-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

710-бап. Экспедиторға берілетін құжаттар мен басқа да ақпарат

1. Клиент экспедиторға жүктің қасиеттері, оны тасымалдау ережелері туралы құжаттарды, сондай-ақ экспедитордың шартта көзделген міндеттерді орындауына қажетті өзге де ақпаратты беруге міндетті.

2. Экспедитор клиентке алған ақпараттың анықталған кемшіліктері туралы хабарлауға, ал ақпарат толық болмаған жағдайда, клиенттен қажетті қосымша деректерді сұрауға міндетті.

3. Клиент қажетті ақпаратты бермеген жағдайда, экспедитор осындай ақпарат берілгенге дейін өзінің тиісті міндеттерін атқаруға кіріспеуге құқылы.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпаратты беру жөніндегі міндеттерді бұзуына байланысты экспедиторға келтірген залалдары үшін клиент жауапты болады.

711-бап. Экспедитордың міндеттерін үшінші тұлғаның атқаруы

1. Егер экспедиция шартынан экспедитордың өз міндеттерін жеке өзінің атқаруы міндеті туындамаса, экспедитор өз міндеттерін орындауға басқа тұлғаларды тартуға құқылы.

2. Міндеттеменің орындалуын үшінші тұлғаға жүктеу экспедиторды шарттың орындалуы үшін клиенттің алдындағы жауаптылықтан босатпайды.

712-бап. Ұстап қалу құқығы

Экспедитор жүкті тек оның экспедициялық қызмет көрсетулері үшін алуы тиіс сыйақының төленбеуіне байланысты ғана ұстап қалуға құқылы.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 713-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

713-бап. Көлік экспедициясы шарты бойынша экспедитордың жауапкершілігі

1. Экспедиция шарты жөніндегі міндеттерді орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін экспедитор осы Кодекстің 20-тарауындағы ережелерге сәйкес белгіленген негіздер мен мөлшер бойынша жауапты болады.

2. Егер экспедитор міндетті бұзу тасымалдау шарттарының тиісті дәрежеде орындалмауынан пайда болғанын дәлелдесе, экспедитордың клиент алдындағы жауаптылығы да экспедитордың алдында тиісті тасымалдаушы жауап беретін ережелермен белгіленеді.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 714-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

714-бап. Көлік экспедициясы шартын орындаудан біржақты бас тарту

1. Клиент немесе экспедитор, бұл туралы басқа тарапқа қисынды мерзімде ескерте отырып, көлік экспедициясы шартын орындаудан бас тартуға құқылы.

2. Шартты орындаудан біржақты бас тарту кезінде бас тартуды мәлімдеген тарап екінші тарапқа шарттың бұзылуынан келтірілген залалды өтейді.

36-тарау. ЗАЕМ

ҚР Заңымен 10.07.03 ж. № 483-II 715-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

715-бап. Заем шарты

1. Заем шарты бойынша бір тарап (заем беруші) басқа тараптың (заемшының) меншігіне (шаруашылық жүргізуіне, оралымды басқаруына) ақша немесе тектік белгілерімен айқындалған заттарды береді, ал осы Кодексте немесе шартта көзделген жағдайларда оларды беруге міндеттенеді, ал заемшы заем берушіге дәл осындай ақша сомасын немесе осы тектегі және сападағы заттардың тең мөлшерін уақытында қайтаруға міндеттенеді.

2. Орындалуы ақша немесе тектік белгісімен айқындалған заттарды беруге байланысты шарттарда заем, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе және тиісті міндеттемелердің мәніне қайшы келмейтін болса, аванс, алдын ала ақы төлеу, тауарларға (жұмысқа және қызмет көрсетулерге) мерзімін ұзартып және бөліп-бөліп төлеу түрінде беру көзделуі мүмкін.

2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 2-1-тармақпен толықтырылды (2020 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді)

2-1. Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың азаматтарға қарыз түрінде ақша беруіне тыйым салынады және мұндай шарттар маңызсыз болып табылады.

Бұл тыйым салу осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік қарыздар мен микрокредиттер, жұмыс берушінің өз жұмыскеріне, бұрын осы жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұрған зейнеткерге қарыз, сондай-ақ заңды тұлғаның өз құрылтайшысына (акционеріне, қатысушысына) қарыз түрінде ақша беру жағдайларына қолданылмайды.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Азаматтар мен заңды тұлғаларға кәсіпкерлік қызмет ретінде азаматтардан қарыз түрінде ақша тартуға тыйым салынады және мұндай шарттар маңызсыз болып табылады.

Бұл тыйым салу заемшылар депозиттер қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы бар банктер болған жағдайларда, сондай-ақ шығарылуы заңдарда белгіленген тәртіппен тіркелген бағалы қағаздарға ақшаны айырбасқа қабылдау жағдайларында қолданылмайды.

716-бап. Заем шартының нысаны

1. Заем шарты осы Кодекстің 151-152-баптарының ережелеріне сәйкес нысанда жасалуға тиіс.

2. Заем шарты заемшының облигациясы, қолхаты немесе оған заем берушінің белгілі бір соманы немесе заттардың белгілі бір мөлшерін бергендігін куәландыратын өзге де құжат болған жағдайда да тиісті жазбаша нысанда жасалды деп танылады.

717-бап. Заем шартын жасасу

Заем шарты, егер осы Кодексте немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, ақша немесе заттар берілген кезден бастап жасалды деп есептеледі.

Шартта ақшаны немесе заттарды бөлшектеп (бөліп-бөліп) беру көзделген жағдайларда, егер шартта өзгеше көзделмесе, олардың бірінші бөлігі берілген кезден бастап шарт жасалды деп есептеледі.

2011.10.02. № 406-IV ҚР Заңымен 718-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.26.11 № 57-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 718-бап өзгертілді

718-бап. Қарыз шарты бойынша сыйақы

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, қарыз нысанасын пайдаланғаны үшін қарыз алушы шартта айқындалған мөлшерде қарыз берушіге сыйақы төлейді.

Қарыз алушымен - жеке тұлғамен жасалатын қарыз шарты бойынша сыйақы осы Кодекстің 725-1-бабының талаптары ескеріле отырып айқындалады.

2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2024.19.06. № 97-VIII ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қарыз алушыларының құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен есептелетін жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлері қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бірлескен нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

3. Егер қарыз шарты бойынша қарыз алушыға заттар берілсе, сыйақы төлеу оның көлемі мен нысаны (ақшалай немесе заттай) шартта көзделген жағдайда жүргізіледі.

4. Сыйақы төлеудің тәртібі мен мерзімдері қарыз шартында белгіленеді.

Егер сыйақы төлеу тәртібі мен мерзімдері шартта белгіленбесе, ол ай сайын төленеді.

2021.24.05. № 43-VII ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (2021 ж. 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5. Егер қарыз алушы қарыз нысанасын мерзімінде қайтармаса, сыйақы, егер «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, қарыз нысанасын пайдаланған бүкіл кезеңге төленеді.

719-бап. Заем нысанасын беру

1. Заем нысанасын шартта көзделген мерзімде, мөлшерде және жағдайда беріледі.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, заем нысанасы оны заемшыға берген немесе оның банктегі шотына тиісті ақша қаражаты есептелген кезден бастап берілген деп есептеледі.

2. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заемшы заем берудің шартта белгіленген мерзіміне дейін заем берушіні бұл туралы хабардар ете отырып, заем алудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

3. Тектік белгілерімен айқындалатын заттарды заемға берген кезде олардың саны, түр-түрі, жинақтылығы, сапасы, ыдысы және (немесе) буып-түйілуі туралы шарттарды орындау, егер шартта өзгеше көзделмесе, тауарларды сатып алу-сату шарттары туралы (осы Кодекстің 406-492-баптары) ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

720-бап. Нысаналы заем

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, заем нысанасыз болады және заемшы алынған заем нысанасын өз қалауы бойынша пайдаланады.

2. Шарт заемшының заем нысанасын белгілі бір мақсатқа пайдалануы шартымен (нысаналы заем) жасалған жағдайда, заем берушінің заемның нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар, ал заемшы заем берушінің осындай бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Заемшы заем нысанасын нысаналы пайдалану жөніндегі міндеттерді, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда заем беруші заем нысанасының берілмеген бөлігіне қатысты шартты орындаудан бас тартуға және заемшыдан заем нысанасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы.

721-бап. Заемшының міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету

1. Заем нысанасын қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау осы Кодексте көзделген әдістермен қамтамасыз етілуі мүмкін. Бұл жағдайда заемшы, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заем берушіге заемның қамтамасыз етілуін бақылауға мүмкіндік беруге міндетті.

2. Заемшы нысанасын қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындамаған кезде, сондай-ақ заем беруші жауап бермейтін мән-жайлар бойынша қамтамасыз етуді жоғалтқан немесе оның шарттарын нашарлатқан жағдайда заем беруші заем нысанасының тиісінше ұсынылмаған бөлігіне қатысты шартты орындаудан бас тартуға және заемшыдан заем нысанасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы.

2015.17.07. № 333-V ҚР Заңымен 722-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

722-бап. Заем нысанасын қайтару

1. Заемшы шартта көзделген тәртіппен және мерзімде заем нысанасын қайтаруға міндетті.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, заем нысанасы оны заем берушіге берген немесе оның банктегі шотына тиісті ақша есептелген кезде қайтарылды деп есептеледі.

Егер заем нысанасын қайтару мерзімі шартта белгіленбесе, оны заемшы ол туралы заем беруші талап еткен күннен бастап отыз күн ішінде қайтаруы тиіс.

Сыйақы төлеу туралы шартсыз берілген заем нысанасы мерзімінен бұрын қайтарылуы мүмкін. Сыйақы төлеу шартымен берілген заем нысанасы заем берушінің келісімімен не, егер ол шартта көзделсе, мерзімінен бұрын қайтарылуы мүмкін.

Егер шартта өзгеше белгіленбесе, заем бойынша сыйақы кез келген уақытта мерзімінен бұрын төленуі мүмкін.

2. Заем берушінің келісімімен заемшының міндеттемелері: ақша заемы шарты бойынша - борыш есебіне тектік белгілерімен айқындалған заттарды қабылдаумен; заттар заемы шарты бойынша - борыштың есебіне ақша қабылдаумен орындалуы мүмкін. Аталған заттардың құны тараптардың келісімімен айқындалады.

3. Егер шартта заемды бөлшектеп (бөліп-бөліп) қайтару көзделсе, заемшы заем нысанасының кезекті бөлігін қайтару үшін белгіленген мерзімді бұзған жағдайда заем беруші заем нысанасының қалған барлық бөлігінің тиесілі сыйақымен бірге мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге, сондай-ақ кепілге салынған мүлікке өндіріп алуды қолдану

арқылы өздерінің талаптарын қанағаттандыруға (осы Кодекстің 321-бабы 2-тармағының 4) тармақшасы) құқылы.

4. Егер шартта заем бойынша сыйақыны заем нысанасының өзін қайтару мерзімдерінен бұрын төлеу көзделсе, сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзім бұзылған жағдайда заем беруші заемшыдан заем нысанасын тиесілі сыйақымен бірге мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге, сондай-ақ кепілге салынған мүлікке өндіріп алуды қолдану арқылы өздерінің талаптарын қанағаттандыруға (осы Кодекстің 321-бабы 2-тармағының 4) тармақшасы) құқылы.

723-бап. Заем нысанасын мерзімінен бұрын қайтару туралы талапты қанағаттандыру мерзімі

Заем беруші 720-баптың 3-тармағында, 721-баптың 2-тармағында, 722-баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген негіздер бойынша заем нысанасын мерзімінен бұрын қайтару туралы талаптар қойған кезде заем нысанасын қайтарудың және ол бойынша сыйақыны төлеудің жаңа мерзімі осы Кодекстің 722-бабының 1-тармағында белгіленген ереже бойынша есептеледі.

724-бап. Заем шартын даулау

1. Заемшы заем берушіден өзінің заем нысанасын (ақшаны немесе заттарды) іс жүзінде алмағандығын немесе шартта көрсетілгеннен аз мөлшерде немесе аз санда алынғанын дәлелдей отырып, заем шартын даулауға құқылы.

2. Заем шарты жазбаша түрде жасалуға тиіс жағдайларда (осы Кодекстің 716-бабы), шарт алдаудың, күш қолданудың, қорқытудың, тараптар өкілдерінің қасқүнемдік келісімінің немесе ауыр мән-жайлар тоғысуының ықпалымен жасалған жағдайларды қоспағанда (осы Кодекстің 159-бабының 9 және 10-тармақтары), оны куәгерлік көрсетулер арқылы даулауға жол берілмейді.

725-бап. Заем шартында міндеттемені жаңалау

1. Сатып алу-сату, мүлікті жалға алу немесе өзге негіздегі мәмілелерден пайда болған кез келген міндеттеме тараптардың келісімі бойынша заем шартымен ресімделуі мүмкін.

2. Міндеттемені заем шартына ресімдеу жаңалау туралы талаптарды (осы Кодекстің 372-бабы) сақтай отырып жүзеге асырылады және заем шарты үшін көзделген (осы Кодекстің 716-бабы) нысанда жасалады.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 725-1-баппен толықтырылды

725-1-бап. Қарыз алушымен - жеке тұлғамен жасалатын қарыз шартының ерекшеліктері

1. Қарыз алушымен - жеке тұлғамен жасалатын қарыз шартының мынадай ерекшеліктері бар:

1) тектік белгілерімен айқындалған, оның ішінде төлемнің кейінге қалдырылуы және бөліп төленуі арқылы берілген ақша немесе заттар қарыз шартының нысанасы болып табылады;

2) дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға қарыз шарты бойынша қарыз алушы ретінде әрекет етеді;

3) қарыз Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында беріледі;

4) қарыз шартында осы баптың 3-тармағында көзделген қағидаларға сәйкес есептелген, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі міндетті түрде қамтылуға тиіс;

2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 5) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5) қарыз шарты бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі жүз пайыздан, оның ішінде қарызды қайтару мерзімі өзгертілген жағдайда аса алмайды;

6) қарыз шарты бойынша қарыз сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5 пайызынан, бірақ берілген қарыз сомасының жылына он пайызынан аспайды;

7) қарыз нысанасын қоспағанда, сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссиялар және қарыз шартында көзделген өзге де төлемдер сомасын қоса алғанда, қарыз алушының қарыз шарты бойынша барлық төлемі жиынтығында қарыз шартының бүкіл қолданылу кезеңінде берілген қарыз сомасынан аса алмайды;

8) қарыз шарты бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық баламасына байланыстыра отырып индекстеуге жол берілмейді;

9) қарыз шартының сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссиялар және өзге де төлемдер мөлшерлері туралы талаптары оларды ұлғайту жағына қарай өзгертіле алмайды;

Егер нысанасы тектік белгілерімен айқындалған заттар болып табылатын қарыз шарты бойынша қарыз алушының міндеттемелерін орындау борыш есебіне ақша беру арқылы жүзеге асырылған, ал сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың), комиссиялардың және қарыз шартында көзделген өзге төлемдердің төленуі мен мөлшері ақшалай нысанда жүзеге асырылса, осындай шартқа осы тармақтың бірінші бөлігі 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларының талаптары қолданылады.

2. Қарыз алушымен - жеке тұлғамен жасалатын, осы баптың 1-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін қарыз шарты мәнсіз болып табылады.

2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3. Қарыз шарты бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидалары қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

4. Қарыз алушымен - жеке тұлғамен жасалатын қарыз шартына осы бапта көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, қарыз шартына қатысты қағидалар қолданылады.

5. Осы баптың талаптары осы Кодекстің 718-бабының 2-тармағында аталған тұлғалар қарыз берушілер болып әрекет ететін қарыз шарттарына қолданылмайды.

726-бап. Мемлекеттік заем шарты

1. Мемлекеттік заем шарты бойынша заемшы - мемлекет, ал заем беруші - азамат немесе заңды тұлға болады.

2. Мемлекеттік заемдар ерікті болып табылады.

3. Мемлекеттік заем шарты заем игерушінің шығарылған мемлекеттік облигацияларды, сондай-ақ заем берушінің заемшыдан одан қарызға берілген ақшаны немесе заем талаптарына байланысты өзге де мүліктік баламаны, белгіленген сыйақыны немесе өзге де мүліктік құқықтарды осы заемды айналымға шығару шарттарында көзделген мерзімде алу құқығын куәландыратын басқа да мемлекеттік бағалы қағаздарды (құжаттық немесе құжаттық емес) алу жолымен жасалады.

4. Мемлекеттік заем шартынан туындайтын өз міндеттемелері бойынша, заемшы тиісті қазынаның мүлкімен жауап береді.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік заем қатынастарына қатысу ерекшеліктері заң актілерімен белгіленуі мүмкін.

727-бап. Банк заемы шарты

ҚР 2005.23.12. № 107-III Заңымен 1-бап толықтырылды

1. Банк заемы шарты бойынша заем беруші заемшыға төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен қарызға ақша беруге міндеттенеді.

2009.12.02. № 133-IV ҚР Заңымен бап 1-1-тармақпен толықтырылды; 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 1-1-тармақ жаңа редакцияда (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1-1. Исламдық банк операцияларын жүзеге асыру кезінде жасалған банктік қарыз шарты бойынша ақша қарызы мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен және ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы алмай жүзеге асырылады.

2. Банк заемы шартына осы Кодекстің 728-бабында көзделген ерекшеліктерімен қоса заем шартына қатысты ережелер қолданылады.

10.07.03 ж. № 483-II (бұр. ред. қара); 2007.19.02. № 230-III (бұр. ред. қара) ҚР Заңдарымен 728-бап өзгертілді; 2011.10.02. № 406-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 728-бап жаңа редакцияда; 2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2022.30.12. № 179-VII ҚР Заңымен (2023 ж. 3 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2024.19.06. № 97-VIII ҚР Заңымен (2024 ж. 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 728-бап өзгертілді

728-бап. Банктік қарыз шартының, микрокредит беру туралы шарттың және синдикатталған қарыз шартының ерекшеліктері

Банктік қарыз шартының және микрокредит беру туралы шарттың мынадай ерекшеліктері бар:

1) банктік қарыз шарты бойынша банк немесе уәкілетті мемлекеттік органның банктік қарыз операцияларына лицензиясы бар өзге де заңды тұлға қарыз беруші ретінде әрекет етеді;

2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2) микрокредит беру туралы шарт бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым қарыз беруші ретінде әрекет етеді;

3) алдағы уақытта берілуі мүмкін ақша банктік қарыз шартының, микрокредит беру туралы шарттың нысанасы болып табылады. Соңғы жағдайда, егер осы шарттарда өзгеше көзделмесе, банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт олар жасалған кезінен бастап (осы Кодекстің 393-бабының 1-тармағы) күшіне енген болып есептеледі;

4) банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Жазбаша нысанды сақтамау банктік қарыз шартының, микрокредит беру туралы шарттың маңызсыздығына алып келеді;

2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 5) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, банктік қарыз шартында, микрокредит беру туралы шартта банктің немесе уәкілетті мемлекеттік органның банктік қарыз операцияларына лицензиясы бар өзге де заңды тұлғаның, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның шарт талаптарын біржақты өзгерту құқығын көздейтін талап қамтылмайды;

2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 6) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

6) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында не Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, банктік қарыз шартына, микрокредит беру туралы шартқа осы Кодекстің 722-бабы 2-тармағының ережелері қолданылмайды;

7) қарыз алушы қарыз, микрокредит нысанасының кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күннен асырып бұзған

кезде, банктік қарыз шартына, микрокредит беру туралы шартқа осы Кодекстің 722-бабы 3 және 4-тармақтарының ережелері қолданылады;

2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 8) тармақшамен толықтырылды (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

8) ломбардтың кепілге салу билетін беруі микрокредит беру туралы шарт жасасуға теңестіріледі.

Банктерге осы банк эмитенті болып табылатын акциялармен қамтамасыз етілген қарыздар не осы акцияларды иеленуге арналған қарыздар беруге тыйым салынады.

Жеке тұлғаларға берілетін ипотекалық қарыз ерекшеліктері «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Тұтынушылық банктік қарыздың және тұтынушылық микрокредиттің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының банк заңнамасында және Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы заңнамасында айқындалады.

Синдикатталған қарыз шартының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасында айқындалады.

Ломбардтардың мемлекеттік тіркелуге жатпайтын жылжымалы мүлікті кепілге қойып беретін қарыздарын қоспағанда, банктердің және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен соттан тыс банкроттық рәсімінің немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің аяқталғаны туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жыл бойы азаматқа қарыз беруіне тыйым салынады.

37-тарау. АҚШАЛАЙ ТАЛАПТЫ БЕРІП ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ФАКТОРИНГ)

729-бап. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шарты

1. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты бойынша бір тарап (қаржы агенті) ақшаны басқа тараптың (клиенттің) билігіне береді немесе беруге міндеттенеді, ал клиент қаржы агентіне клиенттің (кредит берушінің) осы үшінші тұлғамен (борышқормен) қатынастарынан туындайтын өзінің ақшалай талабын қаржы агентіне береді немесе беруге міндеттенеді.

Борышқорға ақшалай талабын клиент қаржы агентіне сонымен бірге клиенттің қаржы агенті алдындағы міндеттемелерін атқаруын қамтамасыз ету мақсатында да беруі мүмкін.

2. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты бойынша қаржы агентінің міндеттемелері клиент үшін бухгалтерлік есеп жүргізуді және берудің нысанасы болып табылатын ақшалай талаптарға (ақшалай талаптар бойынша шоттар ашу) қатысты құжаттар ұсынуды, сондай-ақ клиентке осы талаптарға байланысты өзге де қаржылық қызмет көрсетуді қамтуы мүмкін.

3. Осы Кодекспен белгіленген (осы Кодекстің 339-347-баптары) талаптарды беру туралы жалпы ережелер, егер осы тарауда өзгеше көзделмесе, ақшалай талапты беріп қаржыландыруға қолданылады.

730-бап. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру туралы шарттың нысаны

Ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты осы Кодекстің 346-бабында белгіленген талаптарды сақтай отырып жазбаша түрде жасалуға тиіс.

731-бап. Қаржыландыруды алу мақсатындағы берілген ақшалай талап

1. Төлем мерзімі келген ақшалай талап (қойылып келген талап) та, болашақта туындайтын ақша алу (келешектегі талап) құқығы да қаржы беру нысанасы болуы мүмкін.

Беру нысанасы болып табылатын ақша талабы клиенттің қаржы агентімен жасасқан шартында қолданылып келген ақшалай талапты шарт жасалған кезде, ал келешектегі талапты - ол туындаған кезден кешіктірмей бірыңғайландыруға мүмкіндік беретіндей болып белгіленуге тиіс.

2. Қолданылып келген ақшалай талап шарт жасалған кезден бастап, егер онда өзгеше көзделмесе, қаржы агентіне ауысты деп есептеледі.

Келешектегі ақшалай талапты беру кезінде шартта көзделген талапты берудің нысанасы болып табылатын ақшаны борышкерден алу құқығының өзі пайда болғаннан кейін қаржы агентіне ауысты деп есептеледі.

Егер ақшалай талапты беру белгілі бір оқиғамен байланысты болса, ол осы оқиға басталғаннан кейін күшіне енеді. Мұндай жағдайда ақшалай талапты беруді қосымша ресімдеу талап етілмейді.

732-бап. Клиенттің қаржы агентінің алдындағы жауапкершілігі

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, беру нысанасы болып табылатын ақшалай талаптың жарамсыздығы үшін қаржы агентінің алдында клиент жауапты болады.

2. Егер клиент ақшалай талапты беру құқығына ие болса және осы талапты беру кезінде борышқордың ол талапты орындамауға құқығы болатын мән-жайлар оған белгісіз болса, беру нысанасы болып табылатын ақшалай талап жарамды деп танылады.

3. Егер клиент пен қаржы агентінің арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, клиент қаржы агенті оны орындауды ұсынған жағдайда беру нысанасы болып табылатын талапты борышқордың орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауап бермейді.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 733-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

733-бап. Талапты беруге тыйым салудың жарамсыздығы

1. Қаржы агентіне ақшалай талапты беру, тіпті клиент пен оның борышкері арасында оған тыйым салу немесе оны шектеу туралы келісім болғанда да жарамды болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген ереже клиент пен борышкер арасындағы оған тыйым салу немесе оны шектеу туралы қолда бар келісімді бұза отырып талапты беруге байланысты клиентті борышкер алдындағы міндеттемелерден немесе жауаптылықтан босатпайды.

734-бап. Ақшалай талапты кейін беру

Егер ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартында өзгеше көзделмесе, қаржы агентінің ақшалай талапты кейін беруіне жол берілмейді.

Шартта ақшалай талапты кейін беруге жол берілген жағдайларда оған тиісінше осы тараудың ережелері қолданылады.

735-бап. Борышқордың қаржы агентіне ақшалай талапты орындауы

1. Борышқор қаржы агентіне ол клиенттен немесе қаржы агентінен ақшалай талаптың аталған қаржы агентіне берілгендігі туралы жазбаша хабарлама алған жағдайда төлем жүргізуге міндетті.

Хабарламада орындалуға жататын ақшалай талап нақты белгіленуге және төлем жүргізілуі тиіс қаржы агенті көрсетілуі керек.

2. Борышқордың өтініші бойынша қаржы агенті қисынды мерзімде борышқорға ақшалай талаптың қаржы агентіне шындығында берілгеніне дәлелдеме ұсынуға міндетті. Егер қаржы агенті бұл міндетті орындамаса, борышқор клиенттің алдындағы өзінің міндеттемелерін орындау үшін оған аталған талап бойынша төлем жүргізуге құқылы.

3. Борышқордың қаржы агенті алдында ақшалай талапты орындауы осы баптың ережелеріне сәйкес борышқорды клиенттің алдындағы тиісті міндеттемелерінен босатады.

736-бап. Қаржы агентінің борышқордан алынған сомаларға құқықтары

1. Егер ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты бойынша клиентті қаржыландыру одан осы талапты қаржы агентінің сатып алуы жолымен жүзеге асырылса, соңғысы борышқордан талапты орындау үшін алатын барлық сомаға құқықты иемденеді, ал клиент өзі алған сома қаржы агенті клиентке төлеген сомадан аз болғаны үшін қаржы агенті алдында жауап бермейді.

2. Егер қаржы агентіне ақшалай талапты беру клиенттің агент алдындағы өзінің міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету әдісі ретінде жүзеге асырылса және талапты беріп қаржыландыру шартында өзгеше көзделмесе, қаржы агенті клиентке есеп табыс етуге және оған талапты беріп қамтамасыз етілген клиент міндеттемелері сомасынан асатын соманы беруге міндетті. Егер қаржы агенті борышқордан алған ақша клиенттің қаржы агентіне талапты берумен қамтамасыз етілген міндеттемелері сомасынан аз болып шықса, клиент міндеттемелердің қалған бөліктері бойынша жауапты болады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды

3. Егер ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартында өзгеше көзделмесе, осы баптың қағидалары қолданылады.

737-бап. Борышқордың қарсы талаптары

Қаржы агенті борышқорға төлем жүргізуді талап еткен жағдайда, борышқор осы Кодекстің 370-бабына сәйкес талаптың қаржы агентіне берілгені туралы жазбаша хабарламаны өзі алған уақытта борышқорда болған, клиентпен арадағы шартқа негізделген өзінің ақшалай талаптарын есепке алуға ұсынуға құқылы.

Егер клиент борышқор алдында міндеттемелері бар екені туралы оған хабарламаса, қаржы агенті есепке алудан бас тартуға құқылы.

738-бап. Қаржы агенті алған сомаларды борышқорға қайтару

1. Клиент борышқормен жасалған шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, соңғысы агентке ауысқан талаптар бойынша өзі төлеген сомаларды, егер борышқордың осындай соманы тікелей клиенттен алуға құқығы болса, қайтаруды қаржы агентінен талап етуге құқығы жоқ.

2. Талапты берудің нәтижесінде қаржы агентіне төленген соманы тікелей клиенттен алуға құқығы бар борышқордың қаржы агентінен бұл сомаларды қайтаруды, егер соңғысының клиент алдындағы талаптың берілуі бойынша оны қаржыландыруды жүзеге асырудағы міндеттерін орындамағаны не борышқордың алдындағы талаптың берілуіне байланысты қаржыландыруға жататын міндеттемені клиенттің орындамағанын біле тұра қаржыландыруды жүргізгені дәлелденсе, дегенмен де талап етуге құқылы.

2006.20.02. № 127-III ҚР Заңымен 738-1-баппен толықтырылды; 2012.12.01. № 539-IV ҚР Заңымен 738-1-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

738-1-бап. Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру кезінде ақшалай талап етуді беру

Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру кезінде ақшалай талап етудің берілуіне орай қаржыландыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамалық актісінде белгіленеді. Егер Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамалық актісінде өзгеше белгіленбесе, осы тараудың ережелері жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру мәмілелеріне қолданылады.

2018.04.07. № 171-VI ҚР Заңымен 738-2-баппен толықтырылды; 2025.15.03. № 172-VIII ҚР Заңымен 738-2-бап жаңа редакцияда (2025 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

738-2-бап. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қаржыландыру кезінде ақшалай талапты өзгеге беру

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын ақшалай талапты өзгеге беріп қаржыландыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасында белгіленеді.

Егер Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, осы тараудың ережелері мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қаржыландыру мәмілелеріне қолданылады.

38-тарау. БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

1. Жалпы ережелер

2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 739-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

739-бап. Банктік қызмет көрсету шарты

1. Банктік қызмет көрсету шарты бойынша бір тарап (банк) екінші тараптың (клиенттің) тапсырмасы бойынша банктік қызмет көрсетуге, ал клиент, егер шартта өзгеше көзделмесе, осы көрсетілген қызметке ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Банктік қызмет көрсету шарты:

1) банктік шот шарты;

2) ақша аудару шарты;

3) банк салымы шарты;

4) заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген өзге де шарт түрлері болып бөлінеді.

2-1. Банкпен банк шоты шартын және (немесе) банк салымы шартын жасасқан кезде банк шоттары ашылады.

3. Банк клиенттің өз ақшасына кедергісіз билік ету құқығына кепілдік бере отырып, банк шотындағы ақшаны пайдалана алады.

ҚР 29.03.2000 № 42-II Заңына сәйкес 740-бап өзгерді; 2009.11.07 № 185-IV ҚР Заңымен 740-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2011.10.02. № 406-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2014.15.01. № 164-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2014.29.09. № 239-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2016.26.07. № 12-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 740-бап өзгертілді

740-бап. Банктегі ақшаға билік етуді шектеу

2017.30.06. № 80-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2017.12.12. № 114-VI ҚР Заңымен (2018 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.04.07. № 171-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2019.21.01. № 217-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 24 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2019.26.12. № 284-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2020.26.06. № 349-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2024.19.06. № 97-VIII ҚР Заңымен (2024 ж. 20 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді

1. Азаматтардың және заңды тұлғалардың банктік шоттардағы ақшасына тек қана сот актілері негізінде соттар және сот орындаушыларының прокурор санкциялаған қаулылары не аумақтық әділет органдарының атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған қаулылары негізінде сот орындаушылары Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік және азаматтық процестік заңнамасында және Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша тыйым салуы мүмкін.

Клиенттің банктік шоттарындағы ақшасына сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен мүлікке билік етуге уақытша шектеу не мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауға шектеу белгілеуі мүмкін.

Мүлікке билік етуге уақытша шектеу, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауға шектеулер белгілеуге, мыналарға:

2020.30.12. № 397-VI ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға және (немесе) электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы электрондық ақшаға;

2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 1-1) тармақшамен толықтырылды (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді)

1-1) табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен жеке тұлғаларға материалдық залалдың өтемақысын және мемлекеттік бюджеттен және (немесе) қайырымдылық ұйымдарынан қажетті көмекті есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (2021 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2023.16.11. № 40-VIII ҚР Заңымен (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.10.01. № 153-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 13 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2) тармақша өзгертілді

2) тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, нысаналы активтерді, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға білім беру жинақтау салымынан төленетін жинақ төлемдерін немесе білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша сақтандыру төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

2023.16.11. № 40-VIII ҚР Заңымен (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.10.01. № 153-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 13 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.30.06. № 204-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-1) тармақша өзгертілді

2-1) тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға білім беру жинақтау салымынан төленетін жинақ төлемдері немесе білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша сақтандыру төлемдері түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаға;

2-2) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдері негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақтар түріндегі екінші деңгейдегі банктердегі банктік шоттардағы ақшаға;

2022.30.12. № 177-VII ҚР Заңымен 2-3) тармақшамен толықтырылды (2023 ж. 12 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); 2024.22.11. № 138-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 24 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2-3) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжайға ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттағы ақшаға;
2025.30.06. № 204-VIII ҚР Заңымен 2-4) тармақшамен толықтырылды (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді)

2-4) берілген банктік қарыздар бойынша кепіл нысанасы болып табылатын тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаға;

3) нотариус депозиті шарттарында енгізілген ақшаға;

4) «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаға;
2023.19.04. № 223-VII ҚР Заңымен 5) тармақша жаңа редакцияда (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.15.03. № 172-VIII ҚР Заңымен 5) тармақша өзгертілді (2025 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5) банктік шоттардағы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтеріне және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін трансферттерге;
2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-1) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

5-1) инвестициялық портфельді басқарушының орындалмаған міндеттемелері бойынша, осы инвестициялық портфельді басқарушы клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;
2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-2) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

5-2) номиналды ұстаушы функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның орындалмаған міндеттемелері бойынша, осы номиналды ұстаушы функцияларын жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;
2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-3) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

5-3) қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру үшін банктік шоттардағы ақшаға;
2018.04.07. № 171-VI ҚР Заңымен 6) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 6) тармақша жаңа редакцияда (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

6) уәкілетті мемлекеттік орган лицензиядан айырған және (немесе) мәжбүрлеп тарату (қызметін мәжбүрлеп тоқтату) процесінде тұрған банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының ақшасына;
2018.04.07. № 171-VI ҚР Заңымен 7) тармақшамен толықтырылды; 2020.26.06. № 349-VI ҚР Заңымен 7) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2025.15.03. № 172-VIII ҚР Заңымен 7) тармақша жаңа редакцияда (2025 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;
2020.26.06. № 349-VI ҚР Заңымен 8) тармақшамен толықтырылды; 2021.15.11. № 72-VII ҚР Заңымен 8) тармақша өзгертілді (2022 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

8) жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотындағы ақшаға;

2022.30.12. № 179-VII ҚР Заңымен 8-1) тармақшамен толықтырылды (2023 ж. 3 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)

8-1) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот арқылы банкроттық рәсімінде ақшаны есепке жатқызу үшін қаржы басқарушысының ағымдағы шотындағы ақшаға;

2022.30.12. № 179-VII ҚР Заңымен 8-2) тармақшамен толықтырылды (2023 ж. 3 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)

8-2) өзіне қатысты «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рәсімді қолдану туралы іс қозғалған немесе рәсім қолданылған азаматтың банктік шоттарындағы ақшаға;

2021.15.11. № 72-VII ҚР Заңымен 9) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); 2024.16.05. № 82-VIII ҚР Заңымен 9) тармақша өзгертілді (2024 ж. 28 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

9) әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысу шеңберінде қамтамасыз ету шаралары ретінде ақша енгізуіне арналған мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың банктік шотындағы ақшаға;

2024.16.05. № 82-VIII ҚР Заңымен 10) тармақшамен толықтырылды (2024 ж. 28 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді); 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 10) тармақша өзгертілді (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

10) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес берілетін материалдық көмекті есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 11) тармақшамен толықтырылды (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)

11) Қазақстан Республикасының аумағында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған банкаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз етуге арналған, орталық депозитарийдегі және (немесе) клирингтік ұйымдағы банктердің ақшасына және (немесе) бағалы қағаздарына тыйым салуға жол берілмейді.

Осы тармақтың үшінші бөлігі 7) тармақшасының ережесі мемлекеттік кіріс органдары, сондай-ақ сот актілерінің негізінде соттар және сот орындаушыларының прокурор санкциялаған қаулылары негізінде сот орындаушылары қоятын, осы Кодекстің 742-бабының 2-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес бірінші, екінші және үшінші кезектерге жататын талаптар бар шектеулерге қолданылмайды.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің 8) тармақшасының ережесі атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган, оның аумақтық органдары лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырылған жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру бойынша қоятын шектеулерге қолданылмайды.

2. Заңды тұлғалар мен азаматтардың банктердегі ақшасына тыйым салу мерзімі тиісті істерді жүргізу үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген мерзімдерден аспауға тиіс.

3. Клиенттің банктік шоттардағы ақшасына тыйым салу туралы актілерге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

4. Клиенттің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда жүргізіледі.

5. 2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 6-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

6. Клиенттің банктік шотына берілген тыйым салу туралы актілер, уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың клиенттің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері келіп түскен күні мен уақыты ескеріліп орындалады.

Клиенттің банктік шотындағы ақшасын ол жеткіліксіз болған жағдайда және (немесе) ақшаға билік етуге шектеу болған кезде алып қою осы баптың 8-тармағы ескеріле отырып және осы Кодекстің 742-бабының 2-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес жүргізіледі.

7. 2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

8. Банктегі ақшаға билік етуді шектеу осы Кодекстің 742-бабының 2-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес бір кезекке және (немесе) одан жоғары тұрған кезекке жататын талаптар бойынша ақшаны алып қоюға қолданылмайды.

29.03.2000 № 42-II; 24.12.2001 № 276-II; 13.03.03 ж. № 394-II; 08.04.04 ж. № 542-II (бұр. ред. қара) ҚР Заңдарына сәйкес 741-бап өзгерді; 2006.22.06 № 147-III ҚР Заңымен 741-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара); 2010.30.06. № 297-IV ҚР Заңымен (2010 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2014.30.06. № 214-V ҚР Заңымен (2014 ж. 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 741-бап өзгертілді; 2016.26.07. № 12-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2017.30.06. № 80-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 741-бап жаңа редакцияда; 2017.12.12. № 114-VI ҚР Заңымен (2018 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2018.04.07. № 171-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2019.26.12. № 284-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2023.20.04. № 226-VII ҚР Заңымен (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 741-бап өзгертілді

741-бап. Клиенттің келісімінсіз ақшаны алып қою

Азаматтар мен заңды тұлғалардың банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де ұйымдардағы ақшасын олардың келісімінсіз алып қою заңды күшіне енген сот актісі негізінде ғана, сондай-ақ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі), Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жүргізілуі мүмкін.

Мыналарға:

2020.30.12. № 397-VI ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (2021 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға және (немесе) электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы электрондық ақшаға;

2025.30.06. № 205-VIII ҚР Заңымен 1-1) тармақшамен толықтырылды (2025 ж. 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді)

1-1) табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен жеке тұлғаларға материалдық залалдың өтемақысын және мемлекеттік бюджеттен және (немесе) қайырымдылық ұйымдарынан қажетті көмекті есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (2021 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2023.16.11. № 40-VIII ҚР Заңымен (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.10.01. № 153-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 13 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2) тармақша өзгертілді

2) тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, нысаналы активтерді, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға білім беру жинақтау салымынан төленетін жинақ төлемдерін немесе білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша сақтандыру төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;
2023.16.11. № 40-VIII ҚР Заңымен (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.10.01. № 153-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 13 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.30.06. № 204-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-1) тармақша өзгертілді

2-1) тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдері түріндегі, тұрғын үй жағдайларын жақсартуға білім беру жинақтау салымынан төленетін жинақ төлемдері немесе білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша сақтандыру төлемдері түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаға;

2-2) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдері негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақтар түріндегі екінші деңгейдегі банктердегі банктік шоттардағы ақшаға;
2022.30.12. № 177-VII ҚР Заңымен 2-3) тармақшамен толықтырылды (2023 ж. 12 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); 2024.22.11. № 138-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 24 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2-3) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжайға ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттағы ақшаға;
2025.30.06. № 204-VIII ҚР Заңымен 2-4) тармақшамен толықтырылды (2025 ж. 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді)

2-4) берілген банктік қарыздар бойынша кепіл нысанасы болып табылатын тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаға;

3) нотариус депозиті шарттарында енгізілген ақшаға;

4) «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаға;
2023.19.04. № 223-VII ҚР Заңымен 5) тармақша жаңа редакцияда (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.15.03. № 172-VIII ҚР Заңымен 5) тармақша өзгертілді (2025 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5) банктік шоттардағы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтеріне және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін трансферттерге;
2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-1) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

5-1) инвестициялық портфельді басқарушының орындалмаған міндеттемелері бойынша, осы инвестициялық портфельді басқарушы клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-2) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

5-2) номиналды ұстаушы функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның орындалмаған міндеттемелері бойынша, осы номиналды ұстаушы функцияларын жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-3) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

5-3) қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру үшін банктік шоттардағы ақшаға;

2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 5-4) тармақшамен толықтырылды (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)

5-4) Қазақстан Республикасының аумағында төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған банкаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз етуге арналған, орталық депозитарийдегі және (немесе) клирингтік ұйымдағы банктердің ақшасына және (немесе) бағалы қағаздарына;

2020.26.06. № 349-VI ҚР Заңымен 6) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2025.15.03. № 172-VIII ҚР Заңымен 6) тармақша жаңа редакцияда (2025 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

2020.26.06. № 349-VI ҚР Заңымен 7) тармақшамен толықтырылды; 2021.15.11. № 72-VII ҚР Заңымен 7) тармақша өзгертілді (2022 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

7) жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотындағы ақшаға;

2022.30.12. № 179-VII ҚР Заңымен 7-1) тармақшамен толықтырылды (2023 ж. 3 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)

7-1) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот арқылы банкроттық рәсімінде ақшаны есепке жатқызу үшін қаржы басқарушысының ағымдағы шотындағы ақшаға;

2022.30.12. № 179-VII ҚР Заңымен 7-2) тармақшамен толықтырылды (2023 ж. 3 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)

7-2) өзіне қатысты «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рәсімді қолдану туралы іс қозғалған немесе рәсім қолданылған азаматтың банктік шоттарындағы ақшаға;

2021.15.11. № 72-VII ҚР Заңымен 8) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); 2024.16.05. № 82-VIII ҚР Заңымен 8) тармақша өзгертілді (2024 ж. 28 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

8) әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысу шеңберінде қамтамасыз ету шаралары ретінде ақша енгізуіне арналған мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың банктік шотындағы ақшаға;

2024.16.05. № 82-VIII ҚР Заңымен 9) тармақшамен толықтырылды (2024 ж. 28 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді)

9) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес берілетін материалдық көмекті есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

Осы баптың екінші бөлігі 6) тармақшасының ережесі осы Кодекстің 742-бабының 2-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес бірінші, екінші және үшінші кезектерге жататын талаптар бойынша ақшаны алып қоюға қолданылмайды.

ҚР 29.03.00 ж. № 42-II; 13.03.03 ж. № 394-II 09.07.03 ж. № 482-II (бұрынғы ред. қара); 08.04.04 ж. № 542-II (бұр. ред. қара); 2007.15.05. № 253-III (бұр.ред.қара) Заңдарымен; 2013.21.06. № 106-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 742-бап өзгертілді

742-бап. Клиенттің ақшасын алу кезектілігі

1. Клиенттің банктегі ақшасы клиентке қойылған барлық талапты қанағаттандыру үшін жеткілікті болған жағдайда, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, ақшаны алу клиенттің немесе өзге тұлғалардың өкімдері түсу ретіне қарай (күнтізбелік кезектілік) жүзеге асырылады.

2. Клиенттің банктегі ақшасы клиентке қойылған кезекті талапты қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда банк сомасы аталған талапты қанағаттандыруға жеткілікті, клиенттің пайдасына түсетін ақшаны жинақтайды. Клиентке бірнеше талап қойылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, банк клиенттің ақшасын мынадай кезектілік бойынша алуды жүргізеді:

1) бірінші кезекте адам өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды, сондай-ақ алименттерді өтеу жөніндегі талаптарды қанағаттандыруды көздейтін атқарушы құжаттар бойынша ақша алу жүзеге асырылады;

2015.16.11. № 406-V ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (2017 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2) екінші кезекте еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен жұмыстан шығу жәрдемақыларын төлеу және еңбегіне ақы төлеу, авторлық шарт бойынша сыйақылар төлеу, клиенттің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарын және (немесе) жарналарын әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аудару жөніндегі міндеттемелері бойынша есеп айырысу үшін ақша алып қоюды көздейтін атқару құжаттары бойынша ақша алып қою жүргізіледі;

2023.12.07. № 23-VIII ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (2023 ж. 24 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3) үшінші кезекте клиенттің бюджет алдындағы міндеттемелері бойынша, сондай-ақ «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес активтерді өндіріп алу туралы талап бойынша ақшаны алып қою жүргізіледі;

4) төртінші кезекте басқа да ақшалай талаптарын қанағаттандыру көзделген атқарушы құжаттар бойынша ақша алу жүргізіледі;

5) бесінші кезекте клиентке қойылған басқа да талаптарды қанағаттандыру үшін күнтізбелік кезектілік тәртібімен ақша алу жүргізіледі.

Бір кезекке жататын талаптар бойынша банктен ақша алу тиісті құжаттардың түскен уақыты бойынша кезектілікпен жүргізіледі.

3. Клиент болып табылатын заңды тұлға тараған кезде кредит берушілердің талабын қанағаттандыру осы Кодекстің 51-бабында көзделген кезектілікпен жүргізіледі.

ҚР 2005.23.12. № 107-III Заңымен 743-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

743-бап. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызмет көрсетуі

Банктік қызмет көрсетудің жекелеген түрлерін банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар көрсетуге құқылы.

Мұндай ұйымдардың банктік қызметтің жекелеген түрлерін көрсетуі осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

744-бап. Банктік қызмет көрсетуге ақы төлеу

Клиент банктік қызмет көрсету шарты бойынша өзіне банк көрсеткен қызметтерге шартта көзделген ережелер мен тәртіп бойынша ақы төлейді.

745-бап. Банк құпиясы

Банк құпиясын жария етпеуге банк кепілдік береді.

Банк құпиясын құрайтын мәліметтер тізбесі және оны беру негіздері банк қызметін реттейтін заң актілерімен белгіленеді.

ҚР 29.03.2000 № 42-II Заңына сәйкес 746-бап жаңа редакцияда

746-бап. Клиенттерге банктік қызмет көрсету шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар клиенттерге банктік қызмет көрсетуге байланысты бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының банк қызметін реттейтін заң актілерінде және банктік қызмет көрсету шарттарында белгіленген шекте жауап береді.

2. Банктік шот

ҚР 29.11.1999 № 486-I Заңына сәйкес 747-бап өзгерді

747-бап. Банктік шот шарты

2016.26.07. № 12-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Банктік шот шарты бойынша бір тарап (банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) екінші тараптың (клиенттің) пайдасына түсетін ақшаны қабылдауға, клиентке немесе үшінші тұлғаларға тиісті ақша сомаларын аудару (беру) туралы клиенттің өкімдерін орындауға және банктік шот шартында көзделген басқа да қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

Банктік шот шартында айқындалған талаптар басталғанға дейін немесе оларды орындағанға дейін ағымдағы немесе жинақ шот иесінің шығыс операцияларын жасау құқығынсыз осы ағымдағы немесе жинақ шоттағы ақшаны депонирлеу (бұғаттау) талабымен үшінші тұлғаның атына банктік шот шарты бойынша ағымдағы немесе жинақ шот ашуға жол беріледі.

Банктік шот ашқан кезде клиентке немесе ол көрсеткен тұлғаға клиенттің банктегі (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы) ақшасын есепке алу мақсаты үшін тараптар келіскен шарттармен клиенттің жеке сәйкестендіру коды беріледі. Клиенттің жеке сәйкестендіру кодын беру, жою, банктің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) клиент ақшасының есебін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының банк заңнамасында айқындалады.

2. Заңды тұлғалар мен азаматтар қызмет көрсету банктерін өз бетінше таңдайды және олар банктік шот шартын бір банкпен де, бірнеше банкпен де жасауға құқылы.

3. Егер заң актілерінде немесе тараптар келісімінде өзгеше белгіленбесе, банктік шот шарты мерзімсіз болып табылады.

748-бап. Банктік шот шартының нысаны

1. Банктік шот шарты жазбаша түрде жасалуға тиіс.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Банктік шот шартының жазбаша нысанын сақтамау осы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

749-бап. Клиенттің ақшасына билік ету

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) клиенттің банктегі (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы) ақшасын алып қоюды егер заң актілерінде немесе банктік шот шартында өзгеше көзделмесе, клиент өкімінің негізінде жүзеге асырады.

Егер заңдарда немесе банктік шот шартында өзгеше көзделмесе, банк клиенттің ақшаны пайдалану бағытын белгілеу мен бақылауға және оның өз қалауынша ақшаға билік ету құқығына заңдарда көзделмеген шек қоюға құқығы жоқ.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Егер ақшаны азамат салған болса, банктегі (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы) ақшаға билік ету құқығын не азаматтың өзі, не ол осы құқықты сеніп берген адам пайдаланады.

Егер ақшаны заңды тұлға салған болса, банктегі (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы) ақшаға билік ету құқығын осы заңды тұлғаның басшысы және (немесе) ол уәкілдік берген өзге адамдар пайдаланады.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Банктегі (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы) ақшаға клиент атынан билік етуді жүзеге асыратын адамдардың құқықтары клиент банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) заңдарда және шартта көзделген құжаттар ұсыну арқылы расталады.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

4. Банктік шот шартында банктегі (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы) ақшаға билік етудің тәртібі белгіленуге тиіс. Мұндай тәртіпке қойылатын талаптар банктік заңдармен белгіленеді.

2009.11.07 № 185-IV ҚР Заңымен 750-бап өзгертілді (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 750-баптың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

750-бап. Банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) банктік шот шарты бойынша орындайтын операциялар

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Банктік шот шартына сәйкес банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым):

1) клиент талап еткен кезде ақшаның болуын қамтамасыз етуге;

2) клиенттің пайдасына түскен ақшаны қабылдауға;

3) клиенттің үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аудару туралы өкімін орындауға;

4) үшінші тұлғалардың, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) банктік шот шартында көзделсе, клиенттің ақшасын алып қою туралы өкімдерін орындауға;

5) банктік шот шартында белгіленген тәртіп бойынша клиенттен қолма-қол ақша алуды және оған беруді жүзеге асыруға;

6) клиенттің талап етуі бойынша клиенттің банктегі (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы) ақша сомасы және жүргізілген операциялар туралы ақпаратты шартта көзделген тәртіппен беруге;

7) клиентке шартта, заңдарда және банктік тәжірибеде қолданылатын іскерлік айналым дағдыларында көзделген өзге де банктік қызмет көрсетуге міндетті.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) клиенттің пайдасына келіп түскен ақшаны қабылдауға, сондай-ақ клиенттің ақшасын алып қоюды немесе оның ақшасын беруді, егер заң актілерінде және соларға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған нормативтік құқықтық актілерде өзге мерзімдер көзделмесе, оның бір ізге түсірілген дербес коды бойынша тиісті нұсқаумен банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) келіп түскен күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей, сондай операцияларды көрсете отырып жүргізуге міндетті.

ҚР 29.11.1999 № 486-I Заңына сәйкес; 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 751-бап өзгертілді

751-бап. Ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы

Банктегі ақшаны пайдаланғаны үшін банк осы баптың ережелерін ескере отырып, шартта белгіленетін мөлшер мен тәртіп бойынша сыйақы төлейді.

Ағымдағы банктік шотта орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшері жылдық бір пайыздан аспауға тиіс.

Банк қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырғаны үшін қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарының сомасынан банктік шот шартында айқындалған кірісті төлеуі мүмкін.

752-бап. Банктік шот шартын бұзу

1. Банктік шот шарты, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, клиенттің өтініші бойынша кез келген уақытта бұзылады.

2. Банктік шот шартын бұзу клиенттің бір ыңғайландырылған дербес кодын жою үшін негіз болып табылады.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Банкте (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда) қалған ақша клиентке беріледі не оның нұсқауы бойынша үшінші тұлғалардың пайдасына аударылады (алып қойылады).

753-бап. Банктердің банктік шоттары

Осы тараудың ережелері, егер заң актілерінде немесе оларға сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше көзделмесе, банктердің банктік шоттарына қолданылады.

3. Ақша аудару

754-бап. Ақша аудару туралы шарт

2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1. Ақша аудару туралы шарт бойынша бір тарап (банк) екінші тараптың (клиенттің) нұсқауы бойынша клиентке бір-ыңғайландырылған дербес код бермей-ақ үшінші тұлғаға ақша аударуға міндеттенеді.

2. Банктің клиентке бір ыңғайландырылған дербес код бермей-ақ ақша аудару тәртібі банк қызметін реттейтін заң актілерімен белгіленеді.

2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 755-бап өзгертілді (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

755-бап. Ақша аудару туралы шарттар жасасу

Егер банк қызметін реттейтін заң актілерінде өзгеше көзделмесе, егер банк клиенттің нұсқауын клиент оған осындай банктік қызмет көрсету туралы ұсыныс жасаған кезде орындауға қабылдаған жағдайда, банктік шот ашпай-ақ ақша аудару туралы шарт жасалған болып есептеледі.

4. Банк салымы

09.07.03 ж. № 482-II ҚР Заңымен; 2009.12.02. № 133-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 756-бап өзгертілді

756-бап. Банк салымы шарты

Банк салымы шарты бойынша бір тарап (банк) екінші тараптан (салымшыдан) ақша (салым) алуға, олар бойынша банктік салым шартында көзделген мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуге және салымның осы түрі үшін заң актілерінде және шартта көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша салымды қайтаруға міндеттенеді.

Салымдар түрінің әрқайсысы бойынша банктер клиенттің ақшасын есепке алу мақсатында оған бірыңғайландырылған дербес код береді. Бірыңғайландырылған дербес кодты беру, жою, клиенттің ақшасына есеп жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының банк заңдарында белгіленеді.

Банк салымдарының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының банк қызметін реттейтін заңнамалық актілерінде белгіленуі мүмкін.

757-бап. Банк салымдарының түрлері

1. Салымдарды қайтару талаптарына қарай олар мынадай түрлерге бөлінеді:

1) талап етілмелі салым;

2) мерзімді салым;

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 2-1) тармақшамен толықтырылды

2-1) жинақ салымы;

3) шартты салым.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Талап етілмелі салым салымшының бірінші талап етуі бойынша толық немесе ішінара қайтарылуға тиіс.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Мерзімді салым белгілі бір мерзімге енгізіледі.

Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, салымшы мерзімді салымды белгіленген мерзім өткенге дейін талап еткен жағдайларда, салым бойынша сыйақы талап етілгенге дейінгі салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды

4. Жинақ салымы белгілі бір мерзімге енгізіледі.

Салымшы жинақ салымын белгіленген мерзім өткенге дейін талап еткен жағдайларда, салым бойынша сыйақы талап етілгенге дейінгі салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 5-тармақпен толықтырылды

5. Шартты салым банктік салым шартында айқындалған мән-жайлар басталғанға дейін енгізіледі.

Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, салымшы шартты салымды банктік салым шартында айқындалған мән-жайлар басталғанға дейін талап еткен жағдайларда, салым бойынша сыйақы талап етілгенге дейінгі салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 758-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

758-бап. Банк салымы шартының нысаны

1. Банк салымы шарты жазбаша түрде және заң актілерінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде және банктік тәжірибеде қолданылып жүрген іскерлік айналым дағдыларында белгіленген талаптарға сай жасалуға тиіс.

2. Салымшының талап етуі бойынша салымның жасалғанын куәландыратын құжат не оның атына, не белгілі бір үшінші тұлғаның атына ресімделуі мүмкін.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Банктік салым шартының жазбаша нысанын сақтамау осы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

759-бап. Банк салымы шартының қолданылу мерзімі

1. Банк салымы шарты салым сомасы банкке келіп түскен күннен бастап жасалған болып саналады.

2. Талап етілмелі банк салымы шарты мерзімсіз болып табылады.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 2-1-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

2-1. Банктік салым шартында көзделген салым мерзімі банкке «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банкті реттеу шаралары қолданылған кезде өзгертілуі мүмкін.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Салымшы мерзімді және (немесе) жинақ салымдарының сомасын олардың мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ шартты салымның сомасын банк салымы шартты салымның қайтарылуын байланыстыратын мән-жайлар пайда болғаннан кейін талап етпесе, егер шартта өзгеше көзделмесе, банк салымы шарты талап етілмелі салым шарттарымен ұзартылған болып саналады.

*ҚР 29.11.1999 № 486-I Заңына сәйкес; 2011.10.02. № 406-IV ҚР Заңымен (**бұр.ред.қара**) 760-бап өзгертілді*

760-бап. Банк салымы шарты бойынша сыйақы

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Банк салымшыға осы баптың ережелерін ескере отырып, банк салымы шартында белгіленетін мөлшерде салым сомасына сыйақы төлейді.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 1-1-тармақпен толықтырылды

1-1. Талап етілгенге дейінгі салым бойынша сыйақы мөлшері банктік салым шартымен белгіленеді, бірақ ол жылдық 0,1 пайыздан аса алмайды.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 1-2-тармақпен толықтырылды; 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 1-2-тармақ өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1-2. Мерзімді және жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесі тіркелген немесе құбылмалы болуы мүмкін.

Мөлшері банктік салым шартында көзделген салым мерзімі ішінде төмендетілмейтін сыйақы мөлшерлемесі тіркелген сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.

Мөлшері банктік салым шартында көзделген талаптарға сәйкес өзгертілетін сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.

Банктік салым шарты бойынша құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі, оның қолданылу шарттары қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

2016.26.07. № 12-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, банк салымы шартында көзделген сыйақы мөлшерін ұлғайту немесе салым мерзімін ұзарту жағдайларын қоспағанда, банк салымдар бойынша сыйақы мөлшерін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы емес.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

3. Банктік салым шарты бойынша сыйақы мөлшері банкке «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банкті реттеу шаралары қолданылған кезде өзгертілуі мүмкін.

761-бап. Банк салымы шарты бойынша сыйақы төлеудің тәртібі

1. Банк салымы шарты бойынша банк сыйақыны банк салымы шартында белгіленген тәртіппен және мөлшерде төлейді.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Егер банк салымы шартында өзгеше көзделмесе, осы баптың 3-тармағында көрсетілген банктік салымдар бойынша сыйақы салымшыға оның талап етуі бойынша әр тоқсан аяқталғаннан кейін салым сомасынан бөлек төленеді, ал бұл мерзімде талап етілмеген сыйақының сомасы салымның сыйақы төленетін сомасын арттырады.

Салымды қайтару кезінде салымшыға сол кездегі оған тиесілі барлық сыйақы төленеді.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Талап етілмелі салым бойынша салымшы салым бойынша өзіне тиесілі сыйақыны салым сомасынан бөлек алуға құқылы.

Мерзімді салымдар бойынша салымшы салым бойынша өзіне тиесілі сыйақыны салым мерзімі өткенге дейін оның сомасынан бөлек алуға құқылы. Егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, мерзімді салымдар бойынша сыйақы мөлшері банк талап етілгенге дейінгі салымдар үшін қолданатын мөлшерге қолданылатындай түрде қайта есептеледі. Салым мерзімі өткен соң салымшы өзінің салымды талап ететініне немесе талап етпейтініне қарамастан, өзіне тиесілі сыйақыны толық мөлшерде алуға құқылы (осы Кодекстің 759-бабының 3-тармағы).

Шартты салым бойынша салымшының оған тиесілі сыйақыны салымның сомасынан бөлек алуы банк салымы шартында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4. Сыйақы салымды қайтару үшін көздемеген мерзімдерде және нысанда төленеді (осы Кодекстің 765-бабы).

5. Салымды толық қайтару кезінде салымшыға сол кездегі өзіне тиесілі барлық сыйақы төленеді.

762-бап. Салымдарды енгізу

1. Егер банк салымы шартында өзгеше көзделмесе, салымшылар салымдарды қолма-қол ақшамен де, қолма-қол ақшасыз аудару арқылы да енгізеді.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Талап етілмелі салым кезінде салымшы ақшаны кез келген сомада және кез келген кезеңде жекелеген жарналармен енгізе алады. Бұл ретте жаңа түскен сомалар бойынша сыйақы есептеу, сыйақының банкке ақша түскен күні қолданылған мөлшеріне қарай жүргізіледі.

Мерзімді салымдар, жинақ салымдары сондай-ақ шартты салымдар кезінде, егер банк салымы шартында өзгеше көзделмесе, салымшы ақшаны бір жолғы жарна түрінде енгізеді.

763-бап. Үшінші тұлғалардың салымға ақша енгізуі

Банкке үшінші тұлғалардан салымшының атына оның бірыңғайландырылған дербес коды туралы қажетті деректер көрсетіле отырып түскен ақша салымға енгізіледі.

764-бап. Үшінші тұлғалардың пайдасына салымдар

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Банкке салым белгілі бір үшінші тұлғаның атына енгізілуі мүмкін.

Пайдасына салым енгізілетін азаматтың атын (осы Кодекстің 15-бабы) немесе заңды тұлғаның атауын (осы Кодекстің 38-бабы) көрсету тиісті банк салымы шартының елеулі талабы болып табылады.

Шарт жасасу қарсаңында қайтыс болған азаматтың не сол кезде болмаған заңды тұлғаның пайдасына банктік салым шарты маңызсыз болады.

2. Үшінші тұлға салымшының құқығынан жазбаша түрде бас тартқан жағдайда банк салымы шартын жасаған тұлға салымға өзі енгізген ақшаға қатысты салымшының құқықтарын пайдалана алады.

3. Үшінші тұлғаның пайдасына шартты салым енгізген жағдайда, ол банк салымы шартында көзделген талаптарды сақтаған кезде ғана оларға билік етуге құқылы. Бұл талаптар басталғанға дейін үшінші тұлға салымға тек салым енгізген тұлғаның жазбаша рұқсаты бойынша ғана билік ете алады.

Салым бойынша талап, банк салымы шартында жазбаша түрде жазылуға, заң актілеріне қайшы келмеуге және салымды беруді қиындататын түсініксіздігі болмауға тиіс.

Шартты салымды алу үшін үшінші тұлға банкке белгіленген талаптарды орындағандығын растайтын құжаттар табыс етеді.

Үшінші тұлғаның пайдасына шартты салым енгізген тұлғаның: үшінші тұлға осы талаптың орындалғанын растайтын құжат ұсынбаған жағдайда, өзі белгілеген талаптарды өзгертуге; үшінші тұлға салым енгізу кезінде көрсетілген талапты орындамаған не ол банк салымы шартында көзделген талапты орындағанға дейін қайтыс болған жағдайда салымға билік етуге құқығы бар.

4. Үшінші тұлғаның пайдасына шарт туралы ережелер (осы Кодекстің 391-бабы), егер ол осы баптың ережелеріне қайшы келмесе, үшінші тұлғаның пайдасына банк салымы шартына қолданылады.

ҚР 29.03.2000 № 42-II Заңына сәйкес 765-бап жаңа 6-1-тармақпен толықтырылды; 2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.21.06. № 19-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2014.10.06. № 206-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 765-бап өзгертілді

765-бап. Банк салымдарын қайтару

1. Банк салымды немесе оның бір бөлігін салымшының алғашқы талап етуі бойынша:

1) талап етілмелі салымдар бойынша - салымшы талаптарының келіп түсуі бойынша;

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

2) мерзімді салымдар және жинақ салымдары бойынша - банк салымы шартында көзделген мерзімнің басталуы бойынша;

3) шартты салымдар бойынша - банк салымы шарты басталуымен салымның қайтарылуын байланыстыратын мән-жайлар болған кезде беруге міндетті.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Салымшының мерзімді салымды мерзімінен бұрын ішінара және (немесе) толық қайтарып алуға құқығы бар.

Салымшының жинақ салымын мерзімінен бұрын толық қайтарып алуға құқығы бар.

2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 2-1-тармақпен толықтырылды; 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 2-1-тармақ өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2-1. Банк мерзімді немесе шартты салымды немесе оның бір бөлігін салымшының талабы келіп түскен кезден бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей беруге міндетті.

Банк жинақ салымын салымшының талабы келіп түскен кезден бастап күнтізбелік отыз күннен ерте емес беруге міндетті.

2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3. Шартты салымдар бойынша салымшының банк салымы шарты салымның қайтарылуын байланыстыратын мән-жайлар басталғанға дейін салымды қайтарып алуға құқығы бар. Бұл ретте банк салымды немесе оның бір бөлігін осы баптың 2-1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген мерзімде беруге міндетті.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

4. Салымшының мерзімді салымды мерзімінен бұрын алу құқығынан бас тартуы туралы банктік салым шартының, сондай-ақ шартты салымның ережесі, көзделген талаптар басталғанға дейін маңызсыз болып табылады.

5. Шетел валютасымен енгізілген салым, егер заң актілерінде, банк салымы шартында немесе тараптардың қосымша келісімінде өзгеше көзделмесе, нақ сондай валютамен қайтарылуға тиіс.

2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 6-тармақ өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

6. Банк салымшының салымды немесе оның бір бөлігін қайтару туралы талабын осы баптың 2-1-тармағында көзделген мерзімде орындамаған жағдайда сыйақыны төлеу банк салымы шартында көзделген талаптарда жалғастырылады.

2017.12.12. № 114-VI ҚР Заңымен (2018 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2023.16.11. № 40-VIII ҚР Заңымен (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 6-1-тармақ жаңа редакцияда

6-1. Осы баптың қағидалары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайтарылуын қоспағанда, кепіл нысанасы болып табылатын салымдарға, қайтарылуы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарымен шектелген салымдарға, сондай-ақ тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған салымдарға қолданылмайды.

2009.28.08 № 192-IV ҚР Заңымен 7-тармақпен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді); 2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен 7-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

7. Банктік салымды беру:

2025.19.09. № 219-VIII ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (2025 ж. 20 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген;

2) төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банкті реттеу шаралары қолданылған не банкті лицензиядан айырған кезде «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен тоқтатыла тұруы мүмкін.

2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 766-бап өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

766-бап. Банк салымын қайтаруды қамтамасыз ету

Банк өзі алған салымдарды қайтаруды қамтамасыз ету үшін пайдалануға міндетті амалдар мен әдістер Қазақстан Республикасының заңдарында және банк салымы шартымен белгіленеді.

767-бап. Банк салымы бойынша жасалған операциялар үшін банк көрсеткен қызметтерге ақы төлеу

Салымшы банк салымдары бойынша жасалған операциялар жөніндегі банк көрсеткен қызметтерге шартта көзделген тәртіппен ақы төлейді.

39-тарау. САҚТАУ

1. Сақтау туралы жалпы ережелер

768-бап. Сақтау шарты

1. Сақтау шарты бойынша бір тарап (сақтаушы) оған екінші тараптың (жүк берушінің) берген затын сақтауға және бұл затты сақталған күйінде қайтаруға міндеттенеді.

2. Сақтау шарты зат сақталуға берілген кезден бастап жасалған деп танылады.

3. Қозғалмайтын мүлікті күзетуге осы тараудың күші қолданылмайды.

769-бап. Затты сақтауға қабылдау туралы шарт

1. Сақтауды кәсіпкерлік қызмет ретінде жүзеге асыратын сақтаушы шарт бойынша өзіне жүк берушінің затын сақтауға қабылдау және жүк берушінің берген затын осы тараудың ережелеріне сәйкес сақтау міндеттемесін өз мойнына алуы мүмкін.

2. Шарт бойынша өзіне затты сақтауға қабылдау міндеттемесін алған сақтаушының бұл заттың өзіне сақтауға берілуін талап етуге құқығы жоқ. Алайда шартта көзделген мерзімде затты сақтауға бермеген жүк беруші, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, сақталмай қалуға байланысты келтірілген залалдар үшін сақтаушының алдында жауапты болады.

3. Егер жүк беруші сақтаушының қызметінен бас тартқандығы туралы қисынды мерзімде мәлімдеген болса, ол затты сақтауға бермегені үшін жауапкершіліктен босатылады.

4. Егер шартта өзгеше көзделмесе, шартта келісілген мерзімде зат сақталуға өткізілмеген, ал бұл мерзім шарт жасалған күннен бастап отыз тәулік өткенге дейін белгіленбеген жағдайларда сақтаушы затты сақтауға қабылдау міндетінен босатылады.

770-бап. Затты сақтауға қабылдау міндеті

Өзінің кәсіпкерлік қызметіне қарай сақтауды жүзеге асыратын сақтаушының, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, техникалық мүмкіндік бола тұра затты сақтауға қабылдаудан бас тартуға құқығы жоқ. Мұндай жағдайларда сақтау шарттары жария деп танылады (осы Кодекстің 387-бабы).

771-бап. Заттарды иесіздендіріп сақтау

1. Иесіздендіріп сақтау кезінде сақтауға алынған заттар басқа жүк берушілердің сол тектес және сапасы сондай заттарымен араласып кетуі мүмкін. Жүк берушіге заттар сол тектес және сапасы сондай тең немесе тараптардың келісілген мөлшерінде қайтарылады.

2. Заттарды иесіздендіріп сақтау кезінде, егер заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде белгіленсе, заттар осы тектес және сапасы сондай заттардан оқшау ұсталуға тиіс.

772-бап. Сақтау шартының нысаны

1. Сақтаушының нөмірлер, жетондар және басқа да заңды деп танылған белгілер беруі арқылы заттарды қысқа мерзімге сақтауға сақтау камераларына және вокзалдардың, әуежайлардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, театрлардың, мұражайлардың, стадиондардың, асханалардың және т.б. киім ілгіштеріне өткізулерді қоспағанда, сақтау шарты жазбаша түрде жасалуға тиіс.

2. Егер сақтауға алынған заттар сақтаушы жүк берушіге сақтау қолхатын, түбіртек, куәлік, сақтаушы қол қойған өзге де құжаттар беру жолымен куәландырылған болса, шарттың жазбаша нысаны сақталған болып есептеледі.

3. Тұрмыстық қызмет көрсету түріндегі сақтау шарты ауызша нысанда жасалуы мүмкін.

4. Сақтауға алынған зат пен сақтаушы қайтарған заттың бірдейлігі туралы дау туған жағдайда куәгерлік айғақтарға жол беріледі.

5. Заттарды төтенше жағдайлар (өрт, су тасқыны және басқалар) кезінде сақтауға өткізу, шарттың жазбаша нысаны болмаған жағдайда сақтауға өткізілген заттардың құнына қарамастан куәгерлік айғақтар бойынша дәлелденуі мүмкін.

773-бап. Сақтау мерзімі

1. Егер зат талап етілмелі сақтауға немесе мерзімі көрсетілмей өткізілген болса, сақтаушы осындай жағдайлардағы заттың әдеттегі сақталу мерзімі өткен соң жүк берушінің заттарды қайтып алуын талап етуге құқылы, бірақ жүк берушіге затты қабылдап алуға жететіндей қисынды мерзім беруге міндетті.

2. Жүк беруші шарт бойынша сақтаудың өзге мерзімі көзделгенде де кез келген уақытта сақтаушыдан затты талап етуге құқылы. Алайда бұл жағдайда жүк беруші, егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтаушыға міндеттеменің мерзімінен бұрын, тоқтатылуынан туған залалдарды өтеуге міндетті.

774-бап. Сақтаушыға сыйақы беру және оның шығындарын өтеу

1. Сақтау шарты бойынша сақтаушыға берілетін сыйақы мөлшері тараптардың келісімімен белгіленеді. Заң актілерінде белгіленген жағдайларда сыйақының мөлшері таксалар, ставкалар, тарифтер бойынша айқындалуы мүмкін.

2. Тараптардың келісуімен немесе заң актілерімен сақтаудың тегін түрі шарттастырылуы мүмкін. Тегін сақтау кезінде жүк беруші сақтаушыға заттарды сақтау үшін қажетті, нақты жұмсалған шығындарды өтеуге міндетті.

3. Егер заңдарда немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмеген болса, сақтаушыға сақтағаны үшін сыйақы сақтау аяқталған соң, ал егер кезең бойынша төлеу көзделген болса - әрбір кезеңнің аяқталуы бойынша төленуге тиіс. Егер сақтау, шартта белгіленген сақтау мерзімінен бұрын тоқтаса, сақтаушыға сыйақының соған мөлшерлес бөлігі төленуі тиіс.

4. Егер шартта көзделген мерзім өткеннен кейін сақтауда тұрған затты жүк беруші қайтарып алмаған болса, ол сақтаушыға затты бұдан әрі сақтағаны үшін сол бұрынғы мөлшерде сыйақы төлеуге міндетті.

5. Егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтау бойынша шығындар сыйақының сомасына енгізіледі. Төтенше шығындар сыйақының сомасына немесе шартта көзделген шығындардың құрамына кірмейді деп ұйғарылады.

775-бап. Сақтаушының заттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері

1. Сақтаушы өзіне берілген заттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін шартта көзделген, сондай-ақ басқа да қажетті барлық шараларды қолдануға міндетті.

2. Егер сақтау тегін жүзеге асырылатын болса, сақтаушы сақтауға алынған затқа өз заты сияқты қамқорлық жасауға міндетті.

3. Зат оның табиғи бұзылуы немесе табиғи кемуі ескеріле отырып сақтауға қабылданған күйінде қайтарылуға тиіс.

4. Шартта көзделген, сондай-ақ, егер затты пайдалану оның сақталуын қамтамасыз етуі үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, сақтаушының затты пайдалануға құқығы жоқ.

5. Сақтаушы затты қайтарумен қатар, егер шартта өзгеше көзделмеген болса, оны сақтау уақытында алынған нәтижелер мен кірістерді де беруге құқылы.

776-бап. Сақтау жағдайларын өзгерту

1. Затты сақтаудың сақтау шартында көзделген жағдайларын өзгерту қажет болған кезде сақтаушы бұл туралы жүк берушіге дереу хабарлауға және оның жауабын күтуге міндетті.

2. Заттың жоғалу және бүліну қаупі туған жағдайда сақтаушы жүк берушінің жауабын күтпестен, сақтаудың шартта көзделген әдісі мен орнын өзгертуге міндетті (осы баптың 1-тармағы).

3. Егер зат сақталу кезінде бүлінуге ұшыраса немесе оның сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін және жүк беруші тарапынан шаралар қолдануды күтуге болмайтын басқа жағдайлар туындағанда, сақтаушы сақтау және сату бойынша өз шығындарын өтей отырып, затты немесе оның бір бөлігін сатуға құқылы.

777-бап. Затты үшінші тұлғаға сақтауға беру

1. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмеген болса, сақтаушының жүк берушінің келісімінсіз, егер бұл орайда жүк берушінің мүдделеріндегі қажеттілік тумаса және сақтаушы оның келісуін алу мүмкіндігінен айырылса, затты үшінші тұлғаға беруге құқығы жоқ. Заттың үшінші тұлғаға берілгендігі туралы сақтаушы дереу жүк берушіге хабарлауға міндетті.

2. Сақтаушы затты сақтауға берген үшінші тұлғаның іс-әрекеті үшін жауап береді.

778-бап. Сақтаушының заттың сақталмағандығы үшін жауапкершілігі

Сақтаушы сақтауға алған заттың жоғалғаны, кем шыққаны немесе бүлінгені үшін жауап береді. Егер ол заттың жоғалуы, кем шыққаны немесе бүлінуі өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдесе, жауаптылықтан босатылады.

779-бап. Сақтаушы-кәсіпкердің жауапкершілігі

1. Сақтауды өзінің кәсіпкерлік қызметіне орай жүзеге асыратын тұлға, тек заттың жоғалуы, кем шығуы немесе бүлінуі дүлей күштің салдарынан не заттың өзіне тән ерекшелігінен, не жүк берушінің қасақана пиғылынан немесе өрескел абайсыздығынан болған жағдайларда ғана заттың сақталмағаны үшін жауаптылықтан босатылады.

2. Егер шартта көзделген сақтау мерзімі немесе осы Кодекстің 773-бабында белгіленген тәртіппен сақтаушы көрсеткен мерзім өткен соң жүк беруші затты қайтарып алмаған болса, оның тарапынан қасақана пиғыл немесе өрескел абайсыздық болғанда ғана сақтаушы бұл заттың жоғалғаны, кем шыққаны немесе бүлінгені үшін жауап береді.

780-бап. Сақтаушының жауаптылық мөлшері

1. Заттардың жоғалуынан, кем шығуынан немесе бүлінуінен жүк берушіге келтірілген шығындарды, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, осы Кодекстің 350-бабына сәйкес сақтаушы өтейді.

2. Егер шартта немесе сақтаушы берген өзге де жазбаша құжатта көрсетілгендей сақтауға өткізу кезінде затқа баға беру жүргізілген болса, сақтаушының жауаптылығы баға сомасының негізінде айқындалады.

3. Тегін сақтау кезінде жүк берушіге заттың жоғалуынан, кем шығуынан немесе бүлінуінен келтірілген залалдар:

1) затты жоғалтқаны және оның кем шыққаны үшін - жоғалған немесе кем шыққан заттың құны мөлшерінде;

2) заттың бүлінгені үшін - оның құны төмендеген соманың мөлшерінде өтеледі.

4. Егер сақтаушы жауап беретін заттың бүлінуі салдарынан, зат сапасының соншалықты өзгергендігінен оны бастапқы мақсат бойынша пайдалану мүмкін болмайтын жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жүк беруші одан бас тартуға және сақтаушыдан бұл заттың құнын өтеуді, сондай-ақ басқа да залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

781-бап. Затты алу мерзімдерін бұзудың зардабы

1. Жүк беруші осы Кодекстің 773-бабында көзделген мерзім аяқталғаннан кейін сақтауға берілген затты қайтарып алуға міндетті.

2. Жүк беруші өз затын алудан жалтарған жағдайда сақтаушы кемінде бір ай бұрын ескерткеннен кейін, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде көзделген тәртіппен затты сатуды талап етуге құқылы.

3. Затты сатудан түскен сомалар сақтаушыға тиесілі сома шегеріліп тастап жүк берушіге беріледі.

782-бап. Сақтаушыға келтірілетін залалдардың орнын толтыру

Егер сақтаушы заттың сақтауға қабылдағанда бұл ерекшеліктер туралы білмесе және білуі тиіс болмаса, жүк беруші сақтаушыға заттың өз ерекшеліктерінен туындаған залалдардың орнын толтыруға міндетті.

783-бап. Сақтау туралы жалпы ережелерді оның жекелеген түрлеріне қолдану

Егер осы Кодекстің 784-802-баптарында көзделген сақтаудың жекелеген түрлері туралы ережелерде және (немесе) басқа да заң актілерінде өзгеше белгіленбеген болса, сақтау туралы жалпы ережелер оның жекелеген түрлеріне қолданылады.

2. Сақтаудың жекелеген түрлері

784-бап. Ломбардта сақтау

1. Затты ломбардта сақтау шарты ломбардтың атаулы сақтау түбіртегін беруімен ресімделеді.

2. Ломбардқа сақтауға өткізілетін зат тараптардың келісуі бойынша, осы тектес және сапасы сондай затқа, оны сақтауға қабылдау кезі мен жеріндегі саудада әдетте белгіленетін бағаларға сәйкес бағалануға тиіс.

3. Ломбард сақтауға қабылдаған затты оның осы баптың 2-тармағына сәйкес жүргізілген толық бағасының сомасына қарай жүк берушінің пайдасына сақтандыруға міндетті.

785-бап. Ломбардтан талап етілмеген зат

1. Жүк беруші затты қайтарып алудан жалтарған жағдайда ломбард оны үш ай бойына сақтауға міндетті. Бұл мерзім өткен соң ломбард талап етілмеген затты осы Кодекстің 781-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіппен сатуы мүмкін.

2. Затты сатудан түскен сомадан сақтағаны үшін ақы және ломбардқа тиесілі өзге де төлемдер өтеледі. Қалған соманы ломбард сақтау түбіртегінің иесіне оны көрсетуі бойынша қайтарады.

786-бап. Құндылықтарды банкте сақтау

1. Банк бағалы қағаздарды, қымбат металдарды, тастарды және өзге де құндылықтарды, сондай-ақ құжаттарды сақтауға қабылдай алады.

2. Құндылықтарды банкте сақтау шарты банктің жүк берушіге атаулы сақтау құжатын беруімен ресімделеді, оны көрсету банктің жүк берушіге немесе оның өкіліне сақтаудағы құндылықтарды беруі үшін негіз болып табылады.

3. Жеке банк сейфін (сейфтің ұясын, сақтауға арналған бөлек үй-жайды) пайдалану арқылы құндылықтарды сақтау шарты банктің құндылықтарды сақтауға қабылдау жөнінде іс-әрекет жасауы және жүк берушіге сейфтің кілтін, жүк берушінің сәйкестендірме карточкаларын, көрсетушінің сейфті ашу мен одан құндылықтарды алу құқығын куәландыратын өзге де белгі немесе құжат беруі жолымен жасалады.

4. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жүк беруші кез келген уақытта сейфтен құндылықтарды алуға, оларды қайта қоюға, сақтаулы жатқан құжаттармен жұмыс істеуге құқылы. Банктің бұл орайда жүк берушінің құндылықтарды алғандығын және қайтарғандығын есепке алуға құқығы бар.

5. Жүк беруші сейфтегі құндылықтардың бір бөлігін, оның ішінде уақытша алған жағдайда банк құндылықтардың қалған бөлігінің сақталуына жауапты болады.

6. Осы бапта белгіленген құндылықтарды банк сейфінде сақтау ережелері банк өз сейфін (сейфтің ұясын, сақтауға арналған бөлек үй-жайды) мүліктік жалдау талабымен басқа тұлғаға пайдалануға берген жағдайда қолданылмайды.

787-бап. Көлік ұйымдарының сақтау камераларында сақтау

1. Көлік ұйымдарының қарамағындағы сақтау камералары жол жүру құжаттарының болуына қарамастан жолаушылардың және өзге де азаматтардың заттарын сақтауға қабылдауға міндетті. Көлік ұйымдарының сақтау камераларында сақтау шарты жария шарт деп танылады (осы Кодекстің 387-бабы).

2. Заттардың сақтау камерасына (автоматты камерадан басқа) қабылдануын растап жүк берушіге түбіртек немесе нөмірлі жетон беріледі. Түбіртек немесе жетон жоғалған жағдайда сақтау камерасына өткізілген заттар жүк берушіге бұл заттардың оған тиесілі екендігіне дәлелдер көрсетуі бойынша беріледі.

3. Сақтау камерасына өткізілген заттардың жоғалуынан, кем шығуынан немесе бүлінуінен жүк беруші шеккен залалдардың сомасы, егер заттарды сақтауға өткізу кезінде оған бағалау жүргізілген болса не егер тараптар өтелуге тиісті залалдардың сомасына қатысты келісімге келген болса, жүк берушіге тәуліктік мерзімде төленеді.

4. Заттар сақтау камерасына арнайы ережелерде немесе тараптардың келісімінде белгіленген шектердегі мерзімге өткізіледі. Көрсетілген мерзімде талап етілмеген заттарды сақтау камерасы тағы да үш ай бойына сақтауға міндетті. Бұл мерзім өткен соң талап етілмеген заттар сатылуы, ал сатудан түскен сомалар осы Кодекстің 181-бабына сәйкес бөлінуі мүмкін.

788-бап. Ұйымдардың киімілгіштерінде сақтау

1. Егер затты сақтауға өткізу кезінде сақтағаны үшін сыйақы беру айтылмаған болса, ұйымдардың киімілгіштерінде сақтау тегін болады деп ұйғарылады.

2. Сақтаушы заттың киімілгіште сақтауға қабылданғанын растап, жүк берушіге заттың сақтауға қабылданғандығын растайтын нөмірлі жетон немесе басқа да таңба береді.

3. Киімілгішке өткізілген зат жетонды көрсеткен адамға беріледі. Бұл ретте сақтаушы жетонды көрсетушінің затты алуға өкілеттігін тексеруге міндетті емес. Алайда сақтаушы жетонның оны көрсеткен адамға тиесілі екендігіне күмән келтірсе, затты жетон көрсетушіге қайтаруды тоқтата тұруға құқылы.

4. Сақтаушы жүк беруші жетонды жоғалтып алғанда да киімілгіштен затты беруге құқылы, бірақ оның киімілгішке зат өткізгендігі фактісі немесе оның жүк берушінікі екендігі күмән тудырмауы немесе жүк өткізуші оны дәлелдеуі керек.

789-бап. Қонақүйде сақтау

1. Қонақүй сақтаушы ретінде, онда тұратын адамның қонақүйге енгізген ақшасын, өзге де валюталық құндылықтары мен бағалы қағаздарын қоспағанда, жоғалу мен бүліну дүлей күштің, заттың өз ерекшеліктері салдарынан не тұратын адамның өзінің, оның қасында жүргендердің немесе оған келушілердің кінәсінен болған жағдайлардан басқа кезде, бұл туралы ерекше келісім жасамай-ақ, заттың жоғалғаны немесе бүлінгені үшін жауап береді.

2. Қонақүй ақшаның, өзге де валюталық құндылықтар мен бағалы қағаздардың жоғалғаны үшін олар сақтауға қабылданған жағдайда ғана жауап береді.

3. Қонақүйде тұратын адам өз затының жоғалғанын немесе бүлінгенін байқаған бойда бұл туралы дереу қонақүй әкімшілігіне мәлімдеуге міндетті. Бұлай жасамаған жағдайда қонақүй заттың сақталмағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

4. Қонақүй мұндай жауапкершілікті өзіне алмайтындығы туралы хабарлама бергенмен, онда тұратындардың заттарын сақтау жөніндегі жауапкершіліктен босатылмайды.

5. Осы баптың ережелері мейманханаларға, демалыс үйлеріне, санаторийлерге, жатақханаларға және осы сияқты ұйымдарға, сондай-ақ ұйымға келуші азаматтардың сыртқы киімдерін, бас киімдерін және өзге де заттарын сақтау үшін арнайы орын бөлінген ұйымдарға қатыста да қолданылады.

790-бап. Даулы заттарды сақтау (секвестр)

1. Секвестр туралы шарт бойынша затқа деген құқық жөнінде араларында дау туған екі немесе бірнеше адам даулы затты даудың шешілуі бойынша соттың шешімі не дауласып жүрген барлық адамның келісуі (шарттық секвестр) бойынша бұл зат кімге берілсе, соған қайтаруды міндетіне алатын үшінші адамға береді.

2. Даулы зат соттың шешімі бойынша секвестр тәртібімен сақтауға берілуі мүмкін (сот секвестрі).

Сот секвестрі бойынша сақтаушы сот тағайындаған адам да, дауласушы жақтардың өзара келісуі бойынша белгіленген адам да болуы мүмкін. Екі жағдайда да, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, сақтаушының келісімі талап етіледі.

3. Секвестр тәртібімен сақтауға қозғалатын да, қозғалмайтын да заттар берілуі мүмкін.

3. Тауар қоймасында сақтау

791-бап. Тауар қоймасы

Тауарлар сақтауды жүзеге асыратын және кәсіпкерлік қызмет ретінде сақтауға байланысты қызметтер көрсететін коммерциялық ұйымдар тауар қоймасы деп танылады.

792-бап. Ортақ пайдаланылатын тауар қоймасы

1. Егер заң актілеріне сәйкес шектеулі адамдар тобынан тауарлар қабылдайтын қоймалар қатарына жатқызылмаған болса, тауар қоймасы ортақ пайдаланылатын қойма деп танылады.

2. Ортақ пайдаланылатын тауар қоймасымен жасалатын қоймада сақтау шарты жария шарт деп танылады (осы Кодекстің 387-бабы).

793-бап. Тауар қоймасының міндеттері

1. Тауар қоймасы стандарттарда, техникалық талаптарда, технологиялық нұсқаулықтарда, сақтау жөніндегі нұсқаулықтарда, тауарлардың жекелеген түрлерін сақтау ережелерінде, қойма үшін міндетті өзге де арнаулы нормативтік құжаттарда белгіленген сақтау талаптарын (режимін) сақтауға міндетті.

2. Тауар қоймасы сақтауға қабылдау кезінде өз есебінен тауарларға тексеру жүргізуге міндетті.

3. Тауар қоймасы, тауар иесіне тауарларды немесе олардың үлгілерін тексеру егер сақтау иесіздендіре отырып жүзеге асырылатын болса, байқап көру және тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауға мүмкіндік беруге міндетті.

4. Тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету үшін сақтау жағдайын дереу өзгерту қажет болған жағдайда тауар қоймасы талап етілген шұғыл шараларды өз бетінше қабылдауға құқылы. Ол тауар иесіне қабылданған шаралар туралы хабарлауға міндетті.

5. Тауардың бүлінуі байқалған жағдайда қойма дереу акт жасауға және тауар иесін оның тауар қоймасына мәлімдеген мекен-жайы бойынша хабардар етуге міндетті.

794-бап. Тауар иесінің тауар қоймасына қоятын талаптары

Егер шартта өзгеше көзделмесе, тауар иесі қоймадан тауар алу кезінде дұрыс сақталмаудың салдарынан тауардың жоғалғаны, кем шыққаны немесе бүлінгені туралы, ал көзге байқалмайтын бүлінулер туралы - оларды табу үшін қажет әдеттегі мерзім ішінде тауар қоймасына мәлімдеуге міндетті. Егер тауардың бүлінгені және кем шыққаны туралы тиісті мерзімде мәлімденбеген болса, бұл залалдар оның қасақана пиғылынан немесе өрескел абайсыздығынан келтірілген жағдайларды қоспағанда, тауар қоймасы залалдар үшін жауапты болмайды.

795-бап. Тауар қоймасының сақтау жөніндегі шығындарының орнын толтыру

Қойманың жүк берушінің мүдделерінде жүзеге асырылған (тауарларды сақтандыру, тиеу-түсіру жұмыстары, кеден баждарын төлеу және т.б.) қосымша операциялар бойынша, шартта көзделген немесе заң актілерінде көзделген шығындар ставкаларының орнын толтыруға құқығы бар. Бұл құқық сақталатын тауарды қойманың ұстап қалу құқығымен қамтамасыз етіледі.

796-бап. Тауар қоймасының сақтау шартынан бас тартуы

Егер жүк беруші елеулі зиян келтіруге қауіп төндіретін тауарлардың қатерлі сипатын жасырса, тауар қоймасы сақтау шартын орындаудан бас тартуға құқылы.

2007.12.01. **№ 225-III** *ҚР Заңымен 797-бап өзгертілді (бұр.* **ред***. қара)*

797-бап. Қойма құжаттары

1. Тауар қоймалары тауарлардың сақтауға қабылданғандығын растап мынадай қойма құжаттарын:

1) жай қойма куәлігін;

2) қос қойма куәлігін беруі мүмкін.

1-1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда тауар қоймалары тауарлардың иесіздендіріліп сақтауға қабылданғанын растайтын қос немесе жай қойма куәлігін беруге міндетті.

2. Қос қойма куәлігі, оның әр бөлігі және жай қойма куәлігі бағалы қағаздар болып табылады.

3. Қос және жай қойма куәлігі кепіл нысанасы бола алады.

798-бап. Жай қойма куәлігі

1. Жай қойма куәлігі ұсынушының атына беріледі.

2. Жай қойма куәлігінде осы Кодекстің 799-бабының 2-тармағының 2), 3), 5)-10) тармақшаларында көзделген мәліметтер, сондай-ақ оның ұсынушыға берілгендігі көрсетілуге тиіс.

2007.12.01. **№ 225-III** *ҚР Заңымен 799-бап өзгертілді (бұр.* **ред***. қара)*

799-бап. Қос қойма куәлігі

1. Қос қойма куәлігі мазмұны бойынша бірдей және қажет болған жағдайда біреуін басқасынан айыруға болатын қойма куәлігінен және кепілдік куәліктен (варранттан) тұрады.

2. Қос қойма куәлігінің әр бөлігінде:

1) қос қойма куәлігінің тиісті бөлігінің атауы;

2) тауарды сақтауға қабылдаған қойманың атауы мен мекен-жайы;

3) қойма тізілімі бойынша қойма куәлігінің ағымдағы нөмірі;

4) сақтауға тауар қабылданған ұйымның атауы немесе азаматтың аты-жөні, сондай-ақ тауар иесінің орналасқан жері (тұрғылықты жері);

5) тауардың атауы мен мөлшері, тауарларға арналған орындардың саны;

6) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, қабылданған тауардың сомасы;

7) сақтауға алынған тауардың, егер бұлай белгіленетін болса, сақталу мерзімі;

8) сақтауға ақы төлеудің тарифтері мен тәртібі;

9) қойма куәлігінің берілген күні;

2014.29.12. № 269-V ҚР Заңымен 10) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

10) уәкілетті адамның қолтаңбасы және тауар қоймасының мөрі (ол болған кезде) көрсетілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қос қойма куәлігінің нысаны мен мазмұнына қойылатын қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 800-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

800-бап. Қос қойма куәлігін ұстаушының тауарға құқықтары

1. Қос қойма куәлігін ұстаушының қоймада сақтаулы тауарға толық көлемде билік етуге құқығы бар.

2. Кепіл куәлігінен бөліп алынған қойма куәлігін ұстаушы тауарға билік етуге құқылы, бірақ оны кепіл куәлігі бойынша берілген кредитті өтегенге дейін қоймадан ала алмайды. Қойма куәлігін ұстаушы тапсыру жазбаларын (индоссамент) жасау және құжаттың өзін беру жолымен, бірақ тауардың орнын ауыстырмай, қоймаға қойылған тауарға меншік құқығын басқаға беруді жүзеге асыра алады.

3. Кепіл куәлігі бөліп алынбаған қойма куәлігін индоссамент бойынша алған сатып алушы кепілден бос қойма тауарының иесіне айналады. Кепіл куәлігінсіз қойма куәлігін алу кезінде тауарға меншік құқығы кепіл құқығымен жүктемеленген болып ұйғарылады. Кепіл талаптары туралы (тауарға кепілдік құқығын белгілеудің сомасы мен мерзімі туралы) мәліметтерді, мүдделі тұлғалар айқын көре алатын қойма тізілімінен алуға болады.

4. Кепіл куәлігін ұстаушының осы куәлік бойынша берілген қарыздың және сол бойынша сыйақының мөлшерінде тауарға кепіл құқығы болады. Тауарға кепіл құқығын белгілеу кезінде бұл туралы қойма куәлігіне белгі жасалады.

5. Сатып алушы немесе сатушы кепілмен қамтамасыз ететін тиісті соманы кепіл ұстаушыға (кредиторға) немесе тауар қоймасына енгізе отырып, тауарды кепілден босата алады, оны тауар қоймасы кепіл куәлігін заңды ұстаушыға беруге міндетті.

6. Кепіл куәлігін ұстаушы оның кепілмен қамтамасыз етілген талаптарын мерзімінде қанағаттандырмаған жағдайда заң актілерімен белгіленген тәртіппен оған кепіл куәлігі бойынша берілген тауарды сатуға және кепіл берушінің басқа да кредит берушілері алдындағы өз талаптарын артықшылықпен жабуға құқылы. Сатудан түскен сома жетпеген жағдайда кепіл куәлігін ұстаушы оның алынбаған бөлігін кепіл куәлігімен қамтамасыз етілген талаптарға ақы төлеу жөнінде бірге жауапты болатын барлық индоссанттардан өндіріп алуы мүмкін.

801-бап. Қойма және кепіл куәліктерін беру

Қойма куәлігі мен кепіл куәлігі беру жазбасы (индоссаменттер) бойынша бірге немесе бөлек берілуі мүмкін.

802-бап. Қос қойма куәлігі бойынша тауар беру

1. Тауар қоймасы қойма және кепіл куәліктерін (қос қойма куәлігін) ұстаушыға қоса алғандағы осы екі куәліктің орнына тауар береді.

Кепіл куәлігі жоқ, бірақ ол бойынша қарыз сомасын енгізген қойма куәлігін ұстаушыға тек тауар қойма куәлігіне айырбастап және кепіл куәлік бойынша барлық қарыз сомасының жарнасы талабымен беріледі.

2. Қойма және кепіл куәліктерін ұстаушы тауарды бөліп-бөліп беруді талап етуге құқылы. Бұл орайда бастапқы куәліктердің орнына оған қоймада қалған тауарларға жаңа куәліктер беріледі.

3. Осы баптың талаптарына қарамастан кепіл куәлігі жоқ және ол бойынша қарыз сомасын енгізбеген қойма куәлігін ұстаушыға тауар берген тауар қоймасы кепіл куәлігін ұстаушының алдында ол бойынша барлық есептелетін соманың төленуі үшін жауапты болады.

40-тарау. САҚТАНДЫРУ

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңымен 803-бап өзгертілді

803-бап. Сақтандыру шарты

2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде өзінің пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және жағдайларда өзге де төлемдерді жүзеге асыру жағдайлары көзделуі мүмкін.

ҚР 2006.05.07. № 164-III Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Сақтандыру сақтандыру шарты негізінде жүзеге асырылады.

804-бап. Осы Кодекспен реттелетін сақтандыру қатынастары

Сақтандырушылар мен сақтанушылар арасындағы қатынастар, сондай-ақ олардың сақтандыру шартын жасау және оны орындау процесі кезінде туындайтын сақтандырылғандармен және пайда алушылармен қатынастары осы Кодекспен реттеледі.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 805-бап жаңа редакцияда

805-бап. Сақтандыру нысандары

1. Сақтандыру нысандары:

1) міндеттілік дәрежесі бойынша - ерікті және міндетті;

2) сақтандыру объектісі бойынша - жеке және мүліктік;

3) сақтандыру төлемін жүзеге асыру негіздері бойынша жинақтаушы және жинақтаушы емес болып табылады.

2. Сақтандыру қызметін лицензиялау мақсатында заң актілерінде өзгеше жіктеу көзделуі мүмкін.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 806-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

806-бап. Міндетті және ерікті сақтандыру

1. Міндетті сақтандыру:

2023.20.04. № 226-VII ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы қоғамдық қатынастарды қоспағанда, түрлері, шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде белгіленетін, заңнамалық актілердің талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру;

2) міндетті сақтандыру туралы талап, сақтандырудың түрлері мен ең төмен талаптары (оның ішінде сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелдері және сақтандыру сомаларының ең төмен мөлшерлері) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленетін,

ал сақтандырудың өзге де шарттары мен тәртібі тараптардың келісімімен айқындалатын сақтандыру (жүктелген сақтандыру).

2. Азаматқа өз өмірін немесе денсаулығын сақтандыру міндетін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен де, шартпен де жүктеуге болмайды.

Міндетті сақтандыру сақтанушының есебінен жүзеге асырылады.

Түрлері, шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленетін міндетті сақтандыру экономикалық тұрғыдан негізді, көпшілікке ортақ және әлеуметтік-қоғамдық маңызды болған кезде енгізілуі мүмкін.

3. Сақтандыру міндеті Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінен туындамай, шартқа негізделген жағдайларда, мұндай сақтандыру міндетті болып табылмайды және осы Кодекстің 808-бабында көзделген салдарға алып келмейді.

4. Түрлері, шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленген міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушы Қазақстан Республикасының осы заңнамалық актісінде жазылған талаптарда сақтандырушымен шарт жасасуға міндетті.

Жүктелген сақтандыру кезінде сақтандырушымен шарт Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ең төмен талаптар сақтала отырып, тараптардың келісімінде айқындалған талаптармен жасалады.

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5. Түрлері, шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленген міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың осы түрін жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуы мүмкін. Түрлері, шарттары және тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленген міндетті сақтандыру шартын жасасу, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырудың осы түрін жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар сақтандырушы үшін міндетті болып табылады.

6. Ерікті сақтандыру - тараптардың ерік білдіруіне қарай жүзеге асырылатын сақтандыру.

Ерікті сақтандырудың түрлері, шарттары мен тәртібі тараптардың келісімімен айқындалады.

807-бап. Сақтандыру объектісі

2006.20.02. № 128-III (бұр. ред. қара); 2007.07.05. № 244-III ҚР Заңдарымен (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді

1. Азаматтардың және заңды тұлғалардың, соның ішінде:

1) азаматтардың белгілі бір жасқа дейін немесе сақтандыру шартында белгіленген мерзімге дейін өмір сүруіне, өліміне, азаматтардың өмірінде белгілі бір оқиғалардың басталуына;

2) жазатайым жағдайлардың және өзге де оқиғалардың, аурулардың салдарынан азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуіне;

3) мүлікті иеленуіне, пайдалануына және оған билік етуіне;

4) басқа тұлғаларға, соның ішінде шартты (міндеттемелерді) бұзу салдарынан келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты кез келген мүліктік мүдделері мүліктік және жеке сақтандыру объектілері бола алады.

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру объектісі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалады.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)

2. Сақтанушының құқыққа қайшы мүліктік мүдделері сақтандыруға жатпайды.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара); 2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 3-тармақ жаңа редакцияда

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген мүліктік мүдделер объектісі болатын не сақтандыру объектісі болмайтын сақтандыру шарттары маңызсыз болып табылады.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 808-бап өзгерді

808-бап. Міндетті сақтандыру туралы ережелердің бұзылу зардабы

1. Заң актілеріне сәйкес пайдасына міндетті сақтандыру жүзеге асырылуы тиіс болған адам, егер оның сақтандырылмағандығы белгілі болса, осы міндет жүктелген тұлғадан оны сот тәртібімен талап етуге құқылы.

2. Егер сақтандыру міндеті жүктелген тұлға оны жүзеге асырмаса немесе сақтандыру шартын заң актілерінде көзделгенмен салыстырғанда сақтандырылғандардың жағдайын нашарлататындай жағдайда жасаған болса, бұл тұлға сақтандыру жағдайы басталған кезде дұрыс сақтандыру кезінде сақтандыру төлемі қандай талаптарда жүзеге асырылатын болса, сақтандырылғандардың алдында сондай талаптарда жауапты болады.

3. Заң актілерімен сақтанушы болу міндеті жүктелген тұлға осы Кодекстің 806-бабының 5-тармағына сәйкес сақтандыруды жүзеге асыруға міндетті, алайда одан жалтаратын сақтандырушыны заң актілерінде көзделген талаптарда сақтандыру шартын жасауға мәжбүр етуді сот тәртібімен талап етуге құқылы.

4. Сақтанушы ретінде оны жүзеге асыруға міндетті тұлғалардың, сондай-ақ сақтандырушы ретінде іс-қимыл жасауға міндетті сақтандыру ұйымының сақтандырудан жалтаруы заң актілерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

809-бап. Жеке және мүліктік сақтандыру

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 1 тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)

1. Азаматтың өмірін, денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін және жеке басына байланысты өзге де мүліктік мүдделерін сақтандыру жеке сақтандыруға жатады. Жеке сақтандыру шарты бойынша сақтанушының өзі, сондай-ақ шартта аталған басқа (сақтандырылған) адам сақтандырылған болуы мүмкін.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 2 тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

2. Мүлікті және оған байланысты мүліктік мүдделерді сақтандыру мүліктік сақтандыруға жатады.

3. Мүлікті сақтандыру кезінде мүліктің жоғалуы (жойылуы) тәуекелі, жетіспеуі немесе бүлінуі және осы Кодекстің 115-бабында көзделген өзге де мүліктік игіліктер мен құқықтар сақтандырылады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

4. Сақтанушының немесе пайда алушының сақтандырылған мүлікті сақтап қалу мүддесі болмаған кезде мүлікті сақтандыруға жасалған шартты сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 5 тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)

5. Азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру кезінде, үшінші бір адамдардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапты болу, сондай-ақ шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапты болу тәуекелін сақтандырады.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес кодекс 809-1-баппен толықтырылды

809-1-бап. Жинақтаушы сақтандыру

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

1. Сақтандыру жағдайы туған кезде, соның ішінде сақтандыру шартында белгіленген кезең не олардың қайсысының бұрын туындауына байланысты сақтандыру шартында

көзделген өзге оқиға аяқталғанда сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру жинақтаушы сақтандыру болып табылады.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Осы Кодекстің 817-бабының 3-тармағында көзделген белгілері бар сақтандыру жағдайы басталған кезде ғана сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру жинақтаушы емес сақтандыру болып табылады.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)

3. Аннуитеттік сақтандыру шарты - сақтандырушыны шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті ететін сақтандыру шарты.

4. Жинақтаушы сақтандыру шарттары тек қана жеке сақтандыру бойынша жасалуы мүмкін.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)

5. Аннуитеттік сақтандыру шарты жинақтаушы сақтандыру шарттарына жатады.

810-бап. 2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*
811-бап. 2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*
812-бап. 2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 813-бап өзгерді

813-бап. Сақтанушы

1. Сақтанушы - сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға.

2. Заңды тұлғалар мен азаматтар сақтанушылар бола алады.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Егер Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, сақтанушы сақтандырудың ерікті де, міндетті де нысандары бойынша сақтандырушыны таңдап алуға ерікті.

ҚР 18.12.2000 № 128-II; 2006.05.07. № 164-III (бұр.ред.қара) Заңдарымен; 2024.23.01. № 54-VIII ҚР Заңымен (2024 ж. 25 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 814-бап өзгертілді

814-бап. Сақтандырушы

Сақтандырушы - сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы пайда болған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта айқындалған соманың (сақтандыру сомасының) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті тұлға.

Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар заңды тұлға не «Өзара сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзара сақтандыру қоғамы немесе «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі ғана сақтандырушы бола алады.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 815-бап өзгерді

815-бап. Сақтандырылған адам

1. Сақтандырылған адам - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған адам болып табылады.

2007.07.05. № 244-III ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Заңнамалық актілермен сақтанушыға үшінші тұлғаны сақтандыруды жүзеге асыру міндеті жүктелуі мүмкін. Өз еркімен сақтандыру кезінде сақтанушы үшінші тұлғаны

сақтандыру шартында сақтандырылған адам ретінде айқындай алады. Бұл жағдайларда сақтандырылған адамның жеке басы және соған байланысты оның мүдделері (сақтандырылған адамды жеке сақтандыру) не сақтандырылған адамның мүлкі және мүліктік мүдделері (сақтандырылған адамның мүліктік сақтандырылуы) сақтандыру объектісі болады.

Мүлікті сақтандыру кезінде сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылған адам бұл мүліктің сақталуына мүдделі болуға тиіс.

3. Егер шарттың талаптары бойынша сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылған адамға белгілі бір міндеттер жүктелген болса, сақтанушы осы шартты жасасуға сақтандырылған адамның келісімін алуы тиіс.

Міндетті сақтандыру кезінде, сондай-ақ топтастырып иесіздендірілген сақтандыру кезінде, шарт жасасу үшін оның өзі сақтандырылған адам ретінде көрінетін үшінші адамның келісімі талап етілмейді.

Өз еркімен сақтандыру кезінде адамдардың оның жеке басын немесе мүлкін сақтандыру жөніндегі қарсылығы шарт жасасудың мүмкін еместігіне, ал егер ол жасалып қойған болса - шарттың бұзылуына әкеп соғады.

4. Сақтанушыға үшінші тұлғаны сақтандыру міндеті жүктелген жағдайда, аталған тұлға сақтанушыдан бұл міндеттің орындалуы туралы есеп талап етуге, ал заң актілерінде көзделген жағдайларда - оның сақтандырылған адам болып табылатындығын дәлелдейтін құжатты алуға құқылы.

Сақтанушы үшінші адамды сақтандыру жөніндегі өз міндетін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда, соңғысы осы Кодекстің 808-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

5. Кәмелетке толмаған азамат сақтандырылған болып табылатын жағдайда оның құқықтары осы Кодекстің 22-24-баптарында көзделген тәртіппен іске асырылады.

6. Сақтандырылған адамның пайдасына шарт жасасу, сақтанушыны осы шарт бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.

Үшінші адамды сақтандыру сақтанушының есебінен жүзеге асырылады.

7. Сақтандырылған адам шартқа сәйкес өзіне тиесілі сақтандыру төлемін алудан бас тартқан жағдайда сақтандыру төлемін алу құқығы сақтанушыға көшеді.

8. Сақтанушы болып табылмайтын, оған қатысты мұндай жағдайды көздемейтін жеке басты сақтандыру шарты жасалған сақтандырылған адам қайтыс болған жағдайда, егер заң актілерінде немесе шартта сақтандырылған адамды ауыстыру көзделмесе, бұл шарт тоқтатылуға жатады.

Егер сақтандырылған адамның қайтыс болуы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы болса, бұл шарт онда көзделген талаптармен орындалады.

Сақтанушы болып табылмайтын, оған қатысты мүліктік сақтандыру шарты жасалған сақтандырылған адам қайтыс болған жағдайда, сақтандырылған адамның құқықтары мен міндеттері сақтанушының келісуімен, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, сол мүліктің және сақтандырылған адамның мүліктік құқықтарының мұрагерлеріне ауысады.

Егер сақтанушы қайтыс болған сақтандырылған адамды ауыстыруға келіспесе не мұрагерлер оның сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін қабылдауға келіспесе, бұл шарт тоқтатылуға жатады.

9. Үшінші адамның (сақтандырылған адамның) пайдасына жасалған сақтандыру шартына осы Кодекстің 391-бабының осы бап ережелеріне қайшы келмейтін бөлігіндегі ережелері қолданылады.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 816-бап өзгерді

816-бап. Пайда алушы

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Пайда алушы - сақтандыру шартына немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.

Заңды тұлға да, азамат та пайда алушы бола алады.

Пайда алушы жеке де, мүліктік те сақтандыру бойынша тағайындала алады.

Түрлері, шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленетін міндетті сақтандыру кезінде пайда алушы - Қазақстан Республикасының осы заңнамалық актісімен, жүктелген сақтандыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен не тараптардың келісімімен айқындалады. Сақтандырудың ерікті түрлері бойынша пайда алушыны сақтанушы тағайындайды.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы пайда алушы болып табылады.

Егер сақтанушы сақтандырылған адам болып табылмаса, пайда алушы сақтандырылған адам болуы тиіс не ол сақтандырылған адамның жазбаша келісімі бойынша тағайындалады.

Егер пайда алушы сақтандыру шартында көрсетілмесе, ол сақтандырылған адам деп ұйғарылады.

3. 2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

4. *Алынып тасталды*

5. Сақтандырылған адам бір мезгілде пайда алушы болып табылатын жағдайда соңғысына осы Кодекстің 815-бабында көзделген ережелер қолданылады.

6. Сақтандырылған адам болып саналмайтын пайда алушы қайтыс болған жағдайда не ол пайда алушының құқықтарынан бас тартса, соңғысының құқығы сақтанушыға ауысады.

Сақтандырылған болып табылатын пайда алушы қайтыс болған жағдайда осы Кодекстің 815-бабының 8-тармағында көзделген зардап туындайды.

7. Егер сақтандырылған адамның қайтыс болуы, сақтандыру шартында көзделген жағдай болып табылса, онда бұл сақтандырылған адам сақтанушы болмаған күнде де, болған күнде де, бірақ шартта пайда алушы көрсетілмесе, сақтандырылған адамның мұрагерлері пайда алушылар деп танылады.

8. Сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушы тікелей сақтандырушыға сақтандыру шартында көзделген сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қоюға құқылы.

9. Пайда алушының пайдасына шарт жасасу сақтанушыны осы шарт бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 817-бап өзгерді; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 817-баптың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

817-бап. Сақтандыру мүддесі және сақтандыру жағдайы

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Сақтандыру шарты сақтандыру мүддесінің болуын көздеуге тиіс.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-1-тармақпен толықтырылды

1-1. Сақтандыру мүддесі - жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша көзделуі мүмкін оқиғаларды қоспағанда, сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) тәуекелдерді болғызбаудағы және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеудегі мүліктік мүддесі.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-2-тармақпен толықтырылды

1-2. Сақтандыру жағдайы - басталған кезде сақтандыру шартында сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру жағдайының түрлері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, ал өз еркімен сақтандыру бойынша - тараптардың келісімімен белгіленеді.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғада төменде санамаланған белгілердің барлығы (жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша көзделуі мүмкін оқиғаларды қоспағанда) болуға тиіс:

оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

оқиғаның басталуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталу салдарынан болған залалдардың мөлшеріне қатысты болжанбайтындығы;

оқиға шарттың қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде болуға тиіс, бұлар жөнінде тараптар немесе ең болмағанда, сақтанушы көрінеу білді немесе алдын ала хабардар болды деген қауіптің болмауы;

оқиғаның басталуында сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) мүліктік мүддесі үшін теріс, экономикалық тұрғыдан тиімсіз салдардың болуы;

оқиғаның басталуы сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) ерік-қалауымен және (немесе) пиғылымен байланысты болмауы және пайда алу және (немесе) ұтыс алу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемеуі.

2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

4. Сақтандыру жағдайының басталғандығын, сондай-ақ ол келтірген зияндарды дәлелдеу сақтанушының (пайда алушының, сақтандырылушының) міндетіне жатады.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 818-бап өзгерді

818-бап. Сақтандыру сыйлықақылары

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1. Сақтандыру сыйлықақысы - сақтанушы сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

Инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігін және сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шарттары бойынша оларды инвестициялаудан алынған (шеккен) кірістерді (шығыстарды), сондай-ақ осы Кодекстің 845-1-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, сақтандырушы сақтанушыдан алған сақтандыру сыйлықақылары оған меншік құқығымен тиесілі болады.

ҚР Конституциялық Сотының 2025 жылғы 27 ақпандағы № 68-НҚ нормативтік қаулысымен 818-бабы 1-тармағының екінші бөлігі Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылды

2007.07.05. № 244-III ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерлері шартта белгіленеді. Міндетті сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерлері Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленеді.

Сақтандыру сыйлықақыларын төлеу тәртібі мен мерзімдері шартта айқындалады. Міндетті сақтандыру кезінде олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалуы мүмкін.

3. Тараптар сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін айқындау кезінде, сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасы өлшемінен өндірілетін сақтандыру сыйлықақысының ставкасын белгілейтін сақтандырушы әзірлеген сақтандыру тарифін қолдана алады.

4. Шартта сақтандыру сыйлықақысын мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп-бөліп төлеу көзделуі мүмкін.

5. Егер сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеу көзделген болса, шартты мерзімінен бұрын бұзуды қоса алғанда, шартта кезекті сақтандыру жарналарын белгіленген уақытта төлемеудің зардабы айқындалуы мүмкін.

6. Егер сақтандыру жағдайы енгізу мерзімі өтіп кеткен белгілі бір сақтандыру жарнасын төлеуден бұрын басталған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде мерзімі өтіп кеткен сақтандыру жарнасының сомасын есепке алуға құқылы.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 819-бап өзгерді

819-бап. Сақтандыру сомасы

1. Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектілері сақтандырылған адам және сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандырушы жауаптылығының шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Сақтандыру сомаларының мөлшерлері (аннуитеттік сақтандыру шарттары мен сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шарттарын қоспағанда) шартта белгіленеді. Міндетті сақтандыру кезінде олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мөлшерлерден кем болмайды.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 3 тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)

3. Мүлікті сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы шарт жасалған кездегі оның нақты құнынан (сақтандыру құнынан) артық бола алмайды.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

4. Сақтанушы өзін әдейі жаңылыстырғанын сақтандырушы дәлелдеген жағдайларды қоспағанда, тараптар сақтандыру шартында айқындалған мүлік құнына дауласа алмайды. Егер сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып түссе, сақтандыру шартын сақтандыру сомасының шарт жасалған кездегі сақтандыру құнынан асып түскен бөлігінде сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

5. 2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 820-бап өзгерді

820-бап. Сақтандыру төлемі

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді

1. Сақтандыру төлемі - сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы туған кезде не жинақтаушы сақтандыру шартында белгіленген мерзім туған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

Аннуитеттік сақтандыру шарттары және сақтандыру шартында немесе Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарында мерзімдік төлемдер нысанында төлемдерді жүзеге асыру көзделген өмірді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін қоспағанда, сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Сақтандыру төлемінің мөлшерлерін айқындау тәртібі шартта белгіленеді. Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерлерін айқындау тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленеді.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері шартта айқындалады.

Міндетті сақтандыру бойынша олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалуы мүмкін.

4. Мүлікті және азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру бойынша сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде сақтанушыға (сақтандырылған адамға) келтірілген нақты зияннның мөлшерінен аспауы керек.

5. Жеке сақтандыру бойынша сақтандыру төлемі сақтанушыға (сақтандырылған адамға) әлеуметтік қамсыздандыру бойынша, сақтандырудың басқа шарттары бойынша оған тиесілі сомаларға қарамастан және зияннның орнын толтыру тәртібімен жүзеге асырылады.

6. Мүліктік сақтандыру шартының талаптарымен сақтандыру өтемінің сомасы шегінде сақтандыру өтемін зияннның заттай нысандағы өтемімен ауыстыру көзделуі мүмкін.

7. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы өзіне сақтанушыдан тиесілі болатын сақтандыру сыйлықақыларына не сақтандыру жарналарына есеп жүргізуге құқылы.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 8-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

8. Егер шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде жауаптылықтың бұдан жоғары мөлшері көзделмесе, сақтандыру төлемін уақытында жүзеге асырмағаны үшін сақтандырушы осы Кодекстің 353-бабына сәйкес жауап береді.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 821-бап өзгерді

821-бап. Қос сақтандыру

1. Қос (көпше) сақтандыру - белгілі бір объектіні бірнеше сақтандырушыда әрқайсысымен дербес шарт бойынша сақтандыру.

2. Мүлікті қос сақтандыру кезінде әрбір сақтандырушы сақтанушының алдында онымен жасалған шарттың шегінде жауапты болады, алайда сақтанушының барлық сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты зияннан аспауы тиіс.

Бұл ретте сақтанушы кез келген сақтандырушыдан онымен жасалған шартта көзделген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты зиянды жаппайтын болса, сақтанушы жетпеген соманы басқа сақтандырушыдан алуға құқылы.

Келтірілген зиянды басқа сақтандырушылар өтегендіктен сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара босатылған сақтандырушы сақтанушыға шыққан шығындарды шегере отырып, сақтандыру сыйлықақыларының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.

3. Жеке өзін қос (көпше) сақтандыру кезінде әрбір сақтандырушы өзінің сақтанушы алдындағы сақтандыру міндеттемелерін, оларды басқа сақтандырушылардың орындағандарына қарамастан, өз бетінше атқарады.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 822-бап өзгерді

822-бап. Топтық сақтандыру

1. Топтық сақтандыру кезінде бір сақтандыру шартымен бір мезгілде өздері пайда алушы болып табылатын бірнеше сақтандырылған адамдар қамтылады.

2. Топтық сақтандыру адамдардың белгілі бір санаттарын қамтитын жеке де, мүліктік те, дербестендірілген де, иесіздендірілген де болуы мүмкін.

Иесіздендірілген сақтандыру кезінде сақтандырылған адамдар тобы сақтандыру шартында бұл оның әрбір сақтандырылған адамға қатысты зардабын және оған тиесілі сақтандыру төлемінің төлеу мөлшерін дараландыру үшін қажетті шамада нақтылануға тиіс.

3. Жұмыс берушілердің өз қызметкерлерін ұжымдық сақтандыруы тек жеке сақтандыру түрінде ғана болуы мүмкін.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 823-бап өзгерді; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 823-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

823-бап. Ортақ сақтандыру және бірлескен қайта сақтандыру

1. Сақтандыру объектісі бірлескен қызмет (ортақ сақтандыру) туралы шарт негізінде жай серіктестік (сақтандыру пулын) құру арқылы бірнеше сақтандырушымен бірлесіп бір ортақ сақтандыру шарты бойынша сақтандырылуы мүмкін.

Қайта сақтандыру объектісі бірлескен қызмет (бірлескен қайта сақтандыру) туралы шарт негізінде жай серіктестік (қайта сақтандыру пулын) құру арқылы бірнеше қайта сақтандырушымен бірлесіп бір бірлескен қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандырылуы мүмкін.

Бұл ретте ортақ сақтандыру (бірлескен қайта сақтандыру) шартында әрбір сақтандырушының (қайта сақтандырушының) келісілген үлестердегі құқықтары мен міндеттерін айқындайтын талаптар қамтылуға тиіс.

Егер ортақ сақтандыру (бірлескен қайта сақтандыру) шартында өзгеше айқындалмаса, сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына қатысушылар сақтанушының (пайда алушының) немесе қайта сақтанушының алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының міндеттемелері бойынша, оның ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін ортақтасып жауап береді.

2. Сақтандырушылар (қайта сақтандырушылар) арасында тиісті келісім болған кезде олардың бірі сақтанушымен (қайта сақтанушымен) өзара қарым-қатынастарда барлық сақтандырушылардың (қайта сақтандырушылардың) атынан өкілдік ете алады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) пулы қатысушыларының ортақ істеріне басшылық етуді және оларды жүргізуді сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына қатысушылармен тиісті келісім болған кезде сақтандыру брокері жүзеге асыруы мүмкін.

ҚР Заңымен 10.07.03 ж. № 483-II 824-бап толықтырылды (бұр. ред. қара)

824-бап. Қайта сақтандыру

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Сақтандырушы сақтанушы алдындағы өз міндеттемелерінің барлығын немесе бір бөлігін орындау тәуекелін жабуды басқа сақтандырушыда (қайта сақтандырушыда) қайта сақтандыру арқылы қамтамасыз етуге құқылы.

Қайта сақтанушының сақтандырушы (қайта сақтандырушы) ретінде жасасқан сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәуекеліне байланысты мүліктік мүдделері қайта сақтандыру объектілері болуы мүмкін.

Қайта сақтанушының құқыққа қайшы мүліктік мүдделері қайта сақтандыруға жатпайды.

Қайта сақтанушының құқыққа қайшы мүліктік мүдделері объектісі болатын не қайта сақтандыру объектісі болмайтын қайта сақтандыру шарттары маңызсыз болып табылады.

2. Қайта сақтандырушымен қайта сақтандыру (қайта сақтанушы) шартын жасасқан сақтандырушы онымен жасаған сақтандыру шартына сәйкес сақтанушының алдында толық көлемде жауапты болып қалады.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара); 2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Қайта сақтандыру талаптары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және қайта сақтанушы мен қайта сақтандырушы арасындағы қайта сақтандыру шартында айқындалады.

Қайта сақтандыру шарты осы Кодексте сақтандыру шартына қойылатын талаптарға сай болуға тиіс. Исламдық қайта сақтандыру шарты осы Кодексте исламдық сақтандыру шартына қойылатын талаптарға сай болуға тиіс. Бұл ретте, негізгі сақтандыру шарты (исламдық сақтандыру шарты) бойынша сақтандырушы қайта сақтандыру шартында (исламдық қайта сақтандыру шартында) сақтанушы болып есептеледі.

4. 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

5. Екі немесе бірнеше қайта сақтандыру шарттарын біртіндеп жасауға жол беріледі.

ҚР 18.12.2000 № 128-II; 01.07.03 ж. № 445-II (бұр. ред. қара); 10.07.03 ж. № 483-II (бұр. ред. қара) Заңдарымен 825-бап өзгертілді; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 825-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

825-бап. Сақтандыру шартының нысаны

1. Сақтандыру шарты:

1) тараптардың сақтандыру шартын жасауы;

2) сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген сақтандырудың үлгілік талаптарына не сақтандырушы біржақты тәртіппен әзірлеген сақтандыру қағидаларына қосылуы (қосылу шарты) және сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін ресімдеуі арқылы жазбаша нысанда жасалады.

2. Міндетті сақтандыру бойынша шарттың нысаны - Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде, жүктелген сақтандыру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ең төмен талаптар сақтала отырып тараптардың келісімімен белгіленеді, ал ерікті сақтандыру бойынша сақтандырушы белгілейді не тараптардың келісімімен белгіленеді.

Сақтандырушы сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырудың үлгілік талаптарына немесе қағидаларына сәйкес сақтандыру түрлері бойынша әзірленген шарттарды қолдануға құқылы.

3. Сақтандыру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның маңызсыз болуына алып келеді.

ҚР 18.12.00 ж. № 128-II Заңымен бөлім 825-1-баппен толықтырылды; ҚР 10.07.03 ж. № 483-II (бұр. ред. қара); 2009.30.12 № 234-IV (бұр.ред.қара) ҚР Заңдарымен 825-1-бап өзгертілді

825-1-бап. Сақтандыру ережелері

1. Сақтандырушы сақтандыру ережелерін сақтандырудың әрбір түрі бойынша әзірлейді және олар осы баптың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Сақтандыру ережелерінде:

1) сақтандыру объектілерінің тізбесі;

2) сақтандыру сомасын анықтау тәртібі;

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

3) сақтандыру жағдайларының тізбесі;

4) сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу;

5) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны;

6) сақтандыру шартын жасасу тәртібі;

7) тараптардың құқықтары мен міндеттері;

8) сақтанушының сақтандыру жағдайы туған кездегі іс-әрекеті;

9) сақтандыру жағдайының туғандығын және шығын мөлшерін растайтын құжаттар тізбесі;

10) сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары;

2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен 10-1) тармақшамен толықтырылды

10-1) сақтанушыға немесе сақтандырылушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабарлау мерзімі;

11) сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешімді қабылдаудың мерзімі;

12) сақтандыру шартын тоқтату талаптары;

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 13) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

13) дауларды шешу тәртібі, оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша дауларды реттеу ерекшеліктері;

14) 2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 15) тармақша жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

15) қосымша талаптар болуға тиіс.

3. алынып тасталды

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

4. Сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы келісім бойынша сақтандыру қағидаларының негізінде сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгерту, алып тастау, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар көзделетін сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-1-тармақпен толықтырылды

4-1. Сақтандыру қағидаларында қамтылатын және сақтандыру шартының мәтініне енгізілмеген талаптар, егер шартта осындай қағидаларды қолдану тікелей көрсетілсе және қағидалар шартта жазылса не оған қоса берілсе, тараптар үшін міндетті. Соңғы жағдайда шарт жасасу кезінде сақтанушыға сақтандыру қағидалары беруді тараптар шартта куәландыруға тиіс.

5. 2009.30.12. № 234-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

18.12.2000 № 128-II ҚР Заңымен; 2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2009.30.12 № 234-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 826-бап өзгертілді

826-бап. Сақтандыру шартының мазмұны

1. Сақтандыру шартында мыналар болуы тиіс:

1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері;

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

2) сақтанушының (егер ол жеке адам болса) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және тұрған жері немесе (егер ол заңды тұлға болса) оның атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері;

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-1) тармақшамен толықтырылды

2-1) сақтандыру агентінің (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті - жеке тұлға болып табылса) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), байланыс телефонының нөмірі және жеке сәйкестендіру нөмірі немесе сақтандыру агентінің (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлға болып табылса) атауы, орналасқан жері, байланыс телефонының нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) сақтандыру объектісін көрсету;

4) сақтандыру жағдайын көрсету;

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 5) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

5) сақтандыру сомасының мөлшерлері (аннуитеттік сақтандыру шарттары мен сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шарттарын қоспағанда), сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;

6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оларды төлеудің тәртібі мен мерзімдері;

6-1) сақтандырушының исламдық сақтандыру қорын басқарғаны үшін сыйақы мөлшері, оны төлеу шарттары мен тәртібі (исламдық сақтандыру шарты жасалған кезде);

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 6-2) тармақшамен толықтырылды

6-2) сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының бар немесе жоқ екендігі туралы нұсқау;

7) шарттың жасалу күні және қолданылу мерзімі;

8) егер олар сақтандыру қатынасына қатысушылар болса, сақтандырылған адам мен пайда алушы туралы көрсету;

9) шарттың (сақтандыру полисінің) номері, сериясы;

10) шарттың талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 10-1) тармақшамен толықтырылды

10-1) сақтанушының шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер мүліктік сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі түрде әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті (осы Кодекстің 834-бабының 1-тармағы);

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 11) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

11) сатып алу сомасын төлеу талаптары мен мөлшері (сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шарттарын қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру үшін);

11-1) сақтанушыны немесе сақтандырылушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімдері;

2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен 12) тармақша өзгертілді (2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2012.12.01. № 538-IV ҚР Заңымен 12) тармақша жаңа редакцияда (2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

12) салық төлеушінің тіркеу нөмірін (ол болған кезде), сақтанушының резиденттік белгісін және экономикасының секторын көрсету;

2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен 13) тармақша өзгертілді (2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2012.12.01. № 538-IV ҚР Заңымен 13) тармақша жаңа редакцияда (2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

13) салық төлеушінің тіркеу нөмірін (ол болған кезде), егер сақтандырылушы (пайда алушы) сақтандыру шарты бойынша сақтанушы болмаса, сақтандырылушы (пайда алушы) сақтандыру шартында көрсетілген жағдайда, оның резиденттік белгісін және экономикасының секторын көрсету;

14) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемі мен сақтандыру сыйақысының валюта түрі;

2012.12.01. № 538-IV ҚР Заңымен 15) тармақшамен толықтырылды (2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

15) сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;

2012.12.01. № 538-IV ҚР Заңымен 16) тармақшамен толықтырылды (2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

16) егер сақтандырылушы (пайда алушы) сақтандыру шарты бойынша сақтанушы болмаса, сақтандырылушы (пайда алушы) сақтандыру шартында көрсетілген жағдайда, оның сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономикасының секторын көрсету.

2. Тараптардың келісімі бойынша шартқа өзге де талаптар енгізілуі мүмкін.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 2-1-тармақпен толықтырылды

2-1. Франшиза - сақтандырушыны сақтандыру талаптарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болады.

Шартты франшиза кезінде сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан көп болса, залалды толық өтеуге тиіс.

Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген сома шегеріле отырып өтеледі.

Франшиза сақтандыру сомасына қатысты процент бойынша не абсолютті мөлшерде белгіленеді.

3. Егер сақтандыру шартында заң актілерінде көзделгендермен салыстырғанда сақтанушының жағдайын нашарлататындай талаптар болса, осы заң актісімен белгіленген ережелер қолданылады.

4. Егер қайта сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, қайта сақтандырушының қайта сақтандыру шарты бойынша жауаптылық кезеңі сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша міндеттемесі қайта сақтандыруға берілген сақтандыру шарты бойынша жауаптылық кезеңіне сәйкес келуге тиіс.

5. Сақтандыру шартында көрсетілуге тиіс талаптардың толық еместігі үшін сақтандырушы жауапты болады.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес кодекс 826-1-баппен толықтырылды

826-1-бап. Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеудің мерзімін ұзарту

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1-тармақ жаңа редакцияда

1. Сақтандыру жарнасын (алғашқысын қоспағанда) жинақтаушы сақтандыру шартында белгіленген мерзімде алмаған сақтандырушы сақтанушыны сақтандыру жарнасын төлеу қажеттігі туралы хабардар етуге міндетті.

2. Хабарламада:

1) сақтандыру жарнасын төлейтін кезең (сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңі);

2) сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлдың мөлшері;

3) сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңі ішінде сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда шарттың қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтату құқығы болуға тиіс.

3. Сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңі 30 күнтізбелік күннен кем болмауға тиіс.

4. Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мерзімін ұзарту кезеңінде сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы берешек сомасын ұстай отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

5. Сақтандыру жарнасын төлеу қажеттігі туралы хабарлама сақтанушыға оның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес кодекс 826-2-баппен толықтырылды

826-2-бап. Жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру

1. Егер жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуы сақтанушының сақтандыру жарнасын төлемеуі негізінде тоқтатыла тұрса немесе тоқтатылса, сақтанушы:

1) 2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

2) мерзімі өтіп кеткен сақтандыру жарналарын;

3) сақтандыру жарналарын осы Кодекстің 353-бабында көзделген мөлшерде төлеудің мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұлды төлеген кезде сақтандырушы шарттың қолданылуын қалпына келтіруге міндетті.

2. Сақтанушы шарттың қолданылуы тоқтатылған немесе шарт тараптарының өз міндеттемелерін орындауын тоқтата тұрған күннен бастап бір жыл ішінде жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруге құқылы.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 3 тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)

3. Сақтандырушы жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтірген кезде сақтандырылған адамның денсаулық жағдайына медициналық сараптама жүргізуге құқылы.

Сақтандырылған адамның денсаулық жағдайы нашарлаған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемінің және (немесе) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге құқылы. Сақтанушы шарттың қолданылуын жаңа талаптармен қалпына келтіруден бас тартқан жағдайда шартты қалпына келтіруге болмайды.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 4 тармақпен толықтырылды

4. Егер жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылса және сақтандырушы сатып алу сомасын төлеген болса, сақтандырушы мұндай шарттың қолданылуын қалпына келтіруден бас тартуға құқылы.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес кодекс 826-3-баппен толықтырылды

826-3-бап. Бас полисті ресімдеу жолымен шарт бойынша сақтандыру

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Сақтанушының сақтандырушымен келісімі бойынша біртекті мүліктің (тауарлардың, жүктердің және басқаның) әртүрлі партиясын белгілі бір мерзім ішінде ұқсас жағдайларда жүйелі сақтандыру сақтанушыға бас полис ресімдеу арқылы бір сақтандыру шарты негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Сақтанушы осы баптың 1-тармағында аталған шарттың күші қолданылатын мүліктің әрбір топтамасына қатысты мұндай шартта көзделген мәліметтерді сақтандырушыға ол көздеген мерзімде хабарлауға, ал егер ол көзделмесе, оны алғаннан кейін дереу хабарлауға міндетті. Сақтанушы, тіпті, мұндай мәліметтерді алған кезде сақтандырушы өтеуге тиісті шығынның болу мүмкіндігі іске аспай қалса да, бұл міндеттен босатылмайды.

3. Сақтанушының талап етуімен сақтандырушы осы баптың 1-тармағында аталған шарттың күші қолданылатын мүліктің жекелеген топтамалары бойынша сақтандыру полистерін беруге міндетті.

Сақтандыру полисінің мазмұны бас полиске сәйкес келмеген жағдайда сақтандыру полисіне басымдық беріледі.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 827-бап өзгерді

827-бап. Сақтандыру шартының қолданылуы

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, ал оны бөліп-бөліп төлеу кезінде, егер шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, бірінші сақтандыру жарнасы төленген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Сақтандыру шарты, егер шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, алғашқы басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезден бастап қолданылуын тоқтатады.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Сақтандырып қорғаудың қолданылу мерзімі, егер шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шарттың қолданылу мерзіміне дәл келеді.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 828-бап өзгерді; 2009.30.12 № 234-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2010.15.07. № 338-IV (бұр.ред.қара) 828-бап өзгертілді

828-бап. Сақтандырушының міндеттері

1. Сақтандырушы:

1) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында немесе заң актілерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-1) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1-1) сақтанушыны сақтандыру қағидаларымен таныстыруға және оның талап етуі бойынша қағидалардың көшірмесін ұсынуға (жіберуге);

2) сақтанушыға (сақтандырылған адам) сақтандыру жағдайы кезінде олардың залалдарды азайту үшін жұмсаған шығындарын өтеуге;

3) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

4) сақтанушы (сақтандырылушы) немесе жәбірленуші (пайда алушы) не олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды бермеген жағдайда, оларды сақтандыру шартында белгіленген мерзімде жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етуге міндетті.

2. Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заң актілерінде, сондай-ақ сақтандыру шартында сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

ҚР 18.12.00 № 128-II; 01.07.03 ж. № 445-II (бұр. ред. қара) Заңдарымен 829-бап өзгертілді

829-бап. Сақтандыру жағдайынан туындайтын залалдарды азайтуға бағытталған шығындардың орнын толтыру

1. Мүліктік сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде, болуы мүмкін залалдарды болдырмау немесе азайту үшін сақтанушы (сақтандырылған адам) қалыптасқан жағдайларда қисынды және қолдан келетін шаралар, оның ішінде сақтандырылған мүлікті құтқару және сақтау шараларын қолдануға міндетті.

Сақтанушы (сақтандырылған адам) осындай шаралар қолдана отырып, егер олар сақтанушыға (сақтандырылған адамға) хабарланған болса, сақтандырушының нұсқауларын ұстануға тиіс.

2. Залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында сақтанушы (сақтандырылған адам) шеккен шығындар, егер мұндай шығындар қажет болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілген жағдайда, тиісті шаралар тіпті сәтсіз болса да, сақтандырушының өтеуіне жатады.

Мұндай шығындар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің және шығындар өтемінің жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығындар сақтанушының (сақтандырылған адамның) сақтандырушы нұсқаларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық мөлшерде өтеледі.

3. Болуы мүмкін залалдарды азайту үшін сақтанушының (сақтандырылған адамның) қисынды және қолдан келетін шараларды қасақана қолданбауы салдарынан туындаған залалдар бөлігінде сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

ҚР 18.12.00 № 128-II; 10.07.03 ж. № 483-II (бұр. ред. қара); 27.02.04 ж. № 527-II (01.04.04 ж. күшіне енеді); 2010.15.07. № 338-IV (бұр.ред.қара) Заңдарымен; 2014.10.06. № 206-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 830-бап өзгертілді

830-бап. Сақтандыру құпиясы

1. Сақтандыру құпиясына сақтандыру сомасының, сатып алу сомасының мөлшерлері туралы және төленген сақтандыру сыйлықақылары, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының сақтанушының, сақтандырылған адамның немесе пайда алушының жеке басына қатысты өзге де талаптары туралы мәліметтер жатады. Таратылу процесіндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты туралы мәліметтер сақтандыру құпиясына жатпайды.

*2006.20.02. № 128-III ҚР **Заңымен** 1-1 тармақпен толықтырылды*

1-1. Сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамалық актілерде сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етудің өзге де талаптары мен тәртібі көзделуі мүмкін.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2024.23.01. № 54-VIII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2024 ж. 25 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Сақтандыру нарығына кәсіби қатысушылар, сақтандыру агенті, Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі өзінің кәсіби қызметі нәтижесінде алған сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді, сақтандыру нарығының басқа кәсіби қатысушысына не сақтандыру агентіне қайта сақтандыру шарттарын жасасуға немесе ортақ сақтандыру

жөніндегі қатынастарға байланысты ақпаратты беру жағдайларын, сондай-ақ осы баптың 4, 4-1, 5 және 6-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жариялауға құқылы емес.
2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3. Өздерінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыруына байланысты сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерге қолжетімділік алған лауазымды адамдар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының резиденттері-сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру брокерлерінің, сақтандыру агенттерінің қызметкерлері, сақтандыру агенттері және өзге де адамдар оларды жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган арасында ақпарат, оның ішінде сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтер алмасуды жүзеге асыру сақтандыру құпиясын жария ету болып табылмайды.

Қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабар жіберу кезінде мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқарушылық функцияларды орындайтын адамның сақтандыру құпиясын құрайтын құжаттар мен мәліметтерді растаушы құжаттар мен материалдар ретінде ұсынуы сақтандыру құпиясын жария ету болып табылмайды.

4. Сақтандыру құпиясын үшінші адамға сақтанушының (сақтандырылған адамның, пайда алушының) жазбаша келісімі негізінде ашуға болады.
2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-1-тармақпен толықтырылды

4-1. Сақтандыру құпиясы сақтандыру омбудсманына өзінің қарауында жатқан жеке және заңды тұлғалардың сақтандыру шарттарынан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі өтініштері бойынша ашылуы мүмкін.
2018.02.07. № 168-VI ҚР Заңымен (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 5-тармақ өзгертілді

5. Сақтандыру құпиясы бар мәліметтер:

1) сақтанушының (пайда алушының) өкіліне - нотариатта куәландырылған сенімхат негізінде;

2) анықтау және алдын ала тергеу органына - оның өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша;
2009.28.08 № 192-IV ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3) сотқа - сот ұйғарымы немесе қаулысы негізінде оның өндірісіндегі істер бойынша;
2023.12.07. № 23-VIII ҚР Заңымен 3-1) тармақшамен толықтырылды (2023 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

3-1) активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органға - бірінші басшы не оның міндетін атқаратын адам қол қойған, «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілген тізілімнен үзінді-көшірме қоса берілген жазбаша сұрау салу бойынша;

4) прокурорға - оның құзыреті шегінде өзінің қарауындағы материалдар бойынша тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде;
2009.28.08 № 192-IV ҚР Заңымен 4-1) тармақшамен толықтырылды (ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді); 2012.21.06. № 19-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2025.19.09. № 219-VIII ҚР Заңымен (2025 ж. 20 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 4-1) тармақша өзгертілді

4-1) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға - «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-

жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мақсатта және тәртіппен;

4-2) 2023.20.04. № 226-VII ҚР Заңымен алып тасталды *(2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2015.18.11. № 412-V ҚР Заңымен 4-3) тармақшамен толықтырылды (2017 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

4-3) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға:

тексерілетін жеке тұлғалар жасаған сақтандыру шарттарына;

пайда алушылары бейрезидент-жеке тұлғалар болып табылатын жинақтаушы сақтандыру шарттарына;

Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес жіберілген, шет мемлекеттің уәкілетті органының сұрау салуында көрсетілген, пайда алушылары бейрезидент-жеке тұлғалар болып табылатын жинақтаушы сақтандыру шарттарына қатысты Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес;

2016.28.12. № 36-VI ҚР Заңымен 4-4) тармақшамен толықтырылды; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-4) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

4-4) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарына қатысты - «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мақсаттарда және тәртіппен, ал өзге сақтандыру шарттарына қатысты - прокурордың санкциясымен;

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-5) тармақшамен толықтырылды

4-5) барлау және (немесе) нұқсан келтіру акцияларының алдын алу, әшкерелеу және жолын кесу мақсаттарында прокурордың санкциясымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне;

2023.21.12. № 49-VIII ҚР Заңымен 4-6) тармақшамен толықтырылды (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

4-6) «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-2-бабында көзделген мақсаттарда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына;

2019.03.07. № 262-VI ҚР Заңымен 5) тармақша өзгертілді (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне - сақтандыру қызметін қадағалауды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша;

2015.24.11. № 422-V ҚР Заңымен 5-1) тармақшамен толықтырылды (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

5-1) Қазақстан Республикасының резиденті-сақтандыру холдингіне - сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерін есептеу, сондай-ақ сақтандыру тобының тәуекелдерін басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру мақсаттары үшін;

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5-2) тармақшамен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

5-2) сақтандыру ұйымы таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мақсаттарда;

6) Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заң актілеріне сәйкес өзге де тұлғаларға беріледі.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді аудиторлық ұйымға

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 13-тармағының бесінші бөлігіне сәйкес ұсынуы мүмкін.

6. Сақтандыру құпиясы бар мәліметтер сақтанушы, сақтандырылған адам, пайда алушы қайтыс болған соң:

1) мұрагерлерге;

2022.14.07. № 141-VII ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2) соттарға және нотариустарға - соттың ұйғарымы, қаулысы немесе нотариустың сұрау салуы негізінде өздерінің іс жүргізуіндегі мұрагерлік істер бойынша;

3) шетелдік консулдық мекемелерге - олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша беріледі.

7. Сақтандыру қызметін жүзеге асырудың жалпы шарттары, ұсынылатын сақтандыру қызметтерінің тізбесі, сақтандыру тарифтері, сақтандыру мерзімдері, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының өзге де негізгі талаптары ашық ақпарат болып табылады және сақтандыру құпиясы мен коммерциялық құпияның нысанасы бола алмайды.

8. Сақтандырушы сақтандыру құпиясы бар мәліметтерді жария еткен жағдайда сақтанушы (сақтандырылған адам, пайда алушы) келтірілген шығынды өтеуді, ал тиісті жағдайларда - моральдық нұқсанның орнын толтыруды талап етуге құқылы.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 831-бап өзгерді

831-бап. Сақтанушының міндеттері

1. Сақтанушы:

1) сақтандыру шарты белгілеген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;

2) сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы сақтандырушыны хабардар етуге;

3) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы хабарлауға;

4) сақтандыру жағдайынан туатын залалдарды азайту үшін шаралар қолдануға (осы Кодекстің 829-бабының 1-тармағы);

5) сақтандыру жағдайының басталғандығы үшін жауапты адамнан талап ету құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті (осы Кодекстің 840-бабы).

2. Сақтандыру шартында сақтанушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 832-бап өзгерді; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 832-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

832-бап. Сақтанушы шарт жасасу кезінде ұсынатын мәліметтер

1. Сақтанушы шарт жасасу кезінде сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) келтірілуі ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі мәні бар, сақтанушының өзіне белгілі мән-жайларды, егер бұл мән-жайлар сақтандырушыға белгілі болмаса және белгілі болуға тиісті болмаса, хабарлауға міндетті.

Сақтандырушы әзірлеген сақтандыру қағидаларында немесе шарт жасасу кезеңінде сақтанушыға жіберілген сақтандырушының жазбаша сұрау салуында айқын жазылған мән-жайлар елеулі деп танылады.

Міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде белгіленген мән-жайлар елеулі деп танылады.

2. Сақтандырушының елеулі мән-жайларға қатысты жазбаша сұрау салуында көрсетілген сұрақтарға сақтанушының жауаптары болмаған кезде сақтандыру шарты жасалмайды.

Егер сақтандыру шарты сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына сақтанушының жауаптары болмаған кезде жасалған болса, сақтандырушы сақтанушының тиісті мән-

жайларды хабарламағанын негізге ала отырып, кейіннен шартты бұзуды немесе оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

3. Егер шарт жасалғаннан кейін сақтанушының сақтандырушыға осы баптың 1-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлағаны анықталатын болса, сақтандырушы шартты жарамсыз деп тануды және осы Кодекстің 844-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген салдарларды қолдануды талап етуге құқылы.

Егер сақтанушы айтпай қалған мән-жайлар қажет болмай қалса, сақтандырушы шартты жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

01.07.03 ж. № 445-II ҚР Заңымен 833-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

833-бап. Сақтандыру тәуекелін және келтірілген зиянды бағалау

1. Мүлікті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушы сақтандырылатын мүлікті қарап тексеруге және бағалауға, ал қажет болған кезде оның шынайы құнын анықтау мақсатында сараптама тағайындауға құқылы. Сақтандырылатын мүлікке және келтірілген зиянға сақтандырушы жүзеге асыратын бағалау сақтандырудың құрамдас бөлігі болып табылады және қосымша лицензиялауды талап етпейді.

2. Жеке сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандырушы оның нақты денсаулық жағдайына баға беру үшін сақтандырылатын адамға тексеру жүргізуге құқылы.

3. Сақтандырушының сақтандыру тәуекеліне осы баптың негізінде берген бағасы өзгеше дәлелдеуге құқығы бар сақтанушы үшін міндетті емес.

4. Сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша сақтандырушы айқындайды. Қажет болған жағдайда келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды бағалаушы (тәуелсіз сарапшы) жүргізеді. Келтірілген зиянды бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда тараптар өзгеше дәлелдеуге құқылы.

2007.07.05. № 244-III ҚР Заңымен 5-тармақпен толықтырылды; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

5. Міндетті сақтандыру кезінде сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан келтірілген зиян мөлшерін бағалауды жүргізу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленуі мүмкін.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 834-бап өзгерді

834-бап. Шарттың қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары

1. Мүліктік сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтанушы (сақтандырылған адам) шарт жасау кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелін арттыруға елеулі ықпал жасайтындай болса, сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.

Қалай болғанда да сақтандыру шартында айтылған өзгерістер елеулі деп танылады.

2. Сақтандыру тәуекелін арттыруға әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы, шарттың талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің артуымен мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

Егер сақтанушы немесе сақтандырылған адам сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және сақтандырудың қосымша сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, сақтандырушы осы Кодекстің 24-тарауында көзделген ережелерге сәйкес шартты бұзуды талап етуге құқылы.

3. Сақтанушы немесе сақтандырылған адам осы баптың тармағында көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда сақтандырушы шартты бұзуды және шартты бұзудан болған залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

4. Егер сақтандыру тәуекелін арттыруға әкеп соғатын мән-жайлар жоққа шығып қалған болса, сақтандырушының шартты бұзуды талап етуге құқығы жоқ.

5. Жеке сақтандыру кезінде, осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген шарттың қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелін өзгертудің салдары, егер олар шартта тікелей көзделген болса, басталуы мүмкін.

ҚР 18.12.00 № 128-II; 01.07.03 ж. № 445-II (бұр. ред. қара) Заңдарымен 835-бап өзгертілді

835-бап. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар ету

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне мәлім болған соң оның басталғандығы жөнінде сақтандырушыға немесе оның өкіліне дереу хабарлауға міндетті. Егер шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде хабардар ету мерзімі және (немесе) тәсілі көзделсе, ол келісілген мерзімде және шартта немесе Қазақстан Республикасының заң актісінде көрсетілген тәсілмен жасалуға тиіс.

Егер сақтанушы сақтандырылған адам болып табылмаса, мұндай міндет сақтандырылған адамға жүктеледі.

Егер жеке сақтандыру кезінде сақтандырылған адамның қайтыс болуы сақтандыру жағдайы болып табылса, сақтандыру жағдайы туралы сақтандырушыға хабарлау міндеті сақтанушыға, ал егер оның өзі бір мезгілде сақтандырылған адам болса - пайда алушыға жүктеледі. Бұл ретте сақтандырушыға хабарлаудың шартта белгіленген мерзімі отыз күннен кем болмауы тиіс.

2. Пайда алушының барлық жағдайларда, мұны сақтанушының немесе сақтандырылған адамның жасаған-жасамағанына қарамастан, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға құқығы бар.

3. Егер сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушының дер кезінде білгендігі дәлелденбесе не бұл жөніндегі мәліметтердің сақтандырушыда болмауы оның сақтандыру төлемі міндеттеріне ықпал етпейтін болса, сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы сақтандырушыға хабар бермеу оған сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту құқығын береді.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды

4. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер ол сақтанушының еркіне байланысты емес немесе сақтандыру шартымен дәлелдіге жатқызылмаған себептерге байланысты болса және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды.

836-бап. Сақтанушыны ауыстыру

1. Мүлікті сақтандыру шартын жасасқан сақтанушы қайтыс болған жағдайда сақтанушының құқықтары мен міндеттері мұрагерлік тәртібімен осы мүлікті қабылдаған адамға ауысады. Меншік құқықтары (немесе өзге де заттық құқықтары) ауысуының басқа жағдайларында сақтанушының құқықтары мен міндеттері, егер шартта немесе заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, сақтандырушының келісуімен жаңа меншік иесіне (немесе өзге де заттық құқықтардың иесіне) ауысады.

2. Жеке сақтандыру шартын сақтандырылған адамның пайдасына жасаған сақтанушы қайтыс болған жағдайда, осы шартта айқындалған құқықтар мен міндеттер оның келісімімен сақтандырылған адамға ауысады. Сақтандыру шарты бойынша міндеттерді сақтандырылған адамның орындауы мүмкін болмаған жағдайда, оның құқықтары мен міндеттері заң актілеріне сәйкес оның құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асырушы тұлғаларға ауысуы мүмкін.

3. Заңды тұлға болып табылатын сақтанушыны қайта ұйымдастырған кезде, сақтандыру шарты қолданылу кезеңіндегі оның осы шарт бойынша құқықтары мен міндеттері сақтандырушының келісуімен, осы Кодексте айқындалған тәртіппен тиісті құқықтық мирасқорға ауысады.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 837-бап өзгерді

837-бап. Сақтандырылған адамды ауыстыру

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Зиян келтіргені үшін жауаптылық шарты бойынша сақтанушыдан өзге тұлғаның жауапкершілігі сақтандырылған жағдайда, сақтанушы, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандырушыны бұл туралы жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру жағдайы басталғанға дейін кез келген уақытта осы тұлғаны басқамен ауыстыруға құқылы.

2. Жеке сақтандыру, сондай-ақ мүліктік сақтандыру шартында аталған сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылған адам тек өзінің (топтастырылған жеке сақтандыруды қоспағанда,)және сақтандырушының келісімі бойынша ғана басқа тұлғамен ауыстырылуы мүмкін.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Егер үшінші тұлғаны сақтандыру Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарынан туындайтын болса, сақтандырылушыны ауыстыру Қазақстан Республикасының көрсетілген заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және соларға негізделген шартпен жүзеге асырылады.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 838-бап өзгерді

838-бап. Пайда алушыны ауыстыру

1. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға денін сақтандырылған адам болып табылмайтын, сақтандыру шартында аталған пайда алушыны, бұл жөнінде сақтандырушыны жазбаша хабардар етіп, басқа адаммен ауыстыруға құқылы.

2. Пайда алушыны оның сақтанушымен жасаған келісімінен туындайтын белгілі бір міндеттерді сақтандыру шарты бойынша орындағаннан немесе сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі талап қойғаннан кейін басқа адаммен ауыстыруға болмайды.

3. Сақтандырылған адам болып табылатын пайда алушыны ауыстыру осы Кодекстің 837-бабында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 839-бап өзгерді

839-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері

*2006.20.02. № 128-III ҚР **Заңымен** (бұр. ред. қара); 2014.03.07. № 227-V ҚР Заңымен (2015 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара) 1-тармақ өзгертілді*

1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

1) сақтанушының, сақтандырылған адамның және (немесе) пайда алушының, қажетті қорғану және аса қажетті жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайын тудыруға бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана жасалған іс-әрекетінің;

2) сақтанушының, сақтандырылған адамның және (немесе) пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерінің салдарынан болса, сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

Егер сақтандыру жағдайы жауаптылықта сақтандыру объектісі болып табылатын тұлғаның кінәсінен болса, онда сақтандырушы азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылмайды.

Сақтандырушы сақтандырылған адам қайтыс болған жағдайда, егер өлім өзін-өзі өлтірудің салдарынан болса және осы уақытқа дейін сақтандыру шарты кемінде екі жыл қолданылып келсе, жеке сақтандыру шарты бойынша төленуге тиіс сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылмайды.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Өз еркімен сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмегендіктен, егер сақтандыру жағдайы:

1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік зақымданудың әсері;

2) әскери қимылдардың;

3) азамат соғысының, алуан түрлі халық толқуларының, жаппай тәртіп бұзушылықтардың немесе ереуілдердің салдарынан басталған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

3. Мүліктік сақтандыру шартында өзгеше көзделмегендіктен, сақтандырушы алып қою, тәркілеу, реквизициялау, тұтқындау немесе мемлекеттік органдардың өкімімен сақтандырылған мүліктерді жою салдарынан болған залалдар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да:

1) сақтанушының сақтандырушыға, сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның зардаптары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

2) сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбауы (осы Кодекстің 829-бабы);

3) сақтанушының залалдар келтіруге кінәлі тұлғадан мүліктік сақтандыру бойынша залалдарға тиісті өтем алуы;

4) сақтанушының сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайын тексеруде және одан келген залалдардың мөлшерін белгілеуде сақтандырушыға кедергі жасауы;

5) сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы сақтандырушыға хабарламау (осы Кодекстің 835-бабы);

6) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғандығы үшін жауапты адамға талап қою құқықтарынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға талап ету құқығын өткізу үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы (осы Кодекстің 840-бабы). Егер сақтандыру өтемі ендігі төленіп қойған болса, сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;

7) заң актілерінде көзделген басқа да жағдайлар негіз болуы мүмкін.

5. Сақтандырушыны сақтанушының алдындағы сақтандыру жауаптылығынан оның осы бапта көзделген заңсыз іс-қимылдарының себептері бойынша босату, сақтандырушыны сонымен бір мезгілде сақтандырылған адамға немесе пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан да босатады.

6. Сақтандыру шартының талаптары бойынша, егер бұл заң актілеріне қайшы келмейтін болса, сақтандыру төлемінен бас тартудың басқа да негіздері көзделуі мүмкін.

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 7-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

7. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді сақтандырушы қабылдайды және бас тарту себептерінің уәждеп негізделіп және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере келе, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабардар етіліп, жазбаша нысанда сақтанушыға хабарланады.

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 8-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

8. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына сақтандыру омбудсманы дауды реттеу тәртібін сақтаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және шарттарда сотқа шағым жасалуы мүмкін.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 840-бап өзгерді; 2024.23.01. № 54-VIII ҚР Заңымен 840-баптың тақырыбы өзгертілді (2024 ж. 25 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

840-бап. Сақтанушының (пайда алушының) залалдарды өтеу құқықтарының сақтандырушыға ауысуы (суброгация)

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Егер мүліктік сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға сол төленген соманың шегінде, сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты адамға қоятын сақтанушының (сақтандырылған адамның) талап қою құқығы ауысады. Алайда қасақана залал келтірген адамға талап қою құқығының сақтандырушыға ауысуын жоққа шығаратын шарт талабы маңызсыз болады.

2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Сақтандырушыға ауысқан талап қою құқығы сақтанушы (сақтандырылған адам) мен залалдар үшін жауапты адамның арасындағы қатынасты реттейтін ережелерді, сондай-ақ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

3. Сақтанушы (сақтандырылған адам) сақтандыру төлемін алған кезде сақтандырушыға барлық құжаттар мен айғақтарды беруге және оған талап қою құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

4. Егер сақтанушы (сақтандырылған адам) сақтандырушы төлеген шығындар үшін жауап беретін адамға талап қою құқықтарынан бас тартса немесе сақтанушының (сақтандырылған адамның) кінәсінен бұл құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісінше оның бір бөлігін жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

2024.23.01. № 54-VIII ҚР Заңымен 5-тармақпен толықтырылды (2024 ж. 25 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)

5. Пайда алушының сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығы Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігіне ауысуы мүмкін.

ҚР 10.07.03 ж. № 483-II (бұр. ред. қара) Заңымен 841-бап өзгертілді; 2009.30.12 № 234-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 841-бап өзгертілді

841-бап. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

1. Осы Кодексте көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда:

1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқан;

2) сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылған адам қайтыс болғанда, ол ауыстырылмаған (осы Кодекстің 815-бабының 8-тармағы);

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

3) сақтанушы мүліктік сақтандыру объектісін өз иелігінен шығарған, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, ал шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмеген осы Кодекстің 836-бабының 1-тармағы);

4) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін немесе осы қызметке байланысты азаматтық-құқықтық жауаптылығын сақтандырған сақтанушы белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызметін тоқтатқан;

5) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылған және сақтандыру жағдайынан басқа жағдайлар бойынша сақтандыру тәуекелінің болуы тоқтатылған;

*2006.20.02. № 128-III ҚР **Заңымен** (бұр. ред. қара); 2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 6) тармақша жаңа редакцияда*

6) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, соттың сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы (қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы) шешімі заңды күшіне енген, уәкілетті мемлекеттік орган

Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын лицензиядан айыру туралы шешім қабылдаған;

7) 2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен 8) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 8) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

8) сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен ресімдеген сақтандыру полисіне енгізілген талаптар мен мәліметтер өзгертілген;

2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен 9) тармақшамен толықтырылды

9) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Аталған жағдайларда шартты тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап шарт тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап дереу екіншісін хабардар етуге тиіс.

1-1. 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен алып тасталды *(2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

ҚР 18.12.00 ж. № 128-II; 10.07.03 ж. № 483-II (бұр. ред. қара) Заңдарымен 842-бап өзгертілді; 2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен 842-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

842-бап. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың салдары

1. Жинақтаушы емес сақтандыру шарты осы Кодекстің 841-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының осы сақтандыру қолданылған уақытқа барабар бөлігіне құқығы бар. Сақтандырушыны тарату кезінде сақтандыру сыйлықақыларын (жарналарын) қайтару Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жинақтаушы сақтандыру шарты осы Кодекстің 841-бабының 1-тармағының 6) тармақшасында және осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сатып алу сомасы шартта белгіленген мөлшерде ғана және Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес қайтарылуға тиіс.

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2023.20.04. № 226-VII ҚР Заңымен (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2026.16.01. № 259-VIII ҚР Заңымен (2026 ж. 19 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-тармақ өзгертілді

2. Сақтанушы шарттан бас тартқан кезде (осы Кодекстің 841-бабының 2-тармағы), егер бұл осы Кодекстің 841-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде, осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары, егер шартта өзгеше көзделмесе, қайтарылуға жатпайды.

Сақтанушы-жеке тұлға, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне және «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған аннуитеттік сақтандыру шартын қоспағанда, **сақтандыру шартынан**, сондай-ақ осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, ол жасалған күнінен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сақтандырушы сақтанушы-жеке тұлғаға сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) сақтандыру

қолданыста болған уақытқа пропорционалды бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) он пайызынан аспайтын шығасыларды шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

Сақтанушы-жеке тұлға осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген мерзім шегінде қарыз шартына байланысты сақтандыру шартынан бас тартқан кезде қарыз беруші қарыз шарты бойынша талаптарды осы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесі және (немесе) оған байланысты комиссия бөлігінде қайта қарауға құқылы. Қайта қарау нәтижелері бойынша қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (комиссия мөлшері) сақтандыру шартын жасасу талабынсыз осындай қарыз шартын жасасқан күні қолданыста болған сыйақы мөлшерлемесінен (комиссиядан) аспауға тиіс.

Сақтанушы-жеке тұлға өзінің (қарыз алушының) қарыз шарты бойынша қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін орындау себебінен қарыз шартына байланысты сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, сақтандырушы сақтанушы-жеке тұлғаға сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) сақтандыру қолданыста болған уақытқа пропорционалды бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) он пайызынан аспайтын шығасыларды шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтанушы-жеке тұлғадан сақтандыру шартын бұзу туралы өтінішті алған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде қайтаруға міндетті.

3. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы шарт талаптарының сақтандырушының кінәсіне байланысты орындалмауынан болған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын оған толық қайтаруға міндетті.

843-бап. Сақтандыру шартының жарамсыздығы

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Мәмілелер жарамсыздығының осы Кодексте көзделген жалпы негіздерінен басқа, сақтандыру шарты, егер:

1) соттың заңды күшіне енген тиісті шешімі негізінде тәркілеуге жататын мүлік не қылмыстық жолмен табылған немесе қылмыстық құқық бұзушылық нысанасы болып табылатын мүлік сақтандыру объектісі болып табылса;

2) сақтандыру жағдайы ретінде осы Кодекстің 817-бабының 3-тармағында көзделген белгілерден айырылған оқиға көзделсе;

3) шарт талаптары сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру мүмкіндігін болғызбаса;

4) сақтанушы шарт жасасу кезінде құқыққа сыйымсыз, оның ішінде сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін шарт жасасу арқылы пайда табуды көрінеу мақсат еткен болса;

5) сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру мүддесі болмаса;

6) тараптар арасында шарттың осы Кодекстің 826-бабының 1-тармағында көзделген елеулі талаптары туралы келісім болмаса, жарамсыз деп танылады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Сақтандыру шарты мына жағдайларда:

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1) егер құқыққа қайшы мүліктік мүдделер сақтандыру (қайта сақтандыру) объектісі болса (осы Кодекстің 807-бабының 2-тармағы, 824-бабы 1-тармағының үшінші бөлігі);

2) сақтандырылған адамның келісімін алу міндетті болып табылатын жағдайларда оның келісімі болмаса;

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

3) шарттың жазбаша нысаны сақталмаса (осы Кодекстің 825-бабының 3-тармағы);

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4) тармақшамен толықтырылды

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) объектісі болмаса, маңызсыз болады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды; 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде сақтандырудың жекелеген түрлеріне қатысты шартты жарамсыз деп танудың өзге де негіздері көзделуі мүмкін.

ҚР 18.12.2000 № 128-II Заңына сәйкес 844-бап өзгерді

844-бап. Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың салдары

1. Сақтандыру шарты жарамсыз деп танылған жағдайда сақтандырушы сақтанушыға одан алған сақтандыру сыйлықақыларын не сақтандыру жарналарын қайтаруға, ал сақтанушы (пайда алушы) сақтандырушыға одан алған сақтандыру төлемін қайтаруға міндетті.

Егер шарт сақтанушының заңсыз іс-әрекеттерінің салдарынан туындаған негіздер бойынша жарамсыз деп танылса, ол туралы сақтандырушы шарт жасалған кезде, оны орындау процесінде де білмесе және білуге тиісті болмаса, сақтандырушы шыққан шығындарды шегере отырып, сақтанушыға шарттың аяқталмаған мерзімі үшін сақтандыру сақтандыру сыйлықақыларын не сақтандыру жарналарын қайтарады, ал егер сақтандыру төлемі жүргізілген жағдайда оның төленген соманы қайтаруды талап етуге құқығы бар.

Сақтандырушыға сақтандыру төлемінен бас тартуда негіз беретін себептер бойынша сақтандыру шарты жарамсыз деп танылған жағдайда (осы Кодекстің 839-бабы) нақ сондай салдар туындайды.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Егер сақтандыру шарты қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталса, оның құқыққа қайшылығы сот үкімімен (қаулысымен) белгіленсе, онда осы Кодекстің 157-1-бабының 5-7-тармақтарында көзделген салдарлар туындайды.

845-бап. Өзара сақтандыру

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 1 тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)

1. Азаматтар мен заңды тұлғалар қажетті қаражатты өзара сақтандыру қоғамдарына біріктіру жолымен өзара негізде осы Кодекстің 807-бабының 1-тармағында аталған өзінің мүліктік мүдделерін сақтандыра алады.

ҚР 2006.20.02. № 128-III (бұр. ред.қара); 2006.05.07. № 164-III (бұр.ред.қара) Заңдарымен 2-тармақ өзгертілді

2. Өзара сақтандыру қоғамдары өз мүшелерінің мүліктік мүдделерін сақтандыруды жүзеге асырады және коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.

Өзара сақтандыруды жүзеге асырудың, өзара сақтандыру қоғамдарының құқықтық жағдайының ерекшеліктері мен олардың қызметінің шарттары осы Кодексте және өзара сақтандыру туралы заң актілеріне сәйкес айқындалады.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен 3 тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара); 2006.05.07. № 164-III (бұр.ред.қара) 3-тармақ жаңа редакцияда

3. Өзара сақтандыру қоғамдары өз мүшелерінің мүліктік мүдделерін сақтандыруды мүшелік және сақтандыру шарттары негізінде жүзеге асырады.

4. Өзара сақтандыру жолымен міндетті сақтандыруды жүзеге асыруға өзара сақтандыру туралы заң актілерінде көзделген жағдайларда жол беріледі.

5. 2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен 845-1-баппен толықтырылды

845-1-бап. Исламдық сақтандыру

1. Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жасалған сақтандыру шарты (осы Кодекстің 803-бабы) исламдық сақтандыру шарты болып табылады.

2. Сақтандырушы исламдық сақтандыру шарты бойынша сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақысын, сондай-ақ сақтандыру сыйлықақыларын инвестициялау нәтижесінде алынған кірістерді сақтандырушы исламдық сақтандыру шарттары бойынша сақтанушыларға (пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін қалыптастыратын исламдық сақтандыру қорына аударуға тиіс.

3. Сақтандырушы исламдық сақтандыру шарты бойынша алған сақтандыру сыйлықақылары, сондай-ақ исламдық сақтандыру қорын құрайтын өзге де мүлік сақтандырушыға меншік құқығымен тиесілі болмайды.

4. Сақтандырушы исламдық сақтандыру шарты бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға және жасалған исламдық сақтандыру шартына сәйкес исламдық сақтандыру қорының қаражаты есебінен исламдық сақтандыру қорын басқарғаны үшін сыйақы алуға құқылы.

5. Исламдық сақтандыруды жүзеге асырудың, исламдық сақтандыру қорын қалыптастырудың, есепке алудың, пайдаланудың және бөлудің, исламдық сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушылардың құқықтық жағдайының ерекшеліктері және олардың қызмет ету шарттары осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамалық актілеріне сәйкес айқындалады.

41-тарау. ТАПСЫРМА

846-бап. Тапсырма шарты

1. Тапсырма шарты бойынша бір тарап (сенім білдірілген өкіл) екінші тараптың (сенім білдірушінің) атынан және соның есебінен белгілі бір заңды іс-әрекет жасауға міндеттенеді. Сенім білдірілген өкіл жасаған мәміле бойынша құқықтар мен міндеттер тікелей сенім білдірушіде пайда болады.

2. Тапсырма шарты жазбаша нысанда жасалады.

847-бап. Тапсырманы сенім білдірушінің нұсқауларына сәйкес орындау

1. Сенім білдірілген өкіл өзіне берілген тапсырманы сенім білдірушінің нұсқауларына сәйкес орындауға міндетті. Сенім білдірушінің нұсқаулары нақтылы, заңды және жүзеге асырыла алатын болуы тиіс.

2. Егер істің мән-жайы бойынша ол сенім білдірушінің мүдделері үшін қажет болса және сенім білдірілген өкіл сенім білдірушіден алдын ала сұрай алмаса не өзінің сауалына дер кезінде жауап алмаса, сенім білдірілген өкіл сенім білдірушінің нұсқауларынан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда сенім білдірілген өкіл, хабарлау мүмкін болысымен жол берілген ауытқулар туралы сенім білдірушіні хабардар етуге міндетті.

3. Тараптардың келісуімен коммерциялық өкіл осы баптың 2-тармағында көзделген міндеттерді орындаудан босатылуы мүмкін.

848-бап. Сенім білдірілген өкілдің міндеттері

Сенім білдірілген өкіл:

1) өзіне берілген тапсырманы өзі орындауға;

2) сенім білдірушіге оның талап етуі бойынша тапсырманың орындалу барысы туралы барлық мәліметтерді хабарлауға;

3) сенім білдірушіге жасалған мәміле бойынша алынғандардың бәрін дереу беріп отыруға;

2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

4) тапсырманы орындаған соң қолдану мерзімі аяқталмаған сенімхатты кешіктірмей сенім білдірушіге қайтаруға және егер ол тапсырманың сипаты бойынша талап етілетін болса, ақтайтын құжаттарды қоса отырып есеп беруге;

2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен 5) тармақшамен толықтырылды

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

849-бап. Сенім білдірушінің міндеттері

1. Сенім білдіруші, егер шартта өзгеше көзделмесе:

1) сенім білдірілген өкілді тапсырманы орындау үшін қажетті қаражатпен қамтамасыз етуге;

2) сенім білдірілген өкілдің тапсырманы орындау үшін қажет болған шығындарының орнын толтыруға міндетті.

2. Сенім білдіруші шартқа сәйкес сенім білдірілген өкіл орындағанының барлығын кешіктірмей қабылдауға міндетті.

3. Сенім білдіруші тапсырманың орындалуы бойынша сенім білдірілген өкілге осы Кодекстің 850-бабының ережелеріне сәйкес сыйақы төлеуге міндетті.

2010.15.07. № 338-IV ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды

4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде сенім білдірушінің өзге де міндеттері көзделуі мүмкін.

850-бап. Тапсырма шартындағы сыйақы

1. Егер заң актілерінде немесе шартта көзделген болса, сенім білдіруші сенім білдірілген өкілге сыйақы төлеуге міндетті.

Егер тапсырма шарты тараптардың екеуінің немесе олардың бірінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына байланысты болса, шартта өзгеше көзделмесе, сенім білдіргіші сенім білдірілген өкілге сыйақы төлеуге міндетті.

2. Егер шартта немесе заң актілерінде шартты орындаудың өтелуі көрсетілсе, бірақ сыйақының мөлшері көрсетілмесе, онда ол осыған ұқсас қызметтер үшін әдетте қабылданған баға ескеріле отырып айқындалады.

3. Сенім білдірілген өкіл барлық талап етілген іс-әрекеттерді тиісті түрде атқарғанын, бірақ тапсырма оның кінәсінсіз орындалмай қалғанын дәлелдеген кезде сыйақы төленуге тиіс.

851-бап. Сенім ауысуы

1. Сенім білдірілген өкіл, егер бұл шартта көзделген болса не сенім білдірілген өкіл осыған сенім білдірушінің мүдделерін қорғау мақсатындағы мән-жайлармен мәжбүр болса, тапсырманы орындауды басқа адамға (орынбасарға) беруге құқылы.

2. Орындау сенімін басқа адамға ауыстырған бойда сенім білдірілген өкіл бұл туралы сенім білдірушіге дереу хабарлауға тиіс. Сенім білдіруші, шартта мұндай орынбасар атап көрсетілетін жағдайларды қоспағанда, сенім білдірілген өкіл таңдаған орынбасардан бас тартуға құқылы.

3. Егер сенім білдірілген өкілдің орынбасары шартта атап айтылған болса, сенім білдірілген өкіл өзінің орынбасары жүргізген іс үшін жауап бермейді.

4. Егер орынбасардың іс жүргізуі шартта көзделсе, бірақ онда орынбасардың аты атап көрсетілмесе, сенім білдірілген өкіл өзінің орынбасарының кінәлі іс-әрекеті үшін жауап бермейді.

5. Егер орынбасардың іс жүргізуі шартта көзделмесе, сенім білдірілген өкіл өз орынбасарының кез келген іс-әрекеті үшін жауап береді.

852-бап. Тапсырма шартын тоқтату

1. Тапсырма шарты міндеттерді тоқтатудың жалпы негіздерімен қатар:

1) сенім білдірушінің тапсырманы ауыстыруы;

2) сенім білдірілген өкілдің бас тартуы;

3) сенім білдірушінің немесе сенім білдірілген өкілдің қайтыс болуы, олардың біреуін әрекетке қабілетсіз, әрекетке қабілеті шектеулі немесе хабарсыз кетті деп танудың салдарынан тоқтатылады.

2. Егер сенім білдірілген өкіл тапсырма шартының тоқталғаны туралы білмесе және білуге тиіс болмаса, онда сенім білдірушінің нұсқауы бойынша жасалған оның іс-әрекеті сенім білдірушіні (оның құқықтық мирасқорын) үшінші тұлғаға және сенім білдірілген өкілге қатысты міндеттейді.

3. Сенім білдірілген өкілмен жасалған шарттан бас тартқан, кәсіптер ретінде іс-әрекет жасайтын тарап, егер шартта бұдан да ұзақ мерзім көзделмесе, екінші тарапқа шарттың тоқтатылғаны туралы бір ай көлемінде хабарлауы тиіс.

853-бап. Тапсырма шартын тоқтатудың зардабы

1. Егер тапсырма шарты сенім білдірілген өкіл тапсырманы толық орындағанға дейін тоқтатылған болса, сенім білдіруші сенім білдірілген өкілдің тапсырманы орындау кезінде шыққан шығынын төлеуге, сенім білдірілген өкілге сыйақы тиесілі болған жағдайда, оның орындаған жұмысының көлеміне мөлшерлес сыйақы төлеуге міндетті. Сенім білдірілген өкіл тапсырманы оның тоқтатылғаны туралы білген соң немесе білуі тиіс болғанда орындаған болса, бұл ереже қолданылмайды.

2. Сенім білдірушінің тапсырманы өзгертуі, кәсіпкер ретінде іс-әрекет жасайтын сенім білдірілген өкілмен шарт тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, сенім білдірілген өкілге шарттың тоқтатылуымен келтірілген залалдардың өтелуі үшін негіз болып табылмайды.

3. Сенім білдірілген өкілдің сенім білдірушінің тапсырмасын орындаудан бас тартуы, сенім білдірілген өкілдің сенім білдіруші өз мүдделерін өзгеше қамтамасыз ету мүмкіндігінен айрылған кезде бас тартуы жағдайларын, сондай-ақ кәсіпкер ретінде қызмет жасайтын сенім білдірілген өкілдің шартты тоқтатуы жағдайларын қоспағанда, шарттың тоқтатылуынан сенім білдірушіге келтірілген залалдардың орнын толтыру үшін негіз болып табылмайды.

854-бап. Тапсырма шартындағы құқықтық мирасқорлық

1. Сенім білдірілген өкіл қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлері немесе мұрагерлік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету жүктелген өзге де тұлғалар сенім білдірушіге тапсырма шартының тоқтатылғандығы туралы хабарлауға және сенім білдірушінің мүлкін қорғау үшін қажетті шаралар қолдануға, атап айтқанда, сенім білдірушінің заттарын, сондай-ақ құжаттарын сақтауға және бұдан соң оларды өзіне беруге міндетті.

Сенім білдірілген өкіл болып саналатын заңды тұлғаның таратушысына да нақ осындай міндет жүктеледі.

2. Өкіл ретінде іс-әрекет ететін заңды тұлғаны қайта құру кезінде, сенім білдіруші бұл туралы осы Кодекстің 48-бабына сәйкес дереу хабардар етілуге тиіс. Аталған жағдайда мұндай заңды ұйымның құқықтары мен міндеттері, егер сенім білдіруші өзінің шарттан бас тартқандығы туралы қисынды мерзімде хабарламаса, оның құқықтық мирасқорына ауысады.

42-тарау. БАСҚАНЫҢ МҮДДЕСІНЕ ТАПСЫРМАСЫЗ ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСАУ

855-бап. Басқаның мүддесіне іс-әрекет жасау талаптары

1. Мүдделі тұлғаның тапсырмасынсыз, өзге де нұсқауынсыз немесе алдын ала уәде берілген келісімінсіз оның жеке басына немесе мүлкіне зиян келтірілуін болдырмау, оның міндеттемесін орындау немесе оның өзге де заңға қарсы емес мүдделері (басқаның мүддесі

үшін іс-әрекет жасау) мақсатындағы іс-әрекеттер істің мән-жайлары бойынша қажетті қамқорлықпен және сақтықпен, мүдделі тұлғаның айқын олжасына немесе пайдасына және іс жүзіндегі немесе ықтимал ниеттеріне сүйеніп жасалуы тиіс.

2. Осы тарауда көзделген ережелер осындай іс-әрекеттер олардың қызмет мақсаттарының бірі болып табылатын мемлекеттік органдар басқаның мүддесіне жасайтын іс-әрекеттерге қолданылмайды.

856-бап. Мүдделі тұлғаға оның мүддесіне жасалған іс-әрекеттер туралы хабарлау

1. Басқаның мүддесіне іс-әрекеттер жасайтын тұлға алғашқы мүмкіндік туған жағдайда мүдделі тұлғаға бұл туралы хабарлауға және, егер күту тек мүдделі тұлғаға айтарлықтай зиян келтірілмейтін болса, қисынды мерзімнің ішінде жасалған іс-әрекеттерді мақұлдайтындығы туралы немесе мақұлдамайтындығы туралы шешімді күтуге міндетті.

2. Егер бұл іс-әрекеттер оның қатысуымен жасалса, мүдделі азаматқа оның мүддесіне жасалған іс-әрекеттер туралы арнайы хабарлау талап етілмейді.

857-бап. Мүдделі тұлғаның өз мүддесіне жасалған іс-әрекеттерді мақұлдауының салдары

Егер оның тапсыруынсыз өзінің мүддесіне іс-әрекеттер жасалған тұлға осы іс-әрекеттерді мақұлдаса, тіпті мақұлдау ауызша түрде жасалса да, тараптардың қатынасында бұдан әрі жасалатын іс-әрекеттердің сипатына сәйкес тапсырма шарты немесе өзге де шарт туралы ережелер қолданылады.

858-бап. Мүдделі тұлғаның өз мүддесі үшін жасалған іс-әрекеттерді мақұлдамауының салдары

1. Іс-әрекеттер жасаған тұлға оларды мүдделі тұлғаның мақұлдамағандығы белгілі болған соң жасаған бөтен мүдделердегі іс-әрекеттер осы іс-әрекеттер жасаған тұлғаға қатысты да, үшінші бір тұлғаға қатысты да соңғысына міндеттер жүктемейді.

2. Қатерге ұшыраған адамның өміріне төнген қауіпті жою мақсатындағы іс-қимылға осы адамның еркіне қарсы, ал біреуді асырау жөніндегі міндеттерді орындауға - осындай міндеті бар тұлғаның еркіне қарсы жол беріледі.

859-бап. Басқаның мүддесіне іс-әрекет жасаған адамға залалдарын өтеу

1. Осы тарауда көзделген ережелерге сәйкес басқаның мүддесіне іс-әрекет жасаған тұлғаға келтірілген қажетті шығындар мен өзге де нақты зиянды, осы Кодекстің 858-бабының 1-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерден туындаған шығындарды қоспағанда, мүдделі адам өтеуге тиіс.

Басқаның мүддесіне жасалған іс-әрекеттер болжанған нәтижеге жеткізбеген жағдайда да қажетті шығындар мен өзге де нақты зиянды өтеу құқығы сақталады. Алайда басқа тұлғаның мүлкіне залал келтіруді болдырмау жағдайында өтеу мөлшері мүліктің құнынан аспауы тиіс.

2. Басқаның мүддесіне іс-әрекеттер жасаған тұлғаға мүдделі тұлғаның мақұлдауын алған соң жасаған іс-әрекеттерге байланысты келтірілген шығындары мен өзге де залалдар (осы Кодекстің 857-бабы) тиісті түрдегі шарт туралы ережелер бойынша өтеледі.

860-бап. Басқаның мүддесіне жасалған іс-әрекеттер үшін сыйақы

Егер мұндай құқық заң актілерінде, мүдделі тұлғамен жасалған келісімде немесе іскерлік айналым дағдысында көзделсе, басқаның мүддесіне жасалған іс-әрекеттері мүдделі тұлға үшін оң нәтижеге жеткізген тұлға сыйақы алуға құқылы.

861-бап. Басқаның мүддесіне мәміле жасау салдары

Басқаның мүддесіне жасалған мәміле бойынша міндеттер, ол осы мәмілені мақұлдаған жағдайда және басқа тарап мұндай ауысуға қарсы болмаса не мәміле жасаған кезде мәміле басқаның мүддесіне жасалғандығын білген болса немесе білуі тиіс болса, мүддесіне мәміле жасалған адамға ауысады.

Мәміле бойынша міндеттер мүддесіне осы мәміле жасалған адамға ауысқан кезде, соңғысына осы мәміле бойынша құқықтар да берілуге тиіс.

862-бап. Басқаның мүддесіне іс-әрекеттер жасаудың салдарынан негізсіз баю

Егер басқа адамның мүдделерін қамтамасыз етуге тікелей бағытталмаған іс-әрекеттер, оның ішінде оны жасаған адам өз мүддесіне іс-әрекет жасағанын қате болжаған жағдайда да, басқа адамның негізсіз баюына әкеп соқса, осы Кодекстің 48-тарауында көзделген ережелер қолданылады.

863-бап. Басқаның мүддесіне жасалған іс-әрекеттермен келтірілген зиянды өтеу

Басқаның мүддесіне жасалған іс-әрекеттермен келтірілген зиянды мүдделі адамға немесе үшінші бір адамдарға өтеу жөніндегі қатынастар осы Кодекстің 47-тарауында көзделген ережелермен реттеледі.

864-бап. Басқаның мүддесіне іс-әрекеттер жасаған адамның есеп беруі

Басқаның мүддесіне іс-әрекеттер жасаған адам мүддесіне іс-әрекеттер жасалған адамға, түскен кірістер мен жасалған шығындарды және өзге де залалдарды көрсетіп есеп беруге міндетті.

43-тарау. КОМИССИЯ

865-бап. Комиссия шарты

1. Комиссия шарты бойынша бір тарап (комиссионер) екінші тараптың (комитент) тапсыруы бойынша сыйақы үшін комитент есебінен өз атынан бір немесе бірнеше мәміле жасауға міндеттенеді.

2. Комиссия шарты жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

866-бап. Комиссиялық сыйақы

Комитент комиссионерге сыйақы төлеуге, ал осы тараудың 868-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда шартта белгіленген мөлшерде қосымша сыйақы төлеуге де міндетті. Егер шартта бұл мөлшер көзделмесе және оның талаптарының негізінде оны белгілеу мүмкін болмаса, сыйақының мөлшері осы Кодекстің 385-бабының 3-тармағына сәйкес белгіленеді.

Егер комиссия шарты комитентке байланысты себептермен орындалмаса, комиссионер комиссиялық сыйақы алу, сондай-ақ шыққан шығындарының орнын толтыру құқығын сақтап қалады.

867-бап. Комиссионердің үшінші тұлғамен мәміле жасау жөніндегі құқықтары мен міндеттері

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Комитенттің мәміледе аты аталса немесе үшінші тұлғамен мәміле бойынша тікелей қатынастарға кірсе де, комиссионердің үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі бойынша комиссионер құқықтар иеленеді және міндетті болады.

Комиссионер үшінші тұлғамен мәміле жасасқаны туралы комитентті хабардар етуге міндетті.

2. Комитенттің талабы бойынша комиссионер мәміле жасалған үшінші тұлғаны құқықтарды бергені туралы ескерте отырып, осындай мәміле бойынша оған құқықтар

беруге міндетті. Соңғысының комиссионерге осы мәміледен туындайтын өз талаптарының негізінде комитент талаптарына қарсылық білдіруге құқығы жоқ.

868-бап. Комиссиялық тапсырманы орындау

1. Комиссионер үшінші адаммен жасаған мәміледен туындайтын барлық міндеттерін орындауға және барлық құқықтарды жүзеге асыруға тиіс.

2. Комиссионер өзіне алған тапсырманы комитенттің нұсқауларына сәйкес орындауға, ал шартта мұндай нұсқаулар болмаған кезде - іскерлік айналымының дағдыларына немесе әдетте комитент үшін неғұрлым тиімді жағдайларда қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындауға міндетті. Егер комиссионер мәмілені комитент көрсеткеннен гөрі тиімді жағдайлар бойынша жасаған болса, түскен олжа, шартта өзгеше көзделмесе, тараптарға тең бөлінеді.

3. Комиссионер комитент есебінен жасаған мәмілені үшінші тұлғаның орындамағаны үшін, осы тұлғаны таңдауда комиссионер тиісті сақтық көрсетпеген не мәміленің орындалу кепілдігін өз мойнына алған (делькредере) жағдайларды қоспағанда, комитент алдында жауап бермейді.

4. Комиссионермен жасалған мәмілені үшінші тұлға бұзған жағдайда комиссионер бұл туралы дереу комитентке хабарлауға және қажетті дәлелдерді жинау мен қамтамасыз етуге міндетті.

5. Комиссионермен жасалған мәмілені үшінші тұлғаның бұзғандығы туралы хабарландырылған комитенттің осындай мәміле бойынша комиссионердің ол адамға қойған талаптарын өзіне беруді талап етуге құқығы бар.

869-бап. Қосалқы комиссия

1. Комиссионер қосалқы комиссионердің іс-әрекеті үшін комитент алдында жауапты бола отырып, егер шартта өзгеше көзделмесе, басқа тұлғамен қосалқы комиссия шартын жасасуға құқылы.

Қосалқы комиссия шарты бойынша комиссионер, осы Кодекстің 867-бабының 2-тармағында көзделген құқықтарды қоспағанда, қосалқы комиссионерге қатысты комитенттің құқықтары мен міндеттерін иеленеді.

Заң қандай да бір мәмілелерді тек уәкілдік берілген адамдармен ғана жасауға жол беретін жағдайларда қосалқы комиссия шарты тек осындай тұлғамен жасалуы мүмкін.

2. Комиссия шарты тоқтағанға дейін, егер комитент комиссионермен жасаған шартта өзгеше көзделмесе, комитенттің қосалқы комиссионермен тікелей қатынас жасауға құқығы жоқ.

870-бап. Комитенттің нұсқауларынан ауытқу

1. Комиссионердің осы Кодекстің 847-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда комитенттің нұсқауларынан ауытқуға құқығы бар.

2. Мүлікті комитентпен келіскен бағадан төмен сатқан комиссионер, егер ол мүлікті келісілген бағамен сатуға мүмкіндігі болмағанын және неғұрлым төмен бағамен сату бұдан да көп залалдан сақтағанын, сондай-ақ оның нұсқауларынан ауытқуға комитенттің алдын ала келісімін алуға мүмкіндігі болмағанын дәлелдей алмаса, комитентке айырманы өтеуге міндетті.

3. Егер комиссионер мүлікті комитентпен келісілгеннен жоғары бағамен сатып алса, мұндай затты қабылдағысы келмейтін комитент үшінші тұлғамен мәміле жасалғандығы туралы хабар алған бойда бұл жөнінде комиссионерге кешіктірмей мәлімдеуге міндетті. Олай болмаған жағдайда комитент сатып алынған затты қабылдады деп танылады.

Егер комиссионер баға айырмасын өз есебіне алатынын хабарласа, комитенттің өзі үшін жасалған мәміледен бас тартуға құқығы жоқ.

871-бап. Комиссияның нысанасы болып табылатын мүлікке құқық

1. Комиссионерге комитенттен келіп түскен не комиссионер комитенттің есебінен сатып алған мүлік комитенттің меншігі болып табылады.

2. Комиссионер жасасқан мәміле бойынша комитентке не үшінші тұлғаға берілуге тиіс мүлікті комиссионер комиссия шарты бойынша өзіне тиесілі сома төленгенге дейін ұстап қалуға құқылы.

872-бап. Комиссионердің өзіне тиесілі соманы ұстап қалуы

Комиссионер комитенттің есебінен түскен барлық соманың ішінен комиссияның шарты бойынша өзіне тиесілі соманы ұстап қалуға құқылы.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 873-баптың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

873-бап. Комиссионердің жауаптылығы

1. Комиссионер өзіндегі комитент мүлкінің жоғалуына, кем шығуына немесе бүлінуіне ұшыратқан әрбір қателігі үшін комитент алдында жауап береді.

2. Егер комиссионердің комитент жіберген мүлікті не комитентке арнап комиссионерге келіп түскен мүлікті қабылдауы кезінде бұл мүлікті сырттай қараған кезде бүліну немесе өзге де ақаулар байқалған болса, сондай-ақ комиссионердегі комитенттің мүлкіне біреулер зиян келтірген жағдайда, комиссионер комитенттің құқығын қорғау шараларын қолдануға, қажетті айғақтар жинауға және осылар туралы комитентке дереу хабарлауға міндетті. Аталған шарттар орындалған жағдайда комиссионер комитенттің шеккен залалдары үшін жауап бермейді.

3. Комиссионер өз қарауында тұрған комитенттің мүлкін сақтандырмаған болса, бұл үшін комитент оған мүлікті сақтандыруды тапсырған немесе мүлікті сақтандыру заң бойынша міндетті болған жағдайларда ғана жауап береді.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды

4. Комиссионер үшінші тұлғамен мәміле бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 5-тармақпен толықтырылды

5. Комиссионердің үшінші тұлғамен мәміле бойынша өз міндеттерін орындамауынан туындаған шығыстар комиссионердің есебінен жабылады.

874-бап. Өзіне мәміле жасау

1. Егер комитент өзгеше талап қоймаса, комиссия шартын комиссионер оның өзі сатып алуға тиіс тауарды сатушы ретінде өзі ұсыну немесе өзі сатуға тиіс тауарды сатып алушы ретінде өзі қабылдау арқылы жүзеге асыруы мүмкін.

2. Сатушы ретінде өз бетінше тауар ұсынған немесе оны сатып алушы ретінде қабылдаған комиссионердің жай комиссиялық ақы алуға құқығы бар және комиссиялық мәмілелерден туындайтын шығындардың орнын толтыру жөнінде шот ұсына алады.

875-бап. Комитенттің комиссия шарты бойынша орындалғанды қабылдауы

Комитент:

1) комиссионерден шарт бойынша барлық орындалғанды қабылдауға;

2) өзі үшін комиссионер сатып алған мүлікті қарауға және осы мүлікте байқалған кемшіліктер туралы оған дереу хабарлауға;

3) комиссионерді комиссиялық тапсырманы орындау жөнінде үшінші тұлға алдында қабылдаған міндеттемелерден босатуға міндетті.

876-бап. Комиссиялық тапсырманы орындау жөніндегі шығындардың орнын толтыру

1. Комитент комиссиялық сыйақы, ал тиісті жағдайларда делькредере үшін қосымша сыйақы төлеуден басқа, тапсырманы орындау барысында комиссионер жұмсаған сомалардың орнын толтыруға міндетті.

2. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, комиссионердің өзіндегі комитент мүліктерін сақтау жөніндегі шығындардың орнын толтыруға құқығы жоқ.

877-бап. Комитенттің тапсырманың күшін жоюы

Комитент комиссионерге берген тапсырманың кез келген уақытта күшін жоюға құқылы. Бұл орайда комиссионердің тапсырманың күшін жоюдан шеккен залалдары жалпы негіздерде өтеледі.

Тапсырманың күші жойылған жағдайда комитент тапсырманың күші жойылған кезден бастап бір айдың ішінде, егер шартта өзге мерзім белгіленбесе, комиссионердегі мүлікке билік етуге міндетті. Егер комитент бұл міндетті орындамаса, комиссионер не мүлікті сақтау үшін өткізуге, не оны комитент үшін неғұрлым тиімді бағамен сатуға құқылы.

878-бап. Комиссионердің тапсырманы орындаудан бас тартуы

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, комитенттің өз міндеттерін бұзуы тапсырманы комитенттің нұсқауларына сәйкес орындаудың мүмкін болмауына әкеп соғатын немесе атқарудың мүмкін болмауы комиссионер жауап бермейтін өзге де жағдайлардың салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда, комиссионердің өзіне алған тапсырманы орындаудан бас тартуға құқығы жоқ.

Комиссионер өзінің бас тартуы туралы комитентке жазбаша хабарлауға және өзіндегі комитент мүлкінің сақталуына шаралар қолдануға міндетті.

Комиссионердің тапсырманы орындаудан бас тартқандығы туралы хабардар етілген комитент, егер шартта өзге мерзім белгіленбесе, бас тартуды алған күннен бастап бір айдың ішінде комиссионердегі мүлікке билік етуге міндетті. Егер ол бұл міндетті орындамаса, комиссионер мүлікті сақтауға өткізуге не комитент үшін мүмкіндігінше тиімді бағамен сатуға құқылы.

2. Комитенттің өз міндеттерін бұзуы салдарынан тапсырманы орындаудан бас тартқан комиссионердің комиссиялық сыйақыға, сондай-ақ шыққан шығындардың орнын толтыруға құқығы сақталады.

879-бап. Комиссия шартын тоқтату

1. Комитент комиссия шартында көзделген барлық тапсырмалардың күшін жойған жағдайда, шарт тоқталады.

2. Комиссия шарты жалпы негіздермен қатар:

1) комиссионердің шартты орындаудан бас тартуының;

2) комиссионердің қайтыс болуы, оны әрекетке қабілетсіз, әрекетке қабілеті шектеулі, хабар-ошарсыз кеткен немесе дәрменсіз (банкрот) деп танудың салдарынан тоқтатылады.

880-бап. Комитенттің мерзімі көрсетілмей жасалған шарттан бас тартуы

Комитенттің мерзімі көрсетілмей жасалған комиссия шартынан, егер шартта хабарлаудың бұдан да ұзақ мерзімі көзделмесе, бас тарту туралы комиссионерге бір айдан кешіктірмей хабарлап, кез келген уақытта бас тартуға құқығы бар.

Бұл жағдайда комитент комиссионерге шарт тоқтатылғанға дейін ол жасаған мәмілелер үшін сыйақы төлеуге, сондай-ақ комиссионерге шарт тоқтатылғанға дейін ол шеккен шығындардың орнын толтыруға міндетті.

881-бап. Комиссионердің мерзімі көрсетілмей жасалған шарттан бас тартуы

1. Комиссионердің мерзімі көрсетілмей жасалған комиссия шартынан, егер шартта хабарлаудың бұдан да ұзақ мерзімі көзделмесе, бас тарту туралы комитентке бір айдан кешіктірмей хабарлап, кез келген уақытта бас тартуға құқығы бар.

Бұл жағдайда комиссионер өзіндегі комитент мүлкінің сақталуына шаралар қолдануға міндетті. Комитент шарт тоқтатылған кезге дейін комиссионердегі мүлікке билік етуге міндетті. Егер ол бұл міндетті орындамаса, комиссионердің не мүлікті сақтауға өткізуге, не комитент үшін неғұрлым тиімді бағамен сатуға құқығы бар.

2. Шарттан бас тартқан комиссионердің комиссиялық сыйақы алуға және шарт тоқтатылған кезде өзіне тиесілі шығындардың өтемін алуға құқығы бар.

882-бап. Комиссия шартындағы құқықтық мирасқорлық

1. Заңды тұлға-комиссионер қайта ұйымдастырылған жағдайда, егер қайта ұйымдастырудың болғаны туралы хабарлама алған күннен бастап бір айдың ішінде комитент шартты бұзғаны туралы хабарламаса, оның құқықтары мен міндеттері құқықтық мирасқорларына ауысады.

2. Комитент-азамат қайтыс болған, ол әрекетке қабілетсіз, әрекетке қабілеті шектеулі, хабар-ошарсыз кеткен деп танылған жағдайда, сондай-ақ заңды тұлға-комитент таратылған жағдайда комиссионер комитенттің мұрагерлерінен немесе өкілдерінен тиісті нұсқаулар келіп түскенше өзіне берілген тапсырманы орындауды жалғастыруға міндетті.

44-тарау. МҮЛІКТІ СЕНІМГЕРЛІКПЕН БАСҚАРУ

*2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.01.03. № 414-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2013.04.07. № 131-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2014.07.03. № 177-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2015.31.10. № 380-V ҚР **Заңымен** (**бұр.ред.қара**) 883-бап өзгертілді*

883-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару ұғымы және оның пайда болу негіздері

1. Мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу кезінде сенімгер басқарушы, егер шартта немесе заң актілерінде өзгеше көзделмесе, өзінің иеленуіне, пайдалануына және билік етуіне берілген мүлікті пайда алушының мүддесі үшін өз атынан басқаруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Мүлікті сенімгерлікпен басқару:

1) мәміле (атап айтқанда, шарт бойынша, өсиетті орындаушы (сенімгерлікпен басқарушы) тағайындалған өсиет бойынша);

2) сот актісі (банкроттық немесе оңалту рәсімдерінде банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған, әрекетке қабілетсіз, хабарсыз кеткен немесе қайтыс болды деп жарияланған азаматтың мүлкіне қорғаншылық белгіленген кезде және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да жағдайларда);

3) әкімшілік акт (кәмелетке толмаған, қайтыс болған адамның мүлкіне қорғаншылық белгілеген; кәсіпкер мемлекеттік қызметке кірген кезде және заң актілерінде көзделген басқа жағдайларда) негізінде пайда болады (белгіленеді).

2009.12.02. № 133-IV ҚР Заңымен бап 3-тармақпен толықтырылды

3. Банк қызметін жүзеге асыру кезінде мүлікті сенімгерлікпен басқару ерекшеліктері Қазақстан Республикасының банк қызметін реттейтін заңнамалық актілерінде белгіленеді.

2025.15.03. № 172-VIII ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (2025 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4. Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару ерекшеліктері Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік, мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнамалық актілерінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленеді.

884-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару субъектілері

1. Меншік иесі, сондай-ақ өзге де заттық құқық субъектісі немесе мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беруге уәкілетті құзыретті орган құрылтайшы бола алады.

2. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, кез келген адам сенімгер басқарушы бола алады.

Сенімгер басқарушы тек оның келісімімен тағайындалуы мүмкін.

3. Сенімгер басқарушы болып табылмайтын кез келген адам, сондай-ақ мемлекет немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс пайда алушы (мүддесі үшін мүлікті басқару жүзеге асырылатын тұлға) бола алады.

4. Егер заң актілерінде немесе мүлікті сенімгерлікпен басқару шартында өзгеше көзделмесе, мүлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы пайда алушы болып табылады.

2014.07.03. № 177-V ҚР Заңымен 885-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

885-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару объектілері

1. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, ақшаны, бағалы қағаздарды және мүліктік құқықтарды қоса алғанда, кез келген мүлік сенімгерлікпен басқару объектісі бола алады.

2. Сеніп тапсырылған мүлікті сенімгер басқарушы өзіне меншік (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) құқығымен тиесілі мүліктен бөлек есепке алуға тиіс.

3. Өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру процесінде сенім білдірілген басқарушы сатып алған және (немесе) алған мүлік сеніп берілген мүлік құрамына енгізіледі.

4. Осы Кодекстің 1081-бабында көзделген, сондай-ақ осы тұлғаның банкроттығы жағдайларын қоспағанда, құрылтайшының сенімгерлікпен басқаруға берген мүлкіне оның борыштары бойынша өндіріп алуға жол берілмейді.

5. Кепілге салынған мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беру кепіл ұстаушыны осы мүлікті өндіріп алу құқығынан айырмайды.

ҚР Заңымен 16.05.03 ж. № 416-II. 886-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

886-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты

1. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша бір тарап (сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы) екінші тарапқа (сенімгер басқарушыға) мүлікті сенімгерлікпен басқаруға береді, ал екінші тарап құрылтайшы атаған тұлғаның (пайда алушының) мүдделері үшін осы мүлікті басқаруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде немесе көрсетілген шартта өзгеше белгіленбесе, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының қолданылу кезеңінде сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы сенімгерлікпен басқарылатын мүлікке қатысты қандай да болсын іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы емес.

2. Сенімгерлікпен басқару шартында:

1) мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының нысанасы және мерзімі;

2) сенімгерлікпен басқаруға берілетін мүліктің құрамы;

3) пайда алушы туралы нұсқау;

4) сенімгер басқарушының есеп беру мерзімдері мен нысаны;

5) мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты тоқтатылған жағдайда сеніп тапсырылған мүлікті алатын адамды көрсету көзделуге тиіс.

Шарттардың жекелеген түрлері үшін заң актілерінде өзге де елеулі талаптар көзделуі мүмкін.

Шартта басқа талаптар да, оның ішінде басқарушыға берілетін сыйақының мөлшері мен нысандары көзделуі мүмкін.

Шартта үшінші тұлғалардың сенімгерлікпен басқаруға берілген мүлікке құқығы көрсетілуге тиіс.

3. Егер заң актілерінен немесе пайда болған қатынастар мәнінен өзгеше туындамаса, мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты туралы нормалар мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеудің өзге де негіздері бойынша пайда болатын қатынастарға қолданылады.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 887-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

887-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының нысаны

1. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты жазбаша нысанда жасалады.

2. Қозғалмайтын мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты, қозғалмайтын мүлікті иеліктен айыру туралы шарт үшін көзделген нысан мен тәртіп бойынша жасалады.

888-бап. Сенімгер басқарушының құқықтары мен міндеттері

1. Сенімгер басқарушының мүлікті дұрыс басқару мақсатында сеніп тапсырылған мүлікпен меншік иесі жасай алатын кез келген іс-әрекетті жүргізуге құқығы бар.

Сеніп берілген мүлікке сенімгер басқарушының құқығы заң актілерімен, шартпен немесе мүлікті сенімгерлікпен басқару пайда болғанда негізге алынған өзге де актімен шектелуі мүмкін.

Сенімгер басқарушы қозғалмайтын мүлікті иеліктен айыру мен кепілге салуды сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы актіде ол тікелей көрсетілген жағдайда ғана жасауға құқылы.

2. Сенімгер басқарушының мүлікті сенімгерлікпен басқару кезінде өзі жасаған қажетті шығындарды құрылтайшының (пайда алушының) есебінен, не сеніп тапсырылған мүліктің есебінен, не сеніп тапсырылған мүлікті пайдаланудан түскен кірістің есебінен өтетіп алуға құқығы бар.

Егер мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы актіде көзделсе, сенімгер басқарушының сыйақы алуға құқығы бар.

3. Сенімгер басқарушының басқа біреудің заңсыз иеленуінен өзіне сеніп тапсырылған мүлікті қайтарып алуға, сондай-ақ оның басқару құқығын бұзушылықты жоюды, бұл құқық бұзушылық иеленуді бұзумен байланысты болмаса да, талап етуге құқығы бар.

4. Сенімгер басқарушы құрылтайшыға және пайда алушыға, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартында белгіленген мерзім мен тәртіп бойынша өз қызметі туралы есеп береді. Құрылтайшының және (немесе) пайда алушының талап етуі бойынша сенімгер басқарушының қызметі туралы есеп өзге жағдайда да дереу берілуге тиіс.

5. Сенімгер басқарушының өзі үшін белгіленген шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілесі, егер мұндай мәмілеге қатысушы үшінші тұлға ондай шектеулерді білмесе және білуге тиіс болмаса, жарамды деп танылады. Бұл жағдайда сенімгер басқарушы құрылтайшы алдында шартқа және заң актілеріне сәйкес жауап береді.

Сенімгер басқарушы өзіне берілген құқықты асыра пайдаланып немесе өзі үшін белгіленген шектеулерді бұзып жасаған мәміле бойынша міндеттемені сенімгер басқарушы өз мүлкі есебінен мойнына алады.

2011.01.03. № 414-IV ҚР Заңымен 889-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

889-бап. Сенімгер басқарушының бастамасымен сенімнің ауысуы

1. Сенімгер басқарушы мүлікті сенімгерлікпен басқаруды жеке өзі жүзеге асырады.

2. Сенімгер басқарушы өзіне сеніп берілген мүлікті басқару үшін қажетті іс-әрекет жасауды, егер ол бұған мүлікті сенімгерлікпен басқаруды құру туралы акті арқылы уәкілетті болса, не бұған пайда алушының мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты мән-жайлар себепті мәжбүр болса және бұл орайда құрылтайшының нұсқауларын сұрауға мүмкіндігі болмаса, басқа адамға тапсыра алады. Бұл орайда сенімгер басқарушы өзі таңдап алған сенім білдірілушінің іс-әрекеті үшін өзі жасағандай жауап береді.

Сенімгер басқарушы сенімнің ауысуы туралы дереу құрылтайшыға хабарлауға міндетті. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, бұл жағдайда құрылтайшы сенімгер басқарушыға бұрын жасалған шығындарын өтеп, ал егер сенімгерлікпен басқару кәсіпкерлік қызмет болса, шеккен залалдарын да өтеп, мүлікті сенімгерлікпен басқаруды тоқтату туралы мәлімдеуге құқылы.

890-бап. Сенімгер басқарушының жауапкершілігі

1. Мүлікті тиісінше басқармаған жағдайда құрылтайшы немесе пайда алушы сотқа сенімгерлікпен басқаруды тоқтату және залалдарды өтеу туралы талап қоя алады. Бұл орайда міндеттерді тиісінше орындау үшін өзіне қатысты барлық шараларды қолданғанын дәлелдей алмаса, сенімгер басқарушы міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін, кінәлі деп саналады.

2. Сенімгер басқарушы үшінші тұлғалардың алдында мүлікті басқаруда тиісінше іс-әрекеттер жасамауы салдарынан келтірілген залалы үшін өз мүлкімен субсидиарлы жауапты болады.

2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2014.07.03. № 177-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 891-бап өзгертілді

891-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының тоқтатылуы

1. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерімен қатар:

1) сенімгер басқарушы-азамат қайтыс болғанда, оны өлді деп жарияланғанда, оны әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі, хабар-ошарсыз кеткен деп танығанда; заңды тұлға-сенімгер басқарушы таратылғанда;

2) сенім білдірілген мүлікті басқаруды жеке жүзеге асыру сенімгерлікпен басқарушы үшін мүмкін болмауына байланысты сенімгер басқарушы немесе құрылтайшы бас тартқанда;

3) сенімгер басқарушыға залалдар және шартта көзделсе, сыйақы төленген жағдайда құрылтайшы шартты орындаудан бас тартқанда;

4) егер шартта көзделсе, кепіл ауыртпалығымен берілген мүлікті сыйақы бере отырып басқаруға беру туралы сенімгер басқарушыға хабарланбаған жағдайға орай ол бас тартқанда тоқтатылады.

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Осы Кодекстің 892-бабының 3-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сеніп тапсырылған мүлікке меншік құқығының ауысуы мүлікті сенімгерлік басқаруды тоқтатпайды.

3. Сенімгерлікпен басқару шарты тоқтатылған кезде сеніп тапсырылған мүлік шартта көрсетілген тұлғаға сенімгерлікпен басқаруға беріледі.

4. Құрылтайшы банкрот болған кезде мүлікті сенімгерлікпен басқару тоқтатылады және сеніп тапсырылған мүлік мүліктік массаға беріледі.

Құрылтайшы-жеке тұлға қайтыс болған жағдайда сеніп тапсырылған мүлік мұрагерлік массаға келіп түседі.

5. Егер заң актілерінде немесе шартта өзге мерзім көзделмесе, тараптардың бірінің бастамашылығы бойынша шарт тоқтатылған кезде екінші тарап (осы баптың 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда) кемінде үш ай бұрын хабардар етілуі тиіс.

6. Бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқаруды тоқтату тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында белгіленеді.

ҚР 16.05.03 ж. № 416-II Заңымен 892-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

892-бап. Акцияларды және өзге де бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқару

1. Сенімгер басқарушының сенімгерлікпен басқаруға берілген және (немесе) сеніп тапсырылған мүліктің есебінен не сеніп тапсырылған мүлікті пайдаланудан түскен кірістің есебінен сатып алынған акциялармен және өзге де бағалы қағаздармен операциялар жасауды жүзеге асыруға құқығы бар.

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Эмиссиялық бағалы қағаздарды сенімгерлік басқарушы туралы мәліметтер бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ашқан сенімгерлік басқару құрылтайшысының (мүлік меншік иесінің немесе мүлікті сенімгерлік басқаруға беруге уәкілеттік берілген құзыретті органның) шоты бойынша көрсетілуге жатады.

3. Егер мүлікті сенімгерлікпен басқаруды құру туралы актіде өзгеше көзделмесе, сенімдер басқарушы өзіне сеніп тапсырылған акцияларды (акцияны) басқару кезінде:

1) акционерлік қоғамды басқаруға қатысады;

2) акцияларға тиесілі дивидендтер алады және оларды пайда алушыға береді;

3) акционерлік қоғам таратылған жағдайда акцияға тиесілі мүлікті алады және оны шартқа сәйкес пайда алушыға немесе құрылтайшыға береді;

4) акцияларды иеліктен айыруды және кепілдікті қоса алғанда, олармен өзге де операцияларды жүзеге асырады.

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-1-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

3-1. Сенімгерлік басқаруға берілген акцияларға және өзге де бағалы қағаздарға меншік құқығының ауысуы, егер акцияларды және өзге де бағалы қағаздарды сенімгерлік басқару шартында және (немесе) иеліктен шығару шартында өзгеше көзделмесе, осы бағалы қағаздарды сенімгерлік басқаруды тоқтатады.

Акциялар мен бағалы қағаздарға меншік құқығы ауысқан жағдайда, акцияларды және өзге де бағалы қағаздарды сенімгерлік басқару құрылтайшысына қатысты белгіленген осы тараудың талаптары сенімгерлік басқарудағы акциялардың және өзге де бағалы қағаздардың жаңа меншік иесіне қолданылады.

4. Бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқарудың ерекшелігі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

ҚР 07.07.04 ж. № 577-II Заңымен 893-бап жаңа редакцияда (бұр.ред. қара); 2018.04.07. № 174-VI ҚР Заңымен 893-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

893-бап. Инвестициялық қорлардың активтерін сенімгерлікпен басқару

Инвестициялық қорлардың активтерін сенімгерлікпен басқару ерекшеліктері Қазақстан Республикасының инвестициялық және венчурлік қорлар туралы заң актісімен белгіленген шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

894-бап. Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сенімгерлікпен басқару

Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сенімгерлікпен басқару, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, мүлікті сенімгерлікпен басқаруды құру туралы актіде көзделген шарттар мен тәртіпте жүзеге асырылады.

2026.03.01. № 251-VIII ҚР Заңымен 895-бап өзгертілді (2026 ж. 8 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

895-бап. Мемлекеттік қызметшінің мүлкін сенімгерлікпен басқару

Мемлекеттік қызметшінің кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын мүлкі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша сенімгерлікпен басқаруға берілуге тиіс.

45-тарау. КЕШЕНДІ КӘСІПКЕРЛІК ЛИЦЕНЗИЯ (ФРАНЧАЙЗИНГ)

896-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының ұғымы

1. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша бір тарап (кешенді лицензиар) екінші тарапқа (кешенді лицензиатқа) сыйақыға айрықша құқықтар кешенін (лицензиялық кешен), соның ішінде лицензиардың фирмалық атауын және қорғалатын коммерциялық ақпаратты пайдалану құқығын, сондай-ақ лицензиаттың кәсіпкерлік қызметінде пайдалану үшін шартта көзделген айрықша құқықтардың басқа да объектілерін (тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, патент және т.б.) беруге міндеттенеді.

2. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты белгілі бір көлемде лицензиялық кешенді, лицензиардың іскерлік беделі мен коммерциялық тәжірибесін (атап айтқанда, пайдаланудың мейлінше аз және (немесе) мейлінше кең көлемін белгілей отырып), белгілі бір қызмет аясына (лицензиардан алынған немесе пайдаланушы өндірген тауарларды сату, өзге де коммерциялық қызметтерді жүзеге асыру, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету) қолданатын аумақты көрсетіп немесе көрсетпей пайдалануды көздейді.

3. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын кәсіпкерлік қызметтің жекелеген салаларында қолдану жөніндегі шектеу заң актілерімен белгіленеді.

897-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының нысаны

Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен 897-1-баппен толықтырылды; 2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 897-1-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

897-1-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша зияткерлік меншік объектісін пайдалануға құқықты табыстауды тіркеу

Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген немесе халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді, интегралдық микросхемалар топологияларын, тауар белгілерін (қызмет көрсету белгілерін) пайдалануға құқықты табыстау сараптама ұйымында тіркелуге жатады.

898-бап. Лицензиардың міндеттері

Лицензиар шартта көзделген мерзімдер мен көлемде лицензиатқа техникалық және коммерциялық құжаттаманы беруге және лицензиатқа шарт бойынша берілген құқықтарды іске асыру үшін оған қажетті өзге де ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ лицензиатты мұндай құқықтарды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша оқытуға және оған консультация беруге міндетті.

Шартта лицензиардың басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

899-бап. Лицензиаттың міндеттері

Егер шартта өзгеше көзделмесе, лицензиат:

1) шартта көзделген қызметті іске асыру кезінде шартта көрсетілген лицензиардың лицензиялық кешенін шартта көрсетілген түрде пайдалануға;

2) лицензиарды өзінің өндірістік аумағына жіберуге, оған қажетті құжаттаманы беруге және оған берілген айрықша құқықтардың дұрыс пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алуға көмек көрсетуге;

3) лицензиардың пайдалануға берілген айрықша құқықтардың сипатына, пайдалану әдісі мен шарттарына қатысты барлық нұсқаулықтары мен нұсқауларын сақтауға;

4) лицензиардың өндіріс құпиясын және одан алынған коммерциялық жасырын ақпаратты жария етпеуге;

5) сатып алушыларды (тапсырыс берушілерді) олар үшін мейлінше айқын әдіспен фирмалық атауын, тауар белгісін, қызмет белгісін немесе даралаудың өзгедей құралын кешенді кәсіпкерлік лицензиясы шарты негізінде пайдаланатындығы туралы хабардар етуге міндетті.

900-бап. Шектеу шарттары

1. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартында шектеу (эксклюзивтік) талаптары, атап айтқанда:

1) лицензиардың лицензиатқа бекітілген аумақта қолдану үшін басқа ұқсас кешенді кәсіпкерлік лицензияларды бермеуі не осы аумақта тікелей дербес қызметті жүргізуден тартыну міндеттемесі;

2) лицензиаттың кешенді кәсіпкерлік лицензияны пайдалану аумағында лицензиат лицензиарға тиесілі айрықша құқықтарды пайдалана отырып жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке қатысты лицензиармен бәсекеге түспеу міндеттемесі;

3) лицензиардың бәсекелестерінен (әлеуетті бәсекелестерінен) басқа да кешенді кәсіпкерлік лицензияларды алудан лицензиаттың бас тартуы;

4) шарт бойынша берілген айрықша құқықтарды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын үй-жайдың орналасқан жерін, сондай-ақ оның сырты мен ішін безендіруді лицензиаттың лицензиармен келісу міндеттемесі көзделуі мүмкін.

2. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының шектеу талаптары мынадай жағдайда:

1) лицензиардың лицензиат сататын тауардың бағасын немесе лицензиат орындайтын (көрсететін) жұмыстардың (қызметтердің) бағасын анықтауға, не аталған бағаның жоғарғы немесе төменгі шегін белгілеуге құқығы болғанда;

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2) лицензиаттың белгілі бір санаттағы сатып алушыларға (тапсырыс берушілерге) ғана не шартта белгіленген аумақта ғана орналасқан жері (тұратын орны) бар ерекше сатып алушыларға (тапсырыс берушілерге) тауарлар сатуға, жұмыстар орындауға немесе қызметтер көрсетуге құқығы болғанда маңызсыз болып табылады.

901-бап. Лицензиардың лицензиатқа қойылатын талаптар бойынша жауапкершілігі

Лицензиар кешенді кәсіпкерлік лицензиялар шарты бойынша сататын (орындайтын, көрсететін) тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) сапасының сәйкессіздігіне байланысты лицензиатқа қойылған талаптар бойынша субсидиарлы жауапты болады.

902-бап. Кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия

1. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартында лицензиатқа берілген барлық немесе жекелеген айрықша құқықтарды басқа тұлғаларға пайдалануға рұқсат ету құқығы лицензиармен келісілген немесе шартта белгіленген жағдайларда көзделуі мүмкін.

2. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартында белгілі бір уақыт кезеңі ішінде пайдалану аумағы көрсетіліп немесе көрсетілмей, лицензиаттың белгілі бір мөлшерде қосалқы лицензия беру міндеті қамтылуы мүмкін.

3. Егер кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шартының ерекшеліктерінен өзгеше туындамаса, кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарттарына лицензиардың лицензиатпен негізгі шартының ережелері қолданылады.

903-бап. Кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензияның лицензиардың лицензиатпен негізгі шартына тәуелділігі

1. Кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шартын, лицензиардың лицензиатпен негізгі шартынан неғұрлым ұзақ мерзімге жасауға болмайды.

2. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының тоқтатылуы осыған сәйкес жасалған барлық кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шартын тоқтатады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Егер заңнамалық актілерде көзделген негіздер бойынша лицензиардың лицензиатпен негізгі шарты жарамсыз деп танылса, онда соған сәйкес жасалған кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарттары маңызсыз деп саналады.

904-бап. Лицензиар, лицензиат және қосалқы лицензиат қатынастарының ерекшеліктері

1. Егер кешенді кәсіпкерлік лицензия шартында өзгеше көзделмесе, ол мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарты бойынша лицензиаттың құқықтары мен міндеттері лицензиарға ауысады.

2. Егер кешенді кәсіпкерлік лицензия шартында өзгеше көзделмесе қосалқы лицензиаттардың іс-әрекетімен лицензиарға келтірілген зиян үшін лицензиат субсидиарлық жауапты болады.

905-бап. Фирмалық атау өзгерген кезде шарттың күшін сақтауы

Лицензиар өзінің фирмалық атауын өзгерткен жағдайда кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты сақталады, егер лицензиат шартты бұзуды және залалды өтеуді талап етпесе, лицензиардың жаңа фирмалық атауына қатысты қолданыла береді. Шарттың қолданылуы сақталған жағдайда лицензиат лицензиарға тиесілі сыйақыны мөлшеріне қарай азайтуды талап етуге құқылы.

906-бап. Пайдалануға берілген бір немесе бірнеше айрықша құқықтардың өзгеруі кезінде шарт күшінің сақталуы

Пайдалануға берілген бір немесе бірнеше айрықша құқықтарды лицензиар өзгерткен жағдайда, егер лицензиат шартты бұзуды және залалдарды өтеуді талап етпесе, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты сақталады және лицензиардың жаңа айрықша құқықтарына қатысты қолданылады. Лицензиат шарттың күші сақталған жағдайда лицензиарға тиесілі сыйақы мөлшеріне қарай азайтуды талап етуге құқылы.

907-бап. Пайдалануға берілген айрықша құқықтың тоқтатылу салдары

Егер кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының қолданылу мерзімінде шарт бойынша пайдалануға берілген кешенге кіретін қандай да болсын айрықша құқықтардың қолданылу мерзімі өтсе не мұндай құқық өзгеше негіз бойынша тоқтатылса, тоқтатылған құқыққа қатысты ережелерді қоспағанда, шарт сақталады, ал егер шартта өзгеше көзделмесе, лицензиат лицензиарға тиісті сыйақыны мөлшеріне қарай азайтуды талап етуге құқылы.

908-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының тоқтатылуы

1. Мерзімі көрсетіліп жасалған кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты осы Кодекстің ережелеріне сәйкес бұзылуы мүмкін.

2. Шартта тараптар мерзімсіз кешенді кәсіпкерлік лицензия шартынан, егер шартта хабарлаудың неғұрлым ұзақ мерзімі көзделмесе, ол туралы басқа тарапты алты ай бұрын хабардар ете отырып, бас тартуға құқылы.

909-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартындағы құқықтық мирасқорлық

1. Лицензия кешеніне кіретін қандай да болсын жекелеген айрықша құқықтың басқа тұлғаға ауысуы шартты өзгертуге немесе бұзуға негіз болып табылмайды. Жаңа құқық иеленуші басқаға ауысқан айрықша құқыққа қатысты құқықтар мен міндеттер бөлігінде шартқа кіреді.

2. Лицензиар-азамат қайтыс болған жағдайда кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері соңғысы тіркелген немесе мұрагерлік ашылған күннен бастап алты айдың ішінде кәсіпкер ретінде тіркелетін жағдайда мұрагерге ауысады. Өзге жағдайда шарт тоқтатылады.

Мұрагер тиісті құқықтар мен міндеттерді қабылдағанға дейінгі немесе мұрагерді кәсіпкер ретінде тіркегенге дейінгі кезеңде лицензия кешенін басқаруды белгілі тәртіппен нотариус тағайындаған сенімгер басқарушы жүзеге асырады.

46-тарау. КОНКУРСТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

ҚР 21.05.02 ж. № 323-II Заңына сәйкес 910-бап өзгертілді

910-бап. Конкурстық міндеттеменің мазмұны

1. Осы тарау сыйақы беруге көпшілік алдында уәде беруден туындайтын конкурстық міндеттемелерді және тендер, аукцион әрі саудаластықтың Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген өзге де нысандары негізінде туындайтын міндеттемелерді реттейді.

Конкурстық міндеттемелер Қазақстан Республикасының өзге заң актілерімен де регламенттелуі мүмкін.

2. Конкурстық міндеттемеде оның бастамашысы конкурстың өзі айқындаған нысанасы мен бастапқы шарттарының негізінде тұлғалардың белгісіз немесе белгілі бір адамдар тобына оған қатысуға ұсыныс жасайды және конкурстың жеңімпазына белгіленген сыйақы төлеуге және (немесе) онымен конкурстық міндеттемелердің мазмұнына сәйкес шарт жасасуға міндеттенеді.

3. Конкурсқа қатысуға ұсынысты конкурстың бастамашысы тікелей немесе конкурстың делдал-ұйымдастырушысы арқылы жасауы мүмкін.

Делдалдың құқықтары мен міндеттері оның конкурстың бастамашысымен жасасқан шартымен айқындалады.

4. Конкурс бастамашысының конкурсқа қатысуға шақырған ұсынысы баспасөзде және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында барлық тілек білдірушілерге хабарлау жолымен жолданғанда - ашық немесе конкурсқа қатысуға шақырған ұсыныс конкурс бастамашысының таңдауы бойынша тұлғалардың белгілі бір тобына жолданғанда - жабық болуы мүмкін.

5. Конкурстың бастамашысы конкурсқа қатысуға тілек білдіруші тұлғаларға алдын ала іріктеу жүргізгенде ашық конкурс оған қатысушылардың біліктілігімен байланыстырылуы мүмкін.

911-бап. Сыйақыға жария уәде беру

1. Жұмысты жақсы орындағаны немесе өзге де нәтижелерге жеткені үшін ақшалай немесе өзгеше нысанда сыйақы төлеу туралы жария хабарлаған кез келген тұлға конкурс шарттарына сәйкес оның жеңімпазы болып танылған кез келген тұлғаның алдында өз міндеттемесін орындауы тиіс.

2. Сыйақыға жария уәде беру тапсырманың мәнін, нәтижелерді ұсынудың өлшемдері мен тәртібін, сыйақының мөлшері мен нысанын, сондай-ақ нәтижелерді жариялаудың тәртібі мен мерзімдерін көздейтін шарттарды міндетті түрде қамтуға тиіс.

3. Сыйақы төлеу туралы шешім мен оны төлеудің өзі уәдеде белгіленген мерзімдерде қабылдануға және іске асырылуға тиіс.

4. Егер конкурс ғылым, әдебиет немесе өнер туындысын жасауға арналып хабарланса, сыйақыға жария уәде беруде өзгеше белгіленбесе, жария уәде берген тұлға туындыны жасаушымен оған қаламақы төлей отырып, оны пайдалануға шарт жасасуға басым құқық алады.

5. Сыйақы туралы жария уәде берген тұлға, егер конкурс шарттарында өзгеше көзделмесе, сыйақы тағайындалмаған жұмыстарды олардың жасаушыларына қайтарып беруге міндетті.

912-бап. Сыйақыға жария уәде берудің күшін жою

1. Сыйақы төлеу туралы жария хабарлаған тұлға, бас тартуға жол берілмейтіндігі хабарландырудың өзінде көзделген немесе содан туындайтын немесе сыйақыға уәде берілген іс-әрекеттерді жасау үшін белгілі бір мерзім берілген немесе бас тарту туралы хабарланған кезде соған үн қосқан адамдардың ең болмағанда біреуі міндеттемеде

көрсетілген іс-әрекеттерді орындап қойған жағдайлардан басқасында, берілген уәдеден сол нысанда бас тартуға құқылы.

2. Сыйақыға жария уәде берудің күшін жою сыйақы туралы хабарлаған тұлғаны үн қосқан адамның хабарландыруда көзделген іс-әрекеттерді жасауға байланысты шеккен шығындарын өтеуден босатпайды. Барлық жағдайларда өтеудің мөлшері хабарландыруда аталған сыйақыдан аспауға тиіс.

2025.30.12. № 246-VIII ҚР Заңымен 913-бап жаңа редакцияда (2026 ж. 2 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

913-бап. Лотереяларды, құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді өткізу ерекшеліктері

1. Уәкілетті мемлекеттік органнан Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензия алған адам мен құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысушы, ал лотереялар үшін лотерея операторы мен лотереяға қатысушы арасындағы қатынастар шартқа негізделген.

Лотерея операторы мен лотереяға қатысушы арасындағы шарт лотереяға қатысушы лотерея билетінің, электрондық лотерея билетінің құнын төлеген және лотерея билеті, электрондық лотерея билеті берілген кезден бастап жасалған деп танылады.

2. Лотереяларды, құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді өткізу шарттарына сәйкес ұтты деп танылатын адамдарға құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастырушы, ал лотереялар үшін лотерея операторы ұтыс төлеуге тиіс.

Құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастырушының ұтысты мерзімінде, мөлшерде, нысанда (ақшалай немесе заттай) төлеуі құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді өткізу шарттарына сәйкес, бірақ құмар ойындардың және (немесе) бәс тігудің нәтижелері шығарылған кезден бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Лотерея операторының ұтысты төлеуі заңда белгіленген мерзімдерде, лотерея өткізу шарттарында айқындалатын мөлшерде, нысанда (ақшалай немесе заттай) жүзеге асырылады.

3. Құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастырушы, лотерея операторы осы баптың 2-тармағында көрсетілген міндеттерді орындамаған жағдайда, лотереяда, құмар ойында және (немесе) бәс тігуде ұтыс шыққан қатысушы өзіне ұтыстың төленуін, сондай-ақ келтірілген залалдардың өтелуін талап етуге құқылы.

2025.30.12. № 246-VIII ҚР Заңымен 914-бап жаңа редакцияда (2026 ж. 2 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

914-бап. Құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді өткізуге және оларға қатысуға байланысты талаптар

Азаматтар мен заңды тұлғалардың тәуекелге (құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге) негізделген құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастыруға, өткізуге немесе оларға қатысуға байланысты талаптары осы Кодекстің 913-бабында көрсетілген қатынастардан туындайтын талаптарды қоспағанда, сот қорғауына жатпайды.».

«1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 914-бабының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 7 ақпандағы № 65-НҚ нормативтік қаулысын қараңыз

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 915-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

915-бап. Тендер

1. Тендер нысанындағы саудаластық кезінде оның бастамашысы (ұйымдастырушы) өзі ұсынған бастапқы шарттардың негізінде тендер бастамашысы үшін шарттың ең жақсы

талаптарын ұсынған тендер қатысушысымен шарт жасасуға (сатушы, сатып алушы, тапсырысшы, мердігер, жалға беруші, жалға алушы және т.б. ретінде) міндеттенеді.

2. Тендерге қатысушылар, тендер шарттарында белгіленген мерзімнің шегінде, тендер бастамашысына немесе оның ұйымдастырушысына тендермен ұйғарылған барлық құжаттаманы қоса бере отырып, өз ұсыныстарын жазбаша түрде жібереді. Тендердің шарттарында ұсыныстарды желімделген конверттермен және девиздермен жіберу көзделуі мүмкін.

Ұсыныстарды беру мерзімдерін бұзу, егер оның бастамашысы мерзімін өткізіп алған тұлғаның тендерге қатысуға жіберілгені туралы жазбаша түрде хабарламасы, мерзімін өткізіп алған тұлғаны тендерге қатысушылардың қатарынан шығаруға әкеп соғады.

3. Тендерге қатысушылардың арасынан оның жеңімпазын таңдауды тендер бастамашысы немесе ол құрған тендер комиссиясы жабық немесе тендердің шарттары бойынша ашық тәртіппен жүргізеді.

2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

4. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, егер тендерге қатысушылар екеуден аз болса немесе тендерге қатысушылардың ұсыныстарын оның бастамашысы тендердің талаптарын қанағаттандырмайды деп таныса, оның бастамашысы тендерді өткізілмеген деп тануы мүмкін.

5. Тендердің жеңімпазы мен оның бастамашысы тиісті шарт жасасады. Тендердің бастамашысы жеңімпазбен тиісті шарт жасасудан бас тартқан жағдайда тендердің жеңімпазы оған келтірілген залалдарды өтетіп алуға құқылы.

6. Тендердің шарттарында тендерге әрбір қатысушының тендер қорытындылары шығарылғаннан кейін қатысушыларға қайтарылатын кепілдік жарна енгізілуі көзделуі мүмкін. Егер тендерге қатысушы тендердің мерзімі өткенге дейін өз ұсынысынан бас тартса немесе оны өзгертсе, кепілдік жарна қайтарылмайды.

Жеңімпаз тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін жағдайларда тендер бастамашысымен тиісті шарт жасасудан бас тартса, кепілдік жарна жеңімпазға қайтарылмайды.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 916-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

916-бап. Аукцион

1. Аукцион нысанындағы саудаластық кезінде сатушы аукционның затын ол үшін неғұрлым жоғары баға ұсынатын аукционға қатысушыға сатуға міндеттенеді.

2. Аукцион сатушы жариялаған бағаны арттыру немесе кеміту талаптарымен өткізілуі мүмкін.

3. Бағаны төмендетумен өткізілетін аукцион шарттарында заттың сатылуы мүмкін болатын ең төмен баға көзделуі мүмкін.

4. Азаматтық айналымнан шығарылмаған кез келген қозғалатын немесе қозғалмайтын мүлік, оның ішінде интеллектуалдық меншік объектілері, импорттық, экспорттық және өзге де квоталар мен лицензияларды қоса алғанда, шарттар мен мүліктік құқықтар аукционның нысанасы болуы мүмкін.

5. Аукционға қатысу туралы ұсыныстар аукцион заты, оның өтетін орны мен уақыты туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

6. Аукционға қатысуға тілек білдірген тұлғалар, егер оны өткізудің шарттарында өзгеше белгіленбесе, аукцион басталғанға дейін аукционға қатысуға өтініш беруге және кепілдік жарнаның белгіленген сомасын енгізуге тиіс.

2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 7-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

7. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, егер аукционға кемінде екі қатысушы (сатып алушы) қатысса, ол өтуі мүмкін.

8. Егер аукционның затын оған қатысушылардың бірде-бірінің сатып алғысы келмесе, бастапқы баға төмендетілуі немесе аукционның заты осы аукционнан алып тасталуы мүмкін.

9. Егер аукцион шарттарында өзгеше белгіленбесе, ең жоғары баға ұсынған аукционға қатысушымен оған аукционның затын сату туралы шарт жасалады.

10. Егер сатып алушы осы баптың 9-тармағында көзделген шартты жасасудан бас тартса, ол аукционға қатысушылардың қатарынан шығарылады, оған кепілдік жарна қайтарылмайды, ал сатып алушы сатып алудан бас тартқан аукционның заты қайтадан саудаластыққа қойылуы мүмкін.

11. Аукционға қатысқан, бірақ онда ештеңе сатып алмаған тұлғаларға кепілдік жарнаның сомасы қайтарылады.

Аукционның қандай да болсын затын сатып алған тұлғаға кепілдік жарнасының сомасы төленген сатып алу бағасының есебіне есептеледі.

47-тарау. ЗИЯН КЕЛТІРУДІҢ САЛДАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

1. Жалпы ережелер

917-бап. Зиян келтіргені үшін жауаптылықтың жалпы негіздері

1. Азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз іс-әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілген (мүліктік және (немесе) мүліктік емес) зиянды, оны келтірген тұлға толық көлемінде өтеуге тиіс.

Заң актілерінде зиянды өтеу міндеті зиян келтіруші болып табылмайтын тұлғаға жүктелуі, сондай-ақ өтеудің неғұрлым жоғары мөлшері белгіленуі мүмкін.

2. Зиян келтіруші, осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, егер зиян өзінің кінәсінен келтірілмегендігін дәлелдесе, оны өтеуден босатылады.

3. Заңды іс-әрекеттермен келтірілген зиян осы Кодексте және өзге де заң актілерінде көзделген жағдайларда өтелуге тиіс.

918-бап. Зиян келтірудің алдын алу

1. Болашақта зиян келтіру қаупі мұндай қауіпті тудыратын іс-әрекеттерге тыйым салу туралы талап қоюға негіз бола алады.

2. Егер келтірілген зиян оны келтіруді жалғастыратын немесе жаңадан зиян келтіру қаупін туғызатын кәсіпорынды, ғимаратты пайдаланудың не өзге де өндірістік қызметтің салдарынан болса, сот зиянды өтеуден басқа, жауапкерге тиісті қызметін тоқтатуды міндеттеуге құқылы.

Егер тиісті қызметтің тоқтатылуы қоғамдық мүдделерге қайшы келсе, сот оны тоқтату туралы талаптан бас тарта алады. Мұндай қызметті тоқтатудан бас тарту жәбірленушілерді осы қызметтен келтірілген зиянды өтеттіру құқығынан айырмайды.

919-бап. Қажетті қорғану жағдайында зиян келтіру

Қажетті қорғану жағдайында келтірілген зиян, егер бұл ретте оның шегінен асып кетпесе, өтеуге жатпайды.

920-бап. Аса қажетті жағдайда зиян келтіру

Аса қажетті жағдайда, яғни зиян келтірушінің өзіне немесе басқа тұлғаларға қатер туғызатын қауіпті жою үшін келтірілген зиян, егер бұл қауіпті осы жағдайларда өзге құралдармен жою мүмкін болмаса, оны зиян келтірген тұлға өтеуге тиіс.

Мұндай зиян келтірілген мән-жайларды ескере отырып, сот оны өтеу міндетін зиян келтіруші мүддесіне іс-әрекет жасаған үшінші бір тұлғаға немесе үлестік тәртіппен осы үшінші тұлға мен зиян келтірушіге жүктеуі, сондай-ақ осы үшінші тұлғаны да, зиян келтірушіні де зиянды өтеуден толық немесе ішінара босатуы мүмкін.

2007.15.05. № 253-III ҚР Заңымен 921-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

921-бап. Заңды тұлғаның немесе азаматтың өз қызметкері келтірген зиян үшін жауапкершілігі

1. Заңды тұлға немесе азамат өзінің қызметкері еңбек (қызметтік, лауазымдық) міндеттерін атқару кезінде келтірген зиянды өтейді.

2. Зиян келтіруі салдарынан туындайтын міндеттемелер туралы осы Кодекстің ережелеріне қатысты қызметкерлер деп жұмысты еңбек шартының негізінде, сондай-ақ азаматтық-құқықтық шарттың негізінде орындаған, егер бұл ретте жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне жауапты тиісті заңды тұлғаның немесе азаматтың тапсырмасымен және бақылауымен іс-әрекет жасаған немесе іс-әрекет жасауға тиісті болған азаматтар танылады.

Шаруашылық серіктестіктер, акционерлік қоғамдар мен өндірістік кооперативтер өздерінің қатысушылары (мүшелері) серіктестіктің, акционерлік қоғамның немесе кооперативтің кәсіпкерлік, өндірістік немесе өзге де қызметін жүзеге асыруы кезінде соңғылары келтірген зиянды өтейді.

922-бап. Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды адамдары келтірген зиян үшін жауапкершілік

1. Мемлекеттік органдардың заң актілеріне сәйкес келмейтін актілерді шығаруының салдарынан келтірілген зиян актіні шығарған органдар мен лауазымды адамдардың кінәсіне қарамастан, сот шешімі негізінде өтелуге тиіс. Зиян мемлекеттік қазына есебінен өтеледі. Қаржы органдары не арнайы тапсырма бойынша басқа органдар мен азаматтар қазына өкілдері болады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз органдары мен лауазымды адамдары келтірген зиян үшін сот тәртібімен жауап береді.

3. Мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының әкімшілік басқару саласындағы заңсыз іс-әрекетінен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян осы органдардың иелігіндегі ақшаның есебінен (осы Кодекстің 917-бабы) жалпы негіздерде өтеледі. Олар жеткіліксіз болған кезде зиян мемлекеттік қазынаның есебінен субсидиарлық жолмен өтеледі.

923-бап. Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиян үшін жауапкершілік

1. Заңсыз соттау, заңсыз қылмыстық жауапқа тарту, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алу, үйде қамауда ұстау, ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды заңсыз қолдану, қамау немесе еңбекпен түзеу түріндегі әкімшілік жазаны заңсыз қолдану, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне заңсыз орналастыру салдарынан азаматқа келтірілген зиянды анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдары лауазымды адамдарының кінәсіне қарамастан, заң актілерінде белгіленген тәртіппен толық көлемде мемлекет өтейді.

2. Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура органдарының өзге де заңсыз іс-әрекетінің салдарынан азаматқа немесе заңды тұлғаға келтірілген зиян осы Кодекстің 922-бабында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша өтеледі.

3. Судьялардың және басқа сот қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекетімен (әрекетсіздігімен) сот төрелігін жүзеге асыру кезінде келтірілген зиян, осы баптың 1-

тармағында көзделгеннен басқа ретте, осы Кодекстің 922-бабының 3-тармағында белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша өтеледі.

924-бап. Өзінің жауаптылығын сақтандырған тұлғаның зиянды өтеуі

Ерікті немесе міндетті түрде сақтандыру тәртібімен өзінің жауаптылығын сақтандырған заңды тұлға немесе азамат, келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған жағдайда сақтандыру сомасы мен залалдың нақты мөлшерінің арасындағы айырманы өтейді.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 925-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

925-бап. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілік

1. Жасы он төртке жетпеген кәмелетке толмағандар (жас балалар) келтірген зиян үшін, егер зиян өздерінің кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, оның заңды өкілдері жауап береді.

2. Егер қорғаншылыққа мұқтаж жас бала тиісті тәрбиелеу, емдеу мекемесінде, халықты әлеуметтік қорғау мекемесінде немесе заңға орай өзінің қорғаншысы болып табылатын осы сияқты басқа мекемеде болса, егер зиян өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, жас бала келтірген зиянды сол мекеме өтеуге міндетті.

3. Егер жас бала оқу орнының, тәрбиелеу, емдеу немесе оны қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге мекеменің, сондай-ақ шарттың негізінде қадағалауды жүзеге асыруға міндетті адамның бақылауында болған уақытта зиян келтірсе, зиян олардың қадағалауды жүзеге асырудағы кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, келтірілген зиян үшін осы мекемелер мен адамдар, жауап береді.

4. Заңды өкілдердің, оқу орындарының, тәрбиелеу, емдеу және өзге де мекемелердің зиянды өтеу жөніндегі міндеті жас баланың кәмелетке толуымен немесе оның зиянды өтеу үшін жеткілікті мүлік алуымен тоқтатылмайды.

Егер заңды өкілдері қайтыс болса немесе олардың, сондай-ақ осы баптың 3-тармағында аталған басқа да азаматтардың жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу үшін жеткілікті қаражаты болмаса, ал толық әрекет қабілеттілігі болған зиян келтірушінің өзінде мұндай қаражат болса, сот жәбірленуші мен зиян келтірушінің мүліктік жағдайын, сондай-ақ басқа да мән-жайларды ескере отырып, зиянды зиян келтірушінің өзінің мүлкі есебінен толық немесе ішінара өтеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 926-бап өзгертілді

926-бап. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілік

1. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар өздері келтірген зиян үшін жалпы негіздер бойынша дербес жауап береді.

2. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың зиянды өтеу үшін жеткілікті мүлкі немесе өзге кіріс көздері болмаған жағдайда, егер олар зиянның өз кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, зиянды толық немесе оның жетпей тұрған бөлігін заңды өкілдері өтеуге тиіс.

Егер он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі қамқоршылыққа мұқтаж кәмелетке толмаған адам тиісті тәрбиелеу, емдеу мекемесінде, халықты әлеуметтік қорғау мекемесінде немесе заңға орай оның қамқоршысы болып табылатын сол сияқты басқа да мекемеде болса, зиян өздерінің кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, зиянды толық немесе оның жетіспей тұрған бөлігін сол мекемелер өтеуге міндетті.

3. Заңды өкілдердің және тиісті мекеменің зиянды өтеу жөніндегі міндеті зиян келтірушінің кәмелетке толуы бойынша немесе онда кәмелетке толғанға дейін зиянды өтеуге жеткілікті мүлік немесе кіріс көздері пайда болса не ол кәмелетке толғанға дейін

әрекет қабілеттілігіне ие болса тоқтатылады (осы Кодекстің 17-бабының 2-тармағы, 22-1-бабы).

927-бап. Ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналардың кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілігі

Ата-ана құқықтарынан айырылған ата-анаға, егер баланың зиян келтіруге әкеп соқтырған мінез-құлқы ата-ананың баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін дұрыс жүзеге асырмауының салдары болып табылады деп анықталса, сот ата-анаға ата-ана құқықтарынан айырылғаннан кейін үш жыл бойы оның кәмелетке толмаған балалары келтірген зиян үшін жауаптылық жүктеуі мүмкін.

928-бап. Әрекетке қабілетсіз деп танылған азамат келтірген зиян үшін жауапкершілік

1. Әрекетке қабілетсіз деп танылған азамат келтірген зиянды (осы Кодекстің 26-бабы), егер олар зиян өздерінің кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, оның қорғаншысы немесе оны қадағалауды жүзеге асыруға міндетті ұйым өтейді.

2. Қорғаншының немесе ұйымның әрекетке қабілетсіз деп танылған азамат келтірген зиянды өтеу жөніндегі міндеті оның әрекетке қабілеттілігі қалпына келген жағдайда да тоқтатылмайды.

3. Егер қорғаншы қайтыс болса не оның зиянды өтеу үшін жеткілікті қаражаты болмаса, ал зиян келтірушінің өзінде мұндай қаражат болса, сот жәбірленуші мен зиян келтірушінің мүліктік жағдайын, сондай-ақ басқа да мән-жайларды, атап айтқанда, зиян келтірушінің әрекетке қабілеттілігінің қалпына келуін ескере отырып, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды сол зиян келтірушінің мүлкі есебінен толық немесе ішінара өтеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

2020.02.07. № 356-VI ҚР Заңымен 929-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

929-бап. Әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған азамат келтірген зиян үшін жауапкершілік

Құмар ойындарға, бәс тігуге, спирттік ішімдіктерге немесе есірткі заттарға салыну салдарынан әрекет қабілеті шектеулі (осы Кодекстің 27-бабы) деп танылған азамат келтірген зиянды зиян келтірушінің өзі жалпы негіздерде өтейді.

930-бап. Өз іс-әрекетінің мәнін түсінуге қабілетсіз азамат келтірген зиян үшін жауапкершілік

1. Өз іс-әрекетінің мәнін түсіне алмаған немесе өзіне-өзі ие бола алмайтын жағдайда зиян келтірген әрекетке қабілетті азамат, сондай-ақ он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар өздері келтірген зиян үшін жауап бермейді.

Егер жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілсе, сот жәбірленуші мен зиян келтірушінің мүліктік жағдайын, сондай-ақ басқа да мән-жайларды ескере отырып, зиянды өтеу жөніндегі міндетті зиян келтірушіге толық немесе ішінара жүктей алады.

2. Егер спиртті ішімдіктерді, есірткі заттарды пайдаланып немесе өзге әдіспен өзін осындай жағдайға келтірсе, зиян келтіруші жауаптылықтан босатылмайды.

3. Егер зиянды жүйке ауруы және ақыл-ойының кемістігі салдарынан өз іс-әрекетінің мәнін түсіне алмайтын немесе өзіне-өзі ие бола алмайтын адам келтірсе, сот зиянды өтеу міндетін осы адаммен бірге тұратын еңбекке қабілеттілерге: зиян келтірушінің осындай жағдайын білген, бірақ оны әрекетке қабілетсіз деп тану және оған қорғаншылық жасау туралы мәселе қоймаған жұбайына, ата-анасына, кәмелетке толған балаларына жүктеуі мүмкін.

931-бап. Айналасындағыларға жоғары қауіп туғызатын қызмет (жоғары қауіптілік көздері) арқылы келтірілген зиян үшін жауапкершілік

1. Қызметі айналасындағылар үшін жоғары қауіптілікпен байланысты заңды тұлғалар мен азаматтар (көлік ұйымдары, өнеркәсіп орындары, құрылыстар, көлік құралдарының иелері және т.б.), егер зиян дүлей күштердің немесе жәбірленушінің теріс пиғылының салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе, жоғары қауіптілік көздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.

Зиянды өтеу міндеті меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен немесе кез келген басқа да заңды негізбен (мүліктік жалдау шарты, көлік құралын басқару құқығына берілген сенімхат, көздерді беру туралы құзыретті органның өкімі арқылы және т.б.) жоғары қауіптілік көзін иеленуші заңды тұлғаға немесе азаматқа жүктеледі.

2. Жоғары қауіптілік көздерінің иелері қауіптілік көздерінің өзара іс-қимылының (көлік құралдарының соқтығысуы және т.б.) салдарынан үшінші тұлғаларға келтірілген зиян үшін осы баптың 1-тармағында көзделген негіздер бойынша ортақ жауапты болады.

Жоғары қауіптілік көздерінің өзара іс-қимылы салдарынан олардың иелеріне келтірілген зиян жалпы негіздерде өтеледі. Бұл орайда:

1) бір тараптың кінәсінен келтірілген зиянды осы тарап толық көлемінде өтейді;

2) екі немесе бірнеше тараптың кінәсінен келтірілген зиян олардың әрқайсысының кінәсінің дәрежесіне сай өтеледі.

Тараптардың әрқайсысының кінәсінің дәрежесін белгілеу мүмкін болмаған кезде жауаптылық олардың арасында тең бөлінеді.

Зиян келтіруде тараптардың кінәсі болмаған кезде олардың бірде-біреуінің зиянды өтеуді талап етуге құқығы жоқ. Тараптардың әрқайсысы мұндай жағдайда өзі шеккен шығындар тәуекелін көтереді.

3. Жоғары қауіптілік көзінің иесі, егер қауіптілік көзі басқа тұлғалардың заңға қарсы іс-әрекеттері салдарынан иеленушінің иелігінен шыққанын дәлелдесе, осы көз келтірген зиян үшін жауап бермейді. Мұндай жағдайларда жоғары қауіптілік көзі келтірген зиян үшін ондай көзді заңға қайшы иеленушілер жауап береді. Жоғары қауіптілік көзін оның иелігінен заңға қайшы алуда иеленушінің кінәсі болған жағдайда жауаптылық иеленушіге де, жоғары қауіптілік көзін иеленген тұлғаларға да жүктелуі мүмкін.

932-бап. Бірлесіп келтірілген зиян үшін жауапкершілік

Бірлесіп зиян келтірген тұлғалар жәбірленушінің алдында ортақтасып жауап береді.

Сот жәбірленушінің арызы бойынша және оның мүдделері үшін бірлесіп зиян келтірген тұлғаларға үлестік жауаптылық жүктеуге құқылы.

933-бап. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы

1. Басқа адамның (еңбек (қызмет, лауазымдық) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің, көлік құралын жүргізуші адамның және т.б.) келтірген зиянды өтеушінің, егер заң актілерінде өзгеше мөлшер белгіленбесе, төленген төлем мөлшерінде осы адамға кері талап қоюға (регресс) құқығы бар.

2. Бірлесіп келтірілген зиянды өтеген зиян келтіруші, осы зиян келтіруші кінәсінің дәрежесіне сәйкес мөлшерде жәбірленушіге төленген үлесті зиян келтірушілердің әрқайсысынан талап етуге құқылы. Кінәнің дәрежесін айқындау мүмкін болмаған жағдайда үлестер тең деп танылады.

3. Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының лауазымды адамдары келтірген зиянды өтеген мемлекеттің (осы Кодекстің 923-бабының 1-тармағы) мұндай адамдардың кінәсі соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленсе, осы адамдарға кері талап қоюға құқығы бар.

4. Осы Кодекстің 925-928-баптарында аталған негіздер бойынша зиянды өтеген адамдардың зиян келтірген адамға кері талап қоюға (регресске) құқығы жоқ.

934-бап. Мүліктік зиянды өтеу әдістері

Зиянды өтеу туралы талапты қанағаттандыра отырып, сот істің мән-жайына сәйкес зиян үшін жауапты адамды келтірген зиянды толық өтеуге немесе оны заттай өтеуге (тегі мен сапасы нақ сондай зат беруге, бүлінген затты жөндеуге және т.б.) міндеттейді.

935-бап. Жәбірленушінің кінәсі мен зиян келтірген адамның мүліктік жағдайын есепке алу

1. Жәбірленушінің теріс пиғылы салдарынан пайда болған зиян өтеуге жатпайды.

2023.21.12. № 49-VIII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, егер жәбірленушінің өзінің өрескел абайсыздығы зиянның пайда болуына немесе ұлғаюына себеп болса, жәбірленуші мен зиян келтіруші кінәсінің дәрежесіне қарай өтеу мөлшері азайтылуға тиіс.

3. Жәбірленуші өрескел абайсыздық жасап, зиян келтірушінің кінәсі болмаған жағдайда, оның жауапкершілігі кінәсіне қарамастан туындаған кезде, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, өтеу мөлшері азайтылуға тиіс немесе зиянды өтеуден бас тартылуы мүмкін. Азаматтың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда зиянды өтеуден толық бас тартуға жол берілмейді.

2023.21.12. № 49-VIII ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4. Жәбірленушінің кінәсі:

қосымша шығыстарды (осы Кодекстің 937-бабы);

еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге байланысты денсаулығының зақымдануы салдарынан жоғалтқан табысын (кірісін) (осы Кодекстің 938-бабы);

азаматтың қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды (осы Кодекстің 940-бабы);

жерлеуге жұмсалған шығыстарды (осы Кодекстің 946-бабы) өтеу кезінде ескерілмейді.

5. Қасақана жасалған әрекеттермен зиян келтірілген реттерді қоспағанда, сот азаматтың мүліктік жағдайын ескере отырып, ол келтірілген зиянды өтеу мөлшерін азайта алады.

2. Азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу

936-бап. Азаматтың шарттық және өзге де міндеттемелерді орындау кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу

Азаматтың шарттық міндеттемелерді, еңбек (қызмет) міндеттерін, әскери қызмет міндеттерін орындауы кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян, егер заң актілерінде немесе шартта көтеріңкі жауаптылық көзделмесе, осы тараудың ережелері бойынша өтеледі.

2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен 937-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

937-бап. Денсаулықты зақымдау арқылы келтірілген зиянды өтеудің көлемі мен сипаты

1. Азаматқа жарақат немесе денсаулығына өзге де зақым келтірілген кезде жәбірленуші жоғалтқан, онда болған не анық иелене алатын табыс (кіріс), сондай-ақ денсаулыққа зақым келтіруден туындаған шығыстар (емделуге, қосымша тамақтануға, дәрілер сатып алуға, протез салғызуға, басқа адамның күтім жасауына, санаторий-курорттық емделуге, арнайы көлік құралдарын сатып алуға, басқа кәсіпке даярлауға және басқалар), егер жәбірленуші

көмек пен күтімнің осындай түрлеріне мұқтаж және оларды тегін алмайды деп танылса, өтелуге жатады.

Денсаулықтың зақымдануынан туындаған шығыстарды (емделуге, қосымша тамақтануға, дәрілер сатып алуға, протез салғызуға, басқа адамның күтім жасауына, санаторий-курорттық емделуге, арнайы көлік құралдарын сатып алуға, басқа кәсіпке даярлауға және басқалар), қызметкердің денсаулығына зиян келтірген жұмыс беруші Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген шектерде өтейді.

2. Жоғалтқан табысты (кірісті) анықтау кезінде жарақаттануына немесе денсаулығына өзгедей зақым келтірілуіне байланысты жәбірленушіге тағайындалған мүгедектік бойынша жәрдемақы, денсаулығына зиян келтіргенге дейін де, одан кейін де тағайындалған басқа да жәрдемақы түрлері, сондай-ақ зейнетақы төлемдері өтеу есебіне қосылмайды. Зиянды өтеу есебіне жәбірленушінің денсаулығы зақымданғаннан кейін алатын табыс та есептелмейді.

3. Осы бапқа сәйкес жәбірленушіге тиесілі өтемнің көлемі мен мөлшері заң актілерімен немесе шартпен көбейтілуі мүмкін.

ҚР 24.12.01 № 276-II Заңына сәйкес; 2014.07.11. № 248-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 938-бап өзгертілді

938-бап. Денсаулықтың зақымдануы салдарынан жоғалтылған табысты (кірісті) анықтау

1. Өтеуге жататын жоғалтылған табыстың (кірістің) мөлшері жарақаттануына немесе денсаулығының өзгедей зақымдануына дейінгі не жәбірленушінің кәсіби еңбекке қабілетін, ал ол болмаған кезде - жалпы еңбекке қабілетін жоғалтуы дәрежелеріне сәйкес, еңбекке жарамдылығынан айырылу басталғанға дейінгі орташа айлық табысының (кірісінің) процентterімен анықталады.

2023.21.12. № 49-VIII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Жоғалтылған табыстың (кірістің) құрамына негізгі жұмыс орны бойынша да, сондай-ақ қоса атқаратын жұмысы бойынша да еңбек және азаматтық-құқықтық шарттар бойынша еңбекке ақы төлеудің жеке табыс салығы салынатын барлық түрлері кіргізіледі. Біржолғы сипаттағы төлемдер (пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақылар, жұмыстан босатылған кездегі жұмыстан шығу жәрдемақысы және басқалары) және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған басқа да төлемдер ескерілмейді. Уақытша еңбекке жарамсыздық және жүктілік пен босануға байланысты демалыс кезеңі үшін төленген жәрдемақы есепке алынады. Кәсіпкерлік қызметтен алынатын кірістер, сондай-ақ авторлық қаламақы жоғалтылған табыстың құрамына кіргізіледі, бұл ретте кәсіпкерлік қызметтен алынатын кірістер мемлекеттік кіріс органы деректерінің негізінде кіргізіледі.

Табыстың (кірістің) барлық түрлері салықтар ұсталғанға дейін есептелген сомаларда ескеріледі.

2023.21.12. № 49-VIII ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3. Орташа айлық табыс (кіріс) денсаулыққа зақым келтірудің не еңбек қабілетін жоғалту басталардың алдындағы жұмыстың он екі айындағы табыстың (кірістің) жалпы сомасын он екіге бөлу жолымен есептеледі. Зиян келтірілген кезде жәбірленуші он екі айдан аз уақыт жұмыс істеген жағдайда орташа айлық табыс (кіріс) денсаулыққа зақым келтірудің алдындағы нақты жұмыс істелген айларда тапқан табыстың (кірістің) жалпы сомасын осы айлардың санына бөлу жолымен есептеледі.

Жәбірленуші толық жұмыс істемеген айлар толық жұмыс істеген айлардың алдындағы айлармен ауыстырылады не оларды ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда есептен шығарып тасталады.

4. Жәбірленуші зиян келтірілген кезде жұмыс істемеген жағдайда оның қалауы бойынша жұмыстан босатылғанға дейінгі табысы не осы жердегі оның біліктілігіндегі

қызметкер сыйақысының жай мөлшері ескеріледі, бірақ ол заң актілерімен белгіленген бір айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен кем болмауға тиіс.

5. Егер жәбірленушінің табысында (кірісінде) оған жарақат келтірілгенге немесе денсаулығының өзгедей зақымдануына дейін оның мүліктік жағдайын жақсартатын тұрақты өзгерістер болса (атқаратын қызметі бойынша жалақысы арттырылса, біршама жоғары ақы төленетін жұмысқа ауыстырылса, оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысқа тұрса және жәбірленушінің еңбегіне ақы төлеудің өзгертілуінің тұрақтылығы немесе өзгеру мүмкіндігі дәлелденген басқа жағдайларда), оның орташа айлық табысын (кірісін) белгілеу кезінде ол алған немесе тиісті өзгертуден кейін алуы тиіс болған табыс (кіріс) қана ескеріледі.

6. 2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 939-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

939-бап. Кәмелетке толмаған адамның денсаулығы зақымданған кезде зиянды өтеу

1. Жасы он төртке жетпеген және табысы жоқ кәмелетке толмаған адам (жас бала) жарақат алған немесе денсаулығы өзгедей зақымданған жағдайда зиян үшін жауапты адамдар денсаулықтың зақымдануына байланысты шығындарды өтеуге міндетті.

2. Жәбірленушінің он төрт жасқа толғаннан кейін, сондай-ақ табысы (кірісі) жоқ он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанға зиян келтірілген жағдайда зиян үшін жауапты адамдар денсаулығының зақымдануынан туындаған шығындардан басқа, еңбекке ақы төлеудің заң актілерімен белгіленген он еселенген айлық есептік көрсеткішті негізге ала отырып, оның еңбек қабілетін жоғалтуына және еңбек қабілетінің төмендеуіне байланысты зиянды да жәбірленушіге өтеуге міндетті.

Егер денсаулығы зақымданған кезде кәмелетке толмаған адамның табысы болса, зиян осы табыстың мөлшері негізінде, бірақ еңбекке ақы төлеудің заң актілерімен белгіленген кемінде он еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтеледі.

Еңбек қызметі басталғаннан кейін жәбірленуші өзі алатын табысты негізге ала отырып, бірақ кемінде өзі атқаратын қызмет бойынша белгіленген сыйақының немесе өзінің жұмыс орны бойынша сол біліктіліктегі қызметкер табысының мөлшерінде зиян өтемінің көбейтілуін талап етуге құқылы.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 940-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

940-бап. Азаматтың қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеу

1. Азамат қайтыс болған жағдайда қайтыс болған адамның асырауындағы немесе ол қайтыс болған күнге дейін одан жәрдем ақша алуға құқылы болған еңбекке жарамсыз адамдардың, қайтыс болған адамның ол қайтыс болғаннан кейін туған баласының, сондай-ақ ата-анасының біреуі, зайыбы не еңбекке қабілеттілігіне қарамастан жұмыс істемейтін және қайтыс болған адамның асырауында болған балаларын, немерелерін, жасы он төртке толмаған не аталған жасқа толса да, медицина органдарының қорытындысы бойынша денсаулық жағдайына байланысты басқа адамның күтуіне мұқтаж аға-інілері мен апа-қарындастарын (жас балаларды) күтумен айналысатын, отбасының басқа да мүшесінің зиянды өтетіп алуға құқығы бар.

2. Қайтыс болған адамның асырауында болған және ол қайтыс болғаннан кейін бес жылдың ішінде еңбекке жарамсыз болып қалған адамдардың да зиянды өтетіп алуға құқығы бар.

Ата-аналарының біреуі, зайыбы не жұмыс істемейтін және қайтыс болған адамның осы баптың 1-тармағында көрсетілген балаларын, немерелерін, аға-інілері мен апа-қарындастарын күтумен айналысатын және күтуді жүзеге асыру кезеңінде еңбекке жарамсыз болып қалған отбасының басқа мүшесі осы адамдарды күту аяқталғаннан кейін зиянды өтетіп алу құқығын сақтап қалады.

2019.02.04. № 241-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2022.27.06. № 129-VII ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2023.20.04. № 226-VII ҚР Заңымен (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 3-тармақ өзгертілді

3. Зиян: кәмелетке толмағандарға - он сегіз жасқа толғанға дейін, он сегіздегі және одан да ересек жастағы оқушыларға - күндіз оқыту нысанындағы оқу орындарындағы оқуы аяқталғанға дейін, бірақ әрі кеткенде жиырма үш жасқа дейін; Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған адамдарға - өмір бойы; мүгедектігі бар адамдарға мүгедектік мерзіміне; қайтыс болған адамның асырауында болған балаларын, немерелерін, аға-інілері мен апа-сіңлілерін (қарындастарын) күтумен айналысатын ата-анасының біреуіне, жұбайына не отбасының басқа мүшесіне - олар он төрт жасқа толғанға дейін не денсаулық жағдайы өзгергенге дейін өтеледі.

941-бап. Азамат қайтыс болған жағдайда келтірілген зиянды өтеу мөлшері

1. Азаматтың қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамдарға зиян оның көзі тірі кезінде өзінің асырауына алған немесе алуға құқылы қайтыс болған адамның табысының (кірісінің) осы Кодекстің 938-бабының ережелері бойынша есептелген үлесі мөлшерінде өтеледі. Осы адамдарға зиянды өтеуді белгілеген кезде қайтыс болған адамның кірістерінің құрамына оның табысымен қатар көзі тірі кезінде алып жүрген зейнетақысы, ғұмырлық жәрдем ақшасы мен осы сияқты басқа да төлемдер қосылады.

2. Зиянды өтеудің мөлшерін анықтаған кезде адамдарға асыраушының қайтыс болуына байланысты тағайындалған жәрдемақылар, асыраушы қайтыс болғанға дейін де, одан кейін де тағайындалған басқа да жәрдемақы түрлері, сондай-ақ табыс, стипендия, зейнетақы төлемдері ескерілмейді.

3. Асыраушының қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамдардың әрқайсысына белгіленген өтемнің мөлшері, баланың асыраушы қайтыс болғаннан кейін туылуы; қайтыс болған асыраушының балаларын, немерелерін, аға-інілері мен апа-қарындастарын күтумен айналысатын адамдарға өтемнің тағайындалуы (тоқтатылуы) жағдайларын қоспағанда бұдан әрі қайта есептеуге жатпайды.

Өтемнің көлемі мен мөлшері заң актісімен немесе шартпен көбейітілуі мүмкін.

942-бап. Зиянды өтеу мөлшерін өзгерту

1. Еңбек қабілетін ішінара жоғалтқан жәбірленуші, егер оның еңбек қабілеті оған өтем тағайындалған кезде өзінде болған еңбек қабілетіне қарағанда денсаулығына зақым келтірілуіне байланысты төмендеп кетсе, зиянды өтеу міндеті жүктелген адамнан өтем мөлшерін тиісінше көбейтуді кез келген уақытта талап етуге құқылы.

2. Жәбірленуші денсаулығының зақымдануына байланысты зиянды өтеу міндеті жүктелген адамдар, егер жәбірленушінің еңбек қабілеті зиян үшін өтем тағайындаған кезде өзінде болған еңбек қабілетіне қарағанда артып кетсе, өтем мөлшерін тиісінше төмендетуді талап етуге құқылы.

3. Егер зиянды өтеу міндеті жүктелген азаматтың мүліктік жағдайы жақсарса, ал өтемнің мөлшері осы Кодекстің 935-бабының 5-тармағына сәйкес төмендесе, жәбірленуші зиянды өтеу мөлшерін көбейтуді талап етуге құқылы.

4. Зиян келтірілген азаматтың талабы бойынша, егер зиянды өтеушінің мүліктік жағдайы зиянды өтеу тағайындалған кездегімен салыстырғанда мүгедектігіне не зейнет жасына толуына байланысты нашарласа, сот зиянды өтеу мөлшерін төмендетуі мүмкін (осы Кодекстің 935-бабының 5-тармағы).

2011.30.03. № 424-IV ҚР Заңымен 943-бап өзгертілді (бұр.ред.қара); 2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен 943-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

943-бап. Күнкөріс құнының артуына байланысты зиянды өтеуді ұлғайту

Азаматтарға денсаулығының зақымдануына немесе жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты төленетін зиянды өтеу сомалары инфляцияның болжамды деңгейінің орташа мәніне пропорционалды түрде жыл сайын ұлғайтылады.

2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен 944-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

944-бап. Зиянды өтеу жөніндегі төлемдер

2015.02.08. № 342-V ҚР Заңымен (2016 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2023.20.04. № 226-VII ҚР Заңымен (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді

1. Жәбірленушінің еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне немесе қайтыс болуына байланысты зиянды өтеу ай сайынғы төлемдермен жүргізіледі.

Жәбірленушінің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жоғалтылған табысы бөлігінде зиянды өтеу еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу мерзіміне, бірақ оның Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуінен аспайтын мерзімге жүзеге асырылады.

Бұл ретте, жоғалтылған табыс (кіріс) бөлігінде зиянды өтеу сомасынан Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіппен міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады.

Дәлелді себептер болған кезде сот зиян келтірушінің мүмкіндіктерін ескере отырып, өтеттіруге құқығы бар азаматтың талап етуі бойынша оған тиесілі төлемдерді біржолғы, бірақ үш жылдан аспайтындай етіп тағайындауы мүмкін.

2. Қосымша шығындарды өндіріп алу медициналық сараптама қорытындысының негізінде белгіленген мерзімдердің шегінде алдағы уақытқа, сондай-ақ қызмет көрсету мен мүліктің құнына алдын ала ақы төлеу қажет болған жағдайда (жолдама сатып алу, жол ақысын төлеу, арнайы көлік құралдарына ақы төлеу және т.б.) жүргізілуі мүмкін.

3. Жәбірленуші заң актілеріне сәйкес міндеттемені тоқтатуды немесе мерзімінен бұрын орындауды талап етуге құқығы болған жағдайларда, мұндай талап тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру жолымен қанағаттандырылады.

2011.30.03. № 424-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 945-бап өзгертілді

945-бап. Заңды тұлға тоқтатылған ретте зиянды өтеу

1. Өмір мен денсаулыққа келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты болып танылған заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда тиісті төлемдерді төлеу жөніндегі міндетін оның құқықтық мирасқоры алады. Оған зиянды өтеу жөнінде талаптар қойылады.
2023.21.12. № 49-VIII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Өмір мен денсаулыққа келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты болып танылған заңды тұлға таратылған жағдайда тиісті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен оларды жәбірленушіге төлеу үшін капиталдандырылуы тиіс.
2023.21.12. № 49-VIII ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3. Таратылатын заңды тұлғада мүліктің болмауы немесе жеткіліксіз болуы себепті төлемдерді капиталдандыруды жүргізу мүмкін болмаған жағдайларда тағайындалған сомаларды жәбірленушіге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекет төлейді.

4. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың өтеуі жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматына Қазақстан

Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмек жүзеге асырылады, олардың мөлшерлері инфляцияның болжамды деңгейінің орташа мәніне пропорционалды түрде жыл сайын ұлғайтылады.

946-бап. Жерлеуге жұмсалған шығындарды өтеу

Жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиян үшін жауапты адамдар жерлеуге қажетті шығындарды осы шығындарды көтерген адамға өтеуге міндетті.

Осы шығындарды көтерген азаматтардың жерлеуге арнап алған жәрдемақысы зиянды өтеу есебіне қосылмайды.

3. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу

947-бап. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу негіздері

Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) конструкциялық, рецептуралық немесе өзгедей жеткіліксіздігі салдарынан, сондай-ақ тауар (жұмыс, қызмет көрсету) туралы анық емес немесе жеткіліксіз ақпараттың салдарынан азаматтың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне не заңды тұлғаның мүлкіне келтірілген зиян, олардың кінәсіне және жәбірленушінің олармен шарттық қатынастарда болғандығына немесе болмағандығына қарамастан, сатушының немесе дайындаушының (орындаушының) өтеуіне жатады. Осы ереже тек тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) тұтынушылық мақсаттарда сатып алған жағдайларда ғана қолданылады.

948-бап. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің кемшілігі салдарынан келтірілген зиян үшін жауапты тұлғалар

1. Тауардың кемшілігі салдарынан келтірілген зиянды жәбірленушінің таңдауы бойынша тауарды сатушы немесе дайындаушы өтеуге тиіс.

2. Жұмыстың немесе қызмет көрсетулердің кемшілігі салдарынан келтірілген зиянды орындаушы өтеуге тиіс.

3. Тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) қасиеттері мен оларды пайдалану ережелері туралы толық немесе анық ақпарат бермеудің салдарынан келтірілген зиян осы баптың 1, 2-тармақтарының ережелеріне сәйкес өтелуге тиіс.

949-бап. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің кемшілігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу мерзімдері

1. Тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) кемшілігінен туындаған зиян, егер ол тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) жарамдылығының (қызметтің) белгіленген мерзімдері ішінде келтірілсе өтелуге, ал жарамдылық (қызмет) мерзімі белгіленбесе - тауарды (жұмыс, қызмет көрсету) өндірілген күннен бастап он жыл ішінде өтелуге тиіс.

2. Зиян:

1) егер заң актілерінің талаптары бұзыла отырып жарамдылық (қызмет) мерзімі белгіленбесе;

2) егер сатып алушы (тұтынушы) жарамдылық (қызмет) мерзімі өткеннен кейін қажетті іс-әрекеттер туралы және аталған іс- әрекеттерді орындамаған жағдайда мүмкін болатын зардаптар туралы ескертілмесе, осы баптың 1-тармағында аталған мерзімдер шегінен тыс өтелуге тиіс.

950-бап. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің кемшіліктері салдарынан келтірілген зиян үшін жауапкершіліктен босату негіздері

Тауар сатушы немесе дайындаушы, жұмысты немесе қызмет көрсетуді орындаушы, егер зиян дүлей күштің немесе тұтынушының тауарды (жұмыстың, қызмет көрсетудің нәтижелерін) пайдалану немесе оларды сақтау ережелерін бұзуы салдарынан пайда болғанын дәлелдеген жағдайларда ғана жауапкершіліктен босатылады.

4. Моральдық зиянды өтеу

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 951-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

951-бап. Моральдық зиянды өтеу

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Моральдық зиян - жеке тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, оның ішінде өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан жәбірленушінің, ал осындай құқық бұзушылық салдарынан ол қайтыс болған жағдайда - жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) басынан кешірген (төзімін тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қиналуы, залал шегу, қолайсыз жағдайда қалу және т.б.).

2. Моральдық зиянды осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайлардан басқа реттерде, зиян келтірушінің кінәсі болған кезде зиян келтіруші өтейді.

«1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 951-бабы 2-тармағының және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысының 9-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 6 қазандағы № 32-НҚ нормативтік қаулысын қараңыз

3. Зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан моральдық зиян мына жағдайларда, егер:

1) зиян азаматтың өмірі мен денсаулығына жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілсе;

2) зиян азаматқа оның заңсыз сотталуының, заңсыз қылмыстық жауапқа тартылуының, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алуды, үйде қамауда ұстауды немесе ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды қолданудың, қамауда ұстау, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне орналастыру түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолданудың салдарынан келтірілсе;

3) зиян ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы келтірілсе;

4) заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда өтеледі.

4. Заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтың мүліктік құқықтарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздік) арқылы келтірілген моральдық зиян өтелуге жатпайды.

952-бап. Моральдық зиянды өтеу мөлшері

1. Моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Моральдық зиянның мөлшерін анықтаған кезде жәбірленушінің не оған қарсы жасалған құқық бұзушылық салдарынан ол қайтыс болған жағдайда жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) келтірілген адамгершілік залалдың ауырлығын субъективті бағалауы да, сондай-ақ жәбірленушінің не ол қайтыс болған жағдайда оның жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) жан азабы мен тән азабының дәрежесін дәлелдейтін объективті деректер де: қол сұғу объектісі болған игіліктің (өмір, денсаулық, ар-ождан, қадір-қасиет, бостандық, тұрғын үйге ешкімнің тиіспеуі және т.б.) өмірлік маңыздылығы; құқық бұзушылық зардаптарының ауырлығы (жақын туыстарын өлтіру, мүгедектікке алып келген дене жарақатын салу, бас бостандығынан айыру, жұмыстан немесе тұрғын үйден айыру және т.б.); ұятқа қалдыратын жалған мәліметтер тарату сипаты

мен аясы; жәбірленушінің өмір сүру жағдайлары (қызметтік, отбасылық, тұрмыстық, материалдық, денсаулық жағдайы, жасы және басқалары), өзге де назар аударуға тұратын мән-жайлар ескеріледі.

3. Моральдық зиян өтелуге тиіс мүліктік зиянға қарамастан өтеледі.

48-тарау. НЕГІЗСІЗ БАЮ САЛДАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

953-бап. Негізсіз байлықты қайтару міндеті

1. Заңдармен немесе мәмілемен белгіленген негіздерсіз мүлікті басқа тұлғаның (жәбірленушінің) есебінен иеленіп алған немесе жинаған тұлға (сатып алушы), осы Кодекстің 960-бабында көзделген жағдайлардан басқа ретте, негізсіз иеленіп алынған немесе жинақталған мүлікті (негізсіз баю) алдыңғысына қайтаруға міндетті.

2. Егер мүлік иеленіп алынған немесе жинақталған негіз кейіннен жоққа шыққанда да, осы баптың 1-тармағында белгіленген міндет туындайды.

3. Осы тараудың ережелері негізсіз баю мүлікті иеленушінің, жәбірленушінің өзінің немесе үшінші тұлғалардың пиғылының нәтижесі не оқиғаның салдары болып табылғанына қарамастан қолданылады.

954-бап. Негізсіз байлықты қайтару туралы талаптардың азаматтық құқықтарды қорғау туралы басқа талаптармен арақатынасы

Осы Кодексте, басқа да заң актілерінде өзгеше белгіленбесе және тиісті қарым-қатынастар мәнінен өзгеше туындамаса, осы тараудың ережелері:

1) жарамсыз мәміле бойынша орындалғандарды қайтару туралы;

2) меншік иесінің мүлікті бөгде біреудің заңсыз иеленуінен сұратып алуы туралы;

3) міндеттемедегі бір тараптың екіншісіне осы міндеттемеге байланысты орындалғандарды қайтару туралы;

4) зиянды, оның ішінде байыған тұлғаның теріс пиғылынан келтірілген өтем туралы талаптарға да қолданылуға тиіс.

955-бап. Негізсіз байлықты заттай қайтару

1. Мүлікті иеленушінің негізсіз байлығын құрайтын мүлік жәбірленушіге заттай қайтарылуға тиіс.

2. Мүлікті иеленуші баюының негізсіздігі туралы ол білгеннен немесе білуге тиісті болғаннан кейін болған, оның ішінде негізсіз иеленілген немесе жинақталған қандай болса да мүліктің кездейсоқ кем шыққаны немесе бүлінгені үшін жәбірленушінің алдында жауап береді. Бұған дейін ал тек жасырын ниеті мен өрескел абайсыздығы үшін ғана жауап береді.

956-бап. Негізсіз байлықтың құнын өтеу

1. Негізсіз алынған немесе жинақталған мүлікті заттай қайтарып беру мүмкін болмаған жағдайда мүлікті иеленуші жәбірленушіге осы мүліктің оны алған кездегі нақты құнын өтеуі, сондай-ақ егер мүлікті иеленуші оның құнын баюдың негізсіздігі туралы білгеннен кейін дереу өтемесе, мүлік құнының кейінгі өзгеруі арқылы келтірілген шығындарды өтеуге тиіс.

2. Басқаның мүлкін не басқаның қызмет көрсетулерін негізсіз уақытша пайдаланған (оны иелену ниетінсіз) адам жәбірленушіге пайдалану тоқтатылған кездегі және оның болған жеріндегі бағамен осындай пайдалану салдарынан жинақтағанын өтеуге тиіс.

957-бап. Құқықты басқа тұлғаға негізсіз берудің зардабы

Талаптарын беру арқылы немесе өзіне өзге де түрде тиесілі құқығын жоқ немесе жарамсыз міндеттеме негізінде басқа тұлғаға берген тұлға өзінің бұрынғы жағдайын

қалпына келтіруді, оның ішінде берілген құқықты куәландыратын құжаттардың өзіне қайтарылуын талап етуге құқылы.

958-бап. Жәбірленушіге алынбаған табыстарды өтеу

1. Мүлікті негізсіз алған немесе жинақтаған тұлға мұндай баюдың негізсіздігі туралы білген немесе білуге тиісті болған уақыттан бастап осы мүліктен өзі алған немесе алуға тиісті болған барлық кірістерді жәбірленушіге қайтаруға немесе өтеуге міндетті.

2. Негізсіз ақшалай баюдың сомасына ақшаны иемденушіге ақша алудың немесе жинақтаудың негізсіздігі туралы білген немесе білуге тиісті болған уақыттан бастап бөгде ақшаны пайдаланғаны үшін тұрақсыздық айыбы есептелуге тиіс.

959-бап. Қайтарылуға жататын мүлікке шыққан шығындарды өтеу

Негізсіз алынған немесе жинақталған мүлікті қайтарған (осы Кодекстің 955-бабы) немесе оның құнын өтеген кезде (осы Кодекстің 956-бабы) мүлікті иемденуші өзі алған пайданы есептей отырып, кірісті қайтаруға өзі міндетті болған (осы Кодекстің 958-бабы) уақыттан бастап мүлікті ұстауға және сақтауға қажетті шығындарды өтеуді жәбірленушіден талап етуге құқылы. Шығындарды өтеу құқығы мүлікті иемденуші қайтарылуға жататын мүлікті қасақана ұстаған жағдайларда жойылады.

960-бап. Қайтарылуға жатпайтын негізсіз байлық

Негізсіз байлық ретінде:

1) егер міндеттемеде өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындау үшін оны орындау мерзімі басталғанға дейін берілген мүлік;

2) талап ету мерзімі өткеннен кейін міндеттемені орындау үшін берілген мүлік;

3) азаматқа оның тарапынан теріс пиғыл болмаған жағдайда күнкөріске арналған қаражат ретінде (жалақы, авторлық сыйақы, өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу, зейнетақы, алименттер және т.б.) берілген және иемденуші пайдаланған ақша сомасы және өзге де мүлік;

4) егер иемденуші мүліктің қайтарылуын талап еткен тұлғаның міндеттеменің жоқтығы туралы білгендігін не мүлікті қайырымдылық мақсатында бергенін дәлелдесе, болмаған міндеттемені атқару үшін берілген ақша сомасы мен өзге мүлік қайтарылуға жатпайды.

5 бөлім ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

49-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2005.22.11. № 90- III ҚР Заңымен 961-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

961-бап. Интеллектуалдық меншік құқығының объектілері

1. Интеллектуалдық меншік құқығының объектілеріне:

1) интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері;

2) азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары жатады.

2. Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелеріне:

1) ғылым, әдебиет және өнер туындылары;

2) эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдарының орындаушылығы, қойылымдары, фонограммалары мен хабарлары;

3) өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер;

4) селекциялық жетістіктер;

5) интегралдық микросызба топологиялары;

6) ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау);

7) осы Кодексте немесе өзге де заң актілерінде көзделген реттерде интеллектуалдық шығармашылық қызметтің басқа да нәтижелері жатады.

3. Азаматтық айналымға қатысушыларды,тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына:

1) фирмалық атаулар;

2) тауарлық белгілер (қызмет көрсету белгілері);

2022.20.06. № 128-VII ҚР Заңымен 2-1) тармақшамен толықтырылды

2-1) географиялық нұсқамалар;

2022.20.06. № 128-VII ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3) тауарлар шығарылған жерлердің атаулары;

4) осы Кодексте және заң актілерінде көзделген реттерде азаматтық айналымға қатысушылардың, тауарлар мен қызмет көрсетулердің басқа да дараландыру құралдары жатады.

962-бап. Интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықтың пайда болу негіздері

Интеллектуалдық меншік объектілеріне құқық оларды құру фактісінің күшімен не осы Кодексте немесе өзге де заң актілерінде көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша уәкілетті мемлекеттік органның құқықтық қорғауды беруі нәтижесінен туындайды.

963-бап. Интеллектуалдық меншік объектілеріне жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар

1. Интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижелерінің авторлары осы нәтижелерге қатысты жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтарға ие болады.

Жеке мүліктік емес құқықтар, оның мүліктік құқығына қарамастан, авторға тиесілі болады және оның мүліктік құқығы басқа тұлғаның интеллектуалдық шығармашылық қызметінің нәтижелеріне ауысқан жағдайда өзінде сақталып қалады.

2. Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына (бұдан әрі - дараландыру құралдары) арналған құқық іргелері осы құралдарға қатысты мүліктік құқықтарға ие болады.

3. Интеллектуалдық шығармашылық қызмет нәтижесінің авторы болып танылу құқығы (авторлық құқық) жеке мүліктік емес құқық болып табылады және оған шығармашылық еңбегімен интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижесін жасаған адам ғана ие бола алады.

Авторлық құқықты иеліктен айыруға және басқа адамға беруге болмайды. Егер нәтиже екі немесе одан да көп адамның бірлескен авторлығымен жасалса, олар тең авторлар болып танылады.

Тұтастай алғанда туындының тең авторлары болып танылатын адамдар тобы интеллектуалдық меншіктің жекелеген объектілеріне қатысты заң актілерімен шектелуі мүмкін.

2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен 964-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

964-бап. Интеллектуалдық меншік объектілеріне айрықша құқықтар

1. Интеллектуалдық шығармашылық меншік объектісін оның иесінің өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға мүліктік құқығы интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижесіне немесе дараландыру құралына айрықша құқық болып танылады.

Айрықша құқықтар объектісін басқа тұлғалардың пайдалануына құқық иеленушінің келісімімен не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда жол беріледі.

2. Интеллектуалдық меншік объектісіне айрықша құқықты иеленуші, егер ол осы Кодекстің және өзге де заң актілерінің ережелеріне қайшы келмесе, осы құқықты басқа

адамға толық немесе ішінара беруге, интеллектуалдық меншік объектісін пайдалануға рұқсат етуге және оны өзгедей түрде пайдалануға құқылы.

3. Айрықша құқықтарды шектеуге, осы құқықтарды жарамсыз деп тануға және оларды тоқтатуға (жоюға) осы Кодексте және өзге де заң актілерінде белгіленген жағдайларда, шектер мен тәртіп бойынша жол беріледі.

965-бап. Айрықша құқықтардың басқа адамға ауысуы

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Егер осы Кодексте немесе өзге де заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықтарды олардың құқық иелері шарт бойынша толық немесе ішінара басқа адамға беруі мүмкін, сондай-ақ мұрагерлік бойынша әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен және заңды тұлғаның - құқық иесінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде ауысады.

Айрықша құқықтардың берілуі авторлық құқық пен өзге де мүліктік емес құқықтардың жүзеге асырылуын шектемеуге тиіс. Мұндай құқықтарды беру немесе шектеу туралы шарттың талаптары маңызсыз болады.

2. Басқа адамға оның қолданылуы кезеңінде шектеулі уақытқа айрықша құқық беруді көздейтін шартқа лицензиялық шарт туралы ережелер қолданылады (осы Кодекстің 966-бабы).

966-бап. Лицензиялық шарт

1. Лицензиялық шарт бойынша интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижесіне немесе дараландыру құралына айрықша құқықты иеленуші тарап (лицензиар) екінші тарапқа (лицензиатқа) интеллектуалдық меншіктің тиісті объектісін белгілі бір әдіспен уақытша пайдалану құқығын береді.

Лицензиялық шарт ақылы болып саналады.

2. Лицензиялық шартта лицензиатқа:

1) интеллектуалдық меншік объектісін лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігі мен лицензияны басқа адамға беру құқығын сақтай отырып пайдалану құқығын (жай, ерекше емес лицензия);

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

2) интеллектуалдық меншік объектісін лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтамай және лицензияны басқа адамдарға беру құқығынсыз пайдалану құқығын (айрықша лицензия);

3) интеллектуалдық меншік объектісін пайдаланудың заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да жағдайларын беру көзделуі мүмкін.

Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, лицензия жай (ерекше емес) деп ұйғарылады.

3. Лицензиаттың интеллектуалдық меншік объектісін пайдалану құқығын басқа адамға беруі туралы шарт қосалқы лицензиялық шарт болып танылады. Лицензиат қосалқы лицензиялық шартты тек лицензиялық шартта көзделген жағдайларда ғана жасауға құқылы.

Лицензиардың алдында қосалқы лицензиаттың іс-әрекеті үшін, егер шартта өзгеше көзделмесе, лицензиат жауапты болады.

967-бап. Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелерін жасау және пайдалану туралы шарт

1. Автор шарт бойынша туындыны, өнертабысты немесе интеллектуалдық шығармашылық қызметтің өзге де нәтижесін жасау және өзінің жұмыс берушісі болып табылмайтын тапсырысшыға оны пайдаланудың айрықша құқығын беруге өзіне міндеттеме алуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шарт интеллектуалдық шығармашылық қызметтің жасалуға тиісті нәтижесінің сипатын, сондай ақ оның пайдаланудың мақсаттарын не әдістерін белгілеуге тиіс.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Шарттың белгілі бір түрдегі не белгілі бір саладағы зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелерін жасауға автордың құқығын шектейтін талаптары маңызсыз болады.

968-бап. Айрықша құқық және меншік құқығы

Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижесіне немесе дараландыру құралына, мұндай нәтиже немесе дараландыру құралы көрсетілген материалдық объектіге меншік құқығына қарамастан, айрықша құқық қолданылады.

969-бап. Айрықша құқықтардың қолданылу мерзімі

1. Интеллектуалдық меншік объектісіне айрықша құқық осы Кодексте немесе өзге де заң актілерінде көзделген мерзім ішінде қолданылады.

Заң актілерінде мұндай мерзімді ұзартудың мүмкіндігі көзделуі мүмкін.

2. Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелеріне жеке мүліктік емес құқық мерзімсіз қолданылады.

3. Заң актілерінде көзделген жағдайларда айрықша құқықтың қолданылуы оны белгілі бір уақыт ішінде қолданбаудың салдарынан тоқтатылуы мүмкін.

970-бап. Айрықша құқықтарды қорғау әдістері

1. Айрықша құқықтарды қорғау осы Кодекстің 9-бабында көзделген әдістермен жүзеге асырылады. Айрықша құқықтарды қорғау:

1) пайдалану арқылы айрықша құқықты бұзған материалдық объектілерді және осындай бұзушылық нәтижесінде жасалған материалдық объектілерді алып қою;

2) жіберілген кемшіліктер туралы, оған бұзылған құқықтың кімге қатысты екендігі туралы мәліметтерді қоса отырып, міндетті жариялау жолымен;

3) заң актілерінде көзделген өзге әдістермен де жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері мен дараландыру құралдарын пайдалану туралы шарттар бұзылған жағдайда міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік туралы жалпы ережелер қолданылады (осы Кодекстің 20-тарауы).

50-тарау. АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

2005.22.11. № 90- III ҚР Заңымен 971 -бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

971-бап. Авторлық құқықпен қорғалатын туындылар (авторлық құқық объектілері)

1. Авторлық құқық шығармашылық қызмет нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына олардың бағытына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ оларды білдіру әдісі мен нысанына қарамастан қолданылады.

2. Авторлық құқық халыққа таратылған (жарияланған, жарыққа шыққан, басып шығарылған, көпшілік алдында орындалған, көпшілікке көрсетілген), сондай-ақ халыққа таратылмаған туындыларға қандай да бір объективті нысанда:

1) жазбаша (қолжазба, машинаға басылған, нота жазбасы және т.б.);

2) ауызша (көпшілік алдында айту, көпшілік алдында орындау және т.б.);

3) дыбыс немесе бейне жазу (механикалық, цифрлық, магнитті, оптикалық және т.б.);

4) бейнелеу (сурет, эскиз, картина, жоспар, сызба, кино, теле, бейне немесе фото кадр және т.б.);

5) көлемдік-кеңістікті (мүсіндеме, модель, пакет, құрылыс және т.б.);

6) өзге де нысандарда қолданылады.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған белгілері бар және дербес пайдаланылуы мүмкін туындының бір бөлігі (оның атауын, кейіпкерлердің атауларын қоса) авторлық құқық объектісі болып табылады.

4. Авторлық құқық идеялардың, тұжырымдамалардың, принциптердің, әдістердің, жүйелердің, процестердің, жаңалықтардың, фактілердің жеке өздеріне қолданылмайды.

2005.22.11. № 90- III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 972-бап өзгертілді

972-бап. Авторлық құқық объектілерінің түрлері

1. Авторлық құқық объектілері мыналар болып табылады:

1) әдеби туындылар;

2) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;

3) сценарийлік туындылар;

4) хореография және пантомима туындылары;

5) мәтінді немесе мәтінсіз музыкалық туындылар;

6) аудио-бейне туындылар;

7) кескіндеме, мүсін, графика туындылары мен басқа да бейнелеу өнерінің туындылары;

2025.24.11. № 233-VIII ҚР Заңымен 8) тармақша жаңа редакцияда (2026 ж. 25 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

8) сәндік-қолданбалы өнер туындылары;

9) сәулет, қала құрылысы, дизайн және бау-саябақ өнері туындылары;

10) фотосурет туындылары және фотосуретке ұқсас әдістермен алынған туындылар;

11) географияға, топографияға және басқа ғылымдарға қатысты карталар, жоспарлар, эскиздер, безендірмелер мен үш өлшемді туындылар;

2025.24.11. № 233-VIII ҚР Заңымен 12) тармақша жаңа редакцияда (2026 ж. 25 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

12) компьютерлік бағдарламалар (бағдарламалық қамтылым);

13) өзге де туындылар.

2025.24.11. № 233-VIII ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (2026 ж. 25 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2. Компьютерлік бағдарламаларды (бағдарламалық қамтылымды) қорғау бастапқы мәтін мен объектінің кодын қоса алғанда, кез келген тілде және кез келген нысанда көрсетілуі мүмкін компьютерлік бағдарламалардың (бағдарламалық қамтылымның) барлық түрлеріне (оның ішінде операциялық жүйелерге) қолданылады.

3. Авторлық құқық объектілеріне, сондай-ақ:

1) туынды шығармалар (аудармалар, өңдеулер, аннотациялар, рефераттар, түйіндеулер, шолулар, инсценировкалар, музыкалық аранжировкалар және ғылым, әдебиет пен өнер туындыларының басқа да қайта өңделімдері);

2) жинақтар (энциклопедиялар, антологиялар, деректер базалары) және басқа да іріктелу және (немесе) материалдардың орналасу бойынша шығармашылық еңбек нәтижесі болып саналатын құрастырылған туындылар жатады.

Туынды және құрастырылған шығармалар оларға негіз болған немесе олар қамтыған шығармалардың авторлық құқық объектілері болу-болмауына қарамастан авторлық құқықпен қорғалады

973-бап. Авторлық қатынастарды құқықтық реттеу

Авторлық қатынастар осы Кодекспен және авторлық құқық пен сабақтас құқықтар туралы өзге де заң актілерімен, ал оларда көзделген жағдайларда өзге де заң актілерімен реттеледі.

974-бап. Авторлық құқық объектілері болып табылмайтын туындылар

Мыналар авторлық құқық объектілері болып табылмайды:

1) ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, заң шығару, әкімшілік, сот және дипломатиялық сипаттағы өзге де мәтіндер), сондай-ақ олардың ресми аудармалары;

2) мемлекеттік рәміздер мен белгілер (жалаулар, елтаңбалар, ордендер, ақша белгілері және өзге де мемлекеттік рәміздер мен белгілер);

3) халық шығармашылығының туындылары;

4) ақпараттық сипаттағы оқиғалар мен фактілер туралы хабарлар;

2026.09.01. № 254-VIII ҚР Заңымен 5) тармақшамен толықтырылды (2026 ж. 12 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді)

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да объектілер.

2005.22.11. № 90- III ҚР Заңымен 975 -бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

975-бап. Ресми құжаттардың, мемлекеттік рәміздер мен белгілердің жобаларына құқық

1. Ресми құжаттардың, мемлекеттік рәміздер мен белгілердің жобаларына авторлық құқыққа жобаларды жасаған адам (жасаушы) ие болады.

Ресми құжаттардың, рәміздер мен белгілердің жобаларын жасаушылар, егер оны жасауға тапсырма беруші оған тыйым салмаса, ондай жобаларды жариялауға құқылы. Жобаны жариялаған жағдайда оны жасаушылар өз есімін көрсетуге құқылы.

2. Жобаны, жасаушының келісімінсіз, егер бұл жобаны автор жарияласа немесе тиісті органға жіберсе, оны ресми құжат дайындау үшін құзыретті органның пайдалануы мүмкін.

Ресми құжаттарды, мемлекеттік рәміздерді немесе белгілерді жобаның негізінде дайындаған кезде оған ресми құжатты, мемлекеттік рәмізді немесе белгіні дайындауды жүзеге асырушы орган өз қалауы бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізуі мүмкін.

3. Құзыретті орган жобаны қабылдағаннан кейін ол әзірлеушінің есімі көрсетілмей-ақ және авторлық сыйақы төленбестен пайдаланылуы мүмкін.

976-бап. Авторлық құқықты қорғау белгісі

1. Айрықша авторлық құқық иесі өз құқықтары туралы мәлімдеу үшін туындының әрбір данасына салынған және үш элементтен:

1) қоршауға алынған латынша «С» әрпінен;

2) айрықша авторлық құқықтар иесінің есімінен (атауынан);

3) туындының бірінші жарияланған жылынан тұратын авторлық құқықты қорғау белгісін пайдалануы мүмкін.

2. Егер өзге дәлел болмаса, қорғау белгісінде көрсетілген адам айрықша авторлық құқықтың иесі болып саналады.

2012.12.01. № 537-IV ҚР Заңымен 977-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

977-бап. Автордың жеке мүліктік емес құқықтары

1. Туынды авторының мынадай жеке мүліктік емес құқықтары болады:

1) туынды авторы ретінде танылу және оны пайдалану кезінде осы туындыға басқа адамдардың авторлығын тануды болғызбайтын нақ осындай тануды талап ету құқығы (авторлық құқық);

2) туындыны өз атынан, бүркеншік атпен немесе жасырын атпен пайдалану құқығы (авторлық атқа құқық);

3) өз туындысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге және оның атауын қоса алғанда, туынды жарық көргенде, көпшілік алдында орындалғанда немесе өзге түрде пайдаланылғанда автордың келісімінсіз кімнің болса да өзгерістер мен толықтырулар енгізуінен туындыны қорғау құқығы (туындыға қол сұқпаушылық құқығы).

Автордың келісімінсіз оның туындысын шығарғанда безендірулер, алғысөздер, соңғысөздер, түсініктемелер немесе қандай да болсын түсіндірмелер беруге тыйым салынады.

Автор қайтыс болғаннан кейін оның туындысын қол сұғушылықтан қорғауды өсиетте көрсетілген адам, ал мұндай нұсқау болмаған жағдайда автордың мұрагерлері, сондай-ақ заң актілеріне сәйкес авторлық құқықтарды қорғау жүктелген тұлғалар жүзеге асырады.

4) қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібімен жасалған, туындыларды қоспағанда, туындыға белгісіз адамдар тобының қол жеткізуіне жол ашу құқығы (халыққа жария ету құқығы).

2. Автор туындыны халыққа тарату туралы бұрын қабылдаған шешімінен бас тартуға құқылы (кері қайтарып алу құқығы), бұл жағдайда жоғалтылған пайдасын қоса алғанда, пайдаланушыға осындай шешім арқылы келтірілген залал өтелуі керек. Егер туынды халыққа жария болып кетсе, автор оны кері қайтарып алатыны туралы көпшілікке хабарлауға міндетті. Бұл орайда ол туындының бұрын әзірленген даналарын өз есебінен айналыстан алып тастауға құқылы.

Осы тармақтың ережелері қызметтік туындыларға қолданылмайды.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Автордың біреумен келісімі немесе автордың жеке мүліктік емес құқықтарын жүзеге асырудан бас тартуы туралы арызы маңызсыз болады.

2005.22.11. № 90- III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2012.12.01. № 537-IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 978-бап өзгертілді

978-бап. Автордың мүліктік құқықтары

1. Авторға туындыны кез келген нысанда және кез келген әдіспен пайдалануға айрықша құқықтар беріледі.

2. Автордың туындыны пайдалануға айрықша құқықтары мынадай әрекеттерді жүзеге асыру, жүзеге асыруға рұқсат беру немесе тыйым салу құқығын білдіреді:

1) туындыны қайта жаңғыртуына (қайта жаңғырту құқығы);

2) туындының түпнұсқасын немесе даналарын кез келген әдіспен таратуына: сатуына, айырбастауына, прокатқа (жалға) беруіне, өзге де операциялар, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде операциялар жасауына (тарату құқығы);

3) туындыны көпшілік алдында көрсетуіне (көпшілікке көрсету құқығы);

4) туындыны көпшілік алдында орындауына (көпшілік алдында атқару құқығы);

5) жалпыға бірдей мәлімдеу үшін эфирге немесе кабель арқылы хабарлауды қоса алғанда туындыны көпшілікке хабарлауына (көпшілікке хабарлау құқығы);

6) туындыны эфирге беруіне (радио және теледидар арқылы тарату), оның ішінде туындыны кабель немесе спутниктік байланыс арқылы таратуына (эфирге хабарлау құқығы);

7) туындыны аударуына (аудару құқығы);

8) туындыны қайтадан жасауына, аранжировкалауына немесе басқаша түрде өңдеуіне (өңдеу құқығы);

9) қала құрылысы, сәулет, безендіру жобасын іс жүзіне асыруына;

10) заңнамалық актілерге қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыруына.

3. 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр.ред.қара)*

4. Егер заңды түрде жарияланған туындының даналары оларды сату арқылы азаматтық айналымға енгізілсе, онда Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оларды одан әрі таратуға автордың келісімінсіз және авторлық сыйақы төленбестен жол беріледі.

5. Туынды кіріс келтіру мақсатымен сатылғандығына не оны сату бұған бағытталмағандығына қарамастан, пайдаланылған деп саналады.

6. Туындының (өнертабыстардың, өзге де техникалық, экономикалық, ұйымдастырушылық және т.б. шешімдердің) мазмұнын құрайтын ережелерді іс жүзінде қолдану туындыны авторлық құқық мағынасында пайдалану болмайды.

979-бап. Туындыны сақтауға беру

1. Туындылардың қолжазбаларын, материалдық негіздегі басқа туындыларды, оның ішінде машинкаға басылғандарын сақтауға беру, егер осылайша сақтауға беру әркімнің кіруіне ашық қоймада (депозитарийде) жүргізілсе және депозитариймен жасалған шарт бойынша кез келген адамның туынды данасын алуына жол берілсе, туындыны пайдалану деп танылады.

2. Туындыны сақтауға беру құқық иесінің депозитариймен туындыны пайдалану талаптарын белгілейтін шарты негізінде жүзеге асырылады. Мұндай шарт және депозитарийдің пайдаланушымен шарты жария болып табылады (осы Кодекстің 387-бабы).

980-бап. Қазақстан Республикасының аумағында авторлық құқықтың қолданылуы

1. Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет жарияланған немесе жарияланбаған, бірақ түпнұсқасы қандай болса да объективті нысанда оның аумағында болған туындыға авторлық құқық Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады. Бұл жағдайда автор және (немесе) оның мұрагерлері, сондай-ақ автордың басқа да құқықтық мирасқорлары өздерінің азаматтығына қарамастан авторлық құқық иесі болып танылады.

2. Туындысы шет мемлекет аумағында алғаш рет жарияланған немесе қандай болса да объективті нысанда болған Қазақстан Республикасы азаматтарының да, сондай-ақ олардың құқықтық мирасқорларының да авторлық құқығы танылады.

3. Халықаралық шарттарға сәйкес авторлық құқықты қорғау құқық иесіне берілген жағдайда туындының шет мемлекет аумағында жариялану фактісі тиісті халықаралық шарттардың ережелеріне сай анықталады.

4. Қазақстан Республикасының аумағында туындыны қорғау мақсатында туындының авторы туынды алғаш рет аумағында қорғауға алынған мемлекеттің заңы бойынша анықталады.

981-бап. Авторлық құқықтың қолданыла бастауы

Туындыға авторлық құқық оның жариялануына қарамастан туындыға үшінші тұлғалардың қабылдауына қолайлы объективті нысан берілген кезден бастап қолданыла бастайды. Ауызша туындыға авторлық құқық оны үшінші тұлғаға хабарлаған кезден бастап қолданылады.

Егер туынды осы Кодекстің 980-бабының қолдануына келмейтін болса, мұндай туындыға авторлық құқық, егер ол Қазақстан Республикасында жүзеге асырылса, туынды алғаш рет жарияланған кезден бастап қорғалады.

*2005.22.11. № 90- III ҚР **Заңымен** 982 -бап өзгертілді (бұр. **ред.** қара)*

982-бап. Авторлық құқықтың қолданылу мерзімі

1. Авторлық құқық автордың бүкіл өмірі бойына және ол қайтыс болғаннан кейін, автор қайтыс болғаннан кейінгі келесі жылдың бірінші қаңтарынан есептегенде, жетпіс жыл бойы күшінде болады.

2. Бірлесіп шығарылған туындыға авторлық құқық серіктес авторлардың бүкіл өмірі бойына және басқа да серіктес авторлардың ең соңғысы қайтыс болғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшінде болады.

3. Бүркеншік атпен немесе жасырын атпен алғаш рет жарыққа шыққан туындыға авторлық құқық туынды жарыққа шыққаннан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан есептегенде жетпіс жыл бойы күшінде болады.

Егер көрсетілген мерзім ішінде жасырын немесе бүркеншік ат ашылса, осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім қолданылады.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мерзім ішінде авторлық құқық автордың мұрагерлеріне тиесілі болады және мұрагерлік бойынша ауысады, автормен, оның мұрагерлерімен және одан кейінгі құқықтық мирасқорларымен шарт бойынша құқық алған құқықтық мирасқорларына тиесілі болады.

5. Автор қайтыс болғаннан кейін отыз жылдың ішінде алғаш рет жарыққа шыққан туындыға авторлық құқық туынды жарыққа шыққаннан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан есептегенде ол жарыққа шыққаннан кейінгі жетпіс жыл бойы күшінде болады.

6. Авторлық, автордың есімі және туындыға қол сұқпаушылық мерзімсіз қорғалады.

*2005.22.11. № 90- III ҚР **Заңымен** 983 -бап өзгертілді (бұр. **ред.** қара)*

983-бап. Туындының қоғам игілігіне ауысуы

1. Туындыға авторлық құқықтың қолданылу мерзімі біткеннен кейін ол қоғамның игілігіне айналады.

2. Қоғамның игілігі болып табылатын туындыларды кез келген тұлға авторлық сыйақы төлеместен еркін пайдалана алады. Бұл орайда авторлық құқық, автор есіміне құқық және туындыға қол сұқпаушылық құқығы сақталуға тиіс.

984-бап. Авторлық құқықтарды басқару

1. Құқық иеленуші өзіне тиісті құқықтарды өз қалауы бойынша жеке жүйеге асыруға құқылы. Өзге адамдар авторлық құқықтарды тек құқық иеленушінің келісімі бойынша және, өкілдікті заңды өкіл жүзеге асыратын осы Кодекстің 977-бабында көзделген құқықтарды қоспағанда, оларға берілген өкілеттік шегінде ғана басқара алады.

2. Авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілер заң актілерінде белгіленген тәртіппен авторлық және сабақтас құқықтарды басқару жүктелетін ұйымдар құра алады.

51-тарау. САБАҚТАС ҚҰҚЫҚТАР

985-бап. Сабақтас құқықтардың объектілері

Сабақтас құқықтар қойылымдарға, орындаушылыққа, фонограммаларға, эфирлік және кабельдік хабар таратушы ұйымдардың хабарларына, олардың мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ олардың көрсетілу әдістері мен нысандарына қарамастан қолданылады.

2005.22.11. № 90- III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 986-бап өзгертілді

986-бап. Сабақтас құқықтардың субъектілері

1. Орындаушылар, фонограмма жасаушылар мен эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдары сабақтас құқық субъектілері болып табылады.

2. Фонограмма жасаушы, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдары осы тарауда көзделген құқықтарды фонограмма жазылған не эфирге немесе кабель арқылы берілетін туындының орындаушысымен және оның авторымен жасалған шарт бойынша алынған құқықтар шегінде жүзеге асырады.

3. Орындалатын туынды авторларының құқықтары сақталған кезде, орындаушы осы тарауда көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтарды жүзеге асырады.

4. Сабақтас құқықтардың пайда болуы және жүзеге асырылуы үшін туындыны тіркеу немесе қандай да бір басқа формалды талаптарды сақтау талап етілмейді.

5. Фонограмма шығарушы және (немесе) орындаушы өз құқықтары туралы жариялау үшін орындау жазбасының, фонограмманың әрбір данасында және (немесе) ол сақталатын әрбір қорапта орналасатын және үш элементтен:

1) қоршауға алынған латынша «Р» әрпінен;

2) айрықша сабақтас құқықтар иесінің есімінен (атауынан);

3) орындау жазбасының, фонограмманың бірінші жарияланған жылынан тұратын сабақтас құқықтарды қорғау белгісін пайдалануға құқылы.

6. Егер өзгеше дәлелденбесе, фонограммада және (немесе) оның қорабында есімі немесе атауы көрсетілген жеке немесе заңды тұлға фонограмма шығарушы болып танылады.

*2005.22.11. № 90- III ҚР **Заңымен** 987-бап өзгертілді (бұр. **ред.** қара)*

987-бап. Сабақтас құқықтардың қолданылуы

1. Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет орын алған орындаушының орындауға құқығы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады. Бұл жағдайда орындаушының және оның мұрагерлерінің, сондай-ақ азаматтығына қарамастан орындаушының өзге де құқықтық мирасқорларының құқықтары танылады.

Орындау алғаш рет шет мемлекеттің аумағында жүзеге асырылған жағдайда да орындаушының, сондай-ақ оның құқықтық мирасқорларының құқығы танылады.

2. Егер фонограмма жазбасы алғаш рет Қазақстан Республикасында көпшілік алдында қайта жаңғыртылса немесе оның даналары көпшілікке таратылса, бұл фонограмма шығарушының құқықтары Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының немесе Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты жері немесе тұратын орны бар заңды тұлғалардың да фонограмма шығару құқықтары танылады.

3. Егер ұйымның Қазақстан Республикасының аумағында ресми орналасқан жері болса және хабарларды Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан таратқыштар көмегімен жүзеге асырса, оның эфирлік немесе кабельдік хабар таратуды ұйымдастыру құқығы танылады.

4. Өзге де шетелдік орындаушылардың, фонограммалар шығарушылардың, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымдарының құқықтары Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес қорғалады.

*2005.22.11. № 90- III ҚР **Заңымен** 988 -бап өзгертілді (бұр. **ред.** қара)*

988-бап. Сабақтас құқықтар субъектілерінің құқықтарын реттеу

Орындаушының, фонограмма шығарушының, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының айрықша және өзге де құқықтарының көлемі мен мазмұнын, сондай-ақ аталған субъектілердің айрықша құқықтарын шектеу жағдайлары мен шектері және оларды бұзғаны үшін жауапкершілік заң актілерімен реттеледі.

*2005.22.11. № 90- III ҚР **Заңымен** 989 -бап өзгертілді (бұр. **ред.** қара)*

989-бап. Сабақтас құқықтардың қолданылу мерзімі

1. Орындаушыға қатысты сабақтас құқықтар алғаш рет орындалғаннан кейін немесе қойылғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшінде болады. Орындаушының өз аты-жөніне және орындауды немесе қойылымды бұрмалаудан қорғауға құқықтары мерзімсіз қорғалады.

2. Фонограмма шығарушыға қатысты сабақтас құқықтар фонограмма алғаш рет жарияланғаннан кейін жетпіс жыл бойы не, фонограмма бұл мерзім ішінде жарияланбаса, ол алғаш рет жазылғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшінде болады.

3. Эфирлік хабар тарату ұйымына қатысты сабақтас құқықтар мұндай ұйым эфирге алғаш рет хабар беруді жүзеге асырғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшінде болады.

4. Кабельдік хабар тарату ұйымына қатысты сабақтас құқықтар мұндай ұйым кабель бойынша алғаш рет хабар беруді жүзеге асырғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшінде болады.

5. Осы баптың 1-4-тармақтарында көзделген мерзімдерді есептеу мерзімі өтуінің басталуына негіз болатын заңды факт орын алған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан басталады.

*2005.22.11. № 90- III ҚР **Заңымен** 990 -бап өзгертілді (бұр. **ред.** қара)*

990-бап. Шетелдік азаматтар немесе шетелдік заңды тұлғалар болып табылатын орындаушылардың, фонограммалар шығарушылардың, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының құқықтары

Шетелдік азаматтар немесе шетелдік заңды тұлғалар болып табылатын орындаушылардың, фонограммалар шығарушылардың, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының құқықтары, егер олар өздерінің алғашқы қойылымын, орындауын, жазбасын немесе эфирге хабар таратуын Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде жүзеге асырса, оның аумағында Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес қолданылады.

52-тарау. ӨНЕРТАБЫСҚА, ПАЙДАЛЫ МОДЕЛЬГЕ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҮЛГІГЕ ҚҰҚЫҚ

2007.02.03. № 237-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2012.12.01. № 537-IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 991-бап өзгертілді

991-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні құқықтық қорғау талаптары

1. Өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге құқықтар патентпен қорғалады.

2. Жаңа, өнертапқыштық деңгейі бар және өнеркәсіпте қолдануға болатын техникалық шешім құқықтық қорғау берілетін өнертабыс болып танылады.

3. Жаңа және өнеркәсіпте қолдануға болатын техникалық шешім құқықтық қорғау берілетін пайдалы модель болып танылады.

4. Бұйымның сыртқы түрін белгілейтін, жаңа, түпнұсқалық болатын көркемдік-конструкторлық шешім құқықтық қорғау берілетін өнеркәсіптік үлгі болып танылады.

2007.02.03. № 237-III ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара); 2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

5. Патент алуға құқық туындайтын өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің патентке қабілеттілік шарттарына қойылатын талаптар «Қазақстан Республикасының Патент Заңы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

6. Патентке қабілеті жоқ техникалық шешімдердің, бұйымдардың көркемдік-конструкторлық шешімдерінің тізбесі заң актілерімен белгіленеді.

2007.02.03. № 237-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 992-бап өзгертілді

992-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалану құқығы

1. Патент иеленушінің өнімді қорғалған шешімдерді қолдану арқылы өндіру, патентпен қорғалған технологиялық процестерді өз өндірісінде қолдану, қорғанған шешімі бар бұйымдарды сату немесе сатуға ұсыну, тиісті бұйымдарды импорттау құқықтарын қоса алғанда, патентпен қорғалған өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні өз қалауы бойынша пайдалануға айрықша құқығы болады.

2. Осы Кодексте немесе басқа заң актілеріне сәйкес патент иеленушінің құқықтарын бұзу болып табылмайтын пайдалану жағдайларын қоспағанда, басқа адамдардың өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні патент иеленушінің рұқсатынсыз пайдалануға құқығы жоқ.

3. Патенттелген өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні қолданып жасалған бұйымдарды рұқсатсыз жасау, қолдану, импорттау, сатуға ұсыну, сату, азаматтық айналымға өзгедей енгізу немесе осы мақсатпен сақтау, сондай-ақ өнертабысқа патентпен қорғалатын әдісті қолдану немесе тікелей өнертабысқа берілген патентпен қорғалатын әдіс арқылы дайындалған бұйымды азаматтық айналымға енгізу не осы мақсатпен сақтау патент иеленушінің айрықша құқығын бұзу болып танылады.

Өзгеше дәлелденбейінше бұйым патенттелген әдіспен жасалған болып саналады.

2007.02.03. № 237-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 993-бап өзгертілді

993-бап. Патентке берілетін құқыққа билік ету

Патентті алуға құқық, өтінімді тіркеуден туындайтын құқықтар, патентті иеленуге құқық және патенттен туындайтын құқықтар басқа тұлғаға толығымен немесе ішінара берілуі мүмкін.

2007.02.03. № 237-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 994-бап өзгертілді

994-бап. Авторлық құқық

1. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің авторына авторлық құқық тиесілі болады.

2. Авторлық құқық және өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге басқа да жеке құқықтар қорғау құжатына негізделген құқықтардың туындаған кезінен бастап пайда болады.

3. Өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі авторына заң актілері арнайы құқықтарды, әлеуметтік сипаттағы жеңілдіктер мен артықшылықтарды бекітіп бере алады.

4. Өтінімде автор ретінде көрсетілген тұлға өзгеше дәлелденгенше автор болып есептеледі. Дәлелдемелер ретінде құқық пайда болғанға дейін орын алған фактілер мен мән-жайлар ғана тартылуы мүмкін.

995-бап. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің тең авторлары

1. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің тең авторларының өзара қатынасы олардың арасындағы келісіммен белгіленеді.

2. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні жасауға шығармашылық емес жәрдем (техникалық, ұйымдастырушылық немесе өзге де көмек, құқықтарды ресімдеуге жәрдемдесу және т.б.) тең авторлыққа әкеп соқпайды.

2007.02.03. № 237-III ҚР Заңымен 996-бап өзгертілді (бұр. ред. қара); 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен 996-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

996-бап. Қызметтік өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер

Қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындаған кезде жасаған өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге (қызметтік өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге) патентке берілетін құқық, егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс берушіге тиесілі болады.

2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2015.31.10. № 382-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 997-бап жаңа редакцияда

997-бап. Автордың қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін сыйақы алуға құқығы

Авторға қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін сыйақы төлеу мөлшері, шарттары және тәртібі автор мен жұмыс беруші арасындағы келісімде айқындалады. Егер автор мен жұмыс берушінің қызметтік өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні жасаудағы үлесін мөлшерлеу мүмкін болмаса, авторға сыйақы төлеу мөлшері, шарттары және тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалады.

2007.02.03. № 237-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 998-бап өзгертілді

998-бап. Патенттің Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуы

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Қазақстан Республикасының аумағында сараптама ұйымы берген өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патенттер қолданылады.

2. Шет мемлекет немесе халықаралық ұйым берген патенттер, Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда қолданылады.

3. Егер белгіленген тәртіпте мәлімденген шешім тиісінше өнертабыстарға, пайдалы модельдерге немесе өнеркәсіптік үлгілерге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қойылатын талаптарға сай келсе, шетелдіктер мен шетелдік заңды тұлғалар немесе олардың құқықтық мирасқорлары Қазақстан Республикасында өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік үлгіге патент алуға құқылы.

2007.02.03. № 237-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2012.12.01. № 537-IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара) 999-бап өзгертілді; 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен 999-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

999-бап. Патенттің қолданылу мерзімі

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Патент сараптама ұйымына өтінім берілген күннен бастап қолданылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптар сақталған кезде:

2019.28.10. № 268-VI ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

1) өнертабысқа патент - жиырма жыл бойы күшін сақтайды.

Қолданылуы үшін Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсаттар алу талап етілетін дәрілік затқа, пестицидке жататын өнертабысқа қатысты айрықша құқықтың және осы құқықты куәландыратын патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ бес жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін.

Көрсетілген мерзім бес жыл шегеріле отырып, өнертабысқа патент беруге өтінім берілген күннен бастап өнертабысты қолдануға алғашқы рұқсат алынған күнге дейін өткен уақытқа ұзартылады;

2) пайдалы модельге патент - бес жыл бойы күшін сақтайды. Патенттің қолданылу мерзімін сараптама ұйымы патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ үш жылдан аспайтындай етіп ұзартуы мүмкін;

2022.20.06. № 128-VII ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3) өнеркәсіптік үлгіге патент - он жыл бойы күшін сақтайды. Патенттің қолданылу мерзімін сараптама ұйымы патент иеленушінің өтінішхаты бойынша әр жолы бес жылға ұзартуы мүмкін. Бұл ретте патенттің жалпы қолданылу мерзімі өтінім берілген күннен бастап жиырма бес жылдан аспауға тиіс.

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні қорғау сараптама ұйымына өтінім берілген күннен бастап қолданылады. Құқықтарды қорғау патент берілгеннен кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Патент беруден бас тартылған жағдайда, қорғауға алынбаған деп есептеледі.

3. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің басымдығы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен айқындалады.

4. Айрықша құқықтың қолданылу мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, өнертабыс, пайдалы модель немесе өнеркәсіптік үлгі қоғамдық игілікке өтеді.

5. Қоғамдық игілікке өткен өнертабысты, пайдалы модельді немесе өнеркәсіптік үлгіні кез келген адам ешкімнің келісімінсіз немесе рұқсатынсыз және пайдаланғаны үшін сыйақы төлемінсіз еркін пайдалана алады.

2007.02.03. № 237-III ҚР Заңымен 1000-бап өзгертілді (бұр. ред. қара); 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1000-бап жаңа редакцияда

1000-бап. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқық беру

Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге айрықша құқық беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалады. Айрықша құқық беру уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен тіркелуге жатады.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Тіркеудің күшін жою «Қазақстан Республикасының Патент Заңы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 1001-баптың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1001-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға құқықты табыстау

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1-тармақ жаңа редакцияда

1. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға лицензиялық, қосалқы лицензиялық шарттар жазбаша нысанда жасалады. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға құқықты табыстау уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен тіркелуге жатады.

Жазбаша нысанның және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Тіркеудің күшін жою «Қазақстан Республикасының Патент Заңы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Лицензиялық шарттың мазмұны осы Кодекстің 966-бабында жазылған талаптарға сәйкес келуге тиіс.

1002-бап. Ашық лицензия

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Патент иесі кез келген тұлғаға өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға лицензия (ашық лицензия) алу құқығын беру туралы сараптама ұйымына өтініш бере алады.

2. Ашық лицензияны пайдалануға ниет білдірген тұлға патент иесімен төлем туралы шарт жасасуға міндетті. Мұндай шарттың талаптары туралы дауларды сот шешеді.

Ашық лицензияға құқық беру туралы патент иесінің өтініші қайтарып алуға жатпайды.

2007.02.03. № 237-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1003-бап өзгертілді

1003-бап. Патентті бұзғаны үшін жауаптылық

Патент иеленушінің талабы бойынша патентті бұзу тоқтатылуы тиіс, ал оны бұзушы патент иеленушіге өзі келтірген залалдарды өтеуге міндетті (осы Кодекстің 9-бабы). Патент иеленуші келтірілген залалдың орнына тәртіп бұзушыдан өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні заңсыз пайдалану салдарынан алынған кірісті өндіріп алуға құқылы.

2007.02.03. № 237-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2015.07.04. № 300-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1004-бап өзгертілді

1004-бап. Оған дейін пайдалану құқығы

1. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің басымдық алған күніне дейін Қазақстан Республикасының аумағында автордан тәуелсіз жасалған соған ұқсас шешімді адал ниетпен пайдаланған немесе осыған қажетті дайындықтар жасаған кез келген тұлға пайдалану көлемін кеңейтпестен оны әрі қарай тегін пайдалану құқығын сақтайды.

2. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні басымдық алған күнінен кейін, бірақ өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге патент беру туралы мәліметтер ресми жарияланған күнге дейін адал ниетпен пайдалана бастаған тұлға патент иеленушінің талап етуі бойынша одан әрі пайдалануды тоқтатуға міндетті. Алайда мұндай тұлға патент иесіне өзінің осындай пайдалануы нәтижесінде келтірілген залалды өтеуге міндетті емес.

1005-бап. Патент иесінің құқықтарын шектеу

Патент иесінің құқықтарын шектеу негізі, патентті тоқтату (жою) талаптары, оны жарамсыз деп тану, оның қолданылуын тоқтату, лицензияларды мәжбүрлеп беру және патенттерді мәжбүрлеп иеліктен алу заң актілерімен белгіленеді.

53-тарау. СЕЛЕКЦИЯЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ҚҰҚЫҚ

*2005.22.11. № 90- III ҚР **Заңымен** 1006-бап өзгертілді (бұр. **ред.** қара)*

1006-бап. Өсімдіктердің жаңа сорттарына және жануарлардың жаңа тұқымдарына құқықты қорғаудың талаптары

1. Өсімдіктердің жаңа сорттарына және жануарлардың жаңа тұқымдарына құқық (селекциялық жетістіктер) патент берілген жағдайда қорғалады. Патент арқылы патент иесінің селекциялық жетістіктерді, оның басымдығын пайдалануына және селекционердің авторлығына айрықша құқықты куәландырады.

Өсімдік шаруашылығында жасанды жолмен немесе сұрыптау жолымен алынған және оны қолда бар өсімдіктер сорттарынан ерекшелендіретін бір немесе бірнеше шаруашылық белгілері бар өсімдік сорты селекциялық жетістік деп танылады.

Мал шаруашылығында адам жасап шығарған және оны осы түрдегі жануарлардың өзге тұқымдарынан айыруға мүмкіндік беретін генеологиялық құрылымы мен қасиеті бар және бір тұқым ретінде көбейту үшін сан жағынан жеткілікті тұқым, яғни шығу тегі ортақ жануарлардың саны көп тұтас тобы селекциялық жетістік деп танылады.

2. Селекциялық жетістіктерді құқықтық қорғау талаптары, өсімдік сорттарында және жануарлар тұқымдарына патентті ресімдеу мен беру тәртібі заң актілерімен белгіленеді.

3. Осы тараудың ережелерінде және селекциялық жетістіктерді қорғау туралы заңдарда өзгеше көзделмесе, селекциялық жетістіктерге құқықтар мен осы құқықтарды қорғауға байланысты қатынастарға тиісінше осы Кодекстің 992-998, 1000-1004-баптарының ережелері қолданылады.

1007-бап. Автордың селекциялық жетістік атауын айқындау құқығы

1. Селекциялық жетістіктің авторы оның заңдарда белгіленген талаптарға сай келуге тиісті атауын айқындауға құқылы.

2. Қорғалатын селекциялық жетістіктерді өндіру, ұдайы өндіру, сатуға ұсыну, сату және өткізудің өзге де түрлері кезінде олар үшін тіркелген атауларды қолдану міндетті. Өндірілген және (немесе) сатылатын тұқымдарға, асыл тұқымды материалға тіркелгеннен өзгеше атау беруге жол берілмейді.

3. Тіркелген селекциялық жетістіктің атауын оған қатысы жоқ өсірілген және (немесе) сатылатын тұқымдар мен асыл тұқымды материалға беру патент иесі мен селекционердің құқықтарын бұзу болып табылады.

1008-бап. Селекциялық жетістік авторының сыйақы алуға құқығы

1. Патент иесі болып табылмайтын селекциялық жетістіктің авторы патенттің қолданылу мерзімі ішінде патент иесінен селекциялық жетістікті пайдаланғаны үшін сыйақы алуға құқылы.

2. Селекциялық жетістік авторына сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптары оның өзі мен патент иесі арасында жасалған шартта белгіленеді. Бұл орайда сыйақының мөлшері лицензияларды сатудан түскен түсімді қоса алғанда, патент иесі селекция жетістіктерін пайдаланғаны үшін алатын жыл сайынғы түсімдер сомасының кемінде бес проценті болуға тиіс.

Сыйақы авторға, егер автордың патент иесімен шартында өзгеше көзделмесе, селекциялық жетістік пайдаланылған әрбір жыл аяқталғаннан кейін алты ай ішінде төленеді.

1009-бап. Патент иесінің селекциялық жетістікке құқығы

Селекциялық жетістік патенті иесінің осы жетістікті селекциялық жетістіктерді қорғау туралы заң актілерінде белгіленген шекте пайдалануға айрықша құқығы болады.

1010-бап. Патент иесінің міндеттері

Селекциялық жетістік патентінің иесі:

1) өндірісте пайдалануға жіберілген сортты, тұқымды айналымға енгізуге;

2) өсімдіктің тиісті сортын немесе жануарлардың тиісті тұқымын патентті қолдану мерзімі ішінде сорттың немесе тұқымның сараптама органы белгілеген ресми сипаттамасында көрсетілген белгілері сақталатындай етіп ұстауға міндетті.

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 1011-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

1011-бап. Селекциялық жетістікке патенттің қолданылу мерзімі

Селекциялық жетістікке патенттің қолданылуы сараптама ұйымына өтінім берілген күннен басталады және жиырма бес жыл бойына жалғасады.

«Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен селекциялық жетістіктердің жекелеген түрлері үшін патентті қолданудың неғұрлым ұзағырақ мерзімдері, сондай-ақ оларды ұзарту мүмкіндігі белгіленуі мүмкін.

2015.27.11. № 424-V ҚР Заңымен 1012-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2019.28.10. № 268-VI ҚР Заңымен 1012-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

1012-бап. Селекциялық жетістіктерді пайдалануға жіберу

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықтық қорғау берілген (патенті бар) селекциялық жетістіктер пайдалануға жіберіледі.

54-тарау. ИНТЕГРАЛДЫ МИКРОТӘСІМДЕР ТОПОЛОГИЯСЫНА ҚҰҚЫҚТАР

1013-бап. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтарды қорғау талаптары

1. Осы тарауда және өзге де заң актілерінде көзделген құқықтық қорғау интегралды микротәсімдердің түпнұсқа топологиясына ғана қолданылады.

Автордың шығармашылық қызметі нәтижесінде жасалып, материалдық көздерде көрсетілген интегралды микротәсімдер мен олардың арасындағы байланыстардың элементтері жиынтығының кеңістіктік-геометриялық орналасуы интегралды микротәсімнің түпнұсқалық топологиясы деп танылады.

2. Осы бөлімнің баптарымен берілген құқықтық қорғау топологияда іске асуы мүмкін идеяларға әдістерге, жүйелерге, технологияға немесе кодтандырылған ақпаратқа қолданылмайды.

3. Интегралды микротәсімдер топологиясы құқығына және осы құқықтарды қорғауға байланысты қатынастарға тиісінше осы Кодекстің 994-997-баптарының ережелері қолданылады.

1014-бап. Интегралды микротәсімдер топологиясына айрықша құқық

1. Интегралды микротәсімдер топологиясы авторының немесе өзге де құқық иесінің бұл топологияны өз қалауы бойынша, атап айтқанда, мұндай топологияны басқа тұлғалардың тиісті рұқсатсыз пайдалануына тыйым салу құқығын қоса алғанда, мұндай топологиясы бар интегралды микротәсім дайындау жолымен пайдаланудың айрықша құқығы болады.

2. Топологияның бірнеше авторына немесе өзге де құқық иелеріне тиесілі құқықтарды пайдалану тәртібі олардың арасындағы шартпен белгіленеді.

3. Автордың рұқсатынсыз мынадай әрекеттерді жасау:

1) интегралды микротәсімге енгізу арқылы немесе өзге де түрде, оның түпнұсқа болып табылмайтын бөлігін қоспағанда, топологияны тұтас немесе оның бөліктерін көшіріп алу;

2) топологияны немесе осы топология бар интегралды микротәсімді қолдану, әкелу, сатуға ұсыну, сату және өзге де айналымға енгізу айрықша құқықты бұзу болып табылады.

4. Топологияға құқық иесінің айрықша құқығын бұзу болып табылмайтын әрекеттердің тізбесі заң актілерінде белгіленеді.

1015-бап. Топологияларды тіркеу

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Интегралды микротәсім топологиясының авторы немесе өзге де құқық иесі сараптама ұйымына өтінім беру жолымен топологияны тіркетуге құқылы.

2. Тіркеуге өтінім беру, егер топология қолданылған болса, оны алғаш рет қолданған күннен бастап екі жылдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Топологияны, сондай-ақ оларға құқықты толық немесе ішінара беру туралы шарттарды тіркеу тәртібі заң актілерімен белгіленеді.

1016-бап. Топологияны қолдануға айрықша құқықтың қолданылу мерзімі

1. Топологияны пайдалануға айрықша құқық топология тіркелген күннен бастап он жыл бойы күшінде болады.

Егер топологияны тіркеу жүргізілмесе, аталған он жыл мерзім осы топологияның немесе осы топология бар интегралды тәсімнің дүние жүзінің кез келген елінде алғаш рет пайдаланылғаны құжат арқылы расталған күннен бастап есептеледі.

2. Түпнұсқамен бірдей басқа автор өз бетімен жасаған топологияның пайда болуы осы баптың 1-тармағында аталған айрықша құқық мерзімін үзбейді және тоқтатпайды.

55-тарау АШЫЛМАҒАН АҚПАРАТТЫ ЗАҢСЫЗ ПАЙДАЛАНУДАН ҚОРҒАУ ҚҰҚЫҒЫ

1017-бап. Ашылмаған ақпаратты құқықтық қорғау талаптары

1. Техникалық, ұйымдық немесе коммерциялық ақпаратты, оның ішінде үшінші тұлғаларға белгісіз (ашылмаған ақпарат) өндірістік құпияларды (ноу-хау) заңды түрде иеленетін тұлғаның, егер осы Кодекстің 126-бабының 1-тармағында белгіленген талаптар сақталса, осы ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғауға құқығы бар.

2. Ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғау құқығы осы ақпаратқа қатысты қандай да болсын шарттылықты орындауға (оны тіркеу куәлік алу және т. б.) қарамастан туындайды.

2010.19.03. № 258-IV ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Ашылмаған ақпаратты қорғау туралы ережелер, заң актілеріне сәйкес қызметтік немесе коммерциялық құпия бола алмайтын мәліметтерге (заңды тұлғалар туралы мәліметтер, мүлікке құқықтар және олармен мәмілелер туралы мәліметтер; статистикалық нысанда ұсынылуға жататын мәліметтер және басқалары) қатысты қолданылмайды.

4. Ашылмаған ақпаратты қорғау құқығы осы Кодекстің 126-бабының 1-тармағында көзделген талаптар сақталған жағдайда қолданыла береді.

1018-бап. Ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік

1. Ашылмаған ақпаратты заңсыз негізде алған немесе таратқан не оны пайдаланушы тұлға осы ақпаратқа заңды түрде иелік етушіге оны заңсыз пайдаланудан келтірілген залалдарды өтеуге міндетті.

2. Егер ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланушы тұлға оны таратуға құқығы жоқ тұлғадан алса, ол туралы ақпаратты алушы білмесе және білуге тиіс болмаса (адал ниетті алушы), ашылмаған ақпараттың заңды иесі адал ниетті алушы оны пайдалану заңсыз екенін білгеннен кейін одан ашылмаған ақпаратты пайдаланудан келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

3. Ашылмаған ақпаратқа заңды иелік етуші тұлға оны кім заңсыз пайдаланса, содан оның пайдаланылуын дереу тоқтатуды талап етуге құқылы. Алайда сот ашылмаған ақпараттан адал ниетті алушының оны пайдалануға жұмсаған қаражатын ескере отырып, оны айрықша тегін лицензия талаптарымен одан әрі пайдалануға рұқсат беруі мүмкін.

4. Ашылмаған ақпараттың мазмұнын құрайтын мәліметтерді өз бетінше және заңды түрде алған тұлға бұл мәліметтерді тиісті ашылмаған ақпарат иесінің құқықтарына қарамастан пайдалануға құқылы және мұндай пайдалану үшін оның алдында жауап бермейді.

1019-бап. Ашылмаған ақпараттан заңсыз пайдаланудан қорғауға құқықтың ауысуы

1. Ашылмаған ақпаратқа иелік етуші тұлға осы ақпараттың мазмұнын құрайтын мәліметтердің бәрін немесе оның бір бөлігін лицензиялық шарт бойынша басқа тұлғаға бере алады (осы Кодекстің 966-бабы).

2. Лицензиат шарт бойынша алынған ақпарат құпиясын қорғауға тиісті шараларды қолдануға міндетті және лицензиар сияқты оны үшінші тұлғалардың заңсыз пайдалануынан қорғауға да сондай құқығы болады. Егер шартта өзгеше көзделмесе, лицензиялық шарт тоқталғаннан кейін де, егер тиісті мәліметтер ашылмаған ақпарат болып қала беретін болса, ақпараттың құпиялылығын сақтау міндеті лицензиатқа жүктеледі.

56-тарау. АЗАМАТТЫҚ АЙНАЛЫМҒА, ТАУАРЛАРҒА ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕРГЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ДАРАЛАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ

1. Фирмалық атау

2012.12.01. № 537-IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2012.24.12. № 60-V ҚР Заңымен (бұр. ред. қара) 1020-бап өзгертілді

1020-бап. Фирмалық атауға құқық

1. Заңды тұлғаның ресми бланкілерде, баспа басылымдарында, жарнамада, маңдайшажазуларда, анықтамалықтарда, шоттарда, интернет-ресурстарда, тауарлар мен олардың қорабында және заңды тұлғаны даралауға қажетті өзге де жағдайларда фирмалық атауды (осы Кодекстің 38-бабы) пайдалануға айрықша құқығы бар.

2. Заңды тұлғаның фирмалық атауы оның жарғысы бекітілген кезде айқындалады. Заңды тұлға белгілі бір фирмалық атаумен Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізіледі.

3. Тіркеліп қойған заңды тұлғаның фирмалық атауына ұқсас фирмалық атауды пайдалануға болмайды, өйткені мұның өзі тиісті заңды тұлғалардың ұқсап кетуіне, сондай-ақ олар шығаратын тауарлар немесе көрсететін қызметтер жөнінде жаңылыстыруға әкеп соғуы мүмкін.

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

4. Егер бір заңды тұлғаның фирмалық атауы басқа жеке немесе заңды тұлғаның тауар белгісімен (қызмет көрсету белгісімен) бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болса және осындай бірдейліктің немесе ұқсастықтың нәтижесінде тұтынушыларды жаңылыстыруы мүмкін болса, онда айрықша құқығы ерте пайда болған дараландыру құралы (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі) басымдыққа ие болады. Осындай дараландыру құралының иеленушісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған тауар белгісіне (қызмет көрсету белгісіне) берілген құқықтық қорғауды жарамсыз деп тануды немесе фирмалық атауды пайдалануға тыйым салуды талап етуге құқылы.

1021-бап. Заңды тұлғаның фирмалық атауын тауар белгісінде пайдалану

Заңды тұлғаның фирмалық атауы оған тиесілі тауар белгісінде пайдаланылуы мүмкін.

1022-бап. Фирмалық атауға құқықтың қолданылуы

1. Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлғаны белгілеу ретінде Қазақстан Республикасында тіркелген фирмалық атауға айрықша құқық қолданылады.

Шет мемлекетте тіркелген немесе кеңінен танымал фирмалық атауға Қазақстан Республикасының аумағындағы айрықша құқық заң актілерінде көзделген жағдайларда қолданылады.

2. Заңды тұлғаның таратылуына және оның фирмалық атауының өзгертілуіне байланысты фирмалық атауға құқықтың қолданылуы тоқтатылады.

1023-бап. Фирмалық атауды иеліктен алу құқығы

1. Заңды тұлға қайта ұйымдастырылған және кәсіпорын тұтасымен иеліктен алынған жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғаның фирмалық атауын құқық иелігінен алуға және ауыстыруға жол берілмейді.

2. Фирмалық атауға құқықтың иесі басқа тұлғаға шартта келісілген әдістермен өз атауын пайдалануға рұқсат етуі (лицензия беруі) мүмкін. Бұл орайда лицензиялық шартта тұтынушыны жаңылыстыруға жол бермейтін шаралар көзделуге тиіс.

2. Тауар белгісі

2012.12.01. № 537-IV ҚР Заңымен 1024-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

1024-бап. Тауар белгісін құқықтық қорғау талаптары

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Тауар белгісін құқықтық қорғау оны тіркеудің негізінде не Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың негізінде тіркеусіз беріледі.

Тіркелген не халықаралық шартқа орай тіркеусіз қорғалатын сөзбен жазылған, бейнеленген, көлемдік белгілер немесе бір тұлғаның тауарларын немесе көрсететін қызметтерін екінші тұлғаның біртектес тауарлары мен қызметтерінен ерекшелеу үшін қолданылатын басқа да белгілер тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) деп танылады.

Егер бір жеке немесе заңды тұлғаның тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) басқа заңды тұлғаның фирмалық атауымен бірдей немесе айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас болса және осындай бірдейліктің немесе ұқсастықтың нәтижесінде тұтынушыларды жаңылыстыруы мүмкін болса, онда осы Кодекстің 1020-бабының 4-тармағында көзделген ережелер қолданылады.

2. Тауар белгісі ретінде тіркеуге жол берілмейтін белгілер, тауар белгілерін тіркеу, олардың қолданылуын тоқтату және тіркелген жарамсыз деп тану тәртібі, сондай-ақ тіркелмеген тауар белгілерін құқықтық қорғауға жол берілуі мүмкін болатын жағдайлар тауар белгілері туралы заң актілерімен белгіленеді.

3. Тауар белгісіне құқық куәлікпен куәландырылады.

1025-бап. Тауар белгісін пайдалану құқығы

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Тауар белгісіне құқық иесінің өзіне тиесілі белгілерді қолдануға және билік етуге айрықша құқығы бар.

Тауар белгісі иелерінің оны пайдалануға құқықтарын тауар белгісінің ерекшелену қабілетіне нұқсан келтіруі мүмкін талаптармен шектеуге жол берілмейді.

2. Тауар белгісін кез келген айналымға енгізу: дайындау, қолдану, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, тауар белгісін немесе осы белгімен белгіленген тауардан сату, маңдайшадағы жазуда, жарнамада, баспа өнімдерінде немесе өзге де іскерлік құжаттамада пайдалану тауар белгісін пайдалану болып саналады.

2007.19.06 № 264-III ҚР Заңымен 2-тармақпен толықтырылды

3. Тауар белгілері және тауар белгілерімен белгіленген тауарлар жарнамасының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 1026-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1026-бап. Қазақстан Республикасының аумағында тауар белгісін құқықтық қорғау

Қазақстан Республикасының аумағында құқықтық қорғау сараптама ұйымы немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа орай халықаралық ұйым тіркеген тауар белгісіне беріледі.

1027-бап. Тауар белгісіне құқықтың қолданылу мерзімі

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2022.20.06. № 128-VII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Тауар белгісінің басымдығы «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа орай белгіленеді.

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Тауар белгісіне құқық өтінім тіркелген кезден бастап он жыл бойы күшінде болады.

Тауар белгісіне құқық иесінің тауар белгісі қолданылуының соңғы жылы ішінде сараптама ұйымына берген арызы бойынша тауар белгісінің қолданылу мерзімін он жылға ұзартудың тіркелуі мүмкін. Ұзарту шектеусіз сан мәрте жүргізілуі мүмкін.

2012.12.01. № 537-IV ҚР Заңымен 1028-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

1028-бап. Тауар белгісін пайдаланбаудың салдары

Тауар белгісін дәлелсіз себептермен үш жыл бойы үздіксіз пайдаланбаған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның талап етуі бойынша оның тіркелу күшінің жойылуы мүмкін.

Тауар белгісін пайдалануға лицензиялық шарт жасасу оны пайдалану болып есептеледі.

1029-бап. Тауар белгісіне құқықтың ауысуы

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Құқық иесі барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге не олардың бір бөліктеріне қатысты тауар белгісіне құқығын шарт бойынша басқа тұлғаға беруі мүмкін.

2. Егер тауар белгісіне құқық тауарға немесе оны дайындаушыға қатысты жаңылыстыруға себепкер болса, ол белгіге құқықты беруге жол берілмейді.

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Тауар белгісіне құқықтың ауысуы, соның ішінде оның шарт бойынша немесе құқықтық мирасқорлық тәртібімен берілуі сараптама ұйымында тіркелуге тиіс.

1030-бап. Тауар белгісін пайдалануға рұқсат беру

2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Құқық иесі тіркелген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге не олардың бөліктеріне қатысты тауар белгісін пайдалану құқығын лицензиялық шарт бойынша басқа тұлғаға беруі мүмкін (осы Кодекстің 966-бабы).

2. Лицензиатқа тауар белгісін пайдалануға рұқсат ететін лицензиялық шартта, лицензиат тауарларының немесе көрсететін қызметінің сапасы лицензиар тауарларының немесе көрсететін қызметтерінің сапасынан төмен болмайтындығы және лицензиардың осы шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар екендігі туралы талапты қамтуға тиіс.

3. Тауар белгісіне құқықтың қолданылуы тоқтатылған жағдайда лицензиялық шарттың қолданылуы тоқтатылады.

4. Тауар белгісіне құқықтың басқа тұлғаға ауысуы лицензиялық шарттың тоқтатылуына әкеп соқпайды.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1031-бап жаңа редакцияда; 2022.20.06. № 128-VII ҚР Заңымен 1031-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

1031-бап. Тауар белгісіне құқық беру және тауар белгісін пайдалануға құқықты табыстау

Тауар белгісіне құқық беру туралы шарт, лицензиялық, қосалқы лицензиялық шар ттар жазбаша нысанда жасалады. Тауар белгісіне құқық беру немесе тауар белгісін пайдалануға құқықты табыстау уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен тіркелуге жатады.

Шарттың жазбаша нысанының және (немесе) тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың маңызсыздығына алып келеді.

Тіркеудің күшін жою «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2015.27.10. № 365-V ҚР Заңымен 1032-бап өзгертілді (бұр.ред.қара); 2018.20.06. № 161-VI ҚР Заңымен 1032-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1032-бап. Тауар белгісіне құқықты бұзғаны үшін жауаптылық

1. Тауар белгісі иесінің құқығын бұзған тұлға бұзушылықты дереу тоқтатуға және тауар белгісі иесінің шеккен залалдарын өтеуге міндетті.

2. Тауар белгісін немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені немесе жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін пайдаланудың құқыққа сыйымдылығын айқындауға байланысты дауларды сот Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

3. Тауар белгісі немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме құқық иеленушінің келісімінсіз орналастырылған тауар және оның қаптамасы контрафактілік деп танылады. Контрафактілік тауарлар және олардың қаптамалары, сондай-ақ оларды жасау үшін пайдаланылған саймандар, жабдық немесе өзге де құралдар мен материалдар осындай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болатын және Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұзбайтын жағдайларды қоспағанда, соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде айналымнан шығарылуға және тәртіп бұзушының есебінен жойылуға жатады.

4. Құқық иеленуші осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайларда контрафактілік тауарлардан және олардың қаптамаларынан заңсыз орналастырылған тауар белгісін немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауды талап етуге құқылы.

5. Тауар белгісі иесінің құқығын бұзған тұлға жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету кезінде жұмыстарды орындаумен немесе қызметтер көрсетумен бірге жүретін материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайша жазулардан тауар белгісін немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауға міндетті.

6. Құқық иеленуші құқық бұзу фактісі дәлелденген кезде залалдарды өтеудің орнына бұзушылықтың сипатын, тауар белгісі немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме құқық иеленушінің келісімімен орналастырылған біртектес (түпнұсқа) тауарлардың нарықтық құнын негізге ала отырып, бұзушыдан сот айқындайтын мөлшерде өтемақы төлеуді талап етуге құқылы.

2022.20.06. № 128-VII ҚР Заңымен 3-параграф жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

Параграф 3. Географиялық нұсқама және тауар шығарылған жердің атауы

1033-бап. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын құқықтық қорғау шарттары

1. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын құқықтық қорғау оларды «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тіркеу негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына орай беріледі.

2. Географиялық объектінің аумағынан шығарылатын, белгілі бір сапасы, репутациясы немесе басқа да сипаттамалары едәуір дәрежеде оның географиялық шығу тегіне байланысты болатын тауарды сәйкестендіретін белгілеме географиялық нұсқама болып табылады. Осы географиялық объектінің аумағында тауар өндірудің оның сипаттамаларының қалыптасуына елеулі әсер ететін кем дегенде бір сатысы жүзеге асырылуға тиіс.

3. Елдің, елді мекеннің, жергілікті жердің немесе басқа да географиялық объектінің қазіргі немесе тарихи, ресми немесе бейресми, толық немесе қысқартылған атауын білдіретін не атауы бар, осындай атауды қамтитын немесе осындай атаудан шыққан және ерекше қасиеттері тек қана немесе басты түрде осы географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адами факторлармен айқындалатын тауарға қатысты пайдаланылуы нәтижесінде белгілі болған белгілеме тауар шығарылған жердің атауы болып табылады. Осы географиялық объектінің аумағында тауар өндірудің тауардың ерекше қасиеттерінің қалыптасуына елеулі әсер ететін барлық сатысы жүзеге асырылуға тиіс.

4. Тауар өндірілетін географиялық объектінің шекаралары, сондай-ақ белгіленуі үшін географиялық нұсқама және тауар шығарылған жердің атауы пайдаланылатын тауардың ерекше қасиеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс. Көрсетілген талаптардың сақталуын бақылау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Географиялық объектінің атауын білдіргенімен немесе атауы болғанымен Қазақстан Республикасында белгілі бір тауар түрінің өндірілген жеріне байланысты емес белгілемесі ретінде жалпыға бірдей қолдануға енген белгілеме осы параграфтың қағидаларына сәйкес географиялық нұсқама және тауар шығарылған жердің атауы болып танылмайды және ол құқықтық қорғау мақсаты үшін тіркелуге жатпайды. Көрсетілген мән-жай мұндай атауды жосықсыз пайдалану арқылы құқықтары бұзылған тұлғаны оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де тәсілдермен, оның ішінде жосықсыз бәсекелестік туралы қағидалардың негізінде қорғау мүмкіндігінен айырмайды.

6. Географиялық нұсқама және тауар шығарылған жердің атауы ретінде құқықтық қорғау берілмейтін белгілемелер Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

1034-бап. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы

1. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын иеленуші тұлға осы нұсқама мен атауды тауарға, қаптамаға, жарнамада, анықтамалықтарда, шоттарда орналастыруға және оларды осы тауарды азаматтық айналымға енгізуге байланысты өзгеше түрде пайдалануға құқылы.

2. Осы Кодекстің 1033-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген талаптарға сай келетін тауардың белгілемесі үшін географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын бірнеше тұлға бірлесіп те, бір-біріне тәуелсіз де тіркетуі мүмкін. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы мұндай тұлғалардың әрқайсысына тиесілі болады.

3. Тіркелген географиялық нұсқамамен және тауар шығарылған жердің атауымен бірдей немесе ұқсас географиялық белгілемені алғаш тіркелген күніне дейін кемінде алты ай бұрын адал ниетпен пайдаланған тұлға көрсетілген географиялық нұсқама және тауар шығарылған жердің атауы тіркелген күннен бастап жеті жыл бойы оны одан әрі пайдалану құқығын сақтайды.

4. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын иеліктен шығаруға, оны басқаға беру туралы өзге де мәмілелерге, оларды лицензия негізінде пайдалануға беруге жол берілмейді.

1035-бап. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын құқықтық қорғаудың қолданылу саласы

1. Қазақстан Республикасында республика аумағындағы географиялық нұсқамаларға және тауарлар шығарылған жерлердің атауларына құқықтық қорғау беріледі.

2. Егер басқа мемлекеттегі географиялық нұсқама және тауар шығарылған жердің атауы тауар шығарылған елде, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тіркелген болса, оларға Қазақстан Республикасында заңда белгіленген тәртіппен құқықтық қорғау беріледі.

1036-бап. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімі

Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығы сараптама ұйымына өтінім берілген күннен бастап есептегенде он жыл бойы қолданылады.

Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімі географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беретін шарттар сақталған кезде оның иесінің соңғы қолданылу

жылы ішінде берген өтініші бойынша он жылға ұзартылуы мүмкін. Ұзартылу шектеусіз рет жүргізілуі мүмкін.

1037-бап. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын құқыққа сыйымсыз пайдалануға байланысты әрекеттер үшін жауаптылық

1. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзған тұлға бұзушылықты дереу тоқтатуға және географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесіне оның шеккен залалдарын өтеуге міндетті.

2. Географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын не оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді пайдаланудың құқыққа сыйымдылығын айқындауға байланысты дауларды сот Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

3. Географиялық нұсқама және тауар шығарылған жердің атауы не оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелер құқық иеленушінің келісімінсіз орналастырылған тауар және оның қаптамасы, жарнама, анықтамалықтар, шоттар контрафактілік деп танылады. Контрафактілік тауарлар және олардың қаптамалары, сондай-ақ оларды жасау үшін пайдаланылған сайман, жабдық немесе өзге де құралдар мен материалдар осындай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болатын және Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұзбайтын жағдайларды қоспағанда, соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде айналымнан алып қойылуға және бұзушының есебінен жойылуға жатады.

4. Құқық иеленуші осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайларда, контрафактілік тауарлардан және олардың қаптамаларынан заңсыз орналастырылған географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын не оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді алып тастауды талап етуге құқылы.

5. Жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету кезінде географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын бұзған тұлға жұмыстарды орындаумен немесе қызметтерді көрсетумен бірге жүретін материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайшалардан географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын не оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді алып тастауға міндетті.

6. Құқық иеленуші құқық бұзу фактісі дәлелденген кезде залалдарды өтеудің орнына бұзушыдан сот бұзушылықтың сипатын, географиялық нұсқама және тауар шығарылған жердің атауы не оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелер құқық иеленушінің келісімімен орналастырылған біртектес (түпнұсқа) тауарлардың нарықтық құнын негізге ала отырып айқындайтын мөлшерде өтемақы төлеуді талап етуге құқылы.

7. «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, құқық иеленушінің тауар өндірілетін географиялық объектінің шекараларына және белгіленуі үшін географиялық нұсқама және тауар шығарылған жердің атауы пайдаланылатын тауардың ерекше қасиеттеріне қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен уәкілетті органдардың лауазымды адамдарының олар туралы көрінеу жалған мәліметтер беруі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

6 бөлім МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚ

57-тарау. МҰРАГЕРЛІК ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1038-бап. Мұрагерлік

1. Мұрагерлік - қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) - мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуы.

2. Қайтыс болған азаматтың мұрасы басқа адамдарға әмбебап құқық мирасқорлығы талаптарымен, егер осы бөлімнің ережелерінен өзгеше туындамаса, бірыңғай тұтас нәрсе ретінде және бір-ақ мезгілде ауысады.

3. Мұрагерлік осы Кодекспен, ал тікелей өзі белгілеген жағдайларда өзге де заң актілерімен реттеледі.

1039-бап. Мұрагерліктің негіздері

1. Мұрагерлік өсиет және (немесе) заң бойынша жүзеге асырылады.

2. Өсиет қалдырылмаған не бүкіл мұраның тағдыры айқындалмаған кезде, сондай-ақ осы Кодексте белгіленген өзге де жағдайларда мұрагерлік заң бойынша орын алады.

2007.15.05. № 253-III ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2011.28.12. № 524-IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара) 1040-бап өзгертілді

1040-бап. Мұраның құрамы

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Мұраның құрамына мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ оның қайтыс болуына байланысты қолданылуы тоқтамайтын құқықтары мен міндеттері кіреді.

Мұраның құрамына мұра қалдырушының тірі кезінде ресімделмеген мүліктік құқықтарын ресімдеу үшін қажетті құқықтар, оның ішінде оларды тіркеу құқығы да кіруі мүмкін.

2. Мұра қалдырушының жеке басына тығыз байланысты мына құқықтар мен міндеттер:

1) егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғалар болып табылатын ұйымдарға мүше болу құқығы;

2) өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқығы;

3) алименттік міндеттемелерден туындайтын құқықтар мен міндеттер;

2023.20.04. № 226-VII ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (2023 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4) зейнетақы төлемдеріне, жәрдемақылар мен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасының негізінде басқа да төлемдер алу құқығы;

5) заңнамалық актілерде белгіленген жағдайларды қоспағанда, мүліктік құқықтармен байланысы жоқ жеке мүліктік емес құқықтар мұраның құрамына кірмейді.

3. Мұра қалдырушыға тиесілі болған жеке мүліктік емес құқықтар мен басқа да материалдық емес игіліктерді мұрагерлердің жүзеге асыруы және қорғауы мүмкін.

1041-бап. Ортақ бірлескен меншік болып табылатын мүлікке мұрагерлік

1. Ортақ бірлескен меншікке қатысушының қайтыс болуы оның меншіктегі үлесін айқындау және ортақ мүлікті бөлу не осы Кодекстің 218-бабында белгіленген тәртіппен одан қайтыс болған қатысушының үлесін бөліп шығару үшін негіз болып табылады. Бұл жағдайда мұра қайтыс болған қатысушының ортақ мүліктегі үлесіне, ал мүлікті заттай бөлу мүмкін болмаған кезде - үлестің құнына қатысты ашылады.

2. Ортақ бірлескен меншікке қатысушы ол қайтыс болғаннан кейін осы баптың 1-тармағына сәйкес айқындалатын ортақ мүліктегі өз үлесіне өсиет қалдыруға құқылы.

1042-бап. Мұраның ашылуы

1. Мұра азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау салдарынан ашылады.

2. Мұра қалдырушының қайтыс болған күні, ал оны қайтыс болған деп жариялаған кезде, егер сот шешімінде басқа күн көрсетілмесе, азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енген күн мұраның ашылу уақыты болып табылады.

3. Егер бірінен кейін бірі мұрагер болуға құқылы адамдар бір күнде қайтыс болса олар бір мезгілде қайтыс болған деп танылады және олардың әрқайсысынан кейін мұрагерлік ашылады да олардың әрқайсысының мұрагерлері мұрагерлікке шақырылады.

1043-бап. Мұраның ашылу орны

Мұра қалдырушының соңғы тұрған жері, ал егер ол белгісіз болса - мүліктің немесе оның негізгі бөлігінің орналасқан жері мұраның ашылу орны болып табылады.

1044-бап. Мұрагерлер

1. Мұра ашылған кезде тірі жүрген, сондай-ақ мұра қалдырушының тірі кезінде іште қалған және мұра ашылғаннан кейін тірі туған азаматтар өсиет және заң бойынша мұрагер бола алады.

2. Мұра ашылғанға дейін құрылған және мұраның ашылу уақытында болған заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет өсиет бойынша мұрагерлер болуы мүмкін.

2007.12.01. **№ 225-III** *ҚР Заңымен 1045-бап өзгертілді (бұр.* **ред***. қара)*

1045-бап. Мұрадан лайықсыз мұрагерлерді шеттету

1. Мұра қалдырушыны немесе мүмкін болатын мұрагерлердің біреуін қасақана өлтірген немесе олардың өміріне қастандық жасаған адамдардың өсиет бойынша да, заң бойынша да мұра алуға құқығы жоқ. Бұған өсиет қалдырушы оның өміріне қастандық жасалғаннан кейін өздеріне қатысты өсиет қалдырған адамдар кірмейді.

2. Мұра қалдырушының соңғы еркін жүзеге асыруға қасақана кедергі жасаған және сол арқылы олардың өздерін немесе оларға жақын адамдарды мұрагерлікке шақыруға не мұраның оларға тиесілі үлесін көбейтуге ықпал жасаған адамдардың өсиет бойынша да, заң бойынша да мұра алуға құқығы жоқ.

3. Балаларына ата-аналық құқықтарынан айырылған және мұра ашылған кезде бұл құқықтарын қалпына келтірмеген ата-аналардың балаларынан қалған мұраны, сондай-ақ мұра қалдырушыны күту жөнінде өздеріне заң күшімен жүктелген міндеттерді орындаудан жалтарған ата-аналардың (асырап алушылардың) және кәмелетке толған (асырап алынған) балалардың заң бойынша мұраны алуға құқығы жоқ.

4. Лайықсыз мұрагерлерді мұрагерліктен шеттетуге негіз болатын мән-жайларды сот белгілейді.

4-1. Осы баптың негізінде мұрагерлікке құқығы жоқ немесе мұрагерліктен шеттетілген адам (лайықсыз мұрагер) мұраның құрамынан негізсіз алған барлық мүлікті қайтаруға міндетті.

Мұрагерлік мүлікті қайтару мүмкін болмаған кезде лайықсыз мұрагер оның нарықтық құнын өтеуге міндеті.

5. Осы баптың ережелері өсиеттік бас тартуға да қолданылады (осы Кодекстің 1057-бабы).

Лайықсыз бас тартушы үшін белгілі бір жұмысты орындау немесе оған белгілі бір қызмет көрсету өсиеттік бас тартудың нысаны болған жағдайда, ол өсиеттік бас тартуды орындаған мұрагерге атқарған жұмыстың немесе оған көрсетілген қызметтің құнын өтеуге міндетті.

6. Осы баптың ережелері барлық мұрагерлерге, соның ішінде міндетті үлеске құқығы бар мұрагерлерге де қолданылады.

58-тарау. ӨСИЕТ БОЙЫНША МҰРАГЕРЛІК

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1046-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

1046-бап. Жалпы ережелер

1. Азаматтың ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөнінде өз ықтиярын білдіруі өсиет болып танылады.

1-1. Өсиетті оны жасаған кезде толық әрекет қабілеттілігі бар азамат жасайды.

2. Азамат өзінің барлық мүлкін немесе оның бір бөлігін заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін де, кірмейтін де бір не бірнеше адамға, сондай-ақ заңды тұлғаларға және мемлекетке өсиет етіп қалдыра алады.

3. Өсиетті өзі жасауға тиіс. Өкіл арқылы өсиет жасауға жол берілмейді.

4. Өсиет қалдырушы себебін түсіндірместен заң бойынша мұрагерлердің біреуін, бірнешеуін немесе барлығын мұрадан айыруға құқылы. Егер өсиеттен өзгеше туындамаса, заң бойынша мұрагерді мұрадан айыру оның ұсынылу құқығы бойынша мұрагерлік етуші ұрпақтарына қолданылмайды.

5. Мұра қалдырушы өзінің кез келген мүлкі, оның ішінде болашақта сатып алуы мүмкін мүлкі туралы да өкім бар өсиет жасауға құқылы.

Өсиет қалдырушы мұрагерлердің мұрадағы үлесін кез келген түрде белгілеуі мүмкін, әртүрлі мүлікке қатысты бір немесе бірнеше өсиет жасай отырып, өз мүлкіне немесе оның қандай да бір бөлігіне билік ете алады.

6. Мұра қалдырушы жасалған өсиеттің оны жасағаннан кейін кез келген уақытта күшін жоюға және өзгертуге ерікті және күшін жоюдың немесе өзгертудің себебін көрсетуге міндетті емес.

7. Мұра қалдырушының өсиетте өзі мұрагер етіп тағайындаған адамдарға, олар қайтыс болған жағдайда өз кезегінде өсиет еткен мүлікті белгілі бір түрде билік ету міндетін жүктеуге құқығы жоқ.

1047-бап. Талап қойылған өсиет

1. Өсиет қалдырушы мұрагер мінез-құлқының сипатына қатысты мұра алуды белгілі бір талаппен байланыстыруға құқылы.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Мұрагер тағайындау немесе мұра алу құқығынан айыру туралы өкімге енгізілген құқыққа қайшы талаптар маңызсыз болады.

3. Өсиетке енгізілген мұрагердің денсаулық жағдайы бойынша немесе өзге де объективті себептерге байланысты мұрагер үшін орындалмайтын талаптар мұрагердің талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

1048-бап. Мұрагерлерді қосымша тағайындау

1. Өсиет қалдырушы өсиетте көрсетілген мұрагер мұра ашылғанға дейін қайтыс болған, оны қабылдамаған не одан бас тартқан немесе осы Кодекстің 1045-бабындағы тәртіппен лайықсыз мұрагер ретінде мұрагерліктен шеттетілген жағдайда, сондай-ақ мұрагер мұра қалдырушының заңды талаптарын өсиет бойынша орындамаған жағдайда, басқа мұрагер тағайындай алады (мұрагерді қосымша тағайындау).

2. Осы Кодекстің 1044-бабына сәйкес мұрагер бола алатын кез келген адам қосымша тағайындалған мұрагер болуы мүмкін.

3. Өсиет бойынша мұрагердің қосымша тағайындалған мұрагерге пайдасы тимейтін бас тартуына жол берілмейді.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1049-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

1049-бап. Мүліктің өсиет етілмей қалған бөлігіне мұрагерлік

1. Мүліктің өсиет етілмей қалған бөлігі осы Кодекстің 1061-1064-баптарындағы тәртіппен мұрагерлікке шақырылған мұрагерлер арасында заң бойынша бөлінеді.

2. Бұл мұрагерлердің қатарына заң бойынша мүліктің басқа бөлігі өсиет арқылы қалдырылған мұрагерлер де кіреді.

1050-бап. Өсиеттің нысаны туралы жалпы ережелер

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Өсиет оның жасалған жері, күні және уақыты көрсетіле отырып, жазбаша нысанда жасалып, нотариатта куәландырылуға тиіс.

2. Мыналар:

1) нотариатта куәландырылған өсиеттер;

2) нотариатта куәландырылғандарға теңестірілетін өсиеттер тиісінше ресімделген болып танылады.

3. Өсиетке өсиет қалдырушының өзі қол қоюы қажет.

Егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетке өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша оған нотариустың немесе өсиетті куәландырушы басқа адамның қатысуымен өсиет қалдырушының өсиетке өзі қол қоя алмауының себебін көрсете отырып, басқа азаматтың қол қоюы мүмкін.

4. Осы Кодекстің ережелеріне сәйкес өсиетті жазу, оған қол қою немесе куәландыру кезінде куәлар қатысуға тиіс болған жағдайларда:

1) нотариус немесе өсиетті куәландыратын өзге адам;

2) пайдасына өсиет жазылған немесе өсиет қалдырудан бас тартылған адам, оның зайыбы, оның балалары, ата-аналары, немерелері мен шөберелері, сондай-ақ өсиет қалдырушының заң бойынша мұрагерлері;

3) толық әрекетке қабілеттілігін иеленбейтін азаматтар;

4) сауатсыз және өсиетті оқуға қабілетсіз басқа да адамдар;

5) жалған жауап бергені үшін соттылығы бар адамдар куә бола алмайды, сондай-ақ өсиет қалдырушының орнына өсиетке қол қоя алмайды.

1051-бап. Нотариатта куәландырылған өсиет

1. Нотариатта куәландырылған өсиетті өсиет қалдырушы жазуы керек не өсиет қалдырушының айтуымен куәның қатысуы арқылы нотариус жазуға тиіс. Өсиет қалдырушының айтуымен өсиет жазылған кезде нотариус жалпы жұрт қабылдаған техникалық құралдарды (жазу машинкасы, дербес компьютер және т.б.) пайдалануы мүмкін.

2. Өсиет қалдырушының айтуы бойынша нотариус жазған өсиетті өсиетке қол қойылғанға дейін нотариус пен куәның қатысуы арқылы өсиет қалдырушы толық оқып шығуға тиіс.

Егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетті өзі оқи алмайтын болса, ол үшін оның мәтінін нотариустың қатысуымен куә оқып береді, ол туралы өсиет қалдырушының өсиетті өзі оқи алмауының себептері көрсетіліп, өсиетте тиісті жазба жасалады.

3. Егер нотариат куәландырған өсиет куәның қатысуымен жасалса, өсиетте куәның тегі, аты және тұрақты тұратын жері көрсетілуге тиіс. Осындай мәліметтер өсиетке өсиет қалдырушының орнына қол қойған адамға қатысты да енгізілуі тиіс.

4. Өсиет қалдырушының тілегі бойынша нотариус өсиеттің мазмұнымен таныспай-ақ оны куәландырады (құпия өсиет).

Құпия өсиет, оның жарамсыз болып қалу қаупімен, өсиет қалдырушының өз қолымен жазылуға және қолы қойылуға, екі куәның және нотариустың қатысуымен куәлар қол қоятын конвертке салынып, желімденуге тиіс. Куәлар қол қойған конверт куәлардың және нотариустың қатысуымен, нотариус куәландырып қол қоятын басқа конвертке салынып желімденеді.

2019.21.01. № 217-VI ҚР Заңымен 4-1-тармақпен толықтырылды; 2022.14.07. № 141-VII ҚР Заңымен 4-1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

4-1. Құпия өсиет жасаған адамның қайтыс болуы туралы куәлік немесе хабарлама ұсынылған кезде нотариус қайтыс болу туралы куәлік немесе хабарлама ұсынылған күннен бастап он күннен кешіктірмей өсиеті бар конвертті кемінде екі куәнің және заң бойынша мұрагерлер арасынан оған қатысуға ниет білдірген мүдделі адамдардың қатысуымен ашады. Конвертті ашқаннан кейін нотариус ондағы өсиеттің мәтінін бірден жариялайды, одан кейін нотариус өсиеті бар конверттің ашылғанын куәландыратын және өсиеттің толық мәтінін қамтитын хаттама жасайды және куәлармен бірге оған қол қояды. Өсиеттің төлнұсқасы нотариуста сақталады. Мұрагерлерге хаттаманың нотариат куәландырған көшірмесі беріледі.

5. Нотариус жоқ елді мекендерде тұратын адамдардың өсиетін заң актілерінде нотариат әрекеттерін жасауға уәкілдік берілген лауазымды адамдар куәландырады.

1052-бап. Нотариатта куәландырылғандарға теңестірілетін өсиеттер

1. Нотариатта куәландырылған өсиеттерге:

2022.27.06. № 129-VII ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1) ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу-профилактикалық мекемелерде емделіп жатқан азаматтардың осы мекемелердің бас дәрігерлері және кезекші дәрігерлері куәландырған өсиеттері, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын қарттар мен мүгедектігі бар адамдардың осы мекемелердің (ұйымдардың) директорлары және бас дәрігерлері куәландырған өсиеттері;

2) госпитальдарда, санаторийлерде және басқа да әскери-емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілер мен басқа адамдардың осы госпитальдардың, санаторийлердің және басқа да әскери-емдеу мекемелерінің бастықтары, олардың медицина бөлімі жөніндегі орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері куәландырған өсиеттері;

3) жүзу кезінде Қазақстан Республикасының жалауымен теңіз кемелерінде немесе ішкі жүзу кемелерінде жүрген азаматтардың осы кемелердің капитандары куәландырған өсиеттері;

4) барлау және басқа да экспедицияда жүрген азаматтардың осы экспедициялардың бастықтары куәландырған өсиеттері;

5) нотариустары және нотариат әрекеттерін жасауға уәкілдік берілген лауазымды адамдары жоқ әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, әскери-оқу орындарының орналасқан мекендеріндегі әскери қызметшілердің өсиеттері, сондай-ақ осы бөлімдерде жұмыс істейтін жай адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің де әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелер мен оқу орындарының командирлері (бастықтары) куәландырған өсиеттері;

6) бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырған өсиеттері теңестіріледі.

2. Өсиет қалдырушы, осы баптың 1-тармағында көзделген өсиеттерге, өсиетке өзі де қол қоятын куәның қатысуымен қол қоюға тиіс.

Осы баптың 1-тармағында келтірілген лауазымды адамдар куәландырылған өсиеттің бір данасын нотариат туралы заңдарға сәйкес нотариустың сақтауына беруге міндетті.

Өсиеттің нотариатта куәландырылуы туралы талаптарды қоспағанда, мұндай өсиеттердің өзгелеріне тиісінше осы Кодекстің 1051-бабының ережелері қолданылады.

1053-бап. Өсиеттің күшін жою және оны өзгерту

1. Өсиет қалдырушы өзі жасаған өсиеттің кез келген уақытта күшін жоюға немесе оны өзгертуге құқылы.

2. Өсиеттің күші:

1) нотариат кеңсесіне бұрын өзі жасаған өсиеттің толық күшін жою туралы өтініш беру;

2) жаңа өсиет жасау жолымен жойылуы мүмкін.

3. Өсиет:

1) нотариат кеңсесіне бұрын өзі жасаған өсиеттің белгілі бір бөлігін өзгерту туралы өтініш беру;

2) бұрын жасалған өсиетті бөліктері бойынша өзгертетін жаңа өсиет жасау жолымен өзгертілуі мүмкін.

4. Бұрын жасалып, кейінгі өсиет арқылы толық немесе ішінара күші жойылған өсиет, егер өсиет қалдырушы өз кезегінде соңғысының күшін жойса немесе өзгертсе, қалпына келтірілмейді.

1054-бап. Өсиеттің құпиясы

Нотариустың, өсиетті куәландыратын басқа адамның, куәлардың, сондай-ақ өсиет қалдырушының орнына өсиетке қол қоятын азаматтың мұра ашылғанға дейін өсиеттің мазмұнына, оның жасалуына, күші жойылуына немесе өзгертілуіне қатысты мәліметтерді жария етуге құқығы жоқ.

1055-бап. Өсиетке түсінік беру

Нотариус, өсиетті орындаушы немесе сот өсиетке түсінік берген кезде ондағы сөздер мен тіркестердің дәлме-дәл мәні назарға алынады. Өсиеттің қандай да болсын ережесінің дәлме-дәл мағынасы түсініксіз болған кезде ол осы ережені басқа ережелермен және өсиеттің тұтас мағынасымен салыстыру арқылы анықталады.

2007.12.01. **№ 225-III** *ҚР Заңымен 1056-бап өзгертілді (бұр.* **ред***. қара)*

1056-бап. Өсиеттің жарамсыздығы

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Тиісті нысанда жасалмаған өсиет маңызсыз болады. Өсиеттің жарамсыздығы осы Кодекстің 4-тарауының мәмілелердің жарамсыздығы туралы қағидаларына негізделеді.

2. Өсиетті жасаудың, оған қол қоюдың және оны куәландырудың осы Кодекспен белгіленген тәртібінің бұзылуы салдарынан өсиетті жарамсыз деп танудан мүліктік зардап шеккен адамның талабы бойынша өсиет жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Егер сот мұра қалдырушының өз еркін білдіруін түсінуге әсер етпейді деп белгілесе, өсиетті жасау, қол қою немесе оны растау кезінде жіберілген емле қателері және техникалық сипаттағы басқа да елеусіз қателер өсиетті жарамсыз деуге негіз бола алмайды.

3. Өсиеттегі жекелеген өкімдердің жарамсыздығы өсиеттің қалған бөлігінің жарамдылығын қозғамайды.

4. Өсиет жарамсыз деп танылған жағдайда, осы өсиет бойынша мұрадан айрылған мұрагер, осы Кодекстің 1060-бабында белгіленген тәртіппен заң бойынша мұра алу құқығына ие болады.

1057-бап. Өсиеттік бас тарту (легат)

1. Өсиет қалдырушы өсиет бойынша мұрагерге мұра есебінен өсиеттік бас тартуды орындауды талап ету құқығын алатын бір немесе бірнеше адамның (бас тартылушылардың) пайдасына қандай да болсын міндеттемені (өсиеттік бас тарту) орындауды жүктеуге құқылы.

Заң бойынша мұрагерлер қатарына кіретін адамдар да, кірмейтін адамдар да бас тартылушылар (легатарийлер) болуы мүмкін.

2. Өсиеттік бас тартудың нысанасы мұраның, иеленудің құрамына кіретін заттарды бас тартылушының меншігіне, пайдалануына немесе өзге заттық құқықта беру және оған мұра құрамына кірмейтін мүлікті беру, ол үшін белгілі бір жұмысты орындау, оған белгілі қызмет көрсету және т.б. болуы мүмкін.

3. Өсиет қалдырушы өсиеттік бас тартуды жүктеген мұрагер, оны тек оған ауысқан мұраның шын мәніндегі құны шегінде және мұра қалдырушы қарыздарының өзіне артылған бөліктерін шығарып тастап орындауға тиіс.

Егер өсиеттік бас тарту жүктелген мұрагердің мұрадағы міндетті үлеске құқығы болса, оның бас тартуды орындау міндеті өзіне ауысқан мұраның оның міндетті үлесінің құнынан асатын құнымен шектеледі.

Егер өсиеттік бас тарту барлық немесе бірнеше мұрагерге жүктелсе, өсиетте өзгеше көзделмесе, ол мұрагерлердің әрқайсысына мұрадағы үлесіне мөлшерлес салмақ салады.

4. Тұрғын үй немесе өзге де тұрғын үй-жай ауысатын мұрагерге өсиет қалдырушы тұрғын үй-жайды немесе оның белгілі бір бөлігін басқа адамға өмір бойы пайдалануға беру міндеттемесін жүктеуге құқылы. Тұрғын үй-жайға меншік құқығы кейіннен ауысқан жағдайда өмір бойы пайдалану құқығы күшін сақтайды.

Өмір бойы пайдалану құқығы иеліктен айырылмайды, берілмейді және бас тартылушының мұрагерлеріне ауыспайды.

Бас тартылушыға берілген өмір бойы пайдалану құқығы, егер өсиетте өзгеше көрсетілмесе, оның отбасы мүшелерінің тұруына негіз болмайды.

5. Өсиеттік бас тарту жүктелген мұрагер қайтыс болған жағдайда немесе ол мұраны қабылдамаған жағдайда өсиеттік бас тартуды орындау оның үлесін алған басқа мұрагерге, не мүлік иесіз қалса, мемлекетке ауысады.

Өсиеттік бас тарту мұра ашылғанға дейін немесе ашылғаннан кейін бас тартылушы қайтыс болған жағдайда, бірақ өсиет бойынша мұрагер оны қабылдап үлгерген кезге дейін орындалмайды.

6. Бас тартылушы мұра қалдырушының борыштары үшін жауап бермейді.

2012.27.04. № 15-V ҚР Заңымен 1058-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

1058-бап. Жүктеу

1. Өсиет қалдырушы өсиет бойынша мұрагерге қандай да болсын әрекет жасау немесе кредит беруші ретінде осы міндетті атқаруды талап ету құқығын ешкімге ұсынбастан одан тартыну міндетін жүктей алады. Жалпыға пайдалы мақсатты жүзеге асыру үшін осындай міндет мұра қалдырушы жүктеуді атқаруға мүліктің бір бөлігін бөліп шығарған кезде өсиетті орындаушыға жүктелуі мүмкін.

2. Мүліктік сипаты бар әрекеттер мәні болып табылатын жүктеуге, тиісінше осы Кодекстің 1057-бабының қағидалары қолданылады.

3. Егер осы Кодексте көзделген мән-жайлар бойынша мұраның жүктеуді орындау міндеті мойнында болған мұрагерге есептелетін немесе оған тиесілі үлесі басқа мұрагерлерге ауысса, жүктеуді орындау міндеті тоқтатылады.

1059-бап. Өсиеттің орындалуы

1. Өсиет қалдырушы өсиетті орындауды мұрагер болып табылмайтын, өсиетте өзі көрсеткен адамға (өсиетті орындаушыға), өсиет жүктелген өкілге тапсыра алады. Бұл адамның өсиетті орындаушы болуға келісімі оның не өсиеттің өзіне өз қолымен жазған жазбада не өсиетке қоса берілген өтініште көрсетілуге тиіс.

Егер өсиетте оның орындаушысы көрсетілмесе, мұрагерлер өзара келісім бойынша өсиетті орындауды мұрагерлердің біріне не басқа адамға тапсыруға құқылы. Мұндай келісімге қол жетпеген жағдайда бір немесе бірнеше мұрагердің талап етуімен өсиетті орындаушыны сот тағайындауы мүмкін.

Өсиетті орындаушы өсиет бойынша мұрагерлерді бұл жөнінде күні бұрын хабардар етіп, өзіне өсиет қалдырушы жүктеген міндеттерді атқарудан кез келген уақытта бас тартуға құқылы. Өсиетті орындаушы өз міндеттерінен мұрагерлердің арызымен соттың шешімі бойынша да босатылуы мүмкін.

2. Өсиетті орындаушы:

1) мұраны қорғауды және оны басқаруды жүзеге асыруға;

2) мұраның өз пайдасына ашылуы туралы барлық мұрагерлер мен бас тартылушыларды хабардар ету үшін мүмкін болған барлық шараларды қолдануға;

3) мұра қалдырушыға тиесілі ақша сомасын алуға;

4) мұра қалдырушының еркі мен заң актілеріне сәйкес мұрагерлерге өздеріне тиесілі мүлікті беруге;

5) мұрагерлердің оларға жүктелген өсиеттік бас тартуды орындауын қамтамасыз етуге (осы Кодекстің 1057-бабы);

6) өсиеттік жүктеуді атқаруға не өсиет бойынша мұрагерлерден өсиеттік жүктеуді атқаруды талап етуге (осы Кодекстің 1058-бабы);

7) мұраны борыштардан тазартуға тиіс.

3. Өсиетті орындаушы өз атынан сот істеріне және мұраны басқару мен өсиетті орындауға байланысты басқа істерге араласуға құқылы, сондай-ақ мұндай істерге қатысуға тартылуы мүмкін.

4. Өсиетті орындаушы мұраны борыштардан тазарту, мұра қалдырушыға тиесілі сомаларды өндіріп алу және барлық мұрагерлердің мұраны иеленуге кірісуі үшін қажетті қисынды мерзім ішінде өз қызметін жүзеге асырады.

5. Өсиетті орындаушының мұраны басқару мен өсиетті орындау жөніндегі қажетті шығындарды мұраның есебінен өтеуге құқығы бар. Өсиетте өсиетті орындаушыға мұраның есебінен сыйақы төлеу көзделуі мүмкін.

6. Өсиет орындалғаннан кейін өсиетті орындаушы мұрагерлерге олардың талап етуі бойынша есеп беруге міндетті.

59-тарау. ЗАҢДЫ МҰРАГЕРЛІК

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1060-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

1060-бап. Жалпы ережелер

1. Заң бойынша мұрагерлер осы Кодекстің 1061-1064-баптарында көзделген кезек тәртібімен мұрагерлікке шақырылады.

2. Заң бойынша мұрагерлік кезінде, бір жағынан, асырап алынған және оның ұрпақтары және екінші жағынан, асырап алушы мен оның туыстары қандас туыстарға теңестіріледі.

Асырап алынғандар мен олардың ұрпақтары асырап алынушының туған ата-анасы, оның басқа да қандас туыстары қайтыс болғаннан кейін заң бойынша мұрагер болмайды.

Асырап алынушылардың ата-анасы мен оның басқа да қандас туыстары асырап алынушы және оның ұрпақтары қайтыс болғаннан кейін заң бойынша мұрагер болмайды.

3. Заң бойынша мұрагерлердің әрбір келесі кезегі алдыңғы кезектегі мұрагерлер болмаған, оларды мұрадан шеттеткен, олар мұраны қабылдамаған не одан бас тартқан жағдайда, осы кодекстің 1074-бабының 5-тармағында аталған жағдайларды қоспағанда, мұрагерлік құқығын алады.

4. Осы Кодекстің заң бойынша мұрагерлерді мұрагерлікке шақырудың кезектілігі туралы және олардың мұрадағы үлестерінің мөлшері туралы ережелері мүдделі мұрагерлердің мұра ашылғаннан кейін жасалып, нотариат куәландырған келісімімен өзгертілуі мүмкін. Мұндай келісім оған қатыспайтын мұрагерлердің, сондай-ақ міндетті үлеске құқығы бар мұрагерлердің құқықтарын қозғамауы тиіс.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1061-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

1061-бап. Заң бойынша мұрагерлердің бірінші кезегі

1. Заң бойынша мұрагер болу құқығын бірінші кезекте мұра қалдырушының балалары, оның ішінде ол қайтыс болғаннан кейін тірі туған балалары, сондай-ақ мұра қалдырушының жұбайы (зайыбы) мен ата-анасы тең үлеспен алады.

2. Мұра қалдырушының немерелері мен олардың ұрпақтары ұсыну құқығы бойынша мұра алады.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1062-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

1062-бап. Заң бойынша мұрагерлердің екінші кезегі

1. Егер бірінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын екінші кезекте мұра қалдырушының бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері), сондай-ақ оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі - тең үлеспен алады.

2. Мұра қалдырушының бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастарының (сіңлілерінің) балалары (мұра қалдырушының немере іні-қарындастары, жиендері) мұраны ұсыну құқығы бойынша алады.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1063-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

1063-бап. Заң бойынша мұрагерлердің үшінші кезегі

1. Егер бірінші және екінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын үшінші кезекте мұра қалдырушының әкесімен бірге туған ағалары мен апалары, нағашы ағалары мен нағашы апалары тең үлеспен алады.

2. Мұра қалдырушының немере аға-інілері, апа-қарындастары (сіңлілері) мұраны ұсыну құқығы бойынша алады.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1064-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

1064-бап. Кейінгі кезектегі мұрагерлер

1. Егер бірінші, екінші және үшінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагерлік құқығын мұра қалдырушының алдыңғы кезектердегі мұрагерлеріне жатпайтын, үшінші, төртінші және бесінші туыстық дәрежесіндегі туыстары алады.

Туыстық дәрежесі туыстарды бір-бірінен сатылап алшақтататын туу санымен айқындалады. Мұра қалдырушының өзінің дүниеге келуі бұл қатарға жатпайды.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес мұрагерлікке:

төртінші кезектегі мұрагерлер ретінде үшінші туыстық дәрежесіндегі туыстар - мұра қалдырушының арғы аталары мен әжелері;

бесінші кезектегі мұрагерлер ретінде төртінші туыстық дәрежесіндегі туыстар - мұра қалдырушының туған немере іні-қарындастарының, жиендерінің балалары (шөбере іні-қарындастары, жиеншарлары) және оның аталары мен әжелерінің туған аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері);

алтыншы кезектегі мұрагерлер ретінде бесінші туыстық дәрежесіндегі туыстар - мұра қалдырушының шөбере іні-қарындастарының, жиеншарларының балалары, оның немере аға-інілері мен апа-қарындастарының (сіңлілерінің) балалары және оның екі атадан қосылатын аталары мен әжелерінің балалары шақырылады.

3. Егер алдыңғы кезектердегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша жетінші кезектегі мұрагерлер ретінде мұра қалдырушымен кемінде он жыл бір отбасында тұрған мұра қалдырушының өгей әкесіне не өгей шешесіне еріп келген аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері), өгей ұлдары, өгей қыздары, өгей әкесі және өгей шешесі шақырылады.

1065-бап. 2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

1066-бап. 2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1067-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

1067-бап. Ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік

1. Мұра ашылғанға дейін немесе мұра қалдырушымен бір мезгілде қайтыс болған заңды мұрагердің үлесі осы Кодекстің 1061-бабының 2-тармағында, 1062-бабының 2-тармағында және 1063-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда ұсыну құқығы бойынша оның тиісті ұрпақтарына өтеді және олардың арасында тең бөлінеді.

2. Мұра ашылғанға дейін немесе мұра қалдырушымен бір мезгілде қайтыс болған және осы Кодекстің 1045-бабына сәйкес мұра алу құқығын иелене алмайтын мұрагердің ұрпақтары ұсыну құқығы бойынша мұрагер болмайды.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1068-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

1068-бап. Мұра қалдырушының асырауындағы еңбекке жарамсыз адамдар

1. Егер мұра қалдырушымен бірге тұрғандығына немесе тұрмағандығына қарамастан, мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кемінде бір жыл оның асырауында болса, осы Кодекстің 1062, 1063, 1064-баптарында көрсетілген, заң бойынша мұрагерлерге жататын, мұраның ашылу күніне дейін еңбекке жарамсыз болған, бірақ мұрагерлікке шақырылатын кезектегі мұрагерлердің тобына кірмейтін азаматтар заң бойынша осы кезектегі мұрагерлермен бірге және тең мұра алады.

2019.21.01. № 217-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Осы Кодекстің 1061, 1062, 1063, 1064-баптарында аталған мұрагерлер тобына кірмейтін, бірақ мұраның ашылу күніне еңбекке жарамсыз болып табылған және мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кемінде бір жыл оның асырауында болған және онымен бірге тұрған заң бойынша мұрагерлер мұрагер болуға шақырылатын кезектегі мұрагерлермен бірге және тең мұра алады.

Заң бойынша басқа мұрагер болмаған кезде осы баптың 2-тармағында көрсетілген мұра қалдырушының асырауындағы еңбекке жарамсыз адамдар сегізінші кезектегі мұрагерлер ретінде өз бетінше мұра алады.

1069-бап. Мұрадағы міндетті үлеске құқық

1. Мұра қалдырушының кәмелетке толмаған немесе еңбекке жарамсыз балалары, сондай-ақ оның еңбекке жарамсыз жұбайы мен ата-анасы, өсиеттің мазмұнына қарамастан, заң бойынша мұрагерлік кезінде олардың әрқайсысына тиесілі болатын үлестің (міндетті үлес) кемінде жартысын мұраға алады.

2. Мұндай үлеске құқығы бар мұрагер өсиет бойынша және (немесе) заң бойынша мұрадан алатынның барлығы, оның ішінде әдеттегі үй жабдықтары мен үй-іші тұрмысында ұсталатын заттардан тұратын мүліктің құны және мұндай мұрагердің пайдасына белгіленген өсиеттік бас тартудың құны, міндетті үлеске есептеледі.

3. Мұрадағы міндетті үлеске құқығы бар мұрагер үшін өсиетте белгіленген кез келген шектеулер мен жүктеулер өзіне ауысатын мұраның міндетті үлесінен асатын бөлігіне қатысты ғана жарамды болады.

1070-бап. Мұра алу кезіндегі ерлі-зайыптылардың құқықтары

1. Ерлі-зайыптыларға өсиетке немесе заңға орай тиесілі мұрагерлік құқықтың мұра қалдырушымен некеде тұру жағдайына байланысты оның басқа да мүліктік құқықтарына, оның ішінде мүліктің некеде тұрғанда бірге тапқан бөлігіне меншік құқығына қатысы жоқ.

2. Егер мұра қалдырушымен неке мұра ашылғанға дейін іс жүзінде тоқтатылғандығы және ерлі-зайыптылардың мұра ашылғанға дейін кемінде бес жыл бөлек тұрғандығы дәлелденсе, сот шешімімен ерлі-зайыптылар заң бойынша мұрагерліктен шеттетілуі мүмкін.

2004.20.12 № 13-III ҚР Заңымен (2005.01.01. бастап қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара); 2011.01.03. № 414-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1071-бап өзгертілді

1071-бап. Мұраны қорғау және заң бойынша мұрагерлік кезінде оны басқару

1. Мүліктің бір бөлігі өсиет бойынша мұраға қалдырылған жағдайда мұра қалдырушы тағайындаған өсиетті орындаушы мұраның заң бойынша мұрагерлік тәртібімен ауысатын бөлігін де қоса алғанда, барлық мұраны қорғауды және оны басқаруды жүзеге асырады.

Егер заң бойынша мұрагерлер мұраның заң бойынша мұрагерлік тәртібімен ауысатын бөлігіне қатысты көрсетілген міндеттерді атқару үшін мұраны сенімгерлікпен басқарушыны тағайындауды талап етпесе, тұтас алғанда бүкіл мұраны қорғау және оны басқару жөніндегі міндеттерді осы Кодекстің 1059-бабына сәйкес өсиет бойынша мұрагерлер немесе сот тағайындаған өсиетті орындаушы жүзеге асырады.

2. Мұраны сенімгерлікпен басқарушыны заң бойынша бір немесе бірнеше мұрагердің өтінішімен мұраның ашылған жері бойынша нотариус тағайындайды. Мұраны басқарушыны тағайындаумен немесе оны таңдаумен келіспеген заң бойынша мұрагер сотта мұраны сенімгерлікпен басқарушының тағайындалуына дау айтуға құқылы.

3. Егер заң бойынша мұрагерлер болмаса не белгісіз болса, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары мұраны сенімгерлікпен басқарушыны тағайындау туралы нотариусқа жүгінуге тиіс. Заң бойынша мұрагерлер келген жағдайда, олардың талап етуі бойынша мұраны сенімгерлікпен басқарушы мұраның есебінен оған қажетті шығындар өтеліп, қисынды сыйақы төлене отырып кері шақырып алынуы мүмкін.

4. Мұраны сенімгерлікпен басқарушы заңды мұрагерліктің ерекшеліктерінен өзгеше туындамағандықтан, өсиетті орындаушыға қатысты осы Кодекстің 1059-бабында көзделген өкілеттікті жүзеге асырады.

5. Мұраны сенімгерлікпен басқарушының мұра есебінен мұраны қорғау және оны басқару жөніндегі қажетті шығындарды өтеттіруге, ал егер оның мұрагерлермен келісімінде өзгеше көзделмесе, сыйақы алуға да құқығы бар.

60-тарау. МҰРА АЛУ

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1072-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара); 2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 1072-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

1072-бап. Мұраны қабылдау

1. Мұрагер мұраны алу үшін оны қабылдауға тиіс.

2. Мұрагердің мұраның бір бөлігін қабылдағаны өзіне тиесілі барлық мұраны қабылдағанын білдіреді.

Мұрагерді бір мезгілде бірнеше негіздер бойынша мұра алуға шақырған кезде мұрагер осы негіздердің бірі бойынша, оның бірнешеуі бойынша немесе барлық негіздер бойынша өзіне тиесілі мұраны қабылдай алады.

Мұраны шартпен немесе ескертпелермен қабылдауға жол берілмейді.

3. Мұраны бір немесе бірнеше мұрагердің қабылдағаны мұраны қалған мұрагерлердің қабылдағанын білдірмейді.

4. Қабылданған мұра, оны іс жүзінде қабылдаған уақытқа қарамастан, сондай-ақ мұрагердің мұраға қалдырған мүлікке құқығы мемлекеттік тіркелуге тиісті болғанда, мұндай құқықтың мемлекеттік тіркелген кезіне қарамастан, мұраның ашылған күнінен бастап мұрагерге тиесілі деп танылады.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1072-1-баппен толықтырылды

1072-1-бап. Мұра қабылдау тәсілдері

1. Мұраны қабылдау мұра ашылған жердегі нотариусқа немесе заңға сәйкес мұра алу құқығы туралы куәлікті беруге уәкілетті лауазымды адамға мұрагердің мұраны қабылдау туралы өтінішін не мұрагердің мұраға құқық туралы куәлік беру туралы өтінішін беру арқылы жүзеге асырылады.

Егер мұрагердің өтінішін нотариусқа басқа адам берсе немесе ол почта арқылы жіберілсе, өтініштегі мұрагердің қолын нотариус, нотариат әрекеттерін жасауға уәкілетті лауазымды адам (осы Кодекстің 1051-бабының 5-тармағы) немесе осы Кодекстің 167-бабының 3-тармағына сәйкес сенімхатты куәландыруға уәкілетті адам куәландыруға тиіс.

Егер сенімхатта мұраны алуға өкілеттік арнайы көзделсе, мұраны өкіл арқылы қабылдау мүмкін болады. Заңды өкілдің мұраны қабылдауы үшін сенімхат талап етілмейді.

2. Егер мұрагер мұрагерлікті іс жүзінде қабылдағанын куәландыратын іс-әрекеттер жасаған болса, атап айтқанда, мұрагер:

мұраға алынған мүлікті иеленуге немесе басқаруға кіріссе;

мұраға алынған мүлікті сақтау, оны қол сұғудан немесе үшінші тұлғалардың талаптарынан қорғау жөнінде шаралар қабылдаса;

мұраға алынған мүлікті ұстау шығыстарын өз есебінен жүргізсе;

өз есебінен мұра қалдырушының қарыздарын төлеген немесе мұра қалдырушыға тиесілі ақшаны үшінші тұлғалардан алған болса, өзгеше дәлелденгенге дейін мұрагер мұраны қабылдады деп танылады.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1072-2-баппен толықтырылды

1072-2-бап. Мұраны қабылдау мерзімі

1. Мұраның ашылу күнінен бастап алты ай ішінде мұра қабылдануы мүмкін.

Мұра азаматтың болжамды қайтыс болған немесе ол қайтыс болды деп жарияланған күні ашылған жағдайда (осы Кодекстің 1042-бабының 2-тармағы) - мұра қалдырушы қайтыс болған күннен бастап алты айдың ішінде, ал ол қайтыс болды деп жарияланған кезде, егер соттың шешімінде өзге күн көрсетілмесе, азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап мұра қабылдануы мүмкін.

2. Егер мұрагерлік құқығы басқа адамдар үшін мұрагердің мұрадан бас тартуы, басқа мұрагердің мұраны қабылдамауы немесе мұрагерді осы Кодекстің 1045-бабында белгіленген негіздер бойынша мұрадан шеттету салдарынан туындаса, мұндай адамдар оларда мұраға құқық туындаған күннен бастап алты айдың ішінде мұраны қабылдай алады.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1072-3-баппен толықтырылды

1072-3-бап. Белгіленген мерзімнің аяқталуына қарай мұраны қабылдау

Егер мұрагер мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді (осы Кодекстің 1072-2-бабы) дәлелді себептер бойынша өткізіп алған болса және мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді өткізіп алған мұрагер бұл мерзімді өткізу себептері жойылғаннан кейін алты айдың ішінде сотқа жүгінген жағдайда осы мерзімді өткізіп алған мұрагердің өтініші бойынша сот бұл мерзімді қалпына келтіре алады және мұрагер мұраны қабылдады деп тани алады.

Мұрагер мұраны қабылдады деп танылған кезде сот барлық мұрагерлердің мұрагерлік мүліктегі үлестерін анықтайды және қажет болған жағдайда жаңа мұрагердің мұрадан өзіне тиесілі үлесін алу құқығын қорғау жөнінде шаралар белгілейді. Бұған дейін берілген мұраға құқық туралы куәліктерді сот жарамсыз деп таниды.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1072-4-баппен толықтырылды

1072-4-бап. Мұраны қабылдау құқығының ауысуы (мұрагерлік трансмиссия)

Егер заң бойынша немесе өсиет бойынша мұрагер мұраны осы Кодекстің 1072-2-бабында белгіленген мерзімде қабылдап үлгермей, мұра ашылғаннан кейін қайтыс болса, онда мұраның оған тиесілі үлесін қабылдау құқығы оның мұрагерлеріне ауысады.

Қайтыс болған мұрагердің осы құқығын оның мұрагерлері мұраны қабылдауға арналған мерзімнің қалған бөлігі ішінде жалпы негіздерде жүзеге асыра алады.

Егер мерзімнің қалған бөлігі үш айдан аз болса, ол үш айға дейін ұзартылады.

Мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін, егер сот қайтыс болған мұрагердің мұрагерлерінің осы мерзімді өткізіп алу себептерін дәлелді деп тапса, онда сот оларды осы Кодекстің 1072-3-бабына сәйкес мұраны қабылдады деп тануы мүмкін.

Мұрагердің осы Кодекстің 1069-бабына сәйкес міндетті үлес ретінде мұраның бір бөлігін қабылдау құқығы оның мұрагерлеріне ауыспайды.

1073-бап. Мұраға құқық туралы куәлік беру

1. Мұра ашылған жер бойынша нотариус мұрагердің өтінішімен оған мұрагерлікке құқық туралы куәлік беруге міндетті.

2. Мұрагерлікке құқық туралы куәлік мұра ашылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін беріледі.

Өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлік кезінде, егер нотариуста куәлік берілуін сұраған адамдардан басқа тиісті мүлікке не бүкіл мұраға қатысты басқа мұрагерлер туралы анық деректер болмаса, куәлік аталған мерзім өткенге дейін де берілуі мүмкін.

2019.21.01. № 217-VI ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды

3. Мұраға құқық туралы куәлікті беру бойға біткен, бірақ әлі туылмаған мұрагер болған кезде ол туылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1074-бап өзгертілді

1074-бап. Мұрадан бас тарту құқығы

1. Мұрагер мұра ашылған күннен бастап алты айдың ішінде мұрадан бас тартуға құқылы. Дәлелді себептер болған жағдайда бұл мерзімді сот ұзартуы мүмкін, алайда бұл екі айдан аспауға тиіс.

2. Мұрадан бас тарту мұрагердің мұраның ашылған жері бойынша нотариусқа арыз беруімен жасалады.

Егер сенімхатты бас тартуға өкілеттік арнайы көзделсе, мұрадан өкіл арқылы бас тартуға болады.

3. Мұрадан бас тартуды кейіннен күшін жоюға немесе қайтарып алуға болмайды.

4. Мұрагер өзіне сол үшін берілген мерзім өткеннен кейін мұрадан бас тарту құқығын жоғалтады. Егер ол мұраға қалдырған мүлікті іс жүзінде иеленуге кіріссе не оған билік етсе, не оның осы мүлікке құқықтарын куәландыратын құжаттарды алуға өтініш жасаса, ол бұл құқықты аталған мерзім өткенге дейін де жоғалтады.

5. Мұрагер мұрадан бас тартқан кезде өзінің өсиет бойынша немесе кез келген кезектегі заң бойынша мұрагердің қатарындағы басқа адамдардың пайдасына, оның ішінде ұсыну құқығы бойынша мұра алуға шақырылған адамдардың пайдасына бас тартатындығын көрсетуге құқылы.

Өсиет қалдырушы мұрадан айырған мұрагерлердің пайдасына мұрадан бас тартуға жол берілмейді.

6. Егер мұрагер өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлікке шақырылса, ол осы негіздемелердің біреуі бойынша немесе екі негіздеме бойынша өзіне тиесілі мұрадан бас тартуға құқылы.

7. Мұрагер мұраның басқа бөлігі мұраға қалдырылуына қарамастан, үстелу құқығы бойынша өзіне тиесілі мұрадан бас тартуға құқылы (осы Кодекстің 1079-бабы).

8. Осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, мұраның бір бөлігінен бас тартуға, мұрадан ескерту жасап немесе шарт қойып бас тартуға жол берілмейді.

1075-бап. Өсиеттік бас тартуды алудан бас тарту құқығы

1. Бас тартылушы өсиеттік бас тартудан бас тартуға құқылы. Ішінара бас тартуға, ескерту жасап, шарт қойып немесе басқа адамның пайдасына бас тартуға жол берілмейді.

2. Осы бапта көзделген құқық бір мезгілде мұрагер болып табылатын бас тартылушының мұрадан бас тарту құқығына байланысты емес.

3. Егер бас тартылушы осы бапта көзделген құқықты пайдаланса, өсиеттік бас тарту жүктелген мұрагер оны орындау міндетінен босатылады.

2011.25.03. № 421-IV ҚР Заңымен 1076-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

1076-бап. Мұраны бөлу

1. Мұраны қабылдаған кез келген заң бойынша мұрагер мұраны бөлуді талап етуге құқылы.

Мұраны бөлу мұрагерлердің келісімі бойынша оларға тиесілі үлестерге сәйкес, ал келісімге қол жетпеген кезде - сот тәртібімен жүргізіледі.

Егер мұраның құрамына мұраға қалдырушының құқықтары тіркелмеген және тіркелмесе туындаған деп есептелмейтін мүлік кірсе, мұрагерлер арасында мүлікті бөлу мұраға қалдырушының құқықтары заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелгеннен кейін жүргізіледі.

2. Осы баптың ережелері барлық мұра немесе оның бір бөлігі мұрагерлерге нақты мүлік көрсетілмеген үлеспен өсиет етілген жағдайда, мұрагерлердің арасында мұраны өсиет бойынша бөлуге қолданылады.

1077-бап. Болмаған мұрагерлердің құқықтары

1. Егер мұрагерлердің арасында тұратын жері белгісіз адамдар болса, қалған мұрагерлер, өсиетті орындаушы (мұраны басқарушы) және нотариус олардың тұратын жерін анықтауға және оларды мұрагерлікке шақыруға қисынды шаралар қолдануға міндетті.

2. Егер тұратын жері анықталған, мұрагерлікке шақырылып, болмай қалған мұрагер осы Кодекстің 1074-бабында көзделген мерзім ішінде мұрагерліктен бас тартпаса, қалған мұрагерлер өздерінің мұраны бөлісуді жүргізу ниеті туралы хабардар етуге міндетті.

Егер осының алдындағы бөлікте көзделген хабардар ету кезінен бастап үш айдың ішінде болмай қалған мұрагер мұраны бөлу туралы келісімге қатысу тілегі туралы қалған мұрагерлерді хабардар етпесе, қалған мұрагерлер болмаған мұрагерге тиесілі үлесті бөлек шығарып, өзара келісім бойынша бөлісті жүргізуге құқылы.

3. Егер мұра ашылған күннен бастап бір жылдың ішінде болмаған мұрагердің тұратын жері анықталмаса және оның мұрадан бас тартқандығы туралы мәліметтер болмаса, қалған мұрагерлер бөлісті осы баптың 2-тармағы екінші бөлігінің ережелері бойынша жүргізуге құқылы.

4. Іште қалған, бірақ әлі тумаған мұрагер болған кезде мұраны бөлу тек мұндай мұрагер туғаннан кейін ғана жүргізілуі мүмкін.

Егер іште қалған мұрагер тірі туса, қалған мұрагерлер оған тиесілі мұралық үлесті бөліп шығару арқылы ғана мұра бөлуді жүргізуге құқылы. Жаңа туған баланың мүдделерін қорғау үшін бөліске қатысуға қорғаншылық және қамқоршылық органның өкілі шақырылуы мүмкін.

1078-бап. Жекелеген мұрагерлердің мұраға кіретін мүлікке басым құқығы

1. Мұра ашылғанға дейінгі бір жыл ішінде мұра қалдырушымен бірге тұрған мұрагерлер тұрғын үйді, сондай-ақ үй жабдықтары мен үй-іші тұрмысы заттарын мұраға алуға басым құқыққа ие болады.

2. Мұра қалдырушымен бірге мүлікке ортақ меншік құқығы бар мұрагерлер ортақ меншікте болған мүлікті мұраға алуға басым құқыққа ие болады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған басым құқықты жүзеге асырған кезде бөліске қатысатын басқа да мұрагерлердің мүліктік мүдделері сақталуға тиіс. Егер өздеріне

тиесілі үлестерді беру үшін мұраны құрайтын мүлік жеткіліксіз болса, басым құқықты жүзеге асыратын мұрагер оларға тиісінше ақшалай немесе мүліктік өтемақы беруге тиіс.

1079-бап. Мұралық үлестердің үстелуі

1. Мұрагер мұрадан бас тартқан не ол осы Кодексте аталған мән-жайлар бойынша шығып қалған жағдайда мұраның мұндай мұрагерге есептелуге тиіс бөлігі мұрагерлікке шақырылған заң бойынша мұрагерлерге түседі және олардың арасында өздерінің мұралық үлестеріне бара-бар бөлінеді.

Егер мұра қалдырушы барлық мүлікті өзі тағайындаған мұрагерлерге өсиет етсе, мұрадан бас тартқан немесе шығып қалған мұрагерге тиесілі мұра бөлігі өсиет бойынша қалған мұрагерлерге түседі және өсиетте өзгеше көзделмегендіктен, олардың арасында өздерінің мұралық үлестеріне бара-бар бөлінеді.

2. Осы баптың 1-тармағындағы ережелер:

1) егер бас тартқан немесе шығып қалған мұрагердің орнына мұрагер қосымша тағайындалса;

2) мұрагер белгілі бір тұлғаның пайдасына мұрадан бас тартқан кезде;

3) заң бойынша мұрагерлік кезінде мұрагердің бас тартуы немесе шығып қалуы келесі кезектегі мұрагерлерді мұрагерлікке шақыруға әкеп соққан жағдайларда қолданылмайды.

1080-бап. Мұраның есебінен төлеуге жататын шығындар

Мұра қалдырушының қайтыс болар алдындағы науқасы туғызған қажетті шығындарды, мұра қалдырушыны жерлеуге арналған шығындарды, мұраны қорғауға, басқаруға, өсиетті орындауға, сондай-ақ өсиетті орындаушыға немесе мұраны сенімгерлікпен басқарушыға сыйақы төлеуге байланысты шығындарды өтеу туралы талаптар ол мұрагерлер арасында бөлінгенге дейін мұра есебінен қанағаттандырылуға тиіс. Бұл талаптар барлық басқа, оның ішінде кепілмен қамтамасыз етілген талаптардың алдында мұраның құнынан басымдықпен қанағаттандырылуға тиіс.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1081-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

1081-бап. Мұра қалдырушының борыштарын кредит берушілердің өндіріп алуы

Мұра қалдырушының кредит берушілері өздерінің мұра қалдырушының міндеттемелерінен туындайтын талаптарын өсиетті орындаушыға (мұраны сенімгерлікпен басқарушыға) немесе әрбір мұрагерге ауысқан мүлік құнының шегінде ортақ борышқорлар ретінде жауап беретін мұрагерлерге қоюға құқылы.

Егер мұра алған мұрагерлер мұраның құрамына кіретін мүлікті немесе оған құқықтарды тіркеуден жалтарған жағдайда, мұра қалдырушының кредиторлары мәжбүрлеп тіркеуді талап етуге құқылы.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1082-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

1082-бап. Шаруа немесе фермер қожалығындағы мұрагерлік

Шаруа немесе фермер қожалығының мүшесі қайтыс болған жағдайда мұра жалпы ережелер бойынша ашылады. Мұрагердің осы мүлікке жалпы меншіктегі оның үлесіне мөлшерлес ақшалай өтемақы алуға құқығы бар.

24.12.01 № 276-II; 2004.20.12 № 13-III (бұр. ред. қара); 2006.22.06. № 147-III (бұр. ред. қара) ҚР Заңдарымен 1083-бап өзгертілді; 2011.01.03. № 414-IV ҚР Заңымен 1083-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

1083-бап. Иесіз қалған мүлік

1. Егер өсиет бойынша да заң бойынша да мұрагерлер болмаса не мұрагерлердің ешқайсысының мұра алуға құқығы болмаса (осы Кодекстің 1045-бабы), не олардың бәрі мұрадан бас тартса (осы Кодекстің 1074-бабы), мұра иесіз қалған мүлік деп танылады.

2. Иесіз қалған мүлік мұраның ашылған жері бойынша коммуналдық меншікке ауысады.

Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган жүзеге асырады.

Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Мұра ашылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін мұра ашылған жер бойынша республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының өтініші негізінде сот мұраны иесіз қалған мүлік деп таниды. Егер мұраны қорғауға және оны басқаруға байланысты шығындар оның құнынан асып түссе, мұра аталған мерзім өткенге дейін иесіз қалған мүлік деп танылуы мүмкін.

4. Иесіз қалған мүлікті қорғау және оны басқару осы Кодекстің 1071-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Осы Кодекстің 1080 және 1081-баптарында көзделген қағидалар иесіз қалған мүлікке де қолданылады.

7 бөлім ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ

61-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1084-бап. Шетелдік элемент шиеленістірген азаматтық-құқықтық қатынастарға қолданылуға тиісті құқықты анықтау

1. Шетелдік азаматтардың немесе шетелдік заңды тұлғалардың қатысуымен не өзге де шетелдік элемент шиеленістірген азаматтық-құқықтық қатынастарға қолданылуға тиісті құқық осы Кодекстің, өзге де заң актілерінің, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың және танылған халықаралық ғұрыптардың негізінде анықталады.

2. Егер осы баптың 1-тармағына сәйкес қолданылуға тиісті құқықты анықтау мүмкін болмаса, шетелдік элемент шиеленістірген азаматтық-құқықтық қатынастармен неғұрлым тығыз байланысты құқық қолданылады.

3. Осы бөлімнің сот қолдануға тиісті құқықты анықтау туралы ережелерін тиісінше қолданылуға тиісті құқық туралы мәселені шешуге өкілеттік берілген басқа органдар да қолданады.

1085-бап. Заң ұғымдарын саралау (құқықтық саралау)

1. Сот заң ұғымдарын саралауды (құқықтық саралау), егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, оларға сот елінің құқығына сәйкес түсінік беруге негіздейді.

2. Егер заң ұғымдары сот елінің құқығына белгісіз болса немесе басқа атаумен немесе басқа мазмұнмен белгілі болса және сот елінің құқығы бойынша түсіндіру арқылы анықтау мүмкін болмаса, заңдылық ұғымдарды саралау (құқықтық саралау) кезінде шет мемлекеттің құқығы да қолданылуы мүмкін.

1086-бап. Шетел құқығы нормаларының мазмұнын анықтау

1. Шетел құқығын қолданған кезде сот оның нормаларының мазмұнын олардың ресми түсіндірілуіне, қолданылу практикасына және тиісті шет мемлекеттегі доктринаға сәйкес анықтайды.

2. Шетел құқығы нормаларының мазмұнын анықтау мақсатында сот жәрдем және түсінік алу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне және Қазақстан Республикасының өзге де құзыретті органдары мен мекемелеріне, соның ішінде

шетелдерде орналасқандарына белгіленген тәртіппен жүгінуі не сарапшылар тартуы мүмкін.

3. Іске қатысушы тұлғалар өз талаптарын немесе қарсылықтарын негіздеуде сілтеме жасаған шетел құқығы нормаларының мазмұнын растайтын құжаттар табыс етуге және осы нормалардың мазмұнын анықтауда сотқа өзге де түрде жәрдемдесуге құқылы.

4. Егер осы бапқа сәйкес қолданылған шараларға қарамастан, шетелдік құқық нормаларының мазмұны орынды мерзімдерде анықталмаса, Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

1087-бап. Кері сілтеме жасау және үшінші елдің құқығына сілтеме жасау

1. Осы бөлімнің ережелеріне сәйкес кез келген шетел құқығына сілтеме жасау, осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті елдің коллизиялық емес, материалдық құқығына сілтеме жасау ретінде қарастырылуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының құқығына кері сілтеме жасау және үшінші елдің құқығына сілтеме жасау осы Кодекстің 1094-бабына, 1095-бабының, 3, 5-тармақтарына, 1097-бабына сәйкес шетел құқығы қолданылған жағдайларда қолданылады.

2017.27.02. № 49-VI ҚР Заңымен 1088-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1088-бап. Заңды айналып өтудің салдары

Қатынастарға қатысушылардың осы Кодексте реттелетін, осы бөлімнің қолданылуға тиісті құқық туралы қағидаларын айналып өтіп тиісті қатынастарды өзге құқыққа жатқызуға бағытталған келісімдері мен өзге де әрекеттері маңызсыз болады. Бұл жағдайда осы бөлімге сәйкес қолданылуға жататын құқық қолданылады.

1089-бап. Өзара түсіністік

1. Шетел құқығын өзара түсіністік негізінде қолдану Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті шет мемлекеттегі ұқсас қатынастарға Қазақстан Республикасының құқығын қолдануға болатын-болмайтындығына қарамастан, сот шетел құқығын қолданады.

2. Егер шетел құқығын қолдану өзара түсіністікке байланысты болса, өзгеше дәлелденбегендіктен, ол бар деп ұйғарылады.

1090-бап. Жария тәртіп туралы ескерту

1. Шетел құқығы оны қолдану Қазақстан Республикасы құқықтық тәртібінің негіздеріне (Қазақстан Республикасының жария тәртібіне) қайшы келерлік жағдайларда қолданылмайды. Бұл жағдайларда Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

2. Шетел құқығын қолданудан бас тартуды тиісті шет мемлекеттің саяси немесе экономикалық жүйесінің Қазақстан Республикасының саяси немесе экономикалық жүйесінен айырмашылығына ғана негіздеуге болмайды.

1091-бап. Императивтік нормаларды қолдану

1. Норманың өзінде көрсетілуі салдарынан немесе азаматтық айналымға қатысушылардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қамтамасыз ету үшін олардың ерекше маңызы болуына байланысты, қолданылуға тиісті құқыққа қарамастан, Қазақстан Республикасы заңдарының тиісті қатынастарды реттейтін императивтік нормаларының қолданылуына бұл бөлім ережелерінің қатысы болмайды.

2. Осы бөлімнің ережелеріне сәйкес, қандай да болсын бір елдің құқығын қолданған кезде сот, егер сол басқа елдің құқығына сәйкес мұндай нормалар, қолданылуға тиісті құқыққа қарамастан, тиісті қатынастарды реттеуге тиіс болса, басқа ел құқықтарының қатынаспен тығыз байланысы бар императивтік нормаларын қолдана алады. Бұл орайда сот

мұндай нормалардың мақсаты мен сипатын, сондай-ақ оларды қолданудың салдарын назарға алуға тиіс.

1092-бап. Көп құқықтық жүйелері бар елдің құқығын қолдану

Бірнеше аумақтық немесе құқықтық жүйелер қолданылатын елдің құқығы қолданылуға тиіс болған жағдайларда, осы елдің құқығына сәйкес құқықтық жүйе қолданылады.

1093-бап. Реторсиялар

Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтарына арнайы шектеулері бар мемлекеттердің азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтарына қатысты Қазақстан Республикасы қарсы шектеулер (реторсиялар) белгілеуі мүмкін.

62-тарау. КОЛЛИЗИЯЛЫҚ НОРМАЛАР

1. Тұлғалар

1094-бап. Жеке тұлғаның жеке заңы

1. Жеке тұлға азаматы болып табылатын елдің құқығы оның жеке заңы болып саналады. Адамның екі немесе одан көп азаматтығы болған жағдайда адам неғұрлым тығыз байланысты елдің құқығы оның жеке заңы болып саналады.

2. Азаматтығы жоқ адам тұрақты тұратын елдің құқығы, ол адамның жеке заңы болып саналады.

3. Баспана берген елдің құқығы босқынның жеке заңы болып саналады.

2007.12.01. № 225-III ҚР Заңымен 1095-бап өзгертілді (бұр. ред. қара)

1095-бап. Жеке адамның құқық қабілеттілігі мен әрекетке қабілеттілігі

1. Жеке тұлғаның азаматтық құқық қабілеттілігі оның жеке заңында анықталады. Бұл ретте шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасында азаматтық құқық қабілеттілігін, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең пайдаланады.

2. Жеке адамның әрекетке қабілеттілігі оның жеке заңымен анықталады.

3. Жеке адамның мәмілелер мен зиян келтіру салдарынан пайда болатын міндеттемелерге қатысты азаматтық әрекетке қабілеттілігі мәміле жасалған немесе зиян келтіруден туындайтын міндеттемелер пайда болған жердегі елдің құқығы бойынша анықталады.

4. Жеке адамның жеке кәсіпкер болуға және соған байланысты құқықтары мен міндеттерінің болуға қабілеті жеке адам жеке кәсіпкер ретінде тіркелген елдің құқығы бойынша анықталады. Тіркелген елі болмаған жағдайда жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын негізгі орнындағы елдің құқығы қолданылады.

5. Жеке адамды әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі деп тану сот елінің құқығына бағынады.

1096-бап. Жеке адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану және оны қайтыс болды деп жариялау

Жеке адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану және оны қайтыс болды деп жариялау сот елінің құқығына бағынады.

1097-бап. Жеке адамның есімі

Жеке адамның есім алу оны пайдалану және қорғау құқығы, егер осы Кодекстің 15-бабының 5 және 7-тармақтарында, 1103 және 1120-баптарында көзделген ережелерден өзгеше туындамаса, оның жеке заңымен белгіленеді.

1098-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркеу

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық хал актілерін тіркеу Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерінде жүзеге асырылады. Бұл орайда Қазақстан Республикасының заң актілері қолданылады.

1099-бап. Шет мемлекет органдары азаматтық хал актілерін куәландыруға берген құжаттарды тану

Шет мемлекеттердің құзыретті органдары тиісті мемлекеттердің заңы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жасаған азаматтың хал актілерін куәландыруға берген құжаттар жария етілген жағдайда Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

1100-бап. Заңды тұлғаның заңы

Заңды тұлға құрылған елдің құқығы осы заңды тұлғаның заңы болып саналады.

1101-бап. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі

1. Заңды тұлғаның азаматтық құқық қабілеттілігі осы заңды тұлғаның заңымен анықталады.

2. Шетелдік заңды тұлға өз органының немесе өкілінің мәміле жасауға өкілеттігін шетелдік заңды тұлғаның органы немесе өкілі мәміле жасаған елдің құқығына белгісіз шектеуге сілтеме жасай алмайды.

3. Шетел құқығы бойынша заңды тұлға болып табылмайтын шетел ұйымдарының азаматтық құқық қабілеттілігі ұйым құрылған елдің құқығы бойынша анықталады.

Мұндай ұйымдардың қызметіне, егер Қазақстан Республикасының құқығын қолдануға болса, осы Кодекстің ережелері қолданылады, егер Қазақстан Республикасының заңдарынан немесе міндеттеменің мәнінен өзгеше туындамайтын болса, олар коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың қызметін реттейді.

2010.05.02. № 249-IV ҚР Заңымен 1102-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1102-бап. Мемлекеттің шетелдік элементі бар азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысуы

1. Мемлекет қатысатын шетелдік элементі бар азаматтық-құқықтық қатынастарға, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, осы бөлімнің ережелері жалпы негіздерде қолданылады.

2. Қазақстан Республикасы шетелдік элементі бар азаматтық-құқықтық қатынастарда, егер:

Қазақстан Республикасының халықаралық шартында;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарты болып табылмайтын жазбаша келісімде;

сотта мәлімдеме жасау немесе нақты іс қарау шеңберінде жазбаша хабардар ету арқылы өзгеше белгіленбесе, соттық иммунитетті, талап қоюды қамтамасыз етуден иммунитетті және сот актісін мәжбүрлеп орындатудан иммунитетті қоса алғанда, басқа мемлекет соттарының юрисдикциясынан өзіне және өзінің меншігіне қатысты юрисдикциялық иммунитетті пайдаланады.

2. Жеке мүліктік емес құқықтар

1103-бап. Жеке мүліктік емес құқықтарды қорғау

Жеке мүліктік емес құқықтарға мұндай құқықтарды қорғау туралы талап ету үшін негіз болған іс-әрекет немесе өзге де мән-жайлар орын алған елдің құқығы қолданылады.

3. Мәмілелер, өкілдік, талап мерзімі

1104-бап. Мәміленің нысаны

1. Мәміленің нысаны ол жасалған жердің құқығына бағынады. Алайда шетелде жасалған мәмілені, егер Қазақстан Республикасы құқығының талаптары сақталса, нысанның сақталмауы салдарынан жарамсыз деп тануға болмайды.

2. Қатысушыларының кем дегенде біреуі Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы немесе Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын сыртқы экономикалық мәміле мәміленің жасалған жеріне қарамастан, жазбаша нысанда жасалады.

3. Қозғалмайтын мүлікке қатысты мәміленің нысаны - осы мүлік орналасқан жердегі елдің құқығына, ал Қазақстан Республикасында мемлекеттік тізілімге енгізілген қозғалмайтын мүлікке қатысты болса, Қазақстан Республикасының құқығына бағынады.

1105-бап. Сенімхат

Сенімхаттың нысаны мен қолданылу мерзімі осы сенімхат берілген елдің құқығы бойынша анықталады. Алайда сенімхат Қазақстан Республикасы құқықтарының талаптарын қанағаттандырса, оны нысаны сақталмауының салдарынан жарамсыз деп тануға болмайды.

1106-бап. Талап мерзімі

1. Талап мерзімі тиісті қатынастарды реттеу үшін қолданылатын елдің құқығы бойынша анықталады.

2. Талап мерзімі қолданылмайтын талаптар, егер тиісті қатынасқа қатысушылардың кем дегенде біреуі Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болса, Қазақстан Республикасының құқығы бойынша анықталады.

4. Заттық құқықтар

1107-бап. Заттық құқықтарға қолданылатын құқық туралы жалпы ережелер

1. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, меншік құқығы мен басқа да қозғалмайтын және қозғалатын мүлікке заттық құқықтар осы мүлік орналасқан елдің құқығы бойынша анықталады.

2. Мүліктің қозғалмайтын немесе қозғалатын заттарға жататындығы, сондай-ақ мүліктің өзге де заңдық сарапануы осы мүлік орналасқан елдің құқығы бойынша анықталады.

1108-бап. Заттық құқықтардың пайда болуы және тоқтатылуы

1. Мүлікке заттық құқықтардың пайда болуы және тоқтатылуы, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, заттық құқықтың пайда болуы не тоқтатылуы үшін негіз болған іс-әрекет немесе өзге де мән-жайлар орын алған кезде сол мүлік болған елдің құқығы бойынша анықталады.

2. Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, мәміленің нысанасы болып табылатын мүлікке заттық құқықтардың пайда болуы және тоқтатылуы, елдің осы мәміле бағындырылған құқығы бойынша анықталады.

3. Алыну мерзімінің ескіруі салдарынан мүлікке меншік құқығының пайда болуы аяқталған алу мерзімінің ескірген кезінде болған елдің құқығымен анықталады.

1109-бап. Мемлекеттік тізілімге енгізілуге тиісті көлік құралдары мен өзге де мүлікке заттық құқықтар

Мемлекеттік тіркелуге тиісті көлік құралдары мен өзге де мүлікке заттық құқық осы көлік құралдары немесе мүлік мемлекеттік тізілімге енгізілген елдің құқығы бойынша анықталады.

1110-бап. Жолдағы қозғалатын мүлікке заттық құқықтар

Мәміле бойынша жолда келе жатқан қозғалатын мүлікке меншік құқығы және басқа да заттық құқықтар, егер тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, осы мүлік жөнелтілген елдің құқығы бойынша анықталады.

1111-бап. Заттық құқықтарды қорғау

1. Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғауға арыз берушінің таңдауы бойынша мүлік тұрған елдің құқығы немесе сот елінің құқығы қолданылады.

2. Қозғалмайтын мүлікке меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғауға осы мүлік тұрған елдің құқығы қолданылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тізіліміне енгізілген мүлікке қатысты Қазақстан республикасының құқығы қолданылады.

5. Шарттық міндеттемелер

1112-бап. Шарт тараптарының келісімімен құқық таңдау

1. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісімімен таңдалған елдің құқығымен реттеледі.

2. Тараптардың қолданылуға тиісті құқықты таңдау туралы келісімі айқын көрсетілуге немесе шарттың және оларды жинақтап қарайтын істің мән-жайларының ережелерінен тікелей туындауға тиіс.

3. Шарттың тараптары тұтас алғанда шарт үшін де, оның жекелеген бөліктері үшін де қолданылатын құқықты таңдай алады.

4. Шарттың тараптары қолданылатын құқықты кез келген уақытта, шарт жасасу кезінде де, одан кейін де таңдап алуы мүмкін. Тараптар шартқа қолданылатын құқықты өзгерту туралы да кез келген уақытта уағдаласа алады.

1113-бап. Тараптардың келісімі болмаған кезде шартқа қолданылатын құқық

1. Шарт тараптарының қолдануға тиісті құқық туралы келісімі болмаған кезде ол шартқа:

1) сатып алу-сату шартында - сатушы;
2) сыйға тарту шартында - сыйға тартушы;
3) мүліктік жалдау (жалға алу) шартында - жалға беруші немесе жалдауға беруші;
4) мүлікті тегін пайдалану шартында - несие беруші;
5) мердігерлік шартында - мердігер;
6) тасымалдау шартында - тасымалдаушы;
7) көлік экспедициясы шартында - экспедитор;
8) қарыз немесе өзге де кредит шартында - кредит беруші;
9) тапсырма шартында - сенім білдірілген адам;
10) комиссияның шартында - комиссионер;
11) сақтау шартында - сақтаушы;
12) сақтандыру шартында - сақтандырушы;
13) тапсырма беру шартында - тапсырма беруші;

14) кепілге салу шартында - кепілге салушы;

15) айрықша құқықтарды пайдалану туралы лицензиялық шартта лицензиар болып табылатын тараптар құрылған, тұратын жері немесе негізгі қызмет орны бар елдің құқығы қолданылады.

2. Нысанасы қозғалмайтын зат болып табылатын шарт бойынша, сондай-ақ мүлікті сенімгерлікпен басқару туралы шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелерге сол мүлік тұрған елдің құқығы, ал Қазақстан Республикасында мемлекеттік тізілімге енгізілген мүлікке қатысты Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

3. Шарт тараптарының қолданылуға тиісті құқық туралы келісімі болмаған жағдайда осы баптың 1-тармағындағы ережелерге қарамастан:

1) бірлескен қызмет және құрылыс мердігерлігі туралы шартқа мұндай қызмет жүзеге асырылатын немесе шартта көзделген нәтижелер жасалатын елдің құқығы;

2) конкурстық сауда-саттықтың (тендердің, аукционның) қорытындылары бойынша немесе биржада жасалған шартқа конкурстық сауда-саттық өткізілген немесе биржа орналасқан елдің құқығы қолданылады.

4. Осы баптың 1-3-тармақтарында атап келтірілген шарттарға, тараптардың қолданылуға тиісті құқық туралы келісімі болмаған кезде, мұндай шарттың мазмұны үшін шешуші маңызы бар, орындауды жүзеге асыратын тараптар құрылған, тұрғылықты жері немесе негізгі қызмет орны болған елдің құқығы қолданылады. Шарттың мазмұны үшін шешуші маңызы бар орындауды анықтау мүмкін болмаған жағдайда шарт мейлінше тығыз байланысты елдің құқығы қолданылады.

5. Шарт бойынша орындауды қабылдауға қатысты, тараптар өзгеше келіспегендіктен, осындай қабылдау өткізетін орынның құқығы ескеріледі.

6. Егер шартта халықаралық айналымда қабылданған сауда терминдері пайдаланылса, шартта өзге нұсқаулар болмаған жағдайда оларды іскерлік айналымның тиісті сауда терминдеріне қатысты қолданылып жүрген ғұрыптар жөніндегі қатынастарына қолдануға тараптар келіскен деп есептеледі.

1114-бап. Шетелдің қатысуымен заңды тұлға құру туралы шартқа қолданылатын құқық

1. Шетелдің қатысуымен заңды тұлға құру туралы шартқа осы заңды тұлға құрылатын немесе құрылған елдің құқығы қолданылады.

2. Осы баппен реттелетін қатынастар өзіне заңды тұлғаны құру және тоқтату оған қатысу үлесін беру жөніндегі қатынастарды және заңды тұлғаның қатысушылары арасындағы олардың (соның ішінде кейінгі келісімдермен белгіленетін) байланысты өзара құқықтары мен міндеттеріне басқа да қатынастарды қамтиды.

3. Осы баптың ережелері шетел қатысатын заңды тұлға қатысушыларының өзара құқықтары мен міндеттері басқа құрылтай құжаттарымен белгіленген жағдайда да қолданылады.

1115-бап. Қолданылатын құқықтың күшінде болатын саласы

1. Шартқа осы параграф ережелеріне орай қолданылатын құқық, атап айтқанда:

1) шартқа түсіндіруді;

2) тараптардың құқықтары мен міндеттерін;

3) шарттың орындалуын;

4) шартты орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың салдарын;

5) шарттың тоқтатылуын;

6) шарт жарамсыздығының негіздері мен салдарын;

7) шартқа байланысты талаптарды беру мен қарыз аударуды қамтиды.

2. Орындаудың әдістері мен рәсімдеріне, сондай-ақ тиісінше орындалмаған жағдайда қолданылуға тиіс шараларға қатысты қолданылатын құқықтан басқа орындалу жүргізілетін елдің құқығы да назарға алынады.

6. Шарттан тыс міндеттемелер

1116-бап. Бір жақты мәмілелерден туындайтын міндеттемелер

Бір жақты мәмілелерден туындайтын міндеттемелерге (марапаттауға жария уәде ету, бөтен адамның мүддесіне тапсырмасыз қызмет істеу және басқалар) мәмілелер жасалған жердің құқығы қолданылады. Бір жақты мәміле жасау орны Қазақстан Республикасының құқығы бойынша анықталады.

1117-бап. Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер

1. Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер жөніндегі құқықтар мен міндеттер, зиянды өтеу туралы талап ету үшін негіз болған іс-әрекет немесе өзге де мән-жай орындалған елдің құқығы бойынша анықталады.

2. Шетелде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер жөніндегі құқықтар мен міндеттер, егер тараптар сол бір мемлекеттің азаматтары немесе заңды тұлғалары болса, сол мемлекеттің құқығы бойынша анықталады.

3. Егер іс-әрекет немесе зиянды өтеу туралы талап етуге негіз болған өзге де мән-жай Қазақстан Республикасының заң актілері бойынша заңсыз болмаса, шетел құқығы қолданылмайды.

1118-бап. Тұтынушыға келтірілген зиян үшін жауапкершілік

Тұтынушының тауар сатып алуға немесе қызмет көрсетуге байланысты туындаған зиянды өтеу туралы талабына, тұтынушының таңдауы бойынша:

1) тұтынушы тұратын тұрғылықты жердегі елдің құқығы;

2) өндірушінің немесе қызмет көрсетуші тұлғаның тұрғылықты жеріндегі немесе орналасқан жеріндегі елдің құқығы;

3) тұтынушы тауарды сатып алған немесе оған қызмет көрсетілген елдің құқығы қолданылады.

1119-бап. Негізсіз баю

1. Негізсіз баюдың салдарынан туындайтын міндеттемелерге баю орын алған елдің құқығы қолданылады.

2. Егер негізсіз баю мүлік сатып алынған немесе сақталған негіздің болжауы салдарынан туындаса, қолданылатын құқық осы негіз бағындырылған елдің құқығы бойынша анықталады.

3. Негізсіз баю ұғымы Қазақстан Республикасының құқығы бойынша анықталады.

7. Интеллектуалдық меншік

1120-бап. Интеллектуалдық меншікке құқықтар

1. Интеллектуалдық меншікке құқықтарға осы құқықтарды қорғау сұралатын елдің құқығы қолданылады.

2. Интеллектуалдық меншікке құқық өз нысанасы болатын шарттар осы бөлімнің шарттық міндеттемелер туралы ережелеріне сәйкес анықталатын құқықпен реттеледі.

8. Мұрагерлік құқық

1121-бап. Мұрагерлік бойынша қатынастар

Мұрагерлік бойынша қатынастар, егер мұра қалдырушы өсиетінде өзі азаматы болып табылатын елдің құқығын таңдамаған болса, осы Кодекстің 1122 және 1123-баптарында өзгеше көзделмегендіктен, мұра қалдырушының соңғы тұрақты тұрғылықты жері болған елдің құқығы бойынша анықталады.

1122-бап. Адамдардың өсиет жасауға және оның күшін жоюға қабілеттілігі, өсиеттің және оның күшін жою актісінің нысаны

Адамның өсиет жасауға және оның күшін жоюға қабілеттілігі, сондай-ақ өсиеттің және оның күшін жою актісінің нысаны, егер мұра қалдырушы өсиетінде өзі азаматы болып табылатын елдің құқығын таңдамаса, мұра қалдырушының акт жасаған кезде тұрақты тұрғылықты жері болған елдің құқығы бойынша анықталады. Алайда өсиет немесе оның күшін жою, егер соңғысы акт жасалған жердің талаптарын немесе Қазақстан Республикасы құқығының талаптарын қанағаттандырса, нысанды сақтамауы салдарынан жарамсыз деп танылa алмайды.

1123-бап. Қозғалмайтын мүлікті және мемлекеттік тізілімге енгізілуге тиісті мүлікті мұраға қалдыру

Қозғалмайтын мүлікті мұраға қалдыру осы мүлік тұрған жердегі елдің құқығы бойынша, ал Қазақстан Республикасында мемлекеттік тізілімге енгізілген мүлік - Қазақстан Республикасының құқығы бойынша анықталады. Адамдардың өсиет жасауға немесе оның күшін жоюға қабілеттілігі, сондай-ақ соңғысының нысаны, егер аталған мүлік өсиет етіп қалдырылса, нақ сол құқықпен анықталады.

9. Қорғаншылық және қамқоршылық

1124-бап. Қорғаншылық және қамқоршылық

1. Кәмелетке толмағандарға, әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қорғаншылық пен қамқоршылық белгіленеді және олардың күші өзіне қатысты қорғаншылық пен қамқоршылық белгіленетін немесе алып тасталатын адамның жеке заңы бойынша жойылады.

2. Қорғаншының (қамқоршының) қорғаншылықты қамқоршылықты) қабылдау міндеті қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалатын адамның жеке заңы бойынша белгіленеді.

3. Қорғаншы (қамқоршы) мен қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) адамның арасындағы құқықтық қатынастар мекемесі қорғаншыны (қамқоршыны) тағайындаған елдің құқығы бойынша белгіленеді. Алайда қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) осы адам Қазақстан Республикасында тұратын болса, егер осы адам үшін бұл неғұрлым қолайлы болса, Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

4. Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарына белгіленген қорғаншылық (қамқоршылық), егер Қазақстан Республикасының тиісті консулдық мекемесінің қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеуге қарсы немесе оны тануға қарсы заңға негізделген қарсылықтары болса, Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады.

Қазақстан Республикасының
Президенті **Н. НАЗАРБАЕВ**